Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122’37(043.3)

Қолжазба құқығында

АСЕНОВА АЙГУЛ ХАЛДАРҚЫЗЫ

Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы

«8D02307 – Қазақ филологиясы»

Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Салқынбай А.Б.

Шетелдік ғылыми кеңесші
Кастамону университетінің профессоры, PhD
Сөйлемез Орхан
(Кастамону университеті, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР…….....……..…..….....4

КІРІСПЕ.....5

1 ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ
1.1 Қыпшақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи бағытта зерттелуі…….....13
1.2 Қыпшақ тілдерін топтастырудың лингвистикалық негіздері.....19
1.3 Қыпшақ тілдерінің тарихи даму ерекшеліктері.....26
1.3.1 Қазақ тілінің даму сипаты.....30
1.3.2 Қарақалпақ тілінің лингвистикалық даму сипаты.....34
1.3.3 Ноғай тілінің лингвистикалық даму сипаты.....43
Бірінші бөлім бойынша түйін.....53

2 ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ОРТАҚ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ДАМУЫ
2.1 Қыпшақ тілдеріндегі сөз семантикасының зерттелуі……..….....54
2.2 Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі *а, аз, ай* ортақ сөздерінің семантизациясы…….....…….....69
2.3 Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі *айт, ақ, ал* ортақ сөздерінің семантизациясы……...…….....89
2.4 Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі *аң, арт, аш* ортақ сөздерінің семантизациясы……..…….....106
Екінші бөлім бойынша түйін.....118

3 ҚАЗАҚ, ҚАРАҚАЛПАҚ, НОҒАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ СЕМАНТИЗАЦИЯЛАНУ ҮДЕРІСІ
3.1 Тіл білімінің жаңа бағыттарындағы семантиканың рөлі.....119
3.2 Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі көпмағыналылық феномені.....129
3.3 Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі семантизациялану үдерісіндегі әлемнің тілдік бейнесі.....139
Үшінші бөлім бойынша түйін.....146

ҚОРЫТЫНДЫ 147
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР 150

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Ассоциация – субъектінің ойы мен образдың байланысқан күйінде бір нәрсе туралы ойлағанда екінші бір нәрсенің ойға келуін білдіретін танымдық байланыстардың жүйесі.

Әлемнің тілдік бейнесі – бір тілдік ұжымның санасындағы әлем туралы білімдерінің, көзқарастарының жиынтығы.

Денотаттық мағына (лат. білдіру) – бір нәрсе туралы айтқанда адам санасына бірінші келетін белгілер.

Концепт – психологиялық және ментальды танымды айқындайтын адамның әлем туралы білімдерінің жиынтығы.

Коннататық мағына – тілдік бірліктің негізгі мағынасы негізінде қалыптасқан эмоциялық, экспрессивтік, мәдени-ұлттық реңктерді айқындайтын мағына түрі.

Көпмағыналылық – сөздің екі не одан да көп мағынаны иеленіп, бір дыбыстық жамылғыш негізінде бірнеше ұғымды білдіруін көрсететін лексикалық категория.

Қатысымдық семантика – белгілі бір қатынас кезіндегі жағдаятқа сай қалыптасқан сөз семантикасының мағыналық өзгеріске ұшыраған қалпын зерттейтін семасиологиядағы жаңа бағыт.

Психосемантика – мағынаны жекелеген субъектілердің ментальды ерекшеліктері мен аялық біліміне байланысты қарастыратын семантиканың жаңа бағыты.

Мәнмәтін – құрамындағы сөз не сөз тіркесінің түрлі мағыналарын анықтауға көмектесетін ауызша не жазбаша мәтіннің бөлшегі.

Метафоралық мағына – сыртқы және ішкі ұқсас белгілері негізінде бір зат не құбылыс атауының екінші бір зат не құбылысқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы.

Метонимиялық мағына – бір зат не құбылыстың екінші бір зат не құбылысқа іргелестігі, шектестігі негізінде атауының ауысуы.

Сема – мағынаның бөлшектеуге келмейтін ең кіші бөлшегі.

Семантизация, семантикалану (грек semantikos – таңбалаушы) – тіл бірлігі мағынасының айқындалуы, сөз мағынасының дамуын білдіретін үдеріс, тіл бірлігінің мазмұны жайында қажетті мәліметтер беретін процесс пен нәтиже.

Семантикалық деривация – адамның танымдық іс-әрекеті нәтижесінде тілдік бірліктердің формалық және мазмұндық жағынан өзгеруі.

Синекдоха – сөздің бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны қолдану арқылы мағынасының ауыспалы түрде жұмсалуы.

Символ – халық танымына байланысты ұғымның санада тұрақтылық сипат алып, астарлы түрде бейнеленуі.

Сигнификаттық мағына – сезім мүшелерінің әсерінен шындық болмыстың ұғым негізінде қалыптасқан дерексіз субъективті бейнесі.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ДТС – Древнетюркский словарь
ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі
ҚТҚЭС – Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі
ҚТФС – Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі
ҚТТС – Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігі
ҚТҚФС – Қарақалпақ тілінің қысқаша фразеологиялық сөздігі
НРФС – Ноғайша-орысша фразеологиялық сөздігі
НРС – Ногайско-русский словарь (Баскаков)
НТС – Nogay Türkçesi sözlüğü

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Кез келген халықтың тілі – оның сөзге енген тарихы жады, қоғам дамуының барлық кезеңдерінде халықтың өмірімен, мәдениетімен тығыз байланысты. Тіл арқылы ұлттық психология, халықтың ойлау жүйесі, дүниетанымы мен рухани байлығы анықталады.

Тіл – адамзаттың рухани болмысының сарқылмас қазынасы. Кез-келген ұлттың рухани-мәдени болмысы тілі арқылы көрініс береді. Тіл өз қойнауына терең тарих пен шежіре, этностың мәдениеті мен танымы, өсу жолы мен дамуы туралы мол тілдік деректерді жинайды.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі зерттеулер құрылымдық бағыттан антропоөзектікке ауысқаны белгілі. Тілдік деректерге ғылыми зерттеу жүргізу барысында ұлттық болмыс, ұлттық код, діл, таным, сана ұғымдарының мәні артты. Тілдің статикалық қалпымен қоса динамикалық күйі де қатар жүруі тиіс. Ғылыми зерттеуде тілдің қазіргі мәселесін айқындау үшін өткені, бастау көздері, туыс және туыс емес тілдермен байланысы ескерілгені жөн.

Тілдің фонетикасы да, грамматикасы да бізге халықтың өмір сүру жағдайын лексика секілді толық көрсете алмайды. Сондықтан да нақты түркі тілдерінің лексикасын, ондағы ең күрделі мәселе – семасиология саласын қарастыру ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Қыпшақ-ноғай бұтағындағы тілдердің семантизациясын қарастыру тек тарихи-лексикологиялық қана емес, сонымен бірге бұл тілдердің рухани мәдениетінің дамуына, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық байланыстардың көрінісі ретінде де тарихи-мәдени маңызға ие.

Тіл тарихы – сан қатпарлы құбылыс. Ұлттар арасындағы әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени-тарихи қатынастар тілдік құбылыстардың өзгеріп, жаңарып не көмескіленіп отыруына әкеледі. Осы орайда тіл тарихына тоқталудың орны ерекше. Бүгінде қазақ тілін түрлі туыстық жақындығы жоқ тілдермен салғастырып қарайтын ғылыми зерттеулер көбейіп жатыр. Алайда туыстас тілдердің өзінде де ғылыми көпшілікке белгісіз тілдік үрдістер кездеседі.

Салыстырмалы тарихи тіл білімі – туыстас тілдерді түрлі тілдік категориялар бойынша зерттейтін сала. Туыс тілдер арасындағы тілдік белгілерді олардың түбі бір екендігіне сілтеп қоя салуға болмас. Олардың арасында да тарихи қалыптасу кезеңдеріне тән түрлі өзгерістер мен айырмашылықтар бар. Қазіргі қазақ тіл білімі үшін туыстас тілдерге салыстырмалы әдіспен жасалатын зерттеулердің қажеттілігі көрініс тауып отыр. Мұндай зерттеулердің қазақ тілі мен түркі тілдерінің арасындағы қарым-қатынасты тереңдей түсінуге, ортақ элементтердің қыр-сырын ұғынуға, тіл меңгеруді жеңілдетуде пайдасы зор.

Түркі тілдерінде салыстырмалы бағыт сонау көне заманда XI ғасырда қалыптасқан. Оның негізін салушы – М. Қашқари болды. Алғаш түркі тілдерін бір-бірімен салыстыра отыра, ерекшеліктеріне қарай бөліп, сипаттап жазған еңбегі – «Түрік сөздігі» күні бүгінге дейін маңызын жоймаған құнды ғылыми зерттеу. Әлемдік тіл ғылымында салыстырмалы бағыт XIX ғасырдың алғашқы он жылдығында қалыптаса бастады. Түркі тілдері ғылымында Н. Баскаков,

Э.Севортян, Б. Серебренников, З. Гаджиева, М. Томанов, Б. Сағындықұлы сынды т.б. ғалымдардың зерттеулері салыстырмалы тіл білімінің орныгуына септігін тигізді.

Салыстырудың нәтижесінде тілдік деректердің бастапқы түрін, генеалогиялық жақындығын, қай тілде қалай таралғанын және өзгеріске ұшырау себептерін анықтауға болады. Тілдік фактілерді салыстыра зерттеуде сол ұлттың өткен тарихын да жіті қарау керек. Сонымен қатар туыс тілдердің өзінде де жеке идентикалық ерекшеліктер, қасиеттер болатынын ескерген жөн. Туыс тілдердегі ортақ тілдік деректерді салыстыра зерттегенде бір негізден тарағанымен кейіннен түрлі өзгеріске ұшырағанын байқауға болады.

Зерттеу жұмысымызда түркі тілдерінің классификациясы бойынша қыпшақ тілдерінің бөліндісі айқындалды. Қыпшақ тілдерінің жалпы түркі тілдері ішіндегі орны және оғыз, қарлұқ тілдерінен айырмашылығы сипатталды. Қыпшақ тілдерінің ішіндегі қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің тарихи және лингвистикалық дамуына ғылыми шолу жасалды. Сонымен қатар аталған тілдер бойынша лексикологиялық, семасиологиялық бағыттағы ғылыми зерттеулерге жан-жақты тоқталуға тырыстық.

Түркі тілдеріне тән бір ерекшелік – сөз мағынасының кең өрісте жұмсалуы. Сөздің мағынасы тарихи даму барысында түрлі өзгерістерден өтеді. Мағынаның дамуындағы семантикалық өзгерістерді семантизациялану негізінде қарастырдық. Бұл ұғымды түсіндіру үшін туыстас қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріне ортақ *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* т.б. ортақ сөздер іріктеліп алынып, семантикалық талдау жасалды. Нәтижесінде семантика ғылымына қатысты жаңаша ғылыми тұжырымдар ұсынылды.

Сөз мағынасының өзгеруі – ұзақ процесс. Ол сөздің құрамындағы семантикалық байланыстардың әлсіреуінен немесе күшеюінен туындайды. Соңғы кездері лингвистикалық зерттеулерде сөз мағынасы әртүрлі қырынан қарастырылып жүргені мәлім. Семантикалық талдау – көп аспектілі мәселе. Оған халықтың ойлау мен танымы, жадында сақталған түрлі тілдік ақпарат, сананың образдылығы, мағынаға әсер ететін субъективті-обьективті ерекшеліктер секілді сан-салалы тізбектер жинақтала келе мағыналық талдаудың нәтижесін айқындайды.

Зерттеудің өзектілігі. Ғылыми жұмыстың түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи бағытын әрі қазіргі қазақ тіліндегі жаңаша көзқарастар мен тұжырымдарды қажет ететін семасиология саласын қарастыруы зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Түркі тілдерінің ішінде ноғай және қарақалпақ тілдерінің материалдары қарастырылып, ғылыми тұжырымдар жасалуы жұмыстың өзектілігін арттыра түседі. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері туыс тілдер болғандықтан, салыстырмалы-тарихи тұрғыда көп зерттелмегендіктен, зерттеу жұмысымызда туыс тілдердің өзінде де уақыт өте келе ортақ сөздер негізінде де семантикалық өзгерістер болатынын дәлелдеуге талаптандық. Семантизациялану үдерісінің нәтижесінде сөзде пайда болатын қосымша мағыналар негізінде лексикалық қоры байып, тілдің дамуына ықпал жасайды. Осы себепті де семантизациялану құбылысын жан-жақты зерттеу, құрамдас

бөліктері мен ғылыми анықтамасын жүйелеу зерттеудің өзектілігін айқындай түседі.

Семасиология саласындағы маңызды категория – көпмағыналылық феномен ретінде қарастырылуы қажет. Сонымен қатар тілдің семасиология саласының дәстүрлі зерттеу бағыттарымен ғана шектелмей, әлемдік тіл біліміндегі жаңаша көзқарастар арқылы зерттеудің де өзектілігі мол. Бүгінгі тіл білімінің басым бағыты таным мен тілге негізделген салааралық зерттеулердің өзегі мағынада жатыр. Мағыналық сипаты болмаса тілдік бірліктерді талдап, зерттей алмайтындықтан мағынамен қатысты танымдық бағыттарды да семасиология аясында қарастырғанда саланың ауқымы кеңейе түсер еді. Тілдегі сөздің мағыналық дамуын, мағыналық өзгерістерін тарихи және қазіргі кезең тұрғысынан зерттеу қыпшақ тілдерінің семантикалық ерекшеліктерін кешенді түрді қарастыруға жол ашады.

Зерттеудің нысаны. Қыпшақ-ноғай тобына жататын қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріндегі ортақ сөздердің тарихи және қазіргі семантизациялану үдерісі.

Зерттеудің пәні. Қыпшақ тілдерінің лексикология және семасиология саласы.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – салыстырмалы-тарихи бағыттағы зерттеулерге негіздей отырып, қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріне тән ортақ сөздердің семантизациялануын айқындау, семантизациялану үдерісінің ғылыми даму жолдарын зерделеу.

Зерттеудің міндеттері. Зерттеу жұмысының алдына мынандай міндеттер қойылды:

- түркі тілдерінің ішіндегі қыпшақ тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін сипаттау;
- қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің тарихи даму сипатына, тілдік ерекшеліктеріне ғылыми шолу жасау;
- семасиологияның шетел, орыс, түркітану және қазақ тіліндегі зерттелу бағыттарын айқындау;
- семантизациялану ұғымының анықтамасын, құрылымдық бағыттарын айқындау;
- зерттеудің нысаны ретінде ортақ сөздерді іріктеу. Ортақ сөздерге семантикалық талдау жасау, семантизациялануын мысалдар негізінде дәлелдеу;
- қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі көпмағыналылық құбылысын салыстыру;
- тіл білімінің жаңа бағыттарымен семантикалық дамудың байланысын бағамдау. Зерттеу нәтижелері негізінде семантика саласына қатысты жаңаша көзқарастар мен тұжырымдар ұсыну.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде синхронды және диахронды сипаттау, семантикалық, компоненттік талдау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды. Зерттеуіміздің басты бағыты сапалық әдістер ішіндегі контент анализ әдісі арқылы жүзеге асты.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ сөздердің семантизациялануын анықтауда Ә. Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» еңбегі,

Б.Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» еңбегіндегі басты ғылыми концепцияларды негіз етіп алдық. Сонымен қатар ортақ сөздерді талдауда Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15 томдық), Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігі (жеті томдық), Ногайский-русский словарь (Н.Баскаков), Nogay Türkçesi sözlüğü (2024) және де қарастырылған тілдердің фразеологиялық, этимологиялық сөздіктері негізгі дереккөздер ретінде қарастырылды.

Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері.

Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде (2022-2023) түркі тілдері оның ішінде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері бойынша шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге шолу жасалды. Ғылыми зерттеу негізінде мәліметтер жинақталып, сұрыпталды. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттері, нысаны, пәні, зерттеу гипотезасы (болжамы) анықталды.

Екінші кезеңде (2023-2024) зерттеу тақырыбы бойынша жинақталған мәліметтер мен деректер жүйеленді, толықтырылды. Зерттеуге негіз болатын негізгі ортақ сөздер тобы айқындалды. Түркі тілдерінің топтастырылуы, семантика саласына қатысты ғылыми теориялар сараланды. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми мақалалар жазылып, ғылыми журналдарда жарық көрді.

Үшінші кезеңде (2024-2025) қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне ортақ сөз ретінде іріктеліп алынған тілдік бірліктер семантикалық тұрғыда талданып, семантизациялануы айқындалды. Көркем шығармалардан, түрлі сөздіктерден мысалдар жинақталып, дәйектелді. Қазіргі тіл білімінің жаңа салаларындағы семантикалық көзқарастар топтастырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының негізгі жаңалықтары төмендегідей:

1. Қыпшақ бұтағындағы оның ішінде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семасиологияға қатысты ғылыми зерттеулер жүйеленді. Ғылыми еңбектер негізінде қыпшақ тілдеріндегі семасиология саласына қатысты негізгі ғылыми тұжырымдар мен ойлар іріктелді. Семантизациялану ұғымының анықтамасы айқындалып, құрамдас бағыттары мен сөз мағынасының дамуына қажетті тілдік үрдістер сипатталды.

2. Қыпшақ тілдеріндегі *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* ортақ сөздері іріктелініп алынып, салыстырмалы түрде семантикалық талдау жасалды, семантизациялануы мысалдар негізінде дәлелденді.

3. Ортақ сөздердің семантизациялануын қарастыру барысында диахрондық және синхрондық қалпы негізінде мағыналары топтастырылды. Сема түрлеріне жіктеліп, семантикалық сәйкестігі мен мағыналық айырмашылықтары айқындалды. Ортақ сөздердің қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семантикалық дамуы барысында қалыптасқан мағыналас жаңа тілдік бірліктер анықталды. Бұл мағыналас жаңа тілдік бірліктер тілдегі ішкі және сыртқы факторлар әсерінен дамыған.

4. Тілдің тарихи даму барысындағы қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ сөздердегі мағыналық өзгерістер және олардың фразеологиялық тіркестер құрамында, көркем мәтінде қолданылуы сипатталды.

5. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі көпмағыналылық феномен ретінде қарастырылды. Сөз мағынасының дамуы көпмағыналылық арқылы жүзеге асады.

6. Семасиология саласының теориялық базасына қатысты жаңаша ғылыми тұжырымдар мен көзқарастар ұсынылды. Танымдық бағытқа негізделген концептілік талдау үлгісі де семасиология аясында қарастырылуы қажеттігі туралы ғылыми көзқарас көрсетілді.

Зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негізі. Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі салыстырмалы-тарихи тіл білімі бағыты бойынша, түркі лексикологиясы, семасиологиясы салаларындағы ғалымдардың еңбектері М. Қашқари, В. Севортян, Н. Баскаков, А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, Ғ. Мұсабаев, К.Аханов, Ә. Болғанбаев, Т.Қордабаев, Р. Сыздық, Р. Барлыбаев, Б. Қалиев пен А. Жылқыбаева, Ә. Хасенов, А.Айғабылұлы, Ә. Қайдар, А. Ибатов, Ә. Құрышжанов, Ғ. Айдаров, М. Томанов, М. Оразов, Б. Сағындықұлы, Г.Смағұлова, Е. Қажыбек, А. Салқынбай, Ғ.Хасанов, М. Ескеева, Ш.Жалмаханов, М. Сабыр, орыс тіл біліміндегі В.Виноградов, Ю. Апресян, А. Зализняк және ноғай тілдері бойынша Н.Баскаков, М. Булгарова, Д. Шихмурзаев, Р. Атуов, Ю. Каракаев, З. Суюнов, М.Кидирнязов, түрік ғалымдарынан ноғайтанушы Д. Ергөненч, қарақалпақ тіл білімінен Х.Хамидов, Е. Бердимуратов, Ш. Абдиназимов, Ж.Ешбаев, М.Календаров секілді т.б. көптеген ғалымдардың зерттеулері басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеу жұмысында қолданылған ғылыми-теориялық тұжырымдар мен зерттеу нәтижесінде қол жеткізген жетістіктерді түркі тілдерінің лексикологиясы, қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семасиология саласында кеңінен қолдануға болады. Сонымен қатар, салыстырмалы-тарихи бағыттағы, қыпшақ тілдеріндегі ортақ сөздердің семантикалық дамуы туралы зерттеулерге негіз бола алады.

Зерттеуде қыпшақ тілдеріндегі оның ішінде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семасиология мәселесі, тілдердің семантикалық тұрғыдан дамуының жай-күйі жүйелі түрде ашып көрсетілді. Түркі тілдерінің ішіндегі басқа тілдер ықпалында жүрген қарақалпақ пен ноғай тілдерін, олардың лексикологиялық жүйесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеуге нысан болған қыпшақ тілдеріндегі ортақ сөздердің семантизациялануы қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семантика саласының орнын нақтылай түседі.

Ортақ сөздерде мағына дамуының нәтижесінде болған түрлі өзгерістер интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар әсерімен түсіндіріліп, туындаған мағыналас жаңа тілдік бірліктері айқындалды. Олардың ұлттық паремиологиялық қордағы, тұрақты тіркестер жүйесіндегі қолданысы, көркем мәтіндегі мысалдарымен дәйектелуі этностың дүниетанымындағы маңыздылығын танытады.

Семантиканың осыған дейінгі дәстүрлі анықтамасына, ғылыми теориялық базасына қатысты ұсынылған ғылыми көзқарастар қазақ тіл білімінде семантика саласында жаңаша зерттеулердің қажет екендігін көрсетеді. Бұл нәтижелер

салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуына, тарихи лексикология мен семасиология салаларының кең қанат жаюына қызмет етеді.

Жұмыстың практикалық маңызы. Зерттеу нәтижелерін «Түркі тілдерінің грамматикасы», «Салыстырмалы тіл білімі», «Түркі тілдеріндегі семантика», «Қыпшақтану», «Қазіргі қазақ тіліндегі семантика» секілді т.б. тіл білімінің салалары үшін, жоғары оқу орындарында аталған пәндерге және лексикология, семасиология бойынша дәріс, семинар сабақтарында қолдануға болады. Диссертацияның негізгі ережелерін қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің лексикологиясы мен семантикасы бойынша теориялық курста, түркі тілдерінің семантикалық жүйесін зерттеуде пайдалана алады. Зерттеу материалдарын түркі лексикасының тарихи-семантикалық сөздігін жасауда, оқулықтар мен оқу құралдарын құрастыруда қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей ғылыми тұжырымдарды қорғауға ұсына аламыз:

1. Түркі тілдері жүйесінің қыпшақ-ноғай бұтағына жататын қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері – қалыптасқан, жүйелі, біртектестігін сақтаған, тілдік қабілетін жоғалтпай сақтап келе жатқан тілдер. Тілдердің өзіндік ерекшеліктері салыстырмалы-тарихи бағытта ортақ лексикалық бірліктерді қарастыру арқылы айқындалады.

2. Қыпшақ тілдеріне ортақ бір негізді *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* ортақ сөздері семантизациялану үдерісінің нәтижесінде мағыналық аясы кеңейіп жаңа мағыналы лексикалық бірліктерді қалыптастырған.

3. Семантизациялану – сөз мағынасының дамуындағы үрдістер. Ол мәтіндегі тілдік бірліктердің мағынасын ашу арқылы айқындала түседі. Сөз мағынасының семантизациялануы әуелі сөздің *ішкі прагматикалық қолданысқа ие болуынан басталып, көпмағыналылыққа ие болуы, мағыналық тұрғыдан дамып жаңа мағыналы сөз пайда болуы* секілді бірнеше процестерден өтеді.

4. Қыпшақ тілдеріндегі семантизациялануды жүзеге асуындағы маңызды тілдік категория – көпмағыналылық. Көпмағыналылық күрделі семантикалық категория, тілдегі жаңа мағыналы дербес бірліктердің қалыптасуына себепші болуы оны феномен ретінде қарастыруға негіз бола алады.

5. Танымдық бағыттағы зерттеулердің де басты назар аударатын дүниесі – сөз мағынасы. Тілде мағыналық талдау болмаса концептілік талдау да болмас еді. Осы себепті концептілік талдау жүйесін де семасиология саласына қосу арқылы саланың аясын кеңейте аламыз. Соның нәтижесінде семантиканың дәстүрлі анықтамасының ауқымын кеңейтіп, әлемдік тіл біліміндегі жаңаша көзқарастарға жақындай түсеміз.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары. Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері бойынша төмендегі ғылыми басылымдар мен халықаралық конференцияларды жарияланды:

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері бойынша 18 мақала төмендегі басылымдарда жарық көрді. Оның ішінде Scopus деректер базасына енетін халықаралық рецензиялайтын басылымда – 1 (бір) мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі

журналдарда – 6 (алты) мақала, халықаралық конференцияда – 2 (екі) ғылыми видео-баяндама, халықаралық конференция жинақтарында – 9 мақала жарияланды. Scopus деректер базасына енетін халықаралық ғылыми басылымда жарияланған мақалалар:

1. Semantic Correspondences of Vowel Sounds in the Kazakh Language: An Experimental Analysis of Sound Symbolism. Theory and Practice in Language Studies. – Vol. 16 No. 1 (2026). https://doi.org/10.17507/tpls.1601.04

ҚР ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда 6 мақала:

1. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі семантизация // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. – 2024. – № 2. – Б. 344-356.

2. Semantic connection in Kazakh and Nogai languages // Ясауи университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 3 (133). – Б. 137-147.

3. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі «аз», «ат», «қой» түбірлерінің семантикалық табиғаты // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 3. – Б. 43-53.

4. Бір негізді ортақ түбірлердің семантизациясы (қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – № 4 (75). – Б. 44-58.

5. Қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің семантизациясы // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 2 (118). – Б. 128-138.

6. Ноғай тіліндегі кейбір лексикалық бірліктердің семантизациясы // Ясауи университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – № 2 (136). – Б. 178-189.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланған мақалалар:

1. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлердің семантикалық табиғаты // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, Қазақстан. 6 сәуір, 2023 жыл. – 333-334 б.

2. Қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ ерекшеліктер // «Әлемнің этнотілдік әртүрлілігі және түркі мұрасы» I Халықаралық ғылыми конгресі негізінде жарияланған Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы, Арнайы басылым № 2. 2023 ж. – 63-69 б.

3. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлердің семантикасы // Ф.ғ.д, профессор Ә. Жүнісбектің туғанына 85 жыл толуына орай арналған «Түркі ономастикасы: тарих, таным, тағылым» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2023ж. – 125-129 б.

4. Қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлердің мағынасы // Л.Н. Студенттер мен жас ғалымдардың «Gylym jane bilim – 2024» XIX Халықаралық ғылыми конференциясының баяндамалар жинағы. – Астана. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. 2024 ж. – 3079-3083 б.

5. Қазақ және ноғай тілдеріндегі семантика // Al Farabi 12th International Scientific Research and Innovation Congress. March 3-4, 2024. – Almaty, Kazakistan. – P. 614–619.

6. Семантизация одноосновных тюркских корней (на основе казахского и ногайского языков) // «Славяно-Тюркский мир: история и современность» материалы Всероссиской научно-практической конференции с международным участием. – г. Чебоксары, 24-26 июня 2024 г. – с. 244-250.

7. Semantics of common roots in the Kazakh, Karakalpak and Nogai languages // «Тюркский мир в современных реалиях: проблемы языка, литеартуы, истории и культуры» XII международная тюркологическая конференция. – г. Елабуга, Россия, 18 апреля 2024 г. – Стр. 9-12.

8. Қарақалпақ тілінің мағыналық қыры // «Фараби әлемі» атты студенттер мен ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, Қазақстан, 4 сәуір, 2024 ж. – 67-68 б.

9. Semantization of monosyllabic Turkish roots (based on Kazakh and Nogai languages) // Материалы II Международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию д.ф.н., профессора Г. Г. Филиппова. Г. –Якутск, 12 апреля 2024 г. – стр. 116-122.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда оқылған бейне-баяндамалар:

1. Бір буынды түркілік түбірлердің мағынасы (қазақ және ноғай тілдері деректері негізінде) // «М. Қашқари және түркі әлемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Түркия, Стамбул қ., 27-29 маусым, 2024 ж. – 207-213 б.

2. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі аз, ат, қой түбірлерінің семантикалық табиғаты // Аса көрнекті ғалым, ф.ғ.д. профессор Р.С. Әмірдің 95 жылдығына арналған «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025ж. – 155-161 б.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, негізгі үш бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қыпшақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи бағытта зерттелуі

XIX ғасырдың алғашқы он жылдығында әлемдік тіл ғылымының қарқынды дамуы жаңа бір бағыттың қажеттігін көрсетті. Әртүрлі тілдерде салыстырмалы әдіс негізінде жазылған бірнеше еңбектер жарық көрді. Бұл болашақ салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қалыптасуының алғышарты еді.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі – туыс тілдерді жан-жақты зерттеп, олардың өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын көрсететін тіл білімінің бір саласы. Салыстырмалы-тарихи тәсіл генеологиялық шығу тегі бір, туыстығы бар тілдердің ұқсастығын қарастырады. Тілдегі кез-келген тілдік элементті салыстыру нәтиже бере бермейді, салыстырылатын тілдік бірліктер алдын-ала іріктеліп алынғаны жөн.

Салыстырмалы-тарихи зерттеу жасауда ғалымдар көбінде тілдің фонетика мен морфология саласын қарастырады. Себебі фонетика мен морфология бірліктері нақты және саны азырақ. Морфологиялық категориялардың грамматикалық формалары айқын байқалады. Синтаксистік құрылымдарға қайта қалпына келтіру (реконструкция) жұмыстарын жасау қиын. Тіл білімінің лексика саласы да күрделі болғандықтан алғашқыда ғалымдар тарапынан салыстырмалы-тарихи бағытта қарастырыла қойған жоқ.

Түркі тілдерін салыстыра зерттеуді сонау XI ғасырдағы Махмұт Қашқари [1] көрсетіп кеткені белгілі. Бұл туралы жұмыс барысында тоқталатын боламыз. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде қарастырылуы орыс ғалымдарының зерттеулерінде қолданыс тапты. Түркі тілдерін ғылыми негізде салыстыру туралы О. Бётлинг, В.В. Радлов [2], Н.Ф. Катанов еңбектерінен көруге болады. Кеңес түркітанушыларынан салыстырмалы-тарихи зерттеуге А.Н.Кононов, В.А. Богородицкий, Е.Д. Поливанов, Н.К. Дмитриев, С.Е. Малов, Э.В. Севортян [3], Н.А. Баскаков [4], Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак, Б.А.Серебренников, Н.З. Гаджиев, К. Мұсаев [5] және т.б. ғалымдар үлес қосты. Қазақ тіл білімінде тілдер тарихы, салыстырмалы-тарихи бағытта дамуын, түркі тілдеріндегі түбірлер жүйесі, көне түркі жазулары мен бүгінгі түркі тілдерінің байланысы туралы Ә. Қайдар [6], Ә. Ибатов [7], М. Томанов [8], Ә. Құрышжанов [9], М. Оразов [10], Б. Сағындықұлы [11], Е. Қажыбек [12], А. Салқынбай [13], М. Ескеева [14], Ғ. Хасанов [15], М. Сабыр секілді [16] т.б. ғалымдар зерттеулер жүргізді.

Кеңес дәуірінде салыстырмалы-тарихи лексикаға қосылған үлес ретінде сөздіктерді айта аламыз. Мысалы: «Көне түркі сөздігі» («Древнетюркский словарь»), Г. Вамбери (H. Vambery), Г. Клоусон (G. Cloyson), В. Егоров, Э.Севортян және т.б. сөздіктері.

Туыс тілдерге салыстырмалы талдау жүргізгенде ең бастысы – ортақ, бір негізден тарап кейіннен түрлі өзгерістерге ұшырап, дифференцияланған тілдік бірліктер алынуы қажет. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі салыстырмалы әдіс арқылы тілдік материалдарды салыстырады. Зерттеу әдісі – салыстыру (компоративистика) болып саналады. Мұндай салыстыру түрінде тілдердің диахрониясы мен синхрониясы қатар жүреді.

Түркі тілдерінің лексика саласы бойынша зерттеу жүргізуде лексика саласы тез өзгеретіндігін, лексикалық сәйкестіктер туысқандықты көрсететін негізгі фактор бола бермейтіндігін ескерген жөн. Себебі лексика саласы төл сөздер мен кірме сөздер қабатынан тұрады. Тілдердің туыстық белгісін тек төл сөздер арқылы ғана анықтауға болады. Лексика саласын салыстырмалы-тарихи тәсілмен зерттеудің бір жолы – сөздердің о бастағы бастапқы мағынасын табу. Сөз мағынасы әрдайым дамып, өзгеріп отырады. Оны жекелеген тілдерден не туыс тілдерден салыстырып байқауға болады.

Түркі тілдерінің лексикасын салыстырмалы-тарихи тәсілмен қарастырудың екі бағыты дамыды: 1) сөздіктер арқылы; 2) сөздерге семантикалық талдау жасап, этимологиясын анықтау арқылы.

Салыстырмалы зерттеу жасауда ең бірінші тілдік материалдың өткені мен бүгініне зер салу қажет. Қазіргі қолданыстағы формасы мен ең көне формасын айқындап алып, сол аралықтағы даму процесін зерделейміз. Осы тұста тіл тарихына тереңдеген сайын оның түрлі қыр-сыры ашыла түседі.

Екіншіден салыстырмалы-тарихи зерттеуде әр тілдің өзіндік ішкі заңдылығы басты назарда ұсталуы қажет. Ішкі заңдылықтар көбіне фонетика мен лексикада көрініс береді. Лексикалық белгілер тез өзгеруге, ал фонетикалық белгілер баяу өзгеруге бейім. Сол себепті де олардың арасындағы заңдылықтар ұзақ сақталады. Осындай ішкі категориялық ерекшеліктерді ескеру керек.

Үшіншіден салыстырмалы-тарихи зерттеуде хронологиялық тәртіптің сақталу қажеттігі бар. Себебі бір қосымшаның өзін әрбір тілдегі түрлі жазба ескерткіштердегі қолданысына қарай талдаймыз. Жазба ескерткіш қай тілге тән, соны бірінші хронологиясына қарай талдаған жөн.

Төртіншіден салыстырмалы-тарихи зерттеуде тілдердің генеологиялық яғни туыстық жақындығы ескерілуі керек. Мәселен, қазақ тілінің материалдарын салыстырғанда, ең алдымен, оның өз ішіндегі говорларымен, одан кейін қыпшақ-ноғай тобына енетін ноғай, қарақалпақ тілдерінің материалдарымен салыстырған жөн [17, 83].

Бесіншіден қарастырылатын тілдік фактілер түркі тілдеріне ортақ, дәстүрлі заңдылық негізінде зерттелу қажет. Қарастырылатын дыбыстар жүйесі, морфологиялық тұлғалар, сөйлем жүйесі мен лексикалық, грамматикалық мағыналарды осы тәсіл арқылы анықтау күрделі талдау мен салыстыруларды талап етеді. Осы себепті де лексикологияның тарихи-салыстырмалы лексикология деген арнайы бағыттағы тармағы қалыптасқан. Тарихи-салыстырмалы лексикология дегеніміз – қазіргі туыстас тілдерді салыстыра отырып, оларды тарихи даму, өзгеру тұрғысынан қарастырады [18, 11].

Тіл зергері М. Қашқаридың түркі дүниесі үшін маңызды «Түркі тілдерінің сөздігі» (Диуани луғат-ат-түрік) кітабы түркі тілдеріне бірінші рет салыстыру әдісін қолданған алғашқы энциклопедиялық еңбек болды. Ғылыми еңбек алғаш рет 1074 жылы Ирак жерінде араб тілінде жарық көрді. Еңбектің тіл ғылымындағы басты құндылығы – орта ғасыр түркілерінің тіліне лингвистикалық және ареалдық тұрғыда сипаттама беріліп, салыстырылуы еді. Аталмыш еңбегінде Махмұт Қашқари түрік тайпаларының тілдерін тұңғыш рет салыстырмалы талдау тәсілімен жарыстыра түсіндіріп, араб тілінің

заңдылықтарымен екшеп салмақтады. Махмұт Қашқаридың тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл араб, шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде, өзінше бір мектеп болып қалыптасты десе де болады [1, 12-14].

Түркі тілдерінің лексикасының қайнар көзі, түп-тұғыры осы сөздікте сипатталды. Түркі тілдеріндегі салыстырмалы тәсілді алғаш рет қолданған сөздік болды. Еңбектің түпнұсқасы сақталмаған. Бүгінде Ыстамбұл қаласының Фатих кітапханасында 1266 жылы Мухаммед ибн Абу-Бакир ибн Абул-Фатих ас-Сави көшірген нұсқасы сақталып тұр. Ғалым үш жинақ, сегіз кітаптан тұратын еңбегін шамамен 464 жылдан 466 жылға дейінгі аралықта жазған. Біріншісі – Хамза кітабы, екіншісі – Сәлім кітабы, үшіншісі – Мұзоаф кітабы, төртіншісі – Мисал кітабы, бесінші – Үш әріпті сөздер кітабы, алтыншы – Төрт әріпті сөздер кітабы, жетіншісі – мұрын дыбысты әріптер немесе ғұнналлылар кітабы, сегізіншісі – екі сүкіндікпен қатар келген сөздер кітабы. Алдымен есімдіктерді, сосын етістіктерді тізбегімен көрсетеді.

А. Егеубай ғылыми еңбектің құндылығы туралы былай дейді: «Түрік тілдес халықтардың қай-қайсысының да ұлттық тіл біліміне кіріспе қадамдары ежелгі руна жазуларымен қатар, арнайы ғылыми сипаты қанық осынау үш томдық «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінен басталуы тиіс»[1,9]. Еңбекті зерттеуге алғашқылардың бірі боп неміс ғалымы К. Броккельман қызығушылық танытып, 1919 жылдан бастап түрлі ғылыми мақалалар жазып, 1928 жылы немісше индекс сөздігін жариялады.

1939-1941 жылдар аралығында түрік ғалымы Басым Аталай түркітану әлемінде зор ғылыми іс жасап, «Диуани лұғат-ит-түріктің» 3-томын, индекс сөздігін және қолжазбаның факсимильді басылымын жарыққа шығарды.

1960 жылы өзбек тілінде Салық Муталлибов аударып Ташкент қаласында үш томдығы жарық көрді. 1981 жылы ұйғыр аудармашылары тарапынан жасалған аудармасы Қытайда жарияланды.

Қазақ тілінде 1993 жылы Қ. Бекетаев пен Ә. Ибатов «Түбі бір түркі тілі» атауымен аударма жасаған. Кейіннен 1997-1998 жылдары А. Егеубаев аударып «Түркі сөздігі» атауымен баспадан жарық көрді.

«Түрік сөздігінде» түркі тайпаларының жеті мың бес жүзден астам әртүрлі сөз, екі жүз қырық екі өлең-жыр, екі жүзден астам мақал-мәтел, қанатты сөздер, түркі тайпаларының барлығына сипаттама әрі әрбір тайпаның тілдік, әлеуметтік және географиялық ерекшеліктері берілген.

Ә. Ибатов аудармасында сөздікке енген сегіз жүз жетпіс бес сөз бен алпыс мақал-мәтел қазіргі қазақ тілінде қаз-қалпында қолданылатынын айтқан: «Диуан – түркі тілдерінің бірінші салыстырмалы сөздігі және ең әуелгі филологиялық зерттеу. «Диуанда» сол кездегі түркі тайпаларының тілдері тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан жүйеленеді. Ондағы жеке сөздердің тек қана мағыналары емес, этимологиясы да түсіндіріледі. Сонымен бірге ол сөздердің қандай тайпаның тіліне тән екендігі анықталады» [19, 8].

Ә. Ибатов пен Қ. Бекетаев аудармасымен 1993 жылы жарық көрген еңбекте М. Қашқари сөздігін бірнеше тақырыптарға жіктеп, жүйелеп көрсеткен. Сол тақырыптық топтарды төменде көрсеткенді жөн көрдік:

- түркі халықтарының мекен-жайлары мен тау-теңіздері;

- түркі халықтары мен тайпалары;
- түркі халықтарында жиі кездесетін есімдер мен құрметті лауазымдар;
- түркі халықтарының жыл қайыруы;
- түркі халықтарының тағамдары мен шараптары;
- түркі халықтарының мақал-мәтелдері;
- түркі халықтарының бәйіттері;
- түркі тілінің ерекшеліктері туралы;
- бір буынды түбір-негіздердің сөздігі;
- түркі халықтарының тілінде көп қолданылатын сөздер.

Түркі тілдеріне классификация жасағанда М. Қашқари тілдердің туыстық жағына емес, тілдің тазалығын басты назарда ұстайды. Ғалымның қырғыз, қыпшақ, оғыз, тухси, яғма, чығыл, яруқ тілдерін «таза түркі тілі» деп танығанын ерекше атау қажет болады. Бұлардың ішіндегі қыпшақ тілі тобына қазақ тілінің де жататынын баса айтуымыз керек [19, 7].

М. Қашқари өзі айтқандай әр тайпа тілінен сөз жасауға негіз болған түбір сөздерді алып оның мағыналарын, туынды мағыналарын, уәждерін сипаттап көрсетеді. Әр тілдік бірлікке хикмат сөздер, сежілер (ұйқасты сөз), мақал-мәтел, өлең-жыр, режез (батырлық жырлардан үзінді мағынасында), несір (көркем қарасөз) сөздерімен мысалдар келтіріп отырады. Ең ашық-айқын әрі тура-таза тіл деп түріктердің тілін атайды.

Түркі тілдерінің ерекшеліктері жайында айта келе, түбір сөздерде өзгерістердің аз болатынын, өзгерістер тек кей әріптердің алмасып не түсіп қалуы арқылы жүзеге асатынын көрсеткен. Мысалы: *й* әрпімен басталған атаулар мен етістіктердің басқы әрпін оғыздар мен қыпшақтар *а* әрпіне немесе *ж* әрпіне айналдырады. Сол себептен түріктер мүсәпірді *йәлкін* десе, оғыздар *әлкін* дейді, түріктер *йінжу* десе, оғыздар *жінжу* дейді. Түріктер *қой* десе, олар *қон* дейді, түріктер кедейді *чығай* десе, олар *чыған* дейді [19, 100].

Түркі тайпаларын, ұлыстарын аралап жүріп жинақтап жазылған еңбектен этностардың болмысына, өмір сүру салты мен этникалық ерекшеліктеріне, мәдениеті, тілі мен әдебиетіне қатысты ақпараттарды бойына жинақтаған алғашқы құнды еңбек деп білеміз: «Бүкіл түрік жерлері мен тайпаларын тегіс аралау, тіл ерекшеліктерін салыстыра талдап саралау, әр ру-тайпаның тіл байлығы мен тіл құнарына ден қойып зерделеу үстіне айтылу, жазылу заңдылықтарына дейін жетеге жеткізе зерттеу, тіршіліктегі, тұрмыстағы қолдану аясына байланысты өміршеңдік жағын қарастырған қағидалар шығару – ғұлама ғалымның ғұмырлық мұраты болғанға ұқсайды» [1, 10].

Түркітануда салыстырмалы-тарихи зерттеу жүргізудің негізін салушы М.Қашқари еңбегін түркі тілдерінің алғаш классификациясын жасап, тілдік (фонетикалық, морфологиялық) ерекшеліктерін айқындаған, ана тіліміздің түпкі негізі мен заңдылықтарын сипаттаған қайнар көз, ғылыми зерттеу ретінде негізге аламыз.

Ғалым М. Томанов «Тіл тарихы туралы зерттеулер» еңбегінде тарихи-салыстырма әдісті қолдануға болатын тілдік фактілерді көрсетеді:

1) бір тілдің әр кезеңге қатысты, бірақ бір жүйеге жататын, қызметі мен семантикалық жағынан бір-біріне эквивалент болатын фактілерін салыстыру;

2) бір уақытта өмір сүрген, өмір сүретін, бір-біріне тілдік, тарихи жақындығы бар тілдер материалдарын салыстыру [8, 26].

Ал «Қазақ тілі тарихи грамматикасы» еңбегінде ғалым мынадай пікір білдірген: «Салыстыру арқылы бір топқа жататын, бір құрылымдық түрдің көрінісі болатын тілдердің құрамындағы өзгерістердің бірдей бола бермейтіні, олардың құрамында тіл дамуының нәтижесі болып табылатын «жаңалықтармен» бірге көнелігінің «куәсі» де кездесетіндігін анықтауға болады» [20, 52].

Түркі тілдерінің тарихына, жазу жүйесіне, өзіндік ерекшеліктеріне салыстырмалы тұрғыда зерттеу жүргізген Ә. Құрышжанұлы «Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктерінде» көне түркі тілдерінің ескерткіштерін төрт топқа жіктейді:

1. Орхон-енисей жазуы ескерткіштері;
2. Көне ұйғыр жазуы ескерткіштері;
3. Орта Азия халықтарының тілінде жазылған мұралар;
4. Көне қыпшақ тайпаларының тіліндегі материалдар [9, 7].

Әрбір тарихи ескерткіштегі түркі тілдеріне тән ортақ тілдік бірліктерді негізге ала отыра, дыбыстық жүйесіне, лексикалық қорына, құрылымдық ерекшеліктеріне салыстырмалы түрде ғылыми тұжырымдар жасайды.

Академик Ә. Қайдар өз зерттеуінде қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері туралы айта келе, төмендегідей пікір білдіреді: «Тілара контактіге байланысты қазақ тілі тарихи лексикологиясының ерекше көңіл бөлуге қажет обьектілерінің тағы бірі – қазақ тілі мен оған көршілес түркі тілдерінің (қырғыз, өзбек, башқұрт, түркмен, татар, ноғай, ұйғыр, алтай т.б.) арасындағы әр түрлі тарихи, географиялық, туыстық т.б. қарым-қатынастар болса керек. Бұл тілдердің лексика саласындағы туыстығын, сөз жасау модельдері мен номинация, мотивация принциптеріндегі ұқсастықтарды, паремиология, фразеология саласындағы дүниетаным мен бейнелеу ортақтығын т.б. зерттеуді де қосқан болар едік» [21, 16].

Ғалым Б. Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» еңбегіндегі қазақ тілі лексикасының ішкі даму заңдылықтары жан-жақты талданған. Фонетикалық сәйкестіктердің шығу тегі, үнемдеу, флекция құбылыстары, көне түбір мен қосымшалардың этимологиясы ғылыми тұрғыда дәлелденген. Сөз құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістер, байырғы түбірлер мен қосымшалардың дамуын этимологиялық тұрғыда дәйектеген.

Б. Сағындықұлының зерттеулерінің түркі тілдері ғылымында, қазақ тіл біліміндегі барлық қосымшалардың этимологиясын ашуы, «әлем тілдерінің түбі бір» секілді ғылыми концепцияларды ұсынуы маңыздылығын танытады. Қазақ тіл білімінде тіл тарихы, тарихи грамматика, фонетикалық құбылыстар арқылы түбір этимологиясын анықтауы, лексикологияны жүйелі етіп теориялық тұрғыда бағамдауы ғалым зерттеулерінің құндылығын көрсетеді. Түркі тілдерінің тілдік жүйесі, ондағы өзгеру, даму, қайта қалыптасу заңдылықтары ортақ екендігін дәлелдеп көрсеткен. Сол себепті де қазақ тілі лексикасының даму жолдарын туыс тілдерден оқшау қарастыруға болмайтынын айтқан.

Түркі тілдерінің дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесіндегі түрлі сәйкестіктерді зерттей келе, оларды 1) тектес және 2) әр тектес деп екіге жіктейді.

Мәселен, тектес сәйкестіктердің бірі туралы мынадай ғылыми болжам ұсынған: «Түркі тілдеріндегі *й-дж-ж-т-д-ч-ш-с-з* сәйкестігі түркі халықтарымен бірге жасасып келе жатырған аса ежелгі құбылыс. Аз-аздан басталған өзгерулер кейінгі замандарда күш алып, бүкіл түркілік сипат алған, сөздердің түр-тұрпатын өзгертіп жіберген» [11, 238]. Осындай сәйкестіктердің түзілуінде тілдегі үнемдеу заңының рөлі, үнемделу арқылы түркі тілдеріндегі көптеген сөздерді қайта қалпына келтіруге болатынын анықтаған.

Б. Сағындықұлы «Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIVғ.) салыстырмалы лексикасы» еңбегінде түркі тілдерінің ортақ мұрасы саналатын «Махаббатнама», «Хұсрау-Шырын», «Гүлстан бит-турки» ескерткіштерінің фонетикалық, морфологиялық және семантикалық оның ішінде архаизмдер, синоним, омоним, антоним, лексикалық белгілеріне жан-жақты тоқталған. Зерттеуге алынған сөздер негізінде салыстырмалы семантикалық-тақырыптық топтарға жіктеп, мысалдар келтіреді [22, 70].

Е. Қажыбектің түркі тілдеріне салыстырмалы талдау жасай отырып, түркі тілдеріндегі гомогенді түбірлер, синкретизм құбылыс, моносиллабтар ерекшеліктерін жан-жақты қарастырған «Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках» зерттеуі де осы бағыттағы құнды зерттеулер қатарына жатқызуға болады [12].

Қазақ тіл білімінде салыстырмалы-тарихи бағытта әлі де көптеген зерттеулер жасалуы қажет. Бұл зерттеулер тіліміздің өткенін терең түсініп бағамдауға, қазіргі жаңа бағыттардың кең қанат жайып орныгуына айтарлықтай үлес қосары анық.

М. Сабыр «Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы» атты зерттеуінде салыстырмалы-тарихи әдіс туралы былай дейді: «Қазіргі таңда түркі лексикологиясының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі жекелеген тілдерді синхрондық тұрғыдан да, диахрондық тұрғыдан да кешенді зерттеуге алу. Тарихи-салыстырмалы әдіске сүйенген зерттеу ғана бүгінгі тірі тілдің тарих қойнауында қалған жазба жәдігерлікке алыс-жақынын, туыс-жекжат екенін анықтай алады. Қандай да бір тілдің лексикасы басқа тілдік категориялардан қашанда бұрын сөйлейді, мол ақпарат бере алады [16, 238]. Сондықтан да түркі тілдерінің лексикология саласын қарастыру қашан да өзекті саналады.

Әлемдік тіл ғылымында алғаш неміс тіл білімінде ғалым Франц Бопптың 1833-1849 жылдар аралығында жазған «Үнді-Еуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуына ықпал етті. Еңбекте санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелуін грек, парсы, латын, герман тілдерімен салыстырып зерттеген. Ғалым Ф. Бопп тіл білімінде салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушы деп есептеледі.

Салыстырмалы тіл біліміндегі келесі бір маңызды еңбек – ғалым Расмус Кристиан Расктың «Ежелгі солтүстік тілдері және неміс исланд тілдерінің шығу туралы зерттеулер» деп аталатын зерттеу. Сонымен қатар 1818 жылы жарық көрген «Исланд тілінің шығу тарихы» зерттеуінде алғаш рет туыстас тілдерге салыстырмалы талдау жасаудың белгілерін сипаттаған.

1819 жылы басылған «Неміс грамматикасы» атты төрт томдық еңбекті ғалым Якоб Гримм жазады. Еңбекте неміс тілінің даму тарихын және герман тіліндегі басқа да диалектілерге салыстырмалы талдау жасаған. Осының негізінде тіл ғылымында герман тілінің салыстырмалы грамматикасының негізін салушысы ретінде танылды.

1820 жылы славян тілдерін салыстыра зерттеу бойынша А.Х. Востоковтың «Славян тілдері жөніндегі пікірлер» кітабы жарық көрді. Мұнда көбіне фонетикалық тұрғыда славян тілдеріне зерттеу жүргізілген. Аталған еңбектер нәтижесінде әлемдік тіл білімінде Үнді-еуропалық тіл білімі қалыптасты. Дегенмен бұл бағыттың да қазіргі зерттеулермен салыстырғанда өзіндік кемшіліктері де болды.

Салыстырмалы тіл білімі – тілдерді шығу тегіндегі туыстығына, құрылымдық ерекшеліктеріне қарамастан салыстырылып отырған тілдер арасындағы жақындық пен айырмашылықтарды зерттейді.

Салыстыру жұмыстары тілдің әртүрлі деңгейлерін қамтиды. Фонетика, фонология, лексика, морфология, синтаксис салалары бойынша белгілі бір тілдік элементтерге (фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) арнайы салыстыру жасалады. «Салыстырмалы лингвистиканың ғылымға дейінгі қайнар көзі күнделікті өмірдегі байқаулар деп танылуы керек. Ұзақ уақыт бойы адамзат, әсіресе аудармашылар, алғашқы тіл мұғалімдері, саяхатшылар, көпестер және т.б. «аңғал» мәдениетаралық коммуникаторлар әлемдегі тілдердің айырмашылықтары туралы өз байқауларын жасап, қағазға жазып отырған. Салыстыру сыртқы қоршаған ортаны танып, білудің бірден-бір логикалық әдісі. Сондықтан да ол ғылымдардың барлығына тән. Фактілерді бір-бірімен салыстыру тек ғылыми зерттеулерде ғана емес, әртүрлі тілдерді үйрену, оқыту процестерінде де, салыстырмалы сөздіктер жасауда да кең қолданылады. Салыстыру арқылы салыстырылып отырған нысанның ерекшеліктері, басқаларға ұқсастық және одан өзгешелік жақтары айқындалады» [23, 15].

Қазақ тіл білімінде салыстырмалы бағыттағы зерттеулер бар болғанымен дәл туыстас тілдер арасындағы жақындықты, ортақ тілдік бірліктер төңірегіндегі түрлі ерекшеліктерді көрсететін салыстырмалы-тарихи бағыттағы зерттеулер көп емес. Осы себепті зерттеу жұмысында туыстас түркі тілдерін нысан етіп, семантикалық тұрғыдан салыстырмалы зерттеу жүргізуге тырыстық.

Сонымен, туыстас тілдерге салыстырмалы-тарихи түрде зерттеу жүргізу арқылы тіл қойнауындағы жасырын қаншама тілдік ақпараттар мен этнос тіліне тән мол деректерге қол жеткізу болады. Тілдік зерттеулерде аса маңызды әрі күрделі лексикология, семантика саласын қарастыру арқылы түркі тілдерінің танымдық әлеміне, ұлттық болмысына, тілдік фактілеріне көз жеткізе аламыз.

1.2 Қыпшақ тілдерін топтастырудың лингвистикалық негіздері

Жалпы түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдерін ғалымдар түрліше болжайды. Солардың ішінде ғалым Н. Баскаков түркі тілдерін алты кезеңге бөліп қарастырған:

1. Алтай дәуірі;

2. Хун дәуірі (V ғасырға дейінгі кезең);

3. Көне түркі дәуірі (V ғасырдан X ғасырға дейін);

4. Орта түркі дәуірі (X ғасырдан XV ғасырға дейін);

5. Жаңа түркі дәуірі (XV ғасырдан XX ғасырға дейін);

6. Ең жаңа дәуір немесе Қазақ төңкерісінен кейінгі кезең [4, 150].

Ғалым М. Томанов «Тіл тарихы туралы зерттеулерінде» қазақ тілінің тарихи кезеңдері мынадай дәуірлерге бөледі:

1. Түркі бірлестігіне дейінгі дәуір (б.з. V ғасырына дейінгі кезең);

2. Түркі бірлестігі дәуірі: а) көне түркі қағанаты кезеңі (V-X ғ.); ә) орта түркі кезеңі (X-XV ғ.);

3. Қазақ халық тілінің даму дәуірі (XVI-XVIII ғ.);

4. Қазақ ұлттық тілінің қалыптасу дәуірі (XIX ғ.) [8, 29].

Түркі тілдерінің қалыптасуындағы Алтай кезеңі туралы ғалымдар арасында талас бар. Тіпті Алтай дәуірін жоққа шығаратын ғалымдар да бар. Мәселен, Б.Я. Владимиров, Г.И. Рамстедт алтай тілдерін (түркі-монғол, тұңғыс-манчжур, кәріс-жапон) шығу тегі бір туыс тілдер деп есептесе, В.Л. Котвич, Дж.Клоусон алтай тілдеріндегі көрінетін ұқсастықтарды типологиялық ұқсастық деп бағалаған.

Түркі тілдерінің дамуындағы хун дәуірі III ғасырдан басталып V ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. Алтай дәуірінен деректер болмаса да, Хун дәуірі туралы қытай жылнамаларынан жеткен азды-көпті деректер бар. Көне хун тайпасының қай тілде сөйлегендігі туралы ғалымдар түрліше болжаған. Монғолия туралы жазған ғалым Н.Я. Бичурин оларды монғолдармен тектес десе, В.В. Бартольд хундарды түркі тайпаларының ата-тегі, түркі тілдерінде сөйлеген деген пікір қалдырған. Бізге тарихтан белгілі кезінде Мөде және оның ұрпақтары болып Қытайға бірнеше шабуыл жасаған құдіретті ғұндардың бір тобы Қазақстанның солтүстігін, Орал тауы мен Еділ жағалауын мекен еткен. Хун дәуірінде (пратюркский язык) төрт түрлі түркі тілі бөлініп шыққан. Олар:

1. Түркі тілдерінің қырғыз тілі (Енисей қырғыздары);

2. Түркі тілдерінің бұлғар тобы: бұлғар, хазар, авар;

3. Якут тілі;

4. Оғыз, қыпшақ, қарлұқ тілдері [17, 150].

Ғалым Н. Баскаков түркі тілдерінің Хун дәуірін екіге жіктеген. Олар: 1)батыс хун тілдері (бұлғар, оғыз-қарлұқ, қыпшақ); 2) шығыс хун тілдері (ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ тілдері).

Көне түркі дәуірі – түркі тілдерінің дамуындағы тарихи жаңалықтар ашылған кезеңі. Түрік қағанаты құрылып, қағанат батыс және шығыс болып екіге бөлінген. Батыс қағанатына қарағанда Шығыс қағанаты түркі әлеміне құнды жәдігер – Орхон-Енисей ескерткіштерін сыйлады. Руникалық жазулар деп бағаланған тарихи жазба мұраларынан түркі тілдерінің ерекшеліктері туралы мол ақпарат сақталған. Күні бүгінге дейін Орхон-Енисей ескерткіштері тілдік тұрғыдан ғалымдар тарапынан зерттеліп, түрлі ғылыми еңбектер жазылды.

Түркі тілдерінің дамуындағы орта ғасыр кезеңі X ғасыр мен XV ғасыр аралығын қамтиды. Бұл дәуірде қарлұқ қағанаты, қараханидтер билік еткен болатын. Әйгілі С. Сараи, Құтыб, М. Хорезми сынды ақындар өмір сүрген. Таза

қыпшақ тілінде жазылған «Кодекс куманикус» шығармасы дүниеге келді. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғаты», «Қорқыт ата кітабы» секілді т.б. көптеген түркі әлемінде зор маңызға ие еңбектер жазылды. Түркі тілдерінің орта ғасырлық дәуірін ғалымдар ішінара бірнеше кезеңге бөліп қарастырған. Мәселен, ғалым Н. Баскаков *монғол шапқыншылығына дейінгі* және *монғол шапқыншылығынан кейінгі кезең* деп көрсеткен. Ал Ә. Құрышжанов пен Ә. Ибатов орта түркілік кезеңді төрт дәуірге бөледі:

1. Қараханидтер әулетіне байланысты түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XI–XII ғғ.);

2. Орта Азия түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XII–XIV ғғ.);

3. Алтын Орда мен Мысыр түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері (XIII–XIV ғғ.);

4. Шағатай түркі жазба әдеби тілі ескерткіштері [24, 101].

Қараханидтер дәуіріндегі түркі тілдерінің жазба ескерткіштері көп сақталмаған. Тек құнды саналатын бірнеше еңбектерді ғана айта аламыз. Олар: Ахмет Югнакидің «Хибатул хақайық» және Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі», Рабғузидың «Қисас ул-әнбиясы» т.б. Шағатай түркі жазба әдеби ескерткіштеріне «Мухаббатнама», «Оғызнама» мен Ә.Науаи шығармашылығын, Құтбтың «Хұсрау мен Шырыны» мен С. Сараи еңбектерін атауға болады.

Түркі тілдерінің қалыптасуындағы жаңа дәуірінде әр тайпа туыстық бірлігіне қарай жеке халық ретінде бөліне бастады. Мәселен, батыста чуваштардың ру-тайпа одағы негізінде чуваш халқы, қыпшақ-бұлғар тайпалары бөлініп татар мен башқұрт халықтары қалыптасты. Қыпшақ-половецтер одағы ажырап, қазақ, қарақалпақ және ноғайлар бөлінді.

Түркі тілдері қалыптасуының соңғысы Қазақ төңкерісінен кейінгі кезеңді қамтыды. Бұл дәуірде жеке тіл болып қалыптасқан тілдердің стильдік жағынан дамып, коммуникативтік қызметі айқындалып, шыңдала түседі. Түркі тілдері өзінің ұлттық әдебиеті мен нормаға сай әдеби тілін дамыта бастады. Осы кезеңде Ташкентте 1870 жылы «Түркістан уәлаяты газеті», 1912 жылы Орынбордан «Қазақ», Омбы қаласынан «Дала уәлаятының газеті» жарық көруі түркі тілдерінің аясын кеңейтіп, публицистикалық стильдің қалыптасуына түрткі болды. Фонетикалық, лексикалық және грамматикалық тұрғыда түркі тілдері дамып, өркендей бастады.

Дүниежүзілік тілдерді классификациялауда екі түрлі әдіс қолданылады: бірі – тілдердің шығу тегі бір болуына, туыстығына қарай (генеалогиялық) топтастыру, екіншісі – тілдердің грамматикалық құрылымы бойынша (типологиялық) топтастыру деп аталады.

Типологиялық топтастыруда тілдердің туыс не туыс еместігі емес, құрылымы мен құрылысы басты назарға алынады. Тіл құрылымындағы негізгі ерекшеліктер мен ұқсастықтар қарастырылады.

Тілдік бірліктерді топтастыру мен жіктеудің ережелерін жинақтай келе таксономия деп атайды. Грек тілінен аударғанда *тәртіп, құрылыс* мағынасын береді. Сонымен қатар таксономия топтастыру (классификация) ұғымын да бере алады. Таксономия екіге жіктеледі: *табиғи таксономия* және *жасанды*

таксономия. Табиғи таксономия генеалогиялық классификация түрінде қолданылса, жасанды таксономия типологиялық топтастыруда қолданылады.

Тілдер өзінің туыстығына, бір тектен тарауына байланысты түрлі семьяларға жіктеледі. Түркі тілдері бір негізден шыққандықтан жалпылама түркі тілдер семьясы деп аталады. Алайда тілдердің туыстық дәрежесі әртүрлі екені белгілі. Кейбірі бір-біріне жақын болуы немесе туыстық дәрежесі алшақ болуы мүмкін.

Туыстық дәрежесіне қарай түркі тілдері классификацияға жіктеледі. Тілдердің топтастырылуы тілшілер мен әдебиетшілер және тарихшылар үшін тарихи деректерді сұрыптауда, зерттеу жасауда аса қажетті фактор саналады.

Түркі тілдерін жіктеуге үлес қосқан батыс ғалымдарынан алғашқылардың бірі – А. Ремюза болған. Ғалым XIX ғасырдың басында түркі тілдерін бес топқа бөліп көрсетеді: 1) якут тобы, 2) ұйғыр тобы, 3) ноғай тобы; 4) қырғыз тобы; 5)түрік тобы. Топтастыру барысында ғалым тілдердің географиялық ерекшелігіне, тұрмыстық жағдайы туралы да сипаттамалар жасаған.

Академик В.Бартольд «Орта Азиядағы түркі халықтарының лексикасынан хабар беретін еңбек» деп бағалаған Махмуд Замахшаридің «Мухамадит-ул-адаб» атты еңбегі түркі тілдері туралы жазылған екінші еңбек ретінде саналған [25]. Сонымен қатар тарихта түркі тілдері туралы жазылған, зерттеуді қажет ететін көптеген еңбектер, авторы белгісіз қолжазбалар сақталған. Олардың қатарында «Китаб ат-тухфа аз-закийа фи-л-лугат ат-туркийа», «Китаб-и меджму-у тержуман туркли ва аджами ве моголи ва фарси», «Китабу булғат», Джамал ад-Дин ибн Муханнаның «Хилат ул-инсон ва халибат ул-лисан» секілді т.б. еңбектерді атауға болады.

Орыс зерттеулерінде түркі тілдері кеңестік дәуірде жан-жақты зерттелген. Арнайы тапсырмамен Орта Азия өлкелерінен түркі тілдерін зерттеп, материал жинаған В.Татищев, Г. Гмелин, Г.Миллер, И.Фишер, С.Паллас сынды т.б. көптеген орыс ғалымдарын атауға болады.

Түркітанушы, академик, түркі тілдерін зерттеуді жаңа сатыға көтерген ғалым – В.В. Радлов болған. Ол түркі тілдерінің фонетикасы мен грамматикасы туралы тың пікірлер қалдырды. Түркітанудағы салыстырмалы-тарихи әдісті қалыптастырды. 1858-1871 жылдары Алтайда қызмет етіп жүріп, түркі халықтарының тілі мен әдебиеті, этнографиясы туралы көптеген материалдар жинақтаған. Ғалым еңбектерінен қазақ тіліне қатысты мәліметтер, фольклорлық мұралар мен дастандарын кездестіруге болады. Ғалымды танымал еткен «Опыт словаря тюркских наречий» еңбегі болатын. Барлық түркі тілдері қамтылған әйгілі сөздік 1893 жылдан бастап 1911 жылдар аралығында жарияланды [2].

Көне жазба ескерткіштерге қатысты зерттеулердің басында да В. Радлов пен В. Томсен тұратыны белгілі. Руникалық жазбалардың тілін түсіну үшін бірнеше рет экспедициялар ұйымдастырып, мәтіндерін бастырған. Академия В.Радлов классификациясы бойынша түркі тілдері үлкен төрт топқа жіктеледі:

1. Шығыс тобы (алтай, шор, хакас, тува, ұйғыр т. б. тілдер);
2. Батыс тобы (қырғыз, қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдері);
3. Орта Азия тобы (ұйғыр, өзбек тілдері);
4. Оңтүстік тобы (түрікмен, азербайжан, түрік т. б. тілдері).

Ғалым түркі тілдерін топтастыруда этникалық ерекшеліктерінен гөрі фонетикалық жағына басымдық берген.

Қазан университетінде шығыс тілдері бойынша дәріс оқыған ғалым Александр Казембектің 1839 жылы «Грамматика турецко-татарского языка» атты еңбегі жарық көреді. Кейіннен түркітанымда А. Казембектің шәкірті тілші, әдебиетші әрі тарихшы И.Н. Березин түркі-татар тілдерін зерттей бастайды. Ғалымның «Библиотека восточных историков», «Турецкая хрестоматия», Н.Бичеринмен бірге жазған «Татарская грамматика» еңбектері жарық көрген.

Академик Ф.Е. Корш зерттеуінде түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктері сипатталған. Ол түркі тілдерін төмендегі төрт группаға бөледі:

1. Солтүстік группасы (қазақ, құмық, алтай, қырғыз, қарашай, ноғай, татар, башқұрт т.б.);

2. Шығыс группа (половец (құман, қыпшақ), ескі өзбек (шағатай), көне ұйғыр, орхон, қарагас тілдері);

3. Батыс группа (түрік, азербайжан, түрікмен, гагауз тілдері);

4. Аралас группа (солтүстік алтайлықтар, чуваш, саха, якут тілдері). Ғалымның қазақ, ноғай тілдерін солтүстік тобына бөлуде басты назар аударған дүниесі – сөздің соңындағы *ғ*-ның *у* дыбысына ауысуы еді. Сонымен қатар қосымшалардың басында *ғ* дыбысының сақталуына да назар аударған.

В. Радлов пен Ф. Корштың жіктемесін негізге ала отырып академик А.Н.Самойлович өзіндік өзгерістер енгізді. Академик А.Н. Самойловичтің классификациясы түркі тілдерінің лингвистикалық өзгешелігін есепке алады. Тілдердің фонетикалық және морфологиялық белгілері бойынша тілдерді алты топқа жіктеген:

1. Р – тобы: көне бұлғар тілі мен чуваш тілдері;
2. Д – тобы: солтүстік-шығыс тілдері;
3. Тау – тобы: солтүстік-батыс тілдері;
4. Тағлық – тобы: оңтүстік-шығыс тобы;
5. Тағлы – тобы: қыпшақ-түрікмен тобы;
6. Ол – тобы: оңтүстік батыс тобы.

Бұл жіктеу барысында қыпшақ тілдері оның ішінде қазақ, ноғай, қырғыз, қарашай, құмық, қарайым, балқар, татар, башқұрт тілдері тау тобы немесе қыпшақ тобы деп атап, солтүстік-батыс тілдері деп көрсетеді.

А.Н. Самойлович 1935 жылы жарияланған Н.Я. Маррға қатысты ғылыми зерттеуінде алғаш рет *түркі тілдері, түркі халықтары* терминдерін қолданған. *Түрік* сөзі ғалымдар арасында талай дау тудырғанымен осман тілінің еншісінде қалады. «Түрк будуны» тіркесінде ғана қолданылған *түрк* атауы қазір түркі тілдес тайпалардың барлығына жалпылама айтылатын терминге айналды.

В.А. Богородицкий түркі тілдеріне жасаған классификациясында негізгі фактор ретінде географиялық орналасуын басты назарға алады. Орналасу аймағына қарай түркі тілдерін жеті түрлі топқа жіктейді:

1. Солтүстік-шығыс группа (якут, тува тілдері);
2. Хакас группасы (хакас тілі);
3. Алтай группасы (алтай тілі);

4. Батыс-Сібір группасы;

5. Волгалық-Оралдық группа (татар, башқұрт тілдері);

6. Орта Азиялық группа (ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ тілдері);

7. Түрік-батыс группа (түрікмен, азербайжан, құмық, гагауз, түрік тілдері). Бұл классификация бойынша қыпшақ тілдері – қазақ, қарақалпақ, қырғыз және т.б. тілдері түркі тілдерін территориялық орналасуына қарай Орта Азия тобына жатқызады.

Түрколог С.Е. Малов түркі тілдерін фонетикалық ерекшеліктерін ескере отырып, төрт негізгі топқа жіктейді. Олар: *көне, ең көне, жаңа, ең жаңа.*

1. Ең көне тілдер: *булгар тілі, ұйғыр (сары ұйғыр) тілі, чуваш, якут тілі.*

2. Көне түркі тілдері: *оғұз (ескі руникалық жазба түркі естеліктерінің тілі), тофалар тілі, тува тілі, ұйғыр (ескі үйғыр жазба естеліктерінің тілі), хакас тілі, шор тілі.*

3. Жаңа түркі тілдері: *азербайжан тілі, гагауз тілі, құман тілі, қыпшақ тілі, печенег тілі, половец тілі, салар тілі, түрік тілі, түрікмен тілі, ұйғыр тілі (Қытайдағы немесе Шығыс Түркістан тілі деп аталатын), өзбек тілі, шағатай тілі, чулым тілі.*

4. Ең жаңа түркі тілдері: *башқұрт тілі, қазақ тілі, қарақалпақ тілі, қырғыз тілі, құмық тілі, ноғай тілі, ойрот (Алтай) тілі, татар тілі (казан, қасым, мишер, батыс-сібірлік), (чуваш), (якут)* [26].

Түркі тілдерін топтастырған профессор К.Г. Менгес оларды алты топқа бөлген:

1. Түркі тілдерінің орталық және оңтүстік-батыс тобы;

2. Түркі тілдерінің солтүстік-батыс тобы;

3. Түркі тілдерінің алтай тобы;

4. Түркі тілдерінің Солтүстік-шығыс, Шығыс Сібір тілдері;

5. Еділ-бұлғар тобы;

6. Чуваш тілдері.

XIX ғасырда түркі тілдерін зерттеген орыс ғалымдарының бірі – Н.А.Аристов. Ғалым түркі тайпалары Алтай, Монғол жерлерінен қазақ өлкесіне көшуде бәрі араласып кеткендігін айта келе, бірнеше руларды түркі тілдерінің қалыптасуында маңызды болған рулар ретінде көрсетеді. Олар: қыпшақ, қаңлы, дулат, алшын, арғын, найман, керей, қырғыз, қарлұқ, саха, теле, якут т.б.

Ғалым Н. Баскаковтың (1969) түркі тілдеріне жасаған классификациясы нақты, толық қамтылған классикалық үлгі ретінде қарастырылады. Осыған дейінгі жіктемелерде кемшіліктер ретінде тілдің тек бір белгісіне басты назар аудару саналса, Н. Баскаков географиялық орналасу белгісін де, тілдік ерекшеліктерін де сонымен қатар этникалық құрамын, тарихын есепке ала отырып жіктеген. Ғалымның топтастыруындағы тіл және оны сөйлеуші халық тарихымен бірлікте қарастыру негізгі принцип ретінде саналды [27].

Түрік қағанатының Батыс түрік қағанаты және Шығыс түрік қағанаты болып екіге жіктелуіне байланысты түркі тілдері семьясын *батыс ғұн* және *шығыс ғұн бұтағы* деп екіге бөледі. Батыс ғұн және шығыс ғұн бұтағы арасындағы байланыс уақыт өткен сайын әлсіреп, бертін келе монғол, тұңғыс-манчжур тілдері көп әсер ете бастады. Батыс ғұн тілдері славян халықтары, угро-

финн халықтарымен араласып жаңа бағытта даму сатысына көтеріледі. Түрлі халықтармен араласу нәтижесі түркі тілдерінде көптеген өзгерістерді туындатқан. Әрбір түркі тілінің тарихта өзіндік қалыптасу жолы мен ерекшеліктері бар. Ғалым *батыс ғұн* бұтағындағы тілдерді іштей төртке бөлген:

1. Бұлғар тобы;
2. Оғыз тобы;
3. Қыпшақ тобы;
4. Қарлұқ тобы.

Мұндағы басты критерий ретінде тілдердің фонетикалық ерекшеліктерінен дыбыс сәйкестіктеріне, лексикалық жағынан араб-парсы, монғол тілдерінен енген кірме сөздерге, грамматикалық жағынан жалғау-жұрнақтар мен құрмалас сөйлемдерге мән берген.

Батыс ғұн бұтағының бұлғар тобына *көне бұлғар, хазар* және *қазіргі чуваш* тілдері кіреді. Бұл топтағы тілдердің ішінде тілдік материалы сақталған тек – чуваш тілі ғана. Қалған тілдер туралы материалдар аз.

Түркі тілдерінің оғыз тобы өзара үшке жіктеледі:

1. Оғыз-түрікмен тобы (оғыз, түрікмен);
2. Оғыз-бұлғар тобы (торктер, берендейлер, көне печенег, үз, гагауз тілдері);
3. Оғыз-селжүк тобы (көне селжүк, көне осман түрік тілі мен әзірбайжан, қырым татар диалектісі).

Батыс ғұн бұтағының қыпшақ тобы да өзара үшке бөлінеді:

1. *Қыпшақ-половец тобы* (көне қыпшақтар, құмандар мен қазіргі қарайым, қарашай-балкар, құмық, қырым татар);
2. *Қыпшақ-бұлғар тобы* (қазіргі татар мен башқұрт);
3. *Қыпшақ-ноғай тобы* (қазіргі қазақ, ноғай, қарақалпақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, қырым татарлары (ноғай диалектісі)).

Қыпшақ тобы тілдерінің үшке бөлінуі шамамен XI ғасырдың алғашқы жартысына сәйкес келеді. Басты себебі – миграциялық үдерістер негізінде оғыз тайпалары ығысып, хазарлардың территориясын половецтердің қоныстануы еді. Дегенмен XIV-XVI ғасырларда Әмір Темір шапқыншылығының кесірінен қыпшақ-половецтер, Алтын Орда құлдырауымен қыпшақ-бұлғарлар, Ноғай ордасының ыдырауымен қыпшақ-ноғай тобы тілдерінің жаппай ыдырау кезеңі басталады.

Түркі тілдерінің қарлұқ тілдеріне *қарлұқ-ұйғыр және қарлұқ-хорезм* тілдері енеді. Шығыс ғұн тілдері тармағы *ұйғыр-оғыз* және *қырғыз-қыпшақ* тілдері топтарына жіктеледі. Батыс ғұн бұтағы мен шығыс ғұн бұтағының бірнеше айырмашылықтары бар. Біріншіден, шығыс ғұн тобының дыбыстық құрылымында көне түркі элементтері көп кездеседі. Екіншіден, батыс ғұн тілдерінде араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер көп болса, шығыс ғұн тілдерінде монғол тілдерінен енген кірме сөз көп. Үшіншіден, шығыс ғұн тілдерінде грамматикасы бойынша құрмалас сөйлемдері онша дамымаған.

Ұйғыр-оғыз тобы іштей үшке жіктеледі:

1. Ұйғыр-тукюй тобы (көне ұйғыр, қазіргі тува, тофа тілдері);
2. Саха-якут тілі тобы (қазіргі якут тілі);

3. Хакас тобы (хакас, шор тілінің иран диалектісі, сары ұйғыр, алтай тілінің сарлұқ диалектісі);

Қырғыз-қыпшақ тілдері тобына *көне қырғыз* тілдері мен *қазіргі қырғыз, алтай тілдері* енеді.

Зерттеу жұмысымызда Н. Баскаков жіктемесіне сәйкес қыпшақ тобының батыс-ғұн бұтағына жататын *қазақ, қарақалпақ* және *ноғай* тілдері зерттеуге алынды. Аталған қыпшақ тілдері тарихи лингвогенездік сипаты бойынша бір-біріне жақын туыс тілдер ретінде қарастырылады. Түркі тілдерінің жіктелімінде қыпшақ тілдерінің орны анық, өзіне тән дыбыстық жүйесі қалыптасқан, лексикалық қоры бай тілдер деп саналады. Қыпшақ-ноғай тілдері: *қазақ, қарақалпақ, ноғай* және *қырым татарлары (ноғай диалектісі), өзбек тілінің қыпшақ диалектісі.*

Алтын орда, одан бөлініп қазіргі Қазақстан территориясының көпшілігін мекен еткен Ақ Орда, Ақ Орда құлағаннан кейін пайда болатын Ноғай ордасы, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан территорияларын мекен еткен рулар мен тайпалар қазақтар мен қарақалпақтардың, ноғайлардың негізін салды. Сонымен, қыпшақ тобының ішінде қыпшақ-ноғай тобы деп қаралатын қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері осы тәрізді қалыптасу жолдарынан өтті [9, 41].

Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдер – түркі тілдері жүйесінде ерекше орын алатын, өзінің тарихи тереңдігі мен ареалдық кеңдігі, лингвистикалық байлығымен көзге түсетін тілдер тобы. Мұндағы қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріне тіл білімінің жан-жақты саласы бойынша түрлі зерттеулер жүргізуге болады. Күні бүгінге дейін қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің лексикалық жүйесін, сөздік құрамын, диалектологиялық, этимологиялық ерекшеліктерін, лексика-тақырыптық топтарға жіктелуін қарастырған ізденістер болды. Дегенмен тілдік топ ретінде арнайы қарастырылған жұмыстар сирек.

Қорытындылай келе, түркі тілдерінің классификациясында қыпшақ тілдері оның ішінде қыпшақ-ноғай тілдері әбден орныққан, ғалымдар тарапынан түрлі белгілеріне қарай жіктелімге ие болған, тарихи-мәдени сипатқа ие тілдер екеніне көз жеткізуге болады.

1.3 Қыпшақ тілдерінің тарихи даму ерекшеліктері

Түркі тілді тайпалар жер бетінің барлық түкпіріне таралып, көшпелі өмір салтын ұстанған. Осы себепті де олардың этникалық құрылымы, мәдени-әлеуметтік дамуы мен өркендеу деңгейі әртүрлі болған. Түркі тайпаларының ішіндегі ең соңғысы – қыпшақтар болған. Территориялық кең аумақты қамтыған қыпшақтар орыс шежірелерінде «кумандар», «половецтер» деп аталып келген.

М. Томанов «Тіл тарихы туралы зерттеулер» еңбегінде қыпшақ тілінің шығу тарихы туралы былай дейді: «XI ғасырдың соңғы ширегінде саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланысты басқа тайпалар ішінде үстемдік алған қыпшақ тайпасының айналасына басқа да рулар мен тайпалар бірігіп, «қыпшақ» атын алды. Қыпшақ конфедерациясының құрамына енген тайпалар мен рулар үшін, сөз жоқ, қыпшақ тілі ортақ тіл болды» [8, 34].

Ғ. Мұсабаев «Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан» (Алматы, 1969 ж. 1-бөлім) еңбегінде: «Қыпшақ (қылшақ) қазақтың кең сахарасында Балқаш көлінен Қаратаудың терістігінен Орал тауы, Волга өзеніне дейінгі кеңістікті мекендеген талай келімсектерден құралған. Бұлардың ішінде үйсін, найман, арғын, қоңырат сияқты қазақ болып жүрген рулар болуымен қатар, қалмақ та, монғол да, тағы басқалар бар екені айқын» [7, 15].

Қыпшақ тобындағы тілдерде сөйлеуші этностардың барлығының да көне қыпшақ тіліне белгілі бір дәрежеде қатысы бар, кейбір тілдер о бастан қыпшақтық негізде қалыптасса, енді бір тобының қыпшақтық сипаты кейін басымдыққа ие болған тілдер. Қыпшақ тілдерінде сөйлейтін барлық этностар тілінде оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдерінің элементтерінің сақталып отыруы түркі халықтарының тілінің қалыптасуы күрделі де қайшылықты лингвоэтникалық, лингвоэволюциялық даму жолынан өткенін көрсетіп қана қоймайды, түркілік тектілден бастау алатын тарихи тамырының тереңдігін де айғақтайды [14, 85].

Қазіргі қыпшақ тобына кіретін тілдерде сөйлейтін түркі халықтары тіліндегі ортақ белгілердің біразы о бастағы қыпшақтық кезеңге тән болса, енді біразы Алтын орда дәуірінде дамып, о бастағы қыпшақтық сипат тереңдей түсті. Алтын Орда дәуірінде монғолдардың түркілену процесінің қарқындылығы, олардың қыпшақ тайпаларының құрамына біржолата сіңіп кетуімен сипатталатыны белгілі. Бұл құбылыстың басты факторлары:

- қыпшақтардың мәдени-экономикалық деңгейінің жоғарылығын;
-тілінің белсенді түрде ресми әрі қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуын;
- жартылай отырықшы өмір салтын ұстануын;
- дүниетанымының, этностық санасының беріктігін атауға болады [28, 4].

Бүгінде түркі тілдерінің біразы мемлекеттік тіл дәрежесіне жетіп, қоғамдық өмірдің барлық саласында еркін қолданылады. Дегенмен түркі тілдерінің ішінде қолданысы шектеулі, тіпті тұрмыстық деңгейде ғана қолданылатын тілдер әлі де бар. Мәселен, башқұрт, татар, саха тілдері мен құмық, ноғай, қырым татарлары тілдері орыс тілінің қоршауында, сары ұйғыр тілі ұзақ жылдар қытай қоршауында болғандығын ескерген жөн. Бұл тарихи жағдайлар кей тілдердің ішкі құрылымына да кері әсер еткен. Қарастырылған қыпшақ-ноғай бұтағындағы тілдерден қазақ тілі – мемлекеттік мәртебесі бар түркі тілі болса, қарақалпақ пен ноғай тілдері – өзге мемлекеттер құрамындағы түркі тілдеріне жатады.

Ғ. Айдаров «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» еңбегінде қыпшақ тілдерінің сөздік қоры туралы былай дейді: «Қыпшақ тілдерінің негізгі сөздік қоры, бірінші жағынан, ерте кездегі X-XI ғасырларға дейінгі, өзінен бұрын жасаған түркі халықтар тілінде жазылып қалған ескерткіштердің лексикасымен де, екінші жағынан, Орта ғасырда жазылған түркі тілдеріндегі жазбалар тілімен де өзара үйлес келеді. Үшінші жағынан, көне қыпшақ тіліне тән сөздер қазіргі қыпшақ тілдерінде мол сақталған» [29, 266].

Зерттеуімізде қарастырылған қыпшақ тілдерінің ішіндегі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері тіл әлемі, әдебиет пен мәдениет тұрғысынан бір-бірімен сондай жақын, астасып жататын тілдер. Ол тілдік категориялар

шеңберінде, мәдени-рухани дүниетаным, наным-сенім, салт-дәстүр тұрғысында, ортақ түркілік мұралар жүйесінен де көрініс беріп жатады.

Батыс ғұн бұтағына жататын қыпшақ тілдеріне тән ортақ лексиканы жалпы түркілік тілдер жүйесі негізінде жан-жақты зерттеп, қарастырған ғалым К.Мұсаевтың еңбегі зор. Ғалым қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи-генеалогиялық жақындығын лексика-семантикалық тұрғыдан дәйектеп, тарихын жүйелі түрде сипаттаған [5].

М. Томанов қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің тілдік ерекшеліктері туралы мынандай пікір білдірген: «Қыпшақ-ноғай тобына жататын халықтардың этногенездік бірлігі олардың құрамына енген рулар арқылы да дәлелденеді: қазақтардың құрамына енген рулардың көпшілігі қарақалпақтардың да құрамында бар, сол сияқты қарақалпақ рулары ноғайлардың құрамынан ұшырасады. Дегенмен тілдік жағынан қазақ тілі оқшау тұрады да, қарақалпақ, ноғай тілдері бірыңғай болып келеді. Бұл екі топ арасындағы ерекшелік фузияға байланысты: қазақ тілінде фузияда *л/д/т* варианттары бар (бала-лар, стол-дар, ат-тар), қарақалпақ, ноғай тілдерінде жоқ, қазақ тілінде келер шақ *-ады* формасы арқылы жасалса, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *-аджақ (ажақ)* тұлғасы арқылы беріледі» [8, 40].

Қыпшақ тілдерінің қыпшақ-ноғай тобына жататын қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері Алтын Орда мемлекетінің жойылу тұсында қалыптасып, басқа да түркі тілдерімен тығыз байланыста дамып отырды. Қыпшақ-ноғай тілдері Орта Азия мен Еділ бойында таралған. Қыпшақ-ноғай тілдері топшасы тарихи тұрғыдан біршама көнелеу болып саналатын қыпшақ-бұлғар және қыпшақ-половец топшаларынан мынадай белгілері бойынша ажыратылады:

1. *Ч* фонемасының болмауы және оның *ш* дыбысымен алмасуы, ал *ш* дыбысының *с* дыбысымен алмасуы, мысалы: *қаш < кач – «қашу», қыс <қыш «қыс»* т.б;

2. Көрші дауыссыз дыбыс ықпалымен жүзеге асырылатын *м-б-н* сәйкестігі;

3. Дауыссыз дыбыстар позициясына орай болатын *и-д-т* сәйкестіктері т.б. [30, 113].

Орта Азияда өмір сүретін түркі тілдерінің бір-біріне жақындық не алыстық дәрежесі әртүрлі. Бұл мәселеде түрлі экстралингвистикалық факторларды ескерген жөн. Мәселен, қазақ пен қарақалпақ тілдерін бір-біріне жақын болса, өзбек, түрікмен біршама алысырақ. Қарақалпақ тілі қазақ пен ноғайға жақын болғанымен, кейбір фонетикалық белгілерден қарлұқ не оғыз тілдерінің әсерін көреміз.

Қыпшақ тобындағы тілдердің қарлұқ, оғыз тобындағы тілдерден негізгі айырмашылықтары ретінде мыналарды атауға болады:

1. 8-9 дауысты дыбыстың болуы, *ы, і, у, и* дыбыстарының түрлі мәнермен айтылатындығы: татар, башқұрт тілдеріндегі бұл дыбыстар қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі сондай дыбыстарға сәйкес келе бермейтіндігі;

2. Аффикстер құрамында еріндік дауыстылардың айтылмайтындығы;

3. Сөз құрамындағы еріндік үндесудің әлсіз екендігі. Қазақ тілінде сөздің бірінші буынында еріннің, кейінгі буындарында қысаң/езулік дауыстылар келсе,

алдыңғылары соңғыларына ықпал етеді, алайда ол ықпал әлсіз болғандықтан, жазуда ескерілмейді [30, 121].

Академик Ә. Қайдар қыпшақ тілдері туралы мынандай ғылыми тұжырым жасаған: «Орта ғасырдағы қыпшақ тілдері қауымдастығы өзінің тарихи миссиясын тамаша атқарған болатын. Қыпшақ тобына жататын 10-шақты тілдердің ортақ тілдік заңдылықтар негізінде өзара жақындаса түсуі, осының нәтижесі болса керек. Осы ортақ заңдылықтардың бәрі де бүгінде бір тұтас, монолитті тілдер санатына жататын қазақ тілінің бойынан табылуы да оның кезінде сол қауымдастыққа ұйытқы болуынан деп қараған жөн. Қыпшақ әлемінің ірге тасының бір тағаны – қыпшақ тобын құрайтын тілдер тарихы, қыпшақтану проблемасының сусындайтын көп бұлақтарының бірегей бір бұлағы, қыпшақ қасиетін толық бойына сіңірген, көне де байырғы, таза да тұтас, бай да құнарлы рухани көзі қазақ тілі болатынына кепілдік бере аламыз» [31, 34].

Қыпшақ тілдері тарихи тұрғыдан өзіндік ішкі даму заңдылықтары бойынша дамып, жетіліп отырады. Алайда тек ішкі факторлар ғана емес, этностың тарихи-әлеуметтік қатынастары сыртқы факторға саналып, тілдің дамуына әсер етеді.

Қыпшақ тілдері туралы ғылыми болжамдардың ішінде қарақалпақ пен ноғай тілін қазақ тілінен кейінгі дәуірлерде бөлініп шыққан, қазақ тілінің бір бұтағы деген пікірлердің кездесетіні мәлім. Өткен ғасырларда Қарақалпақ АКСР-ы Қазақстаннан бөлініп шықпағанда бүгінде қарақалпақ тілі қазақ тіліне сіңісіп, өзінің бедер-бейнесін жоғалтып алуы, ұлттық сипатынан айрылуы мүмкін еді деген тұжырымдарды алға тартады. Бірақ қазіргі уақытта қазақ әдеби тілі қарақалпақ пен ноғай тілдеріне қарағанда өзіндік табиғи болмысын сақтаған ұлттық тіл деп баға бере аламыз: «Қазақ әдеби тілін олардың әдеби тілінен ерекшелейтін басты белгі – оның лексика-грамматикалық бірліктерінің өзгешелігінде емес, қоғамдық өміріндегі жан-жақты қызметі оның әдеби тілінің қасиеті мен сапасы бола отырып, оны қарақалпақ, ноғай тілдерінен өзгешелеу етіп көрсетеді» [32, 19].

Жоғарыдағы ғылыми болжамға ұқсас ойды С. Бизақовтың «Түбір бір түркілер» еңбегінде де жазды: «50-жылдары қарақалпақ ғалымдарының өз тілінің дербестігін баянды етіп, қазақ тілінен аражігін аша түсу мақсатымен ішінара өзбек, түрікмен сөздерін саналы түрде ендіргені айтылған еді. Қарақалпақ тілінде сөз басында қазақ тіліндегі *қ, к, т, ж* дыбыстарының орнына ұяң *қ, г, д, и* дыбыстарын қолданатын кезі бар: ғыз (қыз), гүман (күмән), ғарры (кәрі), дізгін (тізгін), ярыш (жарыс) т.б. Қазақ пен ноғай тілдері бір-біріне тым жақын дедік. Ал қарақалпақ тілі осы екеуінің ортасындағы аралық тіл секілді әсер қалдырды» [33, 111].

Бүгінде бұл қарастырылған үш тіл өзіндік жүйесі орныққан, әбден қалыптасқан түркі тілдерінің бір тармақтары саналады. Тіпті мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеріліп, тарихи даму сатысынан тілдік қабілетін жоғалтпай өтіп келеді. Оның ішінде бай сөздік құрамы, лексикологиялық қоры тілдердің бүгінгі әлеуетін арттырып отыр.

Кез-келген тілді зерттегенде лексикалық жүйесі басты назарда қаралатыны белгілі. Лексикологияны айтқанда біз міндетті түрде сөздің мағынасына, оның тілдің дамуына тигізген әсеріне тоқталамыз. Зерттеуге алынған түркі тілдерінің ішіндегі батыс-хұн бұтағынан тарайтын қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің лексикологиясы, сөздің мағыналық ерекшеліктері мәселесіне жан-жақты тоқталу қажеттігі бар. Түркі тілдерінің жеке, өзіндік сипаттары туралы айтпас бұрын, лексика саласы бойынша түркі тілдерінің барлығына тән негізгі белгілерді атап өткенді жөн көрдік.

Тіл білімінің салалары бойынша ортақ белгілерді оның ішінде лексикалық қор бойынша ортақ төрт түрлі белгіні ғалым М. Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегінде былай көрсеткен:

а) байырғы лексика нақты ұғыммен байланысты болып келеді де, интеллектуалды лексика, абстракты және мәдени ұғымды білдіретін сөздер көбіне басқа тілдерден көне, жаңа дәуірлерде ауысқан болып отырады;

ә) байырғы лексика көбінесе бір буынды, кейде екі буынды болып келеді;

б) мән-мағына тұрғысынан жіктелген сингармониялық параллельдер бар;

в) синкретизмнің (түбірлердің, негіздердің) іздері бар [34, 9].

Байқағанымыздай, туыс тілдердің лексикалық жүйесін қарастыруда ортақ сөздердің, түбірлердің мағыналық даму тарихын айқындау, тілдің ішкі мазмұны – мағыналық белгілерін, қалыптасуындағы түрлі құбылыстарды анықтау қажет. Осы мағыналық дамуындағы құбылыстардың бәрін семантизациялану үдерісі арқылы түсіндіруге тырыстық. Себебі семантикалық дамудың астарында, сөз мағынасының өзгеруінде тілге тән барлық фактілермен қатар тілден тысқары сыртқы факторларға негізделген ұлт болмысы мен танымына қатысты тың ақпараттар жинақталады. Мағынаның өзгеру тенденцияларын айқындау тілдің диахрондық және синхрондық қалпы арқылы жүзеге асады.

1.3.1 Қазақ тілінің даму сипаты

Түркі тілдері – тамыры терең, сан қатпарлы тарихқа ие тілдер. Терең тарихқа ие болуының себебі – түркі тайпалары бірде қосылып тайпалық бірлестік құрып өмір кешсе, бірде бөлек мемлекеттер құрамында өмір сүруі еді. Көне түркі кезеңіндегі ұлыстар мен этникалық бірлестіктердің бір-біріне әсер еткен ықпалы зор. Туыстас түркі тілдері тілдік бірліктерінің жақындығы фонетикалық жүйесінен, грамматикалық құрылысынан, лексикалық мағыналық ерекшеліктерінен көрінеді.

Кез-келген халықтың әдеби тілі қалыптасуы сол халықтың әлеуметтік-тарихи жағдайымен тығыз байланысты. Қазақ халқы бір тектес бірақ түрлі этникалық одақтар мен бірлестіктердің құрамында өмір сүрген түркі тайпаларынан құралды.

Қазақ тілінің тарихын білу сонау көне түркі кезеңіндегі, орта ғасырдағы тарихи ескерткіштердің материалдарын салыстыра зерттеу арқылы танылады. Қазіргі қыпшақ тобына жататын қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, құмық, башқұрт, қырғыз тілдерінің жеке тіл болып қалыптасуына Ноғайлы дәуірі ұйытқы болған.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі түркілік табиғатын сақтаған, араб-парсы тілдерінің ықпалына көп ұшырамаған, диалектілік ерекшелігі бәсең, агглютинативті (жалғамалы), монолитті тіл. Біздің тіліміз де терең тарих пен күрделі қалыптасу жолын өткерген. Қазақ тілі сонау көне Алтай дәуірінен, Хун (б.з.б. III-V) және б.з.б. V-X ғасырлардағы көне түркі дәуірінен бастау алады. Алтай дәуірінде түркі, монғол, тұнғыс-маньчжур тілдері бөліне бастайды. Хун дәуірінде толық ажырап біткен түркі тілдері шығыс және батыс түркі тілдері болып екіге жіктеледі. Қазақ тілі осы бөлініс бойынша батыс хун бұтағына жатады. Алғашқы қазақ тілі туралы деректер Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғатында», Ахмет Иассауидің «Диуани хикметінде», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» кездеседі.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілі о бастан-ақ қыпшақтық белгісі айқын, көне қыпшақ тілі диалектілерінің бірі болып табылады. Жалпытүркілік тектілден бастау алатын қазақ тілінің б.з. V ғасырынан кейінгі дамуы *түрк қағанаты → дешті қыпшақ→алтын орда→ноғай ордасы→қазақ хандығы* мемлекеттеріне қатысты этно-тарихи және лингвистикалық үдерістерден тұрады. Қазақ хандығының құрылуы халық тілінің жүйеленуіне, даму бағытының бір арнаға түсуіне ықпал етті [28, 5].

Қазақ тілі XIV–XV ғасырларда Ноғай Ордасының құрамында болғандықтан сол бірлестікте бірге өмір сүрген басқа да ұлттардың тілімен салыстыра отырып зерттеу қазіргі тіл білімі үшін өзекті болмақ. Қазақ тайпалары қыпшақ тілдерінен, Ноғай ордасынан XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында бөлініп шығып, дербес тілге айналады. Қанша ғасыр өтсе де қазақ тілі өзінің бойындағы қыпшақ тілдеріне оның ішіндегі қыпшақ-ноғай тобы тілдеріне тән белгілерін, түркілік ойлау жүйесінің ортақтығын сақтап қалған.

Қазіргі түркі тілдерінің арасында сатылай байланыс, бір-біріне жақындығы сақталған. Мысалы, қазақ тілі дыбыстар жүйесі жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да, сөздік құрамы жағынан да қарақалпақ пен ноғай тілдеріне жақын. Сондықтан да Н. Баскаков осы үш тілді түркі тілінің қыпшақ-ноғай тобына қосқан. Бұл үш тіл басқа түркі тілдеріне қарағанда татар, башқұрт тілдерімен жақынырақ. Ал қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары Ноғай Ордасынан бөлініп шығып, өз алдарына XIV–XV ғасырларда халық болып қалыптасқаны белгілі [17, 106].

Қазақ тілінің түркі тілдері арасындағы тарихи орнын айқындауда көне түркі, орта түркі, ескі қыпшақ, ескі қазақ жазба мәтіндері мен ауыздан-ауызға таралған ауыз әдебиеті үлгілерінің маңызы зор. Қазіргі қазақ тілінің тарихи бастауы – халқымыздың этногенездік негізін құрайтын ру-тайпалар мен ұлыстардың сол заманда қолданған тілдері болып саналады.

Қазақ тілі – айту, жазу нормасы қалыптасып, жүйеленген, әдеби тіл дәрежесіне көтерілген ұлттық тіл. Өзге түркі тілдері секілді қазақ тілі де ғылыми зерттеу нысанына XVII ғасырдың екінші жартысында алына бастады. Күні бүгінге дейін қазақ тілі және оның жекелеген түрлі мәселелері ғалымдар тарапынан талқыға түсіп, өзінің ғылыми бағасы беріліп, жаңаша тұжырымдар мен зерттеулермен толығып жатқаны белгілі.

Кез-келген тілдің тарихын зерттеу үшін ең алдымен салыстыру жүргізіледі. Салыстыру жасау тек туыс тілдердің ерекшеліктерін айқындап қана қоймай, көне жазба мұралар мен қазіргі тілдер арасындағы байланыстарға жол ашады. Салыстыру жүйелі болған кезде нәтиже береді. Бір тілге тән белгілерді салыстыру үшін сол тілдің әртүрлі кезеңдеріне тән фактілерді салыстыру қажет. Қазақ тіліне салыстырмалы-тарихи зерттеу жасау үшін алдымен қыпшақ-ноғай тобындағы тілдермен салыстыру жүргізіледі. Содан кейін ғана қыпшақ тобына жататын басқа тілдермен (қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-половец) салыстырылады. Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдер хронологиялық тұрғыда қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-половец тілдеріне қарағанда кешірек дамыған. Ол топтағы тілдердің тарихы едәуір көнелігімен, ұзақтығымен ерекшеленеді.

Түркологияда қазақ тілі түркі тілдерінің, біршама «жаңа» деп қаралатын тобына жатқызылады. Олай болатын себебі: қазақ рулары тарихтың ерте кезінен-ақ мәлім болса да, «қазақ» деп аталатын біртұтас халық XV-XVI ғасырларда қалыптасады. Қазақ тарихының осы ерекшелігін ескерсек, қазақ тілінің тарихи кезеңдері мынадай дәуірлерге бөлінеді:

1.Түркі бірлестігіне дейінгі дәуір, бұл дәуір шамамен, біздің заманымыздың V ғасырына дейін созылады, екі түрлі белестен тұрады: Алтай бірлестігі, Хун бірлестігі.

2. Түркі бірлестігі дәуірі, екі кезеңге ажырайды:

- көне түркі қағанаты кезеңі (V-X ғасыолар);
- орта түркі кезеңі (X-XV ғ. б.).

3. Қазақ халық тілінің даму дәуірі (XVI–XVIII ғасырлар);

4. Қазақ ұлттық тілінің қалыптасу дәуірі (XIX ғасыр) [8, 29].

Осы кезеңдердің ішінде тек XV-XVI ғасырларда ғана біртұтас қазақ тілі туралы айтуға мүмкіндік туып, қазақ жазба әдебиеті пайда бола бастады. Ал XIX ғасырда қазақтың ұлттың әдеби тілі дамып, жаңа жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсариннның атақты шығармалары дүние келді. Қазақ тілі бүгінгі әдеби тіліне дейін жоғарыдағы төрт тарихи кезеңнен өткен. Қазақ тілі қазіргі бай лексикасы бар, грамматикалық құрылысы жүйеленген, қалыптасқан осындай орамды әдеби тілге бірдей айналған жоқ, оның өзіндік қалыптасу жолы, даму тарихы бар.

Қыпшақ-ноғай тобын құрайтын қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері Ноғай ордасындағы халықтардың негізінде құралғаны белгілі. Бірақ қазақ тілінің субстратында басқа тілдік негіздер болғандығы рас. Қазақ тілінің тек өзіне ғана тән төмендегідей белгілерді көрсете аламыз:

1. Фузияда *л-д-т* сәйкестігі бар;

2. Түркі тілдеріндегі сөз басындағы *й-ж-дж* сәйкестігінен қазақ тілінде ол позицияда тек *ж* дыбысы жұмсалады; *Й* дыбысы тек біріккен сөздер құрамында, сөз ортасында ғана айтылады;

3. Сөздің абсолют басында ұяңдармен салыстырғанда қатаңдар көбірек кездеседі, алайда *т-д, б-п* сәйкестігі сирек болса да ұшырайды;

4. Интервокал позицияда *т, қ, к* қатаңдары негізінен ұяңдайды, дегенмен қазақы, қыпшақы, қалмақы сияқты бірқатар сөздер құрамында бастапқы қалпын сақтайды [30, 122].

Өзге түркі тілдерінде кездесетін дауысты дыбыстардың созылыңқылығы қазақ тілінде жоқ. Сөз басында *й* дыбысы келетін түркі тілдеріндегі ерекшелік қазақ тілінде *ж* дыбысымен беріледі. Қыпшақ тобына жататын басқа тілдерден қазақ тілінің айырмашылығын көрсететін бір белгісі – буын үндестігінің сақталу дәрежесі. Қырғыз тілінде ерін үндестігі сөздің барлық буындарында сақталса, бұл қазақ тіліне жат: *көрбөгөн, өлбөгөндер т.б.* Бұл секілді аталған фонетикалық ерекшеліктердің бәрі де түрлі түркі тілдерімен, мәдениетімен тығыз байланыста болудың нәтижесінде орын алған.

Қазақ тілінің лексикалық жүйесінің белгілі бір дәуірдегі қалпына зерттеу жүргізу үшін міндетті түрде ғылыми тұрғыда тарихи аспектіде қарастыру қажет. Қазақ тіліндегі лексикалық қабаттар үнемі бір-бірімен байланысып жатады. Ондағы мағыналық құбылыстар, олардың өзгерісі, мағыналық аяның тарылу мен кеңеюі түрлі ішкі және сыртқы тілдік фактілер негізінде жүзеге асып отырады.

Тіл эволюциясы үнемі бір бағытқа көнеден жаңаға, тарихтан бүгінге қарай жүріп отырмайды, олар бір-біріне қарама-қарсы да әсер етіп, үнемі мидай араласып, сабақтасып жатады. Тарихтың ұзын жолында сөз мағынасы өзгеріп бірде кеңіп, бірде тарылып отырады. Сөз мағынасы жалқыдан жалпыға қарай немесе жалпыдан жалқыға қарай дамиды [35, 18].

Қыпшақ тілдерінің де лексикология саласы лексикография, фразеология, семасиология, ономасиология, этимология секілді салалардан тұрады. Сөздің тарихын лексикология қарастырса, мағынаның ерекшеліктерін семасиология зерттейді. Осыдан келіп сөз бен мағынаны бірлікте әрі түрлі аспектіде қарастыруға жол ашылады. Қыпшақ тілдерінің семантикалық жүйесі, мағыналық ерекшеліктері туралы қарастырылған тілдер бойынша жеке-жеке келесі тарауларда тоқталатын боламыз.

Б. Сағындықұлының «Қазіргі қазақ тілі: лексикологиясы» еңбегінде қазақ тіліндегі семасиология саласын, сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуын түрлі мысалдар арқылы түсіндірген. Тілдегі мағына кеңеюін былайша сипаттайды: «Мағынаның нақтылықтан дерексіздікке, жалқылықтан жалпылыққа ауысуы *сөз мағынасының кеңеюі* деп аталады». Сөз мағыналарының кеңеюінің бірнеше жолдарын анықтаған:

1. Бұрынғы мағыналарын сақтай отырып кеңею;
2. Жіктелу, сұрыпталу нәтижесінде сөз мағынасының кеңеюі;
3. Туынды түбір мағынасының кеңеюі;
4. Сөз мағынасының бір жағынан тарылып, бір жағынан кеңеюі;
5. Сөздердің тіркесуі арқылы мағынасының кеңеюі.

Ал мағынаның дерексіздіктен нақтылыққа, жалпылықтан жалқылыққа ауысуын *сөз мағынасының тарылу* деп атайды. Оның да бірнеше жолдарын айқындаған:

1. Сөз мағынасының дәстүрлі тілдік жолдармен тарылуы: *тон (о баста киімнің жалы атауы болған), тары (жалпы астықтың атауы болғаны) т.б.*

2. Сөз мағынасының тарыла келе, шылауға айналуы: *бірақ, тағы, да, та, мен, болмаса, кейін, сайын, арқылы, туралы т.б.*

3. Сөз мағынасының тарыла келе, көмекшіге айналуы: *асты, үсті, алды, арты, маңы т.б.*

4. Сөздің қосымшаға айналуы: *-ша (шақ сөзінен шыққандығы);*

Сөз мағынасы ауысқан кезде бірнеше тәсілдер арқылы жүзеге асады. Оларға ғалым метафора, метонимия, қызмет бірлігі бойынша ауысу, синекдоха секілді түрлерге жіктеген [36, 40].

Қазақ халық тілінің құрамында сақталған тайпалық тілдер қалдықтары – диалектілерден көрінеді. Қазақ тілі диалектілерінің басқа түркі тілдерімен салыстырғанда үлкен ерекшелігі – олар (диалектілік айырмашылықтар) тілдің негізгі, яғни түсінуге кедергі болатын салаларын қамтымайды [8, 36]. Диалектілік жағынан қазақ тілі бірыңғай болып келеді. Тек айқын көрінетін диалектілік белгілері – *ч/ш, дж/ж, п/б, нъл/нъд, ғ/у, і/ы* дыбыс сәйкестіктерін айта аламыз. Мәселен, *полат – болат, маңдай – маңлай, шаң – чаң* т.б.

Фонетикадағы жалпытүркілік *с, ш* дыбыстарының қазақ сөздеріндегі жұмсалу позициясын зерделей қарағанда сөз соңындағы *ш*-ның *с*-ға айналу арқылы бұл дыбыстар аллофондар есебінде түзілгені аңғарылады. Сондықтан қазақ тілінің өз ішінде кейбір сөздерде ш-с сәйкестігі байқалады. Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдердің өз арасында жіктелуінде критерий болып тұрған *с* мен *ш* бір-біріне ауыспаған, қатар өмір сүрген [37, 70].

Қыпшақ тобына енетін қазақ және қарақалпақ тілдеріне тән бір белгі – сөздерінің ықшамдалуға бейімді болуы. Бұл үрдіс қарлұқ (ұйғыр, өзбек) және оғыз (түрікмен) тілдерінде кездеспейді. Мәселен, қазақ тіліндегі *ұл* деген сөз, қарақалпақта – *ул*, өзбек тілінде – *угил*, ұйғырда – *оғул*, түрікмен тілінде – *оғул*.

Қазақ тілінің тарихында жазу дәстүрі түрт түрлі кезеңнен өткен: көне түркі жазуы (руна, «құпия»), араб жазуы (А. Байтұрсынұлы «төте жазуы», 1912 ж.), 1929 жылы латын графикасы және 1940 жылы қазіргі кириллицаға негізделген қазақ жазуы. Қазіргі уақытта қазақ әдеби тілі сөздік құрамы бай, туыстас қарақалпақ және ноғай тілдерінен өзіндік ерекшелігі бар, жеке, ұлттық тіл болып саналады.

Қазақ тілі – ұлттық руханияттың өзегі. Қазіргі қазақ әдеби тілі мемлекеттік тіл дәрежесінің өрлеу биігіне жеткендіктен ғылым-білім тілі, сыртқы қарым-қатынас тілі, бизнес тілі етіп, қолданыс аясын кеңейту қажет. Себебі оның құрылымдық жүйесі жетілген, лексика-фразеологиялық қорының аса бай болуы қоғамдық өмірдің әр саласында қызмет етуге зор мүмкіндік береді.

1.3.2 Қарақалпақ тілінің лингвистикалық даму сипаты

Қарақалпақ тілі – түркі тілдерінің қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай бұтағына енетін, Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақстан Республикасы халқының тілі.

Біздің заманымызға дейінгі VII–II ғасырларда Арал теңізі төңірегінде жасаған сақ-массагет тайпалары қарақалпақ халқы этногенезінің негізін құрайды. Массагет тайпалары тұрмысында сақталған матриархат дәуірінің көріністері қарақалпақ фольклорының ең ғажап үлгісі «Қырық қыз» жырында көрініс тапқан. Бұл жыр қазіргі қарақалпақ халқын ежелгі массагет тайпаларымен байланыстыратын дерек [28, 6].

Қарақалпақтардың шығу тегі туралы зерттеген ғалым П.П. Иванов «Очерк истории каракалпаков» атты зерттеуінде қазіргі уақытта қарақалпақтар деп аталатын халық (қара қалпақтылар) тарихи дереккөздерде осы атаумен алғаш рет XVI ғасырдың соңында ғана кездескенін айтады [38]. Қарақалпақтардың өз тарихын баяндайтын жазба ескерткіштері жоқ және олардың өткеніне қатысты барлық мәліметтер ауызша аңыз-әңгімелер түрінде сақталған. Қарақалпақтардың бірнеше ғасыр бойы ірі тайпалық бірлестіктердің құрамында болып, жеке атаумен тарихта танылмаған деген жорамал жасауға болады.

Қара қалпақтылар туралы ең алғашқы жазба 1140 жылы жазылған орыс жылнамаларында кездесетін «черные клобуки» термині «қарақалпақ» этнониміне сәйкес келеді. 1145 жылғы орыс жылнамаларында көрсетілгендей, Киев Русында жасаған *печенек, берендей, торк* тайпалары бірігіп *«черные клобуки»/қара бөріктілер* одағын түзгені айтылады [28, 7].

XIV ғасырдың алғашқы онжылдығында өзінің атақты **«**Жылнамалар жинағын» жазған, араб тарихшысы Рашид-ад-Дин 1239 жылы монғолдардың Оңтүстік Ресейге жорығы туралы баяндай отырып, **«**қара қалпақ халқы» (каум-и-кюлях-и-сиях) деп аталатын халықты атап өтеді. Бұл атау орыс жылнамаларында XII ғасырда кездесетін «қара қалпақтылар» (черные клобуки) деп аталатын түркі тайпалық бірлестігіне сәйкес келеді. Алайда XIII ғасырдағы орыс дереккөздерінде «қара қалпақтылар» туралы ақпарат кездеспейді, бұл олардың сол кезеңде не қыпшақтарға сіңісіп кеткенін, не басқа атаумен белгілі болғанын көрсетеді.

Лингвистикалық тұрғыдан қарасақ, ортағасырлық түркі халықтарында «бөрік» сөзі «бас киім» мағынасында кең таралған, ал «қалпақ» сөзі кейінгі кезеңде жиі қолданылған. Мысалы, XIII-XIV ғасырлардағы қыпшақ, печенег және басқа түркі рулары арасында «қара бөрік», «қызыл бөрік» деген атаулар кездеседі. Осыған байланысты, «қара қалпақ» атауының тарихи түпнұсқасы «қара бөрік» болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Бірақ ғалымдар бұл тұжырымға күмәнмен қарап, қарақалпақтарды ноғайлармен және печенегтермен байланыстыруға тырысқан [38, 9-21]. Қарақалпақ атауының қалыптасуы түрлі соғыстар кезінде өз әскерін тану үшін бастарына қара қалпақ (бөрік) киюмен байланысты болып келеді. Себебі «қара қалпақ кидік, ат құйрығын түйдік» деген сөздер фольклорлық жыр жолдарында кездесетіні мәлім.

Қарақалпақ тілі қыпшақ тобына жататын түркі тілдерінің бірі болғанымен, оның лексикалық және фонетикалық жүйесінде өзбек тілінің ықпалы байқалады. Қарақалпақ-өзбек байланыстары тек қана географиялық жақындықпен емес, сондай-ақ тарихи және мәдени қатынастармен де түсіндіріледі.

Қарақалпақ тілінің ерекшеліктері оның екі негізгі диалектісімен анықталады: *солтүстік-шығыс* және *оңтүстік-батыс* диалектілері. Бұл диалектілер арасындағы айырмашылықтар айтарлықтай үлкен емес. Солтүстік-шығыста қарақалпақ-қазақ говоры таралған болса, оңтүстік-батыста қарақалпақ-түрікмен говорлары кездеседі. Бұл говорлар – көрші халықтармен болған ұзақ уақыттағы тығыз қарым-қатынастың нәтижесі.

Солтүстік-шығыс диалектісімен негізінен Қараөзек, Тахтакөпір және Примор (Мойнақ) аудандарының халқы сөйлейді. Сондай-ақ, бұл диалектіге

Тахтакөпір ауданындағы қазақ және қарақалпақ тілдерінің өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасқан аралас говорлар да жатады. Оңтүстік-батыс диалектісімен Қарақалпақстанның басқа аудандарының халқы сөйлейді: *Шымбай, Кегейлі, Құйбышев, Қоңырат, Шоманай, Ходжейлі, Қыпшақ, Шаббаз* және *Төрткүл* аудандары. Бұл диалектіге *Ходжейлі* мен *Төрткүл* аудандарындағы қарақалпақ және түрікмен тілдерінің өзара ықпалы негізінде қалыптасқан говорлар, сондай-ақ *Қоңырат, Қыпшақ, Шаббаз* аудандарындағы қарақалпақ-өзбек аралас говорлары кіреді.

Солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс диалектілерін бір-бірінен ажыратын негізгі белгілер ретінде Н. Баскаков төмендегілерді көрсетеді:

1. Солтүстік-шығыс диалектісінде «а» фонемасы кездеспейді.

2. Солтүстік-шығыс диалектісінде дауысты дыбыстардың ерін үндестігі әлсіз көрінеді, ал оңтүстік-батыс диалектісінде айқынырақ көрінеді.

3. Солтүстік-шығыс диалектісінде еріндік дауыстылар кездеспейді, ал оңтүстік-батыс диалектісінде еріндік дауыстылар қолданылады. *Мысалы: «бызав» – бузав (бұзау), «мылтыкъ» – мултукъ (мылтық).*

4. Солтүстік-шығыс диалектісінде сөз басында көбінесе «*т*» және «*к/къ*» дыбыстары кездеседі, ал оңтүстік-батыс диалектісінде олардың орнына ұяң дыбыстар қолданылады. *Мысалы: «туз» – «дуз» (тұз), «тизгин» – «дизгин» («тізгін»), «кюз» – «гюз» (күз).*

5. Солтүстік-шығыс диалектісінде «х» дыбысы мүлде кездеспейді, ал оңтүстік-батыс диалектісінде жиі қолданылады [39, 4].

Қарақалпақ жазба әдеби тілі солтүстік-шығыс диалектісінің негізінде XX ғасырдың басында толық қалыптасты. Қарақалпақ халқы құрамына енетін қыпшақ тайпалары XI-XIII ғасырларда половец бірлестігінің құрамында болған, XIII-XV ғасырларда Алтын Орда мемлекетінің құрамында өмір сүрген, ал XV ғасырдан бастап Ноғай Ордасына қараған. Осы кезеңде қазақ, өзбек және қарақалпақ халықтарының алғашқы этникалық одақтары қалыптасқан.

Тарихта қарақалпақтарды *черноклобоктар* деп атайды. Алғаш Кавказ етегінде, одан Еділ бойында көшіп жүрген. XII-XIII ғасырларда Түркістан өлкесін жайлаған, қазіргі мекеніне XVI ғасырда келіп орналасқан [17, 261].

Қарақалпақ ғалымы Ш. Абдиназимов зерттеуінде қарақалпақтар XVIII ғасырда Сырдарияның бойында қазақтардың кіші жүз құрамында өмір сүргенін айтады, кейіннен XIX ғасырда бірінші жартысында Сырдариядан Хорезм бойына қарай көшеді. Ал XIX ғасырда екінші жартысында Ресей Хиуа хандығын басып алғаннан кейін Әмудариянның оң жағалауындағы қарақалпақ халқы ресми түрде Ресей мемлекетінің қарауына өткен [40, 128].

Қарақалпақ тіліне ең жақын тілдер – қазақ және ноғай тілдері. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің ұқсас белгілері көп, олардың туыстығын дәлелдеп жату қажет те емес. Себебі, олар ру-тайпа тілдері ретінде ұзақ уақыт бойына қалыптаса бастады. Бұл халықтардың құрамына енген ру-тайпалар өзара тығыз араласып, бір территорияда (Ноғай Ордасы мен Өзбек Ордасының құрамында) өмір сүрген. Алтын Орданың қол астында болуы, бертін келе Ноғай Ордасында үш халық бірге өмір сүрген. Сондықтан бұл халықтардың тілінде ортақ белгілердің көп болуы заңды да [17, 188].

Қарақалпақ тіліне тек Қазан төңкерісінен кейін ғана арнайы ғылыми зерттеулер жасала бастады. Оған дейін кейбір ғылыми еңбектерде ғана азды-көпті айтылып жүрді. Алғаш рет ғалым Г. Вамбери қарақалпақ тілінің дыбыстарына талдаулар жүргізген. Ал, арнайы қарақалпақтардың ішіне кіріп ғылыми зерттеу жасаған И.А. Белов болды. Ол әйгілі П.М. Мелиоранскийдің шәкірті, Санкт-Петербург университетінің студенті еді. 1917 жылы жинаған материалдарын Ашхабад қаласында баспадан шығарады.

Қарақалпақ тілін Кеңес дәуірінде Н.А. Баскаков, С.Е. Малов, Е.П.Поливановтар зерттесе, кейін әр сала бойынша қарақалпақ ғалымдары түрлі зерттеулер жүргізе бастады. Мәселен, фонетика бойынша К. Убайдуллаев, А.Даулетов, лексикология саласы бойынша Е. Бердимуратов, М. Календаров, А.Нажимов, морфология бойынша А. Қыдырбаев, А. Бекбергенов, синтаксис бойынша М. Давлетов, Е. Давенов, диалектология бойынша Д. Насыров, О.Доспанов, тіл тарихы бойынша Х. Хамидов, Ш. Абдиназимов т.б. ғалымдар қарастырған.

Түркі халықтарының көбіне ортақ, кең таралған жазу жүйесі: 1) руналық жазу (Орхон-Енисей жазуы); 2) ұйғыр жазуы; 3) араб жазуы; 4) латын; 5) орыс графикасына негізделген кириллица жазулары саналды. Қарақалпақ тілі де кейбір түркі тілдері секілді осы жазу жүйелерінен өткен [41].

Қарақалпақ тілі кеңестік дәуірде ғана жазба тіл ретінде қалыптасты. Қазан төңкерісінен кейін 1924 жылы араб әліпбиі негізінде қарақалпақ тілінің жазу графикасы пайда болды. 1928 жылы араб графикасынан латын әліпбиіне, 1940 жылы латыннан кирилл графикасына негізделген қарақалпақ әліпбиіне көшті. Осы реформалар тілдің дамуына, ұлттық әдебиеттің, білім мен ғылымның өркендеуіне мүмкіндік берді. Бүгінде Қарақалпақ тілі Қарақалпақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде өз мәртебесін сақтап отыр.

1934 жылы Ленинградтан (қазіргі Санкт-Петербург) жарық көрген А.Н.Самойлович редакторлығымен «Материалы по истории каракалпаков» еңбегінде XVIII ғасырға дейінгі қарақалпақтардың тарихы, орыс деректерінде кездесетін қарақалпақтарға тиесілі атаулар мен жер-су аттары, тайпалар атаулары туралы мәліметтер жинақталған [38].

1951 жылы Мәскеуден Н.А. Баскаковтың «Каракалпакский язык (материалы по диалектологии)» еңбегі жарық көреді. Ғалым ғылыми экспедиция жасай отырып, Қарақалпақстанның барлық аудан, ауыл-аймақтарынан тілдік материалдар жинақтаған. Әр аймақтың тілдік ерекшеліктері, диалектілері көрініс беретін түрлі аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер мен өлең-жырларды ауданы бойынша (*Тахтакупырский, Карауаякский, Муйнакский, Чимбакский, Кегейлинский, Шоманайский, Ходжейлинский т.б.*) тізбектеп көрсеткен [39].

XX ғасырдың 60-жылдарына қарай қарақалпақ тілінде салыстырмалы бағытта зерттеулер жүзеге асырылды. Қарақалпақ тілі мен орыс тілін салыстыра отырып жазылған ғылыми еңбектер қатарына А. Жаксыбаев («О составлении словарей русского и каракалпакского языков в учебных целях», Нукус,1982), А.Умаров («Сопоставительный синтаксис русского и каракалпакского языков», Нукус, 1973) А. Бекбергенов **(«**Рус хәм қарақалпақ тиллериниң салыстырмалы грамматикасы. Сөз жасалыу хәм морфология». Нөкис, 1995), Қ. Қощанов **(«**Рус

хәм қарақалпақ тиллериниң өзара байланысы мәселелери», Нөкис,1991) зерттеулері жатады.

Түркі тілдері мен қарақалпақ тілдеріне салыстырмалы бағытта жасалған зерттеулерге Х. Хамидов пен Ш.Қудиярова «Қарақалпақ хәм қазақ тиллериндеги айырым сөзлердиң лексика-семантикалық өзгешеликлери» (1999), М.Қудайбергенов «Қарақалпақ және қазақ тілдері морфонологиясының кейбір мәселелері» (2002), Ш. Абдуллаев «Өзбек хәм қарақалпақ тиллериндеги мәнилес фразеологизмдер» (2004), М. Хожабаева «Түркмен хәм қарақалпақ тиллериндеги тағам таярлауда қолланылатуғын буйым атамалары» (2005) зерттеулерін атап көрсетуге болады.

Ал қарақалпақ тілінің жалпы лексикология саласы бойынша әр жылдары жарияланып отырған үлкенді-кішілі ғылыми зерттеулерге мынадай зерттеулерді мысалға келтіре аламыз. Олар: К. Пахратдинов «Животноводческая лексика в каракалпакском языке» (Нукус, 1992) [42], У. Давлетова «Военная лексика каракалпакского языка» (Нукус, 1994) [43], П. Нажимов «Структурная-семантическая особенности сравненеия в каракалпакском языке» (Нукус, 1994) [44], А. Карибаева «Спортивная лексика каракалпакского языка» (Нукус, 1995) [45], Ш. Алланиязова «Қарақалпақ тилиниң қол өнер лексикасы» (Нөкис, 1997) [46], Ж. Шаниязов «Диний атамалар ва иборалар, уларнинг қорақалпоқ адабий тилида қулланилиши» (Нукус, 2002), Г. Айназарова «Қарақалпақ тилинде теңлес еки компонентли фразеологизмлер» (Нөкис, 2005), А. Дәулетов. Қ. Пахратдинов «Қарақалпақ тил билими» (2008) А. Пирниязова «Қорақалпоқ тили фразеологик системасы ва унинг имкониятлари» [47] (Нукус, 2020) т.б.

Қарақалпақ тілінің лексикографиялық жүйесі де біршама орныққан, жүйеленген. Бұл сөзімізге төмендегі түрлі сөздіктер дәлел бола алады. Алғаш рет Н. Баскаков редакторлығымен 1967 жылы Мәскеуден жарияланған «Русско-каракалпакский словарь» [48] сөздіктен бастап бертін келе түрлі сала бойынша жарияланған сөздіктері, атап айтқанда, «Қарақалпақ тилиниң түсиндирме сөзлиги» төрт томлық [49] (Нөкис, 1982), Ж. Ешбаев авторлығымен «Қарақалпақ тилиниң қысқаша фразеологиялық сөзлиги» (1985) [50], М. Календеров «Қарақалпақ тили синонимлериниң қысқаша сөзлиги» (1990) [51], «Қарақалпақ тилиниң түсиндирме сөзлиги» жети томлық (толықтырылған екинши баслымы, Нөкис, 2023) [52], Қ. Пахратдинов пен Қ. Бекниязов авторлығымен «Қарақалпақ тилиниң фразеологизмлер сөзлиги» (Нөкис, 2018) [53], А. Дәулетов пен Қ.Пахратдиновтың қарақалпақ тілі бойынша библиографиялық еңбектері [54] қазіргі қарақалпақ тілінің дамуына қосылған айтарлық үлес деп бағалаймыз.

1974 жылы жарияланған Х. Хамидовтың «Қарақалпақ тили тарийхының очерклери» еңбегі қарақалпақ тілінің тарихи қалыптасу жолын сипаттаған алғашқы іргелі зерттеулердің бірі болды. Еңбекте ғалым сонау түркі тілдерінің тарихи ескерткіштерінен бастап бүгінгі қарақалпақ тілінің қайнар көздеріне тоқталған. Көне түркілік ескерткіштердегі тілдік деректердің қарақалпақ тіліне тигізген әсері, жазба естеліктердің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық белгілері туралы сөз етеді [41].

Ш. Абдиназимовтың «Қарақалпақ тили тарихы» еңбегі 2017 жылы жарық көрді. Еңбекте түркі тілдерінің көне мұралары Орхон-Енисей ескерткіштерінен

бастап, «Диуани-лұғат ит түрк», «Құтты білік», «Хибатул Хақайық», «Оғызнама», «Кодекс Куманикус» секілді т.б. тарихи ескерткіштердің тілін, фонетикалық, морфологиялық табиғатын, қарақалпақ әдеби тілінің тарихын, тілдік ерекшеліктерін жан-жақты қарастырған. Ғалым тек XX ғасырда ғана қарақалпақ тілінде халық ағарту ісі қолға алынып, халықты жаппай сауаттандыру жүзеге асырылып, ана тілінде оқу, оқыту істері жолға қойылғанын айтады. Қарақалпақ ұлттық жазба әдеби тілі толық қалыптасып, халықтың саяси-қоғамдық, әлеуметтік тұрмысының әр тарапында кеңінен қолданылып, қарақалпақ тілінің қоғамдық қызметі кеңейді [40].

2018 жылы Ж. Түймебаев, М. Ескеева, Ш. Абдиназимов авторлығымен қарақалпақ және қазақ тілдеріне салыстырмалы талдау жасалған «Қазақ және қарақалпақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегі жарық көрді. Мұнда екі тілдің салыстырмалы фонетикасы, морфологиясы және синтаксисі жан-жақты сипатталып көрсетілген [28]. Туыстас түркі тілдері туралы жасалған ғылыми зерттеулерде көбіне фонетика мен морфология саласы қарастырылады. Тілдің лексикологиялық саласы өзгермелі болғандықтан зерттелуі қиын. Лексикология тілдің сөздік құрамымен байланысты.

Қарақалпақ тілі қыпшақ тобындағы қазақ пен ноғай тілдеріне жақын болғанымен оғыз, қарлұқ тілдерінің әсері бар екендігі де байқалады. Мысалы: *г, ғ, д* секілді ұяң дауыссыздарының сөз басында қолданылуы түрікмен тілінің әсерін көрсетеді: *дизе (тізе), дұз (тұз), ғаз (қаз), ғайрат (қайрат), гедей (кедей)* т.б. Бұл белгілер ерте кездердегі оғыздармен болған саяси-әлеуметтік қатынастардың тілде сақталған көріністері деп тұжырым жасай аламыз. Қарақалпақ пен өзбек тілінің арасындағы тілдік қатынастар кеңестік кезеңдегі мәдени, экономикалық, әлеуметтік байланыстардың нәтижесінде орын алған.

Ал қазақ тілі мен қарақалпақ тілін салыстыра қарағанда байқалатын грамматикалық категория – көптік жалғаулары. Қарақалпақ тілінде көптік жалғау *-лар, -лер* түрінде қолданылады. Мысалы: *адамлар, қызлар, китаплар* т.б. Сонымен қатар етістіктің келер шақ формасының *-а жақ, -е жақ* түрінде жұмсалады: *қыдыражақ, айтажақ т.б.*

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі ұқсастықтың бірі – есімдіктің барыс септігінің *маған, саған, оған* формасынан көрінеді. Мәселен, өзбек тілінде – *менга, сенга, унга* болса, қырғыз тілінде – *мага, сенга, унга* түрінде қолданылады. Мұндай белгілер қарақалпақ тілінің түркі тілдеріне ортақ грамматикалық құрылысы мен лексикасын сақтап қалғандығын көрсетеді. Ал кейбір өзгерістердің болуы тілдің өзіндік даму жолынан, өткен тарихи қатынастарынан туындаған.

Қарақалпақ тілі жалғамалы тілдер қатарына жатады, тілдегі барлық грамматикалық тұлғалар қосымша жалғану арқылы беріледі. Сөз таптары негізгі үш топқа жіктеледі:

1. Атау сөздер: а) есімдер: зат есім, сын есім, сан есім, үстеу, есімдік; ә) етістіктер;

2. Көмекші сөздер (демеуліктер, септеуліктер, жалғаулықтар);

3. Одағай.

Қарақалпақ тілінің сөздік құрамы бірнеше тарихи дәуірлерді басынан кешірген. Тілдің сөздік құрамы халықтың экономикалық, мәдени әрі саяси тұрмысының өзгеруі мен дамуымен тіклей байланысты болады. Қазіргі қарақалпақ тілінің лексикасы тұрмыстың барлық саласын өз ішіне қамтыған, бай сөздік қазынадан тұрады. Ол тілдің ішкі дамуына сәйкес сөздің пайда болуы, жасалу тәсілдері, басқа тілдермен қатынас нәтижесінде сөз ауысу арқылы кеңейіп, жетіліп келеді. Қазіргі қарақалпақ тілінің сөздік құрамын екі жағдаймен аңғаруға болады:

1. Бұрын жиі актив қолданыста болған сөздер уақыт өте келе қолдану жиілігі әлсіреген. Мәселен, тарихи, әлеуметтік, мемлекеттік салада жиі қолданылған *қазы, дийуан, құсбеги, болыс, бий, ақсақал* секілді сөздер қазір сирек кездеседі. Киім-кешекке қатысты *жегде, киймешек, гүрме, айдынлы* т.б. сөздер де осы қатарға жатады.

2. Экономикалық, саяси әрі мәдени тұрмыстың дамуы тілде жаңа сөздер тудырып отырады. Бұндай жаңа сөздер қатарына *баслама, басланғыш, талқылау, көрсетпе, көзқарас, космос, тастыйықлау, космодром* секілді т.б. сөздерді жатқызамыз.

Сөздік құрамдағы сөздерді осы қасиеттеріне қарай сөздерді *гөнерген сөзлер және жаңа сөзлер* деп екі топқа бөледі. Қарақалпақ тілінде көнерген сөздерді (гөнерген сөзлер) басым көпшілігін историзмдер құрайды. Мысалы: қару-жарақ атаулары: *садақ, сауыт, қара мылтық, қалқан т.б.* диқаншылыққа байланысты сөздер: *түйек, қызыллау, масақ, осқа қосыу т.б.* өндіріс аспаптарының атауы: *гүнде, мойнынтырық, пазна, қос, шарық, гүле, сазан, мәки, келеп, ағаш келеплеу, пилте т.б.* Историзмдер қарақалпақ тілінде фразеологиялық бірліктерде де кездеседі: *албаслы басыу, өли әруақ, тәспи санау, салқынын салыу* т.б. Ал неологизмдер қатары *баспа, көрсетпе, баслама, аударма, миннетлеме, жазба, көргизбе, ескертиу, тастыйықлау, ушырасыу, хәптелик* т.б. секілді сөздермен толыққан.

Қарақалпақ тілінің төл сөздік қабаты (өз сөзлик қатлам) қарақалпақтардың бүкіл даму тарихы мен бірге жасап келе жатқан, ұлттық өзгешеліктерін көрсететін, дерек беретін сөздер жиынтығынан тұрады. Қарақалпақ тілінің сөздік құрамы ішкі деректер негізінде сөздердің семантикалық және грамматикалық тәсілдер арқылы жаңа сөз тудыруы, басқа тілдерден сөз қосылу, басқа тілден ауысқан сөздердің негізінде қарақалпақ тіліне тән сөз жасау тәсілдерінен лексикалық бірліктердің пайда болуы арқылы дамып отырған.

Қарақалпақ тілдік қабаты да төл және кірме сөздерден тұрады. Кірме сөздеріне араб (*әдил, айып, әлем, мәмлекет, ақыл, ар, арза, әсир, ашық, мәкан, лақап, мәлим, сабыр*), тәжік-парсы (*абадан, егер, баха, бәлент, бәхәр, патша, перде, мийман, нышан, мыс, қағаз, хош, заман, тахта, әнар, қахарман*), орыс тілі және орыс тілі арқылы басқа тілдерден ауысқан (*болыс, кеңсе, болыс, уезд, ярмарка, машина, сауда, ширкеу, бадырақ, гербиш, завод*) т.б. сөздер жатады. Ал қарақалпақ тілінің төл тілдік қабатын құрайтын сөздерді былай жіктеп көрсетуге болады:

1. Мийнет етиў қуралларының атын көрсететуғын сөзлер: *балта, орақ, балға, тас т.б.*

2. Адамның дене мүшелериниң атын көрсететуғын сөзлер: *бас, қол, көз, қулақ, мурын т.б.*

3. Дән егинлери хәм жемислердиң атлары: *буўдай, арпа, тары, жүўери, ерик, алма, қаўын, ғарбыз, жемис т.б.*

4. Куслардың, курт-кумырсқалардың атлары: *қус, таўық, ғарға, лашын, үйрек, жылан, шаян т.б.*

5. Ҳайўанлардың атларын көрсететуғын сөзлер: *сыйыр, қой, қозы, бузаў, ешки, ат, түлки, ийт, пышық т.б.* [55, 67].

Е. Бердимуратов «Хәзирги заман қарақалпақ тили: лексика» атты еңбегинде *сөз тууралы түсиник, сөздиң лексикалық хәм грамматикалық мәнилери, сөздиң контекстеги мәниси, сөздиң көп мәнилилиги, сөздиң туура хәм ауысқан мәнилери, омонимлер, синонимлер, антонимлер, метафора, метонимия, синекдоха, табу хәм эвфемизлер және қарақалпақ тилиниң сөзлик фонд пенен сөзлик составы байланысы* секилді мәселелерді жан-жақты қарастырған [56, 64].

Қарақалпақ тилинде де сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағыналары олардың ишки мазмұны мен сыртқы формасы арасындағы бирлікті құрайды, бир-бирімен тығыз байланысты әрі бир-биріне тәуелді. Мәселен, «*бил-билим, оқы-оқыушы, сабыр-сабырлы* деген түбирлес сөзлердиң лексикалық мәнилери де өзгерип отыр. Бунда *бил, оқы* деген сөзлер фейил (етістік) сөзлер болған болса, лексикалық мәнилериниң өзгериуи менен олар атлықлық (атаулық) мәниге көшип отыр» [56, 25].

Қарақалпақ тилиндегі *улыума (жалпы) қолланыушы лексика, профессионаллық лексика, терминологиялық лексика, сөйлеу тилиниң лексикасы, жазба тилдиң лексикасы* секилді қабаттардан тұрады. *Актив хәм пассив сөзлер, гөнерген сөзлер, неологизмдер, фразеология: фразеологиялық өтлесиулер, фразеологиялық бирликлер, фразеологиялық дизбеклер, нақыл-мақаллар* секилді мәселелер қарақалпақ тилиниң лексикологиясы туралы жазылған еңбектериниң бәринде дерлік қамтылған.

Қарақалпақ тилинде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы (*сөз мәнисиниң кеңейиуи хәм тарайыуы*) мәселесі де көңіл аударарлық деңгейде. Себебі қарақалпақ тилинде сөздердің мағыналық жақтан кеңеюі арқылы сөз мағынасының ауысу құбылысы ең жедел семантикалық құбылыс ретінде танылып отыр. Бұл әсіресе соңғы дәуірде кең өріс алды. Сөз мағынасының кеңеюіне көптеп мысал келтіруге болады. Мәселен, бұрын қарақалпақ тилинде *хожалық* сөзі тек *үй-іші, шаңырағы, үй тіршілігі* мағынасында ғана қолданылатын еді, ал қазір *хожалық* сөзінің мағынасы кеңейген: *колхоз хожалығы, суу хожалығы, ауыл хожалығы, халық хожалығы* т.б. Осы секилді *жарыс, ғазийне, отырғызыу, қатнас, жумыс, бөлим, құрылыс, шақырық, гүрес* т.б. сөздердің мысалын айта аламыз.

Сонымен қатар сөз мағынасының тарылуы процесі де қарақалпақ тилинде кездеседі. Мәселен, *жигит* сөзі қазір жас, ер адам мағынасында жұмсалады. Бирақ бұрын ол барлық жанды не жансыз заттардың жас екендігін білдіретін сөз ретінде қолданылған. Сондай-ақ *қәуим* деген сөз бұрын адамдардың бір тобы мәнісінде қолданылып келген. Ал қазір қарақалпақ тилинде бұл сөз тек тарихи термин сипатында ғана қолданылады. *Жылқы* сөзі де бұрын барлық төрт аяқты

жануарлардың жалпы атамасы ретінде қолданылса, қазір тек атқа байланысты мағынасы ғана қолданыста бар.

Сөз мағынасын талдау барысында сөздің семантикалық жағы, сөзді тудыруға себеп болатын факторлар, зат мен құбылыс арасындағы байланыс, сөздің лексика-грамматикалық қатынасы, сөздердің бір-бірімен байланысу дәрежесі, қолданылу аясы есепке алынады. Қарақалпақ тілінде сөздің лексикалық мағынасының типтері төртке бөлінеді:

1.Номинациялық ерекшелігі бойынша лексикалық мағыналардың жіктелуі: *сөздің тура (туура мәни)* және *ауыспалы мағынасы (ауысқан мәни);*

2. Семантикалық байланыс дәрежесіне қарай: *негізгі мағына (тийкарғы мәни)* және *туынды мағына (дөренди мәни)*. Мысалы: *дәстурхан* сөзі *тамақ қойылатын/салынатын ыдыс не затты* білдірсе, *дәстурхан жайыу, дәстурханға мирәт етиу* тіркестерінде ыдысты емес, ас-тамаққа деген мағынаны білдіреді.

3. Синтагматикалық қатынасы бойынша: *еркін мағына (еркин мәни), фразеологиялық байлаулы мағына (фразеологиялық байланысқан мәни), синтаксистік шартты мағына (синтаксислик шәртли мәнилер);*

4. Лексикалық мағыналардың қызметіне қарай: *номинативтік мағына (номинативлик мәнилер), экспрессивтік-синонимдік мағыналар (экспрессивлик-синонимлик мәнилер)*. Зат яки құбылыстың атын білдіретін лексикалық мағыналар номинативтік мағыналар деп аталса, олардың қосымша бояуларға ие сыңарлары білдіретін мағыналар экспрессивтік-синонимдік мағыналар деп аталады.

Сөздің тура және ауыспалы мағынасына қарақалпақ тілінде төмендегідей анықтама беріледі: «*Сөздиң белгили бир зат, қубылысқа байланыслы пайда болған дәслепки затлық мәниси туура мәни, ал туура мәни тийкарында дөреген қосымша мәнилер ауысқан мәнилер деп аталады*» [55, 21]. Тура және ауыспалы мағына арасындағы байланыс тарихи дәуірлер барысында ұдайы болып отыратын тілдегі өзгерістер негізінде жасалады. Мәселен, қазіргі қарақалпақ тіліндегі кейбір сөздердің мағынасы әуелгі мағынасынан алшақтап, өзгеріске ұшыраған. Оған мысалы ретінде *анық* сөзін келтіруге болады. *Анық* сөзі бұрын *дайын (таяр)* мағынаны білдірсе, қазір *белгілі, айқын, ақиқат (хақыйқат, белгили, айқын, анықланған)* мағыналарын білдіреді. Осы секілді *ауыл* сөзі бұрын үсті ашық мал қамайтын қора мағынасында қолданылған. *Кийик* сөзі бұрын жалпы жабайы хайуандардың бәрін білдірсе, қазір тек бір хайуан түрінің ғана атауын сипаттайды.

Қазіргі қарақалпақ тілінде сөз мағынасы белгілі бір семантикалық тәсілдер арқылы жүзеге асады. Мұндай семантикалық тәсілдерге метафора, метонимиялық тәсілдер жатады.

Сөз мағынасының ауысу тәсілдерінің бірі – метафоралық тәсіл (метафоризациялық усыл). Мәселен күнделікті тұрмыста еркін қолданыла беретін мына секілді тіркестердің екеуі де халық үшін түсінікті, әбден қалыптасып, санаға сіңіп кеткен: *қустың тумсығы – кеменің тумсығы, өткир пышақ – өткир көзқарас, адамның бауыры – таудың бауыры, қустың тумсығы – кемениң тумсығы т.б.*

Қарақалпақ тілінің лексикологиясы, семасиологиясы туралы қарастырылған зерттеу еңбектеріне ғылыми шолу жасай отырып тілдің өзіне тән зерттеу бағыттары қалыптасып, теориялық негіздері айқындалып келе жатқанын көре аламыз. Лексика-семантикалық бағыттағы зерттеулердің қарқынды әрі нәтижелі жүруіне мүмкіндік беретін ең алдымен лексикалық қордың бай болуы және кешенді қамтылған лексикографиялық базаның қалыптасуы. Қарақалпақ тілінде бұл мүмкіндік бар екендігі, осы бағыттағы зерттеулерге сұранып тұрған тақырыптардың көп екендігін байқадық.

Қазіргі қарақалпақ тілінде фразеология мен когнитивті лингвистика бойынша зерттеулер көбейіп келеді. Алайда лексикология бойынша семантикалық аспектіде қарастырылған ғылыми зерттеулер сирек. Осы бағыттағы ізденістер көбейсе, тілдің сөз байлығы, мағына байлығы жүйеленіп, лексикалық қоры айқындалып, қолданыс аясы артар еді. Қарақалпақ тілінің дәл қазіргі жағдайына мұндай зерттеулер керек-ақ. Бүгінгі қарақалпақ тілінің болашақ күйі Өзбекстан Республикасының тіл саясатының шешіміне байланысты болып отыр. Себебі тілдің қызмет көрсету әлеуеті шектеулі. Қазіргі таңда санаулы мекемелер, жоғары оқу орындары мен 2012 жылы құрылған Қарақалпақ гуманитарлық ғылыми-зерттеу институты қарақалпақ әдебиеті мен фольклоры бөлімі және қазіргі қарақалпақ тілі бөлімі ғана жұмыс жасап отыр.

1.3.3 Ноғай тілінің лингвистикалық даму сипаты

XV ғасырда батыста атақты Алтын Орда мемлекеті үш хандыққа бөлінген. Олар: Қырым хандығы (1420 ж.), Қазан хандығы (1433 ж.) және Астрахань хандығы (1466 ж.). Олардан бөлек көшпелі өзбектер мен ноғайлар (маңғыттар) да ордадан бөлініп шығады. Алтын Орданың ыдырауы, Ақ Орданың әлсіреуі нәтижесінде Мәскеу территориясында Ноғай Ордасы құрылған.

Ноғай аталған халықтың негізін монғол жаулаушыларының құрамында болған рулар қалыптастырған. Олар жергілікті қыпшақ тектес елдермен араласып, уақыт өте келе жеке халық ретінде дүниеге келген. Ноғай Ордасы XIII ғасырдың екінші жартысында бөлектене бастады. Бұл үрдіс Едіге би тұсында XIV ғасырда да жалғасып, оның баласы Нұраддиннің кезінде аяқталды. Ноғай Ордасындағы үстем тайпа маңғыттар болды. «Ноғай», «ноғайлықтар», «Ноғай Ордасы» деген терминдер алғаш рет XVI ғасырдың басында ғана пайда болды. Ноғайлықтар өздерін маңғыт деп, ал ұлысын – «Маңғыт жұрты» деп атаған. Оларды көрші халықтар осы атымен білген [57, 11].

Тарихқа көз жүгіртсек Еділ мен Жайықтың арасында Ноғай ордасы құрылғаны белгілі. Ноғай Ордасының құрамына қыпшақ, қоңырат, найман, алшын, арғын, қарлұқ, қаңлы, алаш, тама және т.б. ру-тайпалар енген. Орданың негізін салушы – Едіге болған. Едігенің Тоқтамыс ханға жасаған күрестері Алтын Орданың тарих сахнасында шаңырағы шайқалуына айтарлықтай әсер еткен. Кейіннен Едігенің ұрпағы Нұраддин, Орақ батыр, Мамай, Ер Көкше, Ер Қосай, Шора, Қарасай, Қази секілді батырлық жырлар осы кезеңдегі елді билеген батырлар мен басшыларға арналған еді.

Түрік ғалымдарының зерттеулерінде ноғай атауы Шыңғыс ханның үлкен немересі – Ноғайдың атымен байланысты десе, енді бір пікірлерде Едігенің есімдерінің бірі Ноғай болған (Alpargu,1996) дейді. Сонымен қатар Анадолыда өмір сүрген ноғайлардың өткен дәуірлерде өздерін «татар» деп атайтын болғанын жазады: Nogay kelimesinin anlamı ile ilgili değişik görüşler bulunmaktadır. Bir Türk kavmine isim olan Nogay aslen klasik Moğolcadır. Kelimenin fonetik gelişiminin şu şekilde olduğu düşünülmektedir: Nogay > Nohay> noğay (q > h > ğ) [58, 19].

Қазақ әдебиетіндегі «ноғайлы дәуірі» деп аталатын кезеңде жазылып, бүгінде қазақ әдебиетінің алтын қорында сақталып, көркем туындымызға айналып кеткен «Жиренше шешен», «Ер Төстік», «Алдар көсе», «Қамбар батыр», «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Ер Сайын», «Едіге», «Ер Шора», «Ер Жабай», «Орақ-Мамай», «Қырымның қырық батыры» сияқты тарихи жырлары – XIV-XVI ғасырдағы ноғайлы дәуірінің алтын мұралары.

«Он сан ноғай Орманбет би заманында Қарабай мен Сарыбай деген бай болыпты» деген жолдар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында, «Қазақ емес, сарт емес, Қамбардың түбі – ноғайлы» дейтін жолдар «Қамбар батыр» жырында да кездесетіні белгілі.

Ноғай Ордасын мекен еткен тайпалар қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөл атқарған. Ғалым Ш. Уәлиханов Қазақ хандығы мен Ноғай ордасын «бауырлас орда» деп, тату көршілік құрып, бірге көшіп-қонып жүргенін «қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған» кезең деп баға берген [59].

Ноғай Ордасына енген сол кездегі этникалық тайпалар бүгінгі Ставрополь өлкесіне, Дағыстан мен Қарашай-Черкеск облысын мекендейтін ноғай ұлтының, қазақ халқының, қырым татарларының құрамына енген.

XVI ғасырдың 50-жылдары мен XVII ғасырдың ортасында Ноғай Ордасындағы түрік руларының бірталай бөлігі қазақ халқының құрамына қосылады. «Мұрын жыраудың өмірбаяны және қысқа өлеңдері. Көкше батыр» қолжазбасында ноғайдың тарауы үшке бөліп көрсетілген:

1. Қарақыпшақ ноғай, оларға: *Қобыланды батыр* жатады.

2. Қырымды ноғайға жататын: *Ер Көкше, Ер Қосай, Айсанның ұлы Ахмет, Ақжонас ұлы Ер Кеңес, Асанқайғы, Ер Абат, Қарға бойлы Қазтуған, Нәрік ұлы Шора, Шынтас ұлы Төрехан* т.т.

3. Шер куртты ноғайға жататындар: Алатайлы Аңшыбайдың тұқымы Едіге, Мұса, Нұрадын, Орақ, Мамай, Қарасай, Қази [57, 13].

Ғалым Ә. Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» еңбегінде «Ноғайлы жұрты кімдер?» атты мақаласы берілген. Осы бір зерттеуінде ғалым ноғайларды төрт түрлі деп сипаттайды:

1. *Сары ноғай* – бұлар 1380 жылдан соң ислам дінін алып, батысқа кетіп, Қазан, Қырым, Қасимов (Еділ) хандықтарын жасайды. Өздерін татар (монғол) деген.

2. *Қара ноғай* – XVI ғасырда бұлар он сан ноғай хандығын орнатқан. Ноғай-қазақ бүлінгенде, оның ханы Ормамбетті қазақтар өлтірген. Олардың елі – барабы татарлары.

3. *Маңғыт ноғайлары* – бұлар Маңғыстау жерінде тұрып, көп заман қазақтармен жерлес, тілдес болған. Едіге, Орақ, Қарасай-Қази маңғыттан шыққан.

4. *Кавказ ноғайлары* – бұлардың көбі маңғыттан тарайды. Оларды адыгей, қарачай, Қази елі (Шобан, Биғазы), пешене-бұлғар, абхаз, ингуш, құмық, Дағыстан, шешен, кейде алан (бір тобы) Дербент мамлюктері дейміз. Ноғайлы бүлінген соң олар Кавказға кеткен [60, 349].

Түркі тілдерінің қыпшақ-ноғай бұтағына жататын тілдердің тарихи ескерткіштері де түбі бір түркілік мұралар болғандықтан бір-біріне ортақ. Қазақ әдебиетінің ерекше дәуірінің бірі – жыраулық дәуір. Ноғайлы дәуіріне жататын әдеби мұралар қатарына ғалым Ш.Уәлиханов жыраулар поэзиясының өкілдерін кіргізе отырып мынадай ой айтқан: «Әз – Жәнібек, Жиренше шешен, Асан қайғы туындаларын ноғайлы-қазақ дәуірінде туған, әрі өлең – жырдың алтын дәуірі» деп баға берген [59, 86]. Осы кезеңнің алтын қорын құрайтын жыраулар да ноғайлы елінің тұлғалары саналады.

Шындығында тілімізде ноғайлы кезеңі деп қарастырылатын тарихи жырлардың тілдік табиғаты ғалымдар тарапынан зерттелді. Тарихи жырлардағы тілдік ерекшеліктер айқандалып, талдау жасалды. Осы көштің басында ғалым Р.Сыздық зерттеулерінің маңызы зор. Академик Р. Сыздық жыраулар поэзиясы тіліндегі лексемаларды іріктей келе кейбір қолданыстардың қазақ тіліне бейтаныс, мағынасы күңгірттігін байқаған. Қазтуғанның «*Салп-салпыншақ* анау үш өзені», Шалкиіздің «Күліктен бек *ұнармын*» секілді т.б. сөздерді мысал кетіре отырып, ноғай тіліне тән ерекшеліктер болуы мүмкін екендігін айтқан [61].

Ноғайлы дәуіріндегі мұндай ерекшеліктерді ғалым Қ. Өмірәлиев өзінің «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» атты зерттеуінде ноғай ордасынан келген ру-тайпалар арқылы біздің тілімізге енгендігін жазған. Ноғай халықтығы құрылу процесі басталған ортада туған «Орақ-Мамай», «Әділ сұлтан», «Ер Шобан», «Қазтуған сөзі», «Досмамбет сөзі» сияқты жырлар – ноғай, қазақ боп бөлінген кезеңнен кейін туған жырлардың өзі осы ноғай одағы құрамында болып, кейін XVII ғасырда қазақ хандығына қосылған ру-тайпалармен бірге келді. XV ғасырдың басындағы тіл нормасында айтылған жырлар кейін ноғай, қазақ, қарақалпақ боп бірте-бірте жіктелген халықтың тіл жігі ыңғайымен бірге өзгере келіп, бұл күнде осы халықтардың «төл» туындысына айналып отыр [62, 85-87-91].

Ноғай тілі мен қазақ тілі арасындағы мұндай ұқсастық – олардың түпкі шығу тегінің бір болуымен және тарихи-мәдени қатынастар нәтижесімен байланысты. Ортақ байланысты көрсететін ортақ лексемалар мен тілдік бірліктерді эпостық туындылардан да байқауға болады. Ноғай халқының белгілі эпостық жыры – Едіге батыр жыры. Едіге тарихта Мәскеуге екі рет жорық ашқан, ел билеуші, Ақсақ Темірдің заманында өмір сүрген батыр. Бұл эпостық жыр қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек, татар, түрікмен халықтарының бәріне ортақ. Жырдың ұзын саны 50-ге жуық нұсқасы бар. Ғалым И.М. Сикалиевтің «Ногайский героический эпос» атты монографиясында ноғай халқының эпостық жыры «Едігеге» тілдік талдаулар жасалған. Батырлық жырдың тілдің қабатын

талдай келе, ноғай-қазақ тілдерінің ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктерін көрсеткен [63, 243]

Ноғай тілі туралы Қазан төңкерісіне дейін тек ауыз әдебиеті мұраларын жинау жұмыстары ғана болған. Ауыз әдебиеті үлгілерін А. Ходзька, А. Архипов, А. Рудниковский, П. Фалев («Ногайская сказка об Ак-кобеке» 1918, «Арабская новелла в ногайском эпосе» 1915, «Введение в изучение тюркских литератур и наречий», 1922), М. Османов («Ногайские и кумыкские тексты», 1883), А.Самойлович («Наречия ногайцев и туркменов Ставропольской губернии», 1913) В. Радловтар жинаған. Ол кезеңде жазба әдеби тілі әлі қалыптаспаған еді. Ноғай тіліне арналған арнайы ғылыми зерттеулер Кеңес дәуірінде ғана жүргізіле бастады.

XX ғасырдың басында ноғай тілінің лингвистикалық мәселелері арнайы ғылыми зерттеу нысанына алына бастады. Күні бүгінге дейін зерттеуші ғалымдар мен түркологтар тарапынан көптеген еңбектер жарық көрді. Ноғай тілі туралы зерттеулердің басында әйгілі түрколог, үш жүзден астам ғылыми еңбектің авторы – Н. Баскаков тұрады. Ғалым 1934-1936 жылдары ғылыми экспедициямен барып, ноғай тілі туралы деректер жинақтайды. Осы сапардан жиналған материалдар негізінде жарық көрген 1940 жылғы Н. Баскаковтың «Ногайский язык и его диалекты: грамматика, тексты и словарь» атты еңбегі, ноғай тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын сипаттайтын қысқаша екі очерктері: 1) «Очерки грамматики ногайского языка», 2)«Ногайский язык» күні бүгінге дейін зор маңызға ие [64].

Кейіннен ноғай тілін зерттеу сапарының нәтижесі ретінде 1963 жылы «Ногайско-Русский словарь» атты сөздігі жарық көреді. Сонымен қатар Черкеск қаласында «Ноғай тілінің грамматикасы», М.К. Милых ноғай тілінің морфологиясы мен синтаксисіне арналған зерттеулері («Ногайские тексты» 1949, «Глагол ногайского языка» 1954) жарияланды. Осы жылдары алғаш рет ноғай тілі туралы мектеп оқушыларына арналған оқулықтар (А.Ш. Джанибеков «Ногай тили» (Грамматика, учебник для начальной школы, Махачкала, 1935), «Ногай тили» (Грамматика ногайского языка для 7-летней и средней школы, Ворошиловск, 1939)) шығарылды. Ноғай тілі туралы алғашқы диссертациялық зерттеулер ретінде А.Т. Базиева «Система спряжения в кумыкском и ногайском языках» атты кандидаттық диссертациясын (Мәскеу, 1949), С.А. Калмыкованың «Ак-ногайский диалект ногайского языка» кандидаттық диссертациясын (Черкеск, 1965) атауға болады. Ғылыми баспа беттерінде М.Ф. Саруева «Наречие в ногайском языке» (1959), «Глагольные словосочетания с именем существительным в ногайском языке (1968), К.Қ. Джанбидаева «Личные аффиксы ногайского языка» (1968), Д.М. Шихмурзаев «К вопросу о сочинительных словосочетаниях в ногайском языке» (1968) атты ғылыми мақалалар жарық көре бастады. Қазан төңкерісінен кейін алғаш ноғай әліппесі (А.Ш. Джанибеков «Ногайский букварь» (Мәскеу, 1929)) қалыптасты. Терминологиялық сөздіктер (А.Ш. Джанибеков «Общественно-политические термины», «Термины по физике», «Термины по математике», «Термины по химии», 1932) мен орфографиялық анықтамалықтар (А.Ш. Джанибеков «Орфографический справочник», 1931) жарияланды.

1963 жылы Н. Баскаков редакторлығымен он бес мыңдай сөзді қамтиған «Ногайско-русский словарь» сөздігі жарық көрді [65]. 2005 жылы Р. К. Атуов құрастыруымен «Ногайша-орысша соьзлик (тематикалык)» тақырыптық сөздігі [66], 2006 жылы Д.М. Шихмурзаевтың үш мың үш жүзден астам фразеологиялық тіркестерді қамтыған «Ногайша-орысша фразеологиялык соьзлиги» жарияланды [67]. Ал 2024 жылы Анкарадан Türk Dil Kurumu Yayınları баспасынан ноғай тілін зерттеуші түрік профессоры Dilek Ergonenc пен ноғай ономастика саласының маманы, профессор Mariya Bulgarova құрастыруымен Nogay Türkçesi Sözlüğü [68] жарыққа шықты.

Ноғай әдеби тілі Қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан. Халықтың көне тарихи жазба ескерткіштері сақталмаған. Өз тарихында ноғай тілі де үш түрлі жазу жүйесін басынан өткерген. XVIII ғасырдан бастап араб графикасын, 1928 жылы латын жазуы, 1938 жылдан бастап орыс кириллицасын қабылдады. Қазіргі ноғай тілінде орыстың 33 әрібінен (9 дауысты, 24 дауыссыз дыбыстан) және 4 арнайы әріптен тұратын төмендегідей «кесте 1» нұсқадағы әліпбиі қолданылып жүр:

Кесте 1 – Қазіргі ноғай әліпбиі

А а	Аь аь	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж	З з	И и
Й й	К к	Л л	М м	Н н	Нъ нъ	О о	Оь оь	П п	Р р	С с
Т т	У у	Уь уь	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы
Ь ь	Э э	Ю ю	Я я							

Ноғайлар – тарихта түркі тілдерінің ішіндегі ең көп қуғын-сүргін мен жер аударуды басынан өткерген халық [69, 103]. Жан-жаққа тарап, түрлі мекенге қоныс аударуға мәжбүр болған ноғайлар Солтүстік Кавказ, Қарашай-Черкеск, Дағыстан, Ставраполь, Астрахан, Румыния, Голландия және Түркияның Анкара, Конья, Адана, Афион, Ескішехир қалаларында өмір сүруде.

Түркі тілдерін, тарихи ескерткіштерін зерттеуші ғалым Ә. Құрышжанов «Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері» зерттеуінде екі түрге бөледі: өлі және тірі тілдер. Өлі тілдер белгілі бір кезеңдерде ғана өмір сүріп, қолданыстан шыға бастаған тілдер деп атаған. Ноғай тілін өлі тілдер қатарына жатқызып, жалпы саны – 41 мың деп көрсеткен [9, 12].

Ноғай тілінің ең жақсы таралған аймағы – Дағыстан. Өлкедегі білім ошақтары ноғай тілін дамытумен, меңгертумен айналысады. Ноғай тілінде бастауыш сыныптары, жалпы орта білім беретін санаулы мектептер мен педагогикалық училищелер (Астрахан, Терекли-мектеп, Черкеск), Қарашай-Черкеск мемлекеттік педагогикалық университетінде оқыту жүргізіледі. Қарашай-Черкеск мемлекеттік педагогикалық университетінің Ноғай тілі секторы, Қарашай және ноғай филологиясы кафедрасында ноғай тілі оқытылады. Ноғай тілінің қолданыс аясы тарылып, тек отбасылық өмірмен, газеттер мен кітаптардың аз таралымымен, радио мен теледидардағы эфир уақытының

қысқаруымен, ноғай тілі пән ретінде оқытудағы сағаттармен ғана шектеліп отыр. Ноғай тілінің орнына көп жерде орыс тілі қызмет атқарады. Ана тілдерінің күнделікті тұрмыстық дейгейде сирек қолданылуы тілдің болашағына қауіпті болып отырғаны да мәлім.

Ноғай тілін зертеуші түрік ғалымы Д. Ергөненч өз зерттеуінде ноғай тілінің қазіргі жағдайы туралы былай деп жазады: «Rusya Federasyonu içinde kullanılan Türk lehçeleri için Rusça öldürücü bir dildir. Tehlike altındaki Türk lehçelerden biri de Kuzey Kafkasya'da varlıklarını sürdürmeye çalışan Nogay Türklerinin kullandığı Nogay Türkçesidir. Toplumsal baskı ve zorlayıcı koşulların Nogay Türkçesi üzerinde etkisi büyüktür. Kuzey Kafkasya'da yaşayan ana kitlede daha kalabalık bir nüfus tarafından konuşulan Nogay Türkçesi, UNESCO tarafından tehlikedeki diller kapsamına alınmıştır (ISO 639–3 code)» [58, 25].

Қазіргі ноғай тілінің әлеуметтік функциясы шектеулі, сондықтан да бұл бағытта әлі де көп жұмыстар жасалу қажет. Бүгінде ноғай тілінде Дағыстаннан алғашында «Шоль давысы» аталып, кейіннен «Шольлик багары» атымен танылған газеті және Қарашай-Черкеск Республикасынан жарияланатын «Ногай давысы», «Лашын», «Маьметекей», «Байтерек» атты публицистикалық газет-журналдары ғана жарияланып отырады.

Тарихи, экономикалық жағдайлар және орналасуындағы алшақтық салдарынан туыстас тілдердің арасындағы тілдік айырмашылықтар көбейгенін байқаймыз. Ноғай тілінің кейбір грамматикалық ерекшеліктері қарақалпақ тіліне ұқсас әрі қазақ тіліне де жақын. Дегенмен туыстас тілдерден бөлек ноғай тілінің өзіне ғана тән фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктері де бар.

Ғалым М. Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегінде ноғай тілдеріндегі дауысты дыбыстар санын 11 екенін көрсетеді және кейбір дауысты дыбыстарының өзіндік ерекшеліктерін сипаттаған. Мәселен: ноғай тілінде жартылай ашық *э* дыбысымен қатар шығыс тілдерінен енген сөздермен келген *аь* дыбысы қолданылатынын айтқан. Басқа түркі тілдеріне қарағанда ноғай тілінде акустикалық жағынан ерекше *ө-у-и* дыбыстары дифтонгоид екенін дәлелдеп көрсеткен [34, 16-25].

Ноғай тіліндегі жіктеу есімдіктерінің де дыбысталуы өзгеше, түрлі фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Мәселен, *мен – мага – меним; биз – бизим, биьзе* түрінде қолданылады. «Едіге» батыр туралы жырда да осындай қолданыстар көптеп кездеседі. Бұл туралы ғалым Р. Сыздық өз зерттеуінде былай дейді: «Біздіңше, XV-XVI ғасырлардағы ноғайлы-қазақ жырлары тілінде *бізің, бізім, менім, не білейім* деген ноғайлық тұлғалардың болуы – заңды. Тіпті бұлар қазақтың сол тұстағы сөйлеу тілінде де бар болуы ықтимал, себебі менің, біздің деген осы күнгі қазақтың нормаларының бірден қалыптасуы мүмкін емес» [61, 74].

Н. Баскаков ноғай тілінің фонетикалық, лексикалық және морфологиялық белгілеріне қарай үш түрлі диалектіге бөлген:

1. Ақ ноғай диалектісі;
2. Қара ноғай диалектісі;
3. Ноғай диалектісі.

Ақ ноғай диалектісін Қарашай-Черкеск аймағын мекендейтін кубань ноғайлары қолданады. Сөздік қорында араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздерге қарағанда орыс тілінен енген кірме сөздер көп кездеседі. Қарашай және черкеск тілдерінің ықпалы ақ ноғай диалектісінен байқалады. Ал қара ноғай диалектісі болса Қараноғай өлкесінде тұратын ноғайларға тән. Диалектінің құрамында кірме сөздер көп және құмық тілінің де әсері көрініс табады. Ноғай диалектісінде Ачикулак, Коясулы өлкелерінде тұратын халықтар сөйлейді. Ноғай диалектісінде орыс тіліне қарағанда араб-парсы тілінен енген сөздер жиі кездеседі.

Н. Баскаков зерттеуі тіл тарихында ноғай тілінің диалектілері жүйелі жіктеліп, жан-жақты сипатталып, ерекшеліктері айқындалған еңбек болды. Ол ноғай тілінің даму ерекшеліктерін, диалектілерін, грамматикалық құрылымын, сөзжасамдық жүйесін терең талдаған. Бұл зерттеу ноғай тілінің болашағын, оның түркі тілдері арасындағы орнын анықтауда үлесі зор.

1973 жылы жарық көрген «Грамматика ногайского языка» атты еңбекте ноғай тілінің екі диалектісі туралы айтылады:

1. Черкеск диалектісі;

2. Дағыстан диалектісі [70, 14].

50-жылдардың соңында ғана ноғай диалектілері арнайы ғылыми зерттеу нысанына алынды. Оған мысал ретінде С.А. Калмыкованың «О фонетический системе акногайского диалекта ногайского языка» (1959), «Особенности караногайского диалекта ногайского языка» (1968), «Очерк о ногайских диалектах» зерттеулері құнды боп саналады.

Ноғай тілінің сөздік құрамында негізгі қор және кірме қабаттан тұрады. Кірме қабаты үшке жіктеледі:

1. Ислам дінінің әсерінен қалыптасқан араб-парсы сөздері;

2. Орыс тілінен енген сөздер;

3. Түркі тілдерінен оның ішінде қарашай-черкеск, құмық тілдерінен енген кірме сөздер;

Араб-парсы тілінен енген кірме сөздердің көп бөлігі алғашында діни терминологияға қатысты болды. Уақыт өте келе бұл кірме сөздер мағыналық тұрғыда дамып, тұрмыстық лексика құрамына енген. Араб-парсы тілінен енген кірме сөздерді ақ ноғай диалектісіне қарағанда ноғай және қара ноғай диалектісінен көптеп кездестіруге болады. Араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздердің тілдік ерекшеліктері төмендегідей:

1. Культтік мағынаға ие араб сөздері өзінің бастапқы мағынасын сақтаған: *Алла таала (Жаратушы), къуран (құран), абыз (хафиз), гавур (кәпір), арам (харам), алал (халал)* т.б.

2. Алғашқыда діни мағынаны білдіріп кейіннен жаңа мағынаға өзгерген араб сөздері: *акъкъы (шындық), акъыкъат (ақиқат), аъл (хәл), сабыр (сабыр), адил (әділ), джавап/йавап/жавап (жауап)* т.б.

3. Парсы тілінен енген сөздер: *худай/къудай, джан/йан/жан, каьр, армыт, загъар/zaһap, гуьл (роза).*

Ноғай тілінің лексикологиясы, сөз мағынасына қатысты жазылған Ю.И.Каракаев «Устаревшая лексика ногайского языка» (1999) [71], З. С. Суюнов

«Омонимия ногайского языка» (2004) [72], М. И. Кидирнязова «Полисемия в ногайском языке» (2003) [73], А. Ю. Мусалова «Соматические фразеологические единицы в ногайском языке» (2015) [74], С. А. Кукаева «Лексика земледелия в ногайском языке» (2005) [75], Ф.Ш. Атакаева «Ориентализмы в ногайском языке» (2004) [76], Д.Х. Кадилова «Словообразование в ногайском языке» (2007) [77] және т.б. зерттеу жұмыстарын және түркі ғалымы, профессоры Dilek Ergönenç-тің ноғай тілі туралы ғылыми еңбектерін «Nogay Türkçesinin Söz Varlığı ve Sözlükleri Üzerine» (2018) [78], «Kazak ve Nogay Türkçesi Yazı Dillerinde Tasvir Fiilleri» (2022) [79], «Nogay adı ve Nogayların Kökeni Üzerine» (Tehlikedeki diller Dergisi) (2012) [80], «Nogay Türkçesi Grameri (Ses ve Şekil Bilgisi)» (2019) [58] мысалға келтіре аламыз.

Ноғай тіл білімінің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – лексикологиялық жүйесін айқындау, лингвистикалық талдау. Лексикология тілдің даму күйін көрсетеді, халықтың шығу тегіне жарық түсіреді, өткен дәуірлердің тілдік суретін жаңғыртуда иллюстрациялық материал ретінде қызмет атқарады.

Ю.И. Каракаевтың «Устаревшая лексика ногайского языка» зерттеуінде ноғай тіліндегі сөздік құрам, лексикалық қор, архаикалық лексиканың лексика-семантикалық және құрылымдық ерекшеліктері, архаизмдердің этимологиясы, актив және пассив құрам мәселелері қарастырылған: «Современный ногайский язык имеет богатый арсенал пассивного словарного запаса, где хранятся оригинальные термины материальной и духовной культуры народа» [71, 117]. Бұл бекер емес, себебі ноғай тілінің басқа түркі тілдерімен жасаған этногенетикалық және этнотілдік байланыстардың нәтижесінде қалыптасқан өзіне тән бай әрі ауқымды сөздік құрамы сақталып келген.

Сонымен қатар ноғай тілінің көне лексикалық қабаты түркі тілдерімен тығыз байланысты екенін жазған: «Устаревание большого количество лексики, как мы полагаем, напрямую связано с сужением функциональных возможностей ногайского языка, сфера которого ограничена семейным бытом, немного производством, выпуском малого тиража газет и книг. Многие устаревшие и устаревающие слова активно функционируют в других тюркских языках и наоборот активно функционирующие в ногайском языке – устаревают в других родственных языках» [71, 117].

Ноғай тілі лексикасының қабаттары:

1. Ортатюрк соьзлер: *даьтке (даьткесип), белдемше (белдеме), женши (анжы), билик (билим);*

2. Араб эм перс тил куьплериннен алынган ногай соьзлер: *бужын, зынгыр, карахорасан, нейриз и т.д.*

3. Ногай соьзлер эм янъы туьзуьвлер: *билбил, солтантавык, торсык, тувнаьлет (7 колено);*

4. Калькалар: *бузлаткыш, даьрихана* и т.д.

5. Диалектизмлер: *коьжек, каткат, шунак* = шугул и т.д. [66, 5].

Ноғай тілінің сөздік құрамы, төл және кірме қабатының күрделі екендігі туралы түркі ғалымдары да жазған. Ноғайлар мекен еткен жерлерінде, әсіресе Ресейдегі ноғайлар тілінде орыс тілінің ықпалы тілдік қабатына сіңіп кеткенін

жазады: «Karadeniz'in çevresindeki ülkelerde dağınık halde yaşayan Nogay Türkleri, hangi ülkeye gitmişlerse o ülkenin söz varlığından etkilenmişler ve bu söz varlığından bir kısmını dillerine eklemişlerdir. Bölgede iki dilin iç içe geçtiği, söz gelimi Rusça ve Türkçe kelimelerin birleşik fiil yapabildiği görülmektedir: *zvanit etmek - telefon etmek*» [68, 8].

Ноғай тілінің семантикалық құрылымы туралы арнайы қарастырылған зерттеу еңбегі жоқ. Сондықтан да зерттеу жұмысымыз осы бағытты қамти отырып, ноғай тілінің семнатикалық табиғатын туыстас қазақ және қарақалпақ тілдері негізінде талдап көрсетуге бағытталған.

Ноғай тіліндегі көпмағыналылық мәселесіне тоқталған М.И.Кидирнязованың «Полисемия в ногайском языке» зерттеуінде сөздің лексикалық мағыналарын бірнеше түрге жіктеген:

1. Объективті шындықпен байланыс сипаты бойынша: *тура және ауыспалы мағыналары;*

2. Семантикалық мотивация дәрежесі бойынша: *негізгі және туынды мағыналары;*

3. Лексикалық үйлесімділік дәрежесі бойынша: *еркін және еркін емес мағына;*

4. Номинативтік, функциялық сипаты бойынша: *номинативті және экспрессивті-синонимдік мағына.*

Әрбір мағына түріне автор өзінше анықтама беріп, сипаттауға тырысқан. Сөздің лексикалық мағынасының *сигнификативті, денотативті, коннотативті, парадигматикалық* және *синтагматикалық* компоненттерін көрсеткен. Сонымен бірге, көпмағыналылық туралы да ғылыми тұжырымдар ұсынған. *Көп мағыналы сөз* дегеніміз – мағыналары өзара байланысты және өзара тәуелді болатын микрожүйе. Сөздің лексикалық мағынасы әртүрлі лексикалық үйлесімділік пен сөзжасамдық мүмкіндіктерге ие, антонимдік не синонимдік жұпқа енетін түрлі жеке ұғымды білдіреді.

Ноғай тілінде көпмағыналылықтың дамуына негізінен мынадай жағдайлар ықпал етеді: 1) сөзде экспрессия мен эмоционалды бояудың болмауы; 2) егер ұғым өзекті болса, сөздің қолдану жиілігі; 3) сөз негізінің морфологиялық тұрғыдан бөлінбеуі; 4) осы сөз жататын лексикалық-семантикалық топтың сөзжасамдық мүмкіндіктері. Зерттеуде полисемия мен омонимияны ажыратудың негізгі критерийлері ретінде: *семантикалық, этимологиялық, сөзжасамдық, үйлесімділік, тақырыптықты* – көрсетеді [73, 113].

Зерттеуші З.С. Суюнов «Омонимия ногайского языка» еңбегінде ноғай тіліндегі омонимия – күрделі әрі біркелкі емес құбылыс ретінде қарастырылған. Автор омонимдерге келесідей анықтама берген: «*Омонимдер* – сыртқы түрі бірдей сөздердің өзіндік парадигматикалық топтары, олардың арасында лексикалық деңгейдегі мағыналық байланыстар мен қатынастар болмайды». Ноғай тіліндегі омонимдерді екі түрге жіктейді: *туынды байланысқа ие омонимдер және ешқандай байланыссыз жасалатын омонимдер*. Ноғай омонимиясының ерекшелігі «*етістік-етістік», «сын есім-зат есім», «сын есім-үстеу»* т.б. көптеген модельдер арқылы жасалуы болып табылады [72, 124].

Семантикалық жақындықты ноғай тілі мен қазақ тілінің *паремиологиялық қорынан* да көруге болады. Мақал-мәтел – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, кез-келген ұлттың Ә.Қайдарша айтсақ, *этнос болмысы мен тіл әлемін танытатын арна* [81, 123]. Қазақ және ноғай тілдерінің де паремиологиялық қоры ұқсас, шамалас. Оған мысалдарды көптеп келтіруге болады:

1. *Йахшылыкъкъа йахшылыкъ һаьр кишининъ ишидир,*
Йамаллыкъкъа йахшылыкъ, ер кишининъ ишидир
Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі,
Жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі.
2. Йахшы тавуп соьйлоьр,
Йаман къавуп соьйлоьр
Жақсы тауып айтар
Жаман қауып айтар.

Паремиологиялық, фразеологиялық қор ұлттың дүниетанымын, рухани әлемін танытады. Қыпшақ тілдеріндегі мұндай мағыналас тілдік бірліктер түркілік ойлау жүйесінің ортақтығын, туыстық қатынастың жемісі деп санаймыз. Зерттеу барысында ноғай тілінің лексикологиясында атқарылу қажет жұмыстың бірі – академиялық деңгейдегі түсіндірме сөздігін әзірлеу екеніне көз жеткіздік. Түрік ғалымдары тарапынан жарияланған 2024 жылғы сөздіктен бөлек ноғай тілінде жазылған ноғай әдеби тілін сипаттайтын төл түсіндірме сөздік жасау сөздік құрамын жүйелеуге, тілді оқыту мен дамытуға айтарлықтай септігін тигізер еді. Екіншіден аударма жасауға қолайлы электронды базалық кешенін дайындау керек. Бұл ноғай тілін ғалымдар тарапынан ғылыми тұрғыда зерттеуде, жүйелеуде, қолданыс аясын кеңейтуге зор үлес қосатыны сөзсіз.

Ноғайлардың өз арасында сөйлеспеуі, тіпті мемлекеттік мәртебе берілген республикалардың өзінде қоғамдық-саяси өмірде елеусіз қалып отырғаны ноғай тілінің аясын тарылтуда. Басты себеп – қазіргі ноғай халқының территориялық аумағының бытыраңқы орналасуы. Осы себептерден ноғай тілінің болашағы бұлыңғыр болып отыр, тіпті ноғай әдеби тілі тұрмыстық деңгейдегі тіл болудан да қалып бара жатыр деуге болады. Сондықтан ноғай тілі туралы зерттеулерді көбейту – бүгінгі тіл ғылымында, түркі тілдері жүйесінде өзекті мәселе саналады.

Бірінші бөлім бойынша түйін. Қыпшақ тілдерін оны ішіндегі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің тарихи және лингвистикалық дамуын ғылыми еңбектер негізінде сипатталып, айқындалды.

Жұмысымыздың негізгі нәтижелері бойынша бірінші бөлімде мынадай тұжырымдарға қол жеткіздік:

1. Тіл біліміндегі салыстырмалы-тарихи бағыттың қалыптасуы, түркі тілдеріндегі салыстырмалы бағыттағы зерттеулер қарастырылды. Түркі тілдеріндегі алғашқы салыстырмалы-тарихи бағытта жазылған ғылыми еңбек – М. Қашқаридың «Түрік сөздігінің» түркі тілдері қалыптасуындағы маңызына тоқталдық.

2. Түркі тілдеріне ғалымдар тарапынан жасалған классификация үлгілерін көрсете отырып, қыпшақ тілдерінің жіктелуі сипатталды.

3. Қыпшақ тілдерінің дамуындағы тарихи және лингвистикалық ерекшеліктері айқындалды.

4. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің қалыптасып дамуы, тілдердің лексикология, семасиология салалары бойынша ғылыми еңбектерге шолу жасалды.

Түркі тілдері қалыптасуындағы аталған үш тілдің алатын орны, қыпшақ-ноғай тобына енудегі тілдік ерекшеліктері, ұлттық дүниетанымы мен лексикологиялық жүйесін түрлі тілдік аспектілер бойынша жан-жақты зерттеу нысанына алуға тырыстық. Бұл ізденістер тілдің болашақ дамуы үшін, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің түркі тілдер жүйесіндегі орнын, диахрондық және синхрондық сипатын айқындауда маңызы зор.

2 ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ОРТАҚ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ДАМУЫ

2.1 Қыпшақ тілдеріндегі сөз семантикасының зерттелуі

Сөз семантикасы тіл білімі, психология, философия, компьютерлік ғылымдар секілді бірнеше ғылым салаларында қарастырылады. Сөз семантикасы туралы алғашқы ойлар сонау көне замандарда Панини мен Яскидің еңбектерінде кездескен. Әлемдік тіл ғылымында семасиология саласын жалпы лингвистикадан бөлген, жеке сала ретінде таныған – неміс ғалымы Карл Рейзиг еді. 1839 жылы жарық көрген «Латын тіл білімі лекциялары» кітабында жеке тілдік пән ретінде қарастырылуы қажеттігін айтады. *Семантика* сөзін термин ретінде француз ғалым Мишель Бреаль тіл біліміне енгізіп, жеке ғылым ретінде қарастыруды ұсынған. М. Бреальдың жаңалығы – алғаш рет мағынаның кеңеюі мен тарылу процестері, мағынаның ауыспалылығы мен бөлінетіндігі жайлы пікір білдіруі еді. Осы себепті де оған семасиологияның негізін салушы деп баға берілген.

Тіл ғылымында семантика саласы туралы шетелдік Ч. Филлмор, Д. Лайонз, Д. Синклер, А. Вежбицкая, Й. Трир, Ю. Найда және т.б. ғалымдар түрлі ғылыми зерттеулер жасаған. Орыс ғалымдарынан А. Виноградов, В. Потебня, Ю.Караулов, В. Звегинцев, А. Уфимцева, И. Стернин, Ю. Апресян және т.б. ғалымдар мағынаны сан-қырынан талдап, семасиологияның дамуына үлес қосқан.

Сол кезеңдердегі шет елдік және орыс ғалымдарының семантикалық зерттеулеріндегі жаңалықтар негізгі үш түрлі жаңа бағытты қамтыған. Олар:

1. Сөздің лексикалық мағынасын полисемиялық құбылыс ретінде зерттеу;
2. Сөз мағынасын тезаурустық сөздік бойынша зерттеу;
3. Лексикалық мағынаны психолингвистикалық зерттеу [15, 43].

Түркологиялық зерттеулерде тек жиырмасыншы ғасырдың 60-жылдары ғана қолға алына бастады. Көбіне түркітанушыларда мағынаның *полисемиялық, лексикографиялық, грамматикалық* бағыттары қарастырылған.

Түркі тілдеріндегі семантика туралы Х. Камалов «Өзбек тілі лексикасы», С. Усманов «Қазіргі өзбек тіліндегі омонимдер мен синонимдер», Е.Бердимуратовтың «Қазіргі қарақалпақ тілі: лексикология», П. Азимов «Қазіргі түркмен тілі: лексикаға кіріспе», Ш. Рамазанов «Қазіргі татар тілінің лексикалық құрамы», Б. Юнусалиева «Қырғыз лексикологиясы» зерттеулері, түрік ғалымдарынан T.Tekin, A. Ercilasun, L. Karahan, Z. Korkmaz секілді ғалымдар зерттеген.

Қазақ лексикологиясында алпысыншы жылдардан кейін ғана лексика саласы, сөз мағынасының қыр-сыры жан-жақты қарастырыла бастады. Жалпы қазақ тіл білімінде лексикология саласындағы зерттеулер, мағына мәселесінің қарастырылуы үш негізгі кезеңге бөлінген.

Алғашқы кезеңнің өкілдері ХХ ғасырдың басындағы А. Байтұрсынұлының зерттеулерінен бастау алады. Қазақ тіл білімінде сөз мағынасы туралы алғаш пікір білдірген ғалым – А. Байтұрсынұлы. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегінде тіл дәлдігі туралы былай дейді: «*Тіл дәлдігі* деп ойлаған ұғымға сөз

мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе әмәндес сөздер. Әмәндес сөздер деп мағынасы жақын сөздер айтылады. Мәселен *батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік* деген сияқты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай, яки аңғармай, бірін бірінің орнына айтса, лұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді» [82, 259].

Сонымен қатар *қара сөз* бен *дарынды сөз* туралы, жалаң лебізді сөздерді қара сөз, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атайды. Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбіне зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек кездеседі. Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қисын жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді [82, 337]. Ғалымның қара сөзі нақты сөзге, дарынды сөзі абстрактілігі сөзге сәйкес келеді. Осы секілді ғалымның зерттеулерінде сөз мағынасына қатысты алғашқы пайымдауларды кездестіреміз.

Қ. Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегінде функционалды семантика туралы пікір білдіріп, бүтін мен бөлшектің мағынасына тоқталып, сөздің мағынасы екі түрлі болады дейді: «Олар: негіздік мағына, грамматикалық мағына. Семасиология мен лексика бір зат, бірақ ілім ол екеуін бір-бірінен айырып қарайды, лексика – сөздің денесі болса, семасиология – мағынасы» – деп көрсетеді. Сөз мағынасының кеңейіп тарылуы туралы айта келе, *қатын* сөзін мысалға келтіреді: «Қатын деген сөз ерте замандарда ханның әйелдеріне ғана арналған атау болған, кейін келе ханның уәзірлерінің әйелдерін де солай деп атаған, ақыр соңында байға тиген барлық әйелдерді қатын деп атап кеткен» [83, 100].

І. Кеңесбаевтың осы кезеңдегі қазақ тіліндегі идиомалар мен фразалық тіркестер туралы құнды пікірлері, фразеологизмдердің семантикалық жүйесін зерттеуі, фразеологиялық сөздік жасауы қазақ лексикологиясының дамуына айтарлықтай үлесін қосты деп айта аламыз [84, 234].

Алғашқы жарық көрген оқулықтар да лексика жеке сала ретінде көрсетіліп, сөз мағынасы туралы пікірлерді қамтыған. Мәселен, ғалым Н. Сауранбаевтың «Қазақ тілі» оқулығының лексика тарауында қазақ тілінің негізгі сөздік қорының семантикалық ерекшеліктері, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, синоним, омоним, антоним мәселелері сипатталған [85, 23].

Сөз мағынасы туралы зерттеулердің екінші кезеңі 50-60 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңдегі алғашқы семасиология туралы ғылыми тұжырымдарды Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі лексикасы» еңбегіндегі лексика бөлімінен көруге болады. Еңбекте «*семасиология* сөз мағынасын зерттегенде мағынаның тұрақты екенін, бірақ сөздің қатып қалған мағынасы жоқ, өйткені догмалық тұрақтану дегеннің сөз мағынасында болмайтынын, сөйтіп сөз мағынасы тек сөйлем ішінде ғана көрініп, айқындалатынын ескереді» – деп анықтама береді [86, 144]. Сөздің мағыналарын төмендегідей бірнеше топқа жіктейді:

а) сөздің негізгі мағынасы;

ә) сөздің тұрақты мағынасы;

б) сөздің конкретті және абстракті мағынасы;

в) сөздің контекстік мағынасы және көп мағыналылығы;

г) сөздің тура мағынасы;

ғ) сөздің ауыс мағынасы;

д) сөздің грамматикалық және лексикалық мағынасы.

К. Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» еңбегінде сөздің лексикалық мағыналарының төмендегідей түрлеріне тоқталған:

1. Тура және номинативті мағына;

2. Фразеологиялық байлаулы мағына;

3. Синтаксистік шартты мағына;

4. Битарап және стилистикалық мағына;

5. Тура және келтірінді мағына [87, 101].

Сөз мағыналарының ауысуының метафора тәсілі, метонимия, синекдоха, қызмет бірлігі бойынша аталу секілді тәсілдеріне сипаттама берген.

Ә. Болғанбаев «Қазақ тілінің лексикологиясы» еңбегінде лексикология саласын жан-жақты қарастырған. Сөздің лексикалық мағынасына мынандай анықтама берген: «нақты заттық ұғым сөз арқылы сөйлемде өзге сөздермен ешбір қарым-қатынасқа түспей-ақ статикалық күйде ұғынылады. Бұлар шындық өмірдің көрінісі ретінде белгіленеді. Сөздің нақ осындай мағынасы әдетте лексикалық мағына деп аталады» [88, 13]. Ғалым лексикалық мағынаның В.Виноградов бөліндісін негізге алып үш түріне толықтай сипаттама берген. Сонымен қатар қазақ тіліндегі синонимдер туралы ғылыми тұжырымдар, дәлелді зерттеулер қалдырған.

1958 жылы Т. Қордабаев «Сөз және оның мағынасы туралы» еңбегі жарық көрді. Еңбекте мағынаға: «сөздің лексикалық мағынасы – оның жеке тұрып та білдіретін, өзіне тән, қоғам таныған мағынасы» – деп анықтама берілген [89].

Р. Барлыбаевтың 1968 жылы жарық көрген «Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы» еңбегінде мағынаға келесідей анықтама берген: «Сөз мағынасы дегеніміз – заттың өзі емес, оның адам санасындағы сәулесі. Ал заттың санадағы сәулесі түйсік арқылы ұғым болып қалыптасады. Олай болса ұғым түйсіктен басталады. Сөздің мазмұны мен мағынасы болса, оның формасы – дыбыстық құрамы. Сөз – ұғымның өмір сүруінің қажетті шарты» [90, 12]. Ғалым лексикалық мағынаның типтерін: 1. Номинативті мағына; 2. Фразеологиялық байлаулы мағына; 3. Синтаксистік шартты мағына деп үшке жіктеген. Сөз мағынасының бес түрлі кеңею жолын көрсеткен:

1. Бұрынғы мағыналарын сақтай отырып, мағыналарының кеңеюі;

2. Сөз мағынасының бір жағынан тарылып, екінші жағынан кеңеюі;

3. Дифференциялану арқылы сөз мағынасының кеңеюі;

4. Туынды түбірдің мағынасының кеңеюі;

5. Сөздердің тіркесуі арқылы сөз мағынасының кеңеюі.

Ал сөз мағынасының тарылу жолдарын:

1. Байырғы сөздер мағыналарының тарылуы;

2. Басқа тілден кірген сөздер мағыналарының тарылуы деп екі топқа бөледі.

Қазақ лексикологиясында семасиологиялық мәселелердің қарастырылуының үшінші кезеңі Ә. Қайдар, Р. Сыздық, М. Копыленко,

З.Ахметжанова, М. Оразов, Ә. Нұрмағанбетов, Т. Жанұзақов, С. Исаев, Б.Сағындықұлы, Ә. Ибатов, М. Серғалиев, Э. Сүлейменова, Ж. Манкеева, Қ.Рысбергенова, Г. Смағұлова, Е. Қажыбеков, А. Салқынбай, Ғ. Хасанов секілді және т.б. ғалымдар атымен тығыз байланысты.

Қазақ тіл ғылымында семантика саласын жан-жақты қарастырып, алғаш 1991 жылы «Қазақ тілінің семантикасы» атты еңбекті жазған Мейірбек Оразов еді. Ғалым зерттеуінде семантикаға мынандай анықтама берген: «Семантика грек тілінен аударғанда (semantikos – белгілеуші) сөз мағынасы дегенді білдіреді. Тіл білімінің басқа салаларына қарағанда семасиологияның пән ретінде зерттелу тарихы онша ұзаққа бармайды, ал түркологияда ол кенже пән болып саналады. Сол үшін де семасиологияның негізгі мәселелерінің көпшілігі зерттелмеген» [10,3].

М. Оразов лексикалық мағына туралы былай деген: «Сөз мағынасы күрделі, бірнеше қабаттардан құралатын тілдік категория. Сонымен лексикалық мағына дегеніміз белгілі бір дыбыс не дыбыстар тізбегі мен шартты, тарихи және әлеуметтік байланысқа түскен объектив дүниедегі заттардың, амал-әрекеттердің, түрлі құбылыстардың адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі» [10, 45].

Б. Қалиев пен А. Жылқыбаеваның «Сөз мағыналарының негіздері» еңбегінде сөз мағынасының ірі құрылымы үш бөліктен тұратынын айтады. Олар: заттық (денотаттық), ұғымдық (сигнификаттық), сезімдік (конотаттық) мағына түрлері. Бұған қосымша эмоциялық және стильдік мағына түрлеріне де қысқаша тоқталып өтеді [91, 46].

Ә. Хасенов зерттеулерінде: «Семасиология – тіл білімінде сөздер мен сөз тіркестері мағыналарын және ол мағыналардың өзгеру жолдарын, семантикалық заңдарды зерттейтін сала. Сөз мағынасын сөздің семантикасы деп те атайды, семантика мен мағына дегендер – бір-бірімен синоним» – деп пікір білдірген [92, 132].

Ғалым Б. Сағындықұлы семасиологияға мынандай анықтама берген: «Семасиология сөз және сөздің мағынасы, қалыптасуы, дамуы яғни көп мағыналығы, сөз мағынасының ауысу (синекдоха, метонимия, метафора, қызмет бірлігі бойынша ауысу) жолдары, семантикалық заңдарды зерттейтін арнаулы бір сала болып табылады» [18, 14].

«Қазіргі қазақ тілі: лексикология» еңбегінде қазақ тіліндегі сөздің лексика-семантикалық табиғатын жан-жақты қарастыра келе, лексикалық мағынаның құрамдас бөліктері ретінде денотаттық мағына мен сигнификаттық мағынаны, лексикалық мағынаның ұсақ бөлшектері деп ортақ сема, айырушы сема түрлерін көрсеткен.

«Сөздің жеке қолданылғандағы мағынасы мен грамматикалық қарым-қатынасқа түскендегі мағынасы тең емес. Жеке тұрғанда пайда болатын мағынасын сөздік мағына, қарым-қатынасқа түскенде туындайтын мағыналарын тілдік мағына деп бөліп атауға болады. Сөздің лексикалық мағынасы адам санасында зат, құбылыс, әрекет жайында ұғым, түсінік пайда болғаннан кейін ғана қалыптасады» [36, 9]. Сөздің уақыт өте келе, мағыналық дамуына ғалым *құрылыс* сөзін мысалға келтірген. Бұрын *құрылыс* сөзі адамның құрылысы,

қораның құрылысы секілді тіркестерде кездессе, қазір *қоғамдық құрылыс, атом құрылысы* секілді тың тіркестерде пайдаланыла беретінін көрсеткен.

Тарихтың ұзына бойында жеке-жеке сөздер әр түрлі жолмен дамыды. Бірде ол бірыңғай фонетикалық өзгерістерге ұшырайды, алайда мағынасына ешқандай нұқсан келмейді. Немесе бұған керісінше күй кешеді: мағынасы ауысып кетеді де, сыртқы пішіні сол қалпында қалады [11, 244].

А.Салқынбай «Тарихи сөзжасам: семантикалық аспект» монографиясында сөзжасамның ішкі мағыналық құрылымын жан-жақты талдай келе, сөзжасамның мағыналық табиғатын айқындайды. Туынды сөздің мағыналық дамуы, көпмағыналылық, синонимия, антонимия құбылыстарына тоқталып, мағына дамуындағы түрлі процестерді талдап, мысалдармен дәйектейді. Зат пен атау, мағына арасындағы байланыстан бастап, негіз бен түбір арақатынасы, туынды сөз және оның жасалуындағы конверсия, аналогия құбылыстарының әсері, мотивациялық негіз, себепші негіз мағынасы, генетикалық-семантикалық код мәселесі секілді мағынаға қатысты түрлі мәселелер туралы ғылыми тұжырымдар жасайды [13, 75].

Ғ. Хасанов «Лексикалық мағына» еңбегінде мағынаның қыр-сырына жан-жақты тоқтала келе төмендегідей пікір білдіреді: «Қазақ тілінің негізгі байлығы ретінде оның лексикалық құрамын танимыз, сол себепті лексикологияны оның ішінде сөз мағынасын зерттейтін ғылым семасиологияны жан-жақты зерттеу қазақ тіл біліміндегі маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Қазақ тіліндегі сөздің лексикалық мағынасының құрылымдық сипатын, оны құрайтын компоненттердің табиғатын, контекстегі орнын, жалпы лингвистикалық мінездемесін қарастыратын толық зерттеудің жоқ екендігін айтқымыз келеді» [15, 4].

Сонымен қатар семантика мәселесі қазақ тілінің фразеологизмдік жүйесі негізінде қарастырылған Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» (1998) [93], Р. Авакованың «Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы» (2003) [94], Г. Сағидолланың «Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны» (2004 ж.) [95], Қ.Қалыбаеваның «Салыстырмалы түркі фразеологиясы (қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша) (2010 ж.) [96] атты зерттеулері семантика саласына қосылған маңызды еңбектер деп білеміз.

Семасиология – тілдік бірліктердің лексикалық мағыналарының қыр-сырын, тарихи өзгеру жағдайларын, мағына төңірегіндегі барлық мәселелерді қамтитын тіл білімінің бір саласы. Кез-келген құбылыс пен заттың негізгі белгілері мағынасы арқылы көрініс табады.

Лингвистикадағы ең күрделі мәселелердің бірі — лексикалық мағынаны зерттеу. Көбіне сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз заттың немесе іс-әрекеттің, түстің атауы деген анықтама ұсынылады. Дегенмен, тек зат атауы ғана болу лексикалық мағынаны толық сипаттамайды. Себебі зат пен құбылыстың атауы болмайтын, құбылыстарды білдірмейтін абстракт яғни дерексіз зат есімдер де бар.

Сөз – мағынаның өмір сүру формасы. Сөз және оның байланыстары арқылы мағыналық элементтердің түрлі құпиялары ашылады. Сөз мағынасы

обьективтік те субьективтік те сипатқа ие. Сөз мағынасын М. Оразов үшке жіктейді: 1) түрлі тілдерге тән универсалды (қаз. *адам*, өзб. *инсон*, орыс. *человек*); 2) жеке бір тілдің өкілдеріне (не туыстас тілдер өкілдеріне) тән (*домбыра, сыбаға*); 3) жеке адамдарға тән мағына (жеке ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері, ғалымдар тілінде) [10, 4].

Сөздің лексикалық мағынасымен қатар грамматикалық мағынасы да бар. Ол туралы ғалым А. Айғабылұлы былай дейді: «Сөздердің заттар мен құбылысты білдіретін мазмұны лексикалық мағына деп аталады да, грамматикалық формасының мазмұны грамматикалық мағына деп танылады. Сөз нақтылы жағдайда бір лексикалық мағынаға ие болса, грамматикалық мағынасы бірнешеу болуы мүмкін. Мысалы, *қалпақ* сөзі адамның басқа киетін киімінің бір түрін білдірсе, ол лексикалық мағынасы. Ал қалпақ сөзінің бір ғана киімді, затты білдіруі, жеке формада, атау септігінде тұруы грамматикалық мағыналарын аңғартады. Олай болса сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы бірін-бірі толықтырып, сөздің қатынас құралы ретінде жұмсалуына негіз болады екен» [97, 120].

Семасиология туралы зерттеулердің көпшілігінде ғалымдар мағына (значение) мен мән (значимость, ценность), мазмұн (содержание) ұғымдарының және ұғым мен мағынаның аражігін ашып көрсетуге тырысады. Сол тұжырымдардың ішінен М. Оразовтың ұсынған ғылыми пікірін басшылыққа алдық: «Мән мен мағына қосылып сөздің ішкі жағын, мазмұнын құрайды. Мазмұн екі бөлімнен тұрады: мағына мен мән. Мағына ақыл-парасат арқылы ойлаумен байланысады. Оны біз ұғым деп түсінеміз. Ал, мән болса, таңбаның жүйедегі орны арқылы анықталады, яғни оның басқа таңбалармен қатынасын және оның реляциялық қасиетін білдіреді» [10, 131].

Сөз мағынасы мен ұғымды тең қоюға болмайды. Сөздің мағынасында ұғымның элементтері болады. Оның себебі туралы ғалым М. Оразов былай дейді: 1) мағына да, ұғым да нақтылы көзбен көріп, санауға келетін, не өлшеуге болатын конкретті зат емес. Екеуі де абстракция, сөз арқылы ғана танылатын құбылыс. 2) мағынаның да, ұғымның да көлемі өзгеріп тұрады. Түрлі тіркеске түсу арқылы жаңа мағыналары көрініс береді. Сөз мағынасы бірнеше элементтерден құралады, бірақ объектив дүниенің субъектив бейнесі басқа мағына компоненттеріне негіз болады [10, 66].

Ғалым Б. Қалиұлы сөз мағынасы ұғымнан шығатынын айтқан. Мағына ұғымның негізінде қалыптасады да, ұғым – адамның ой-санасының жемісі деп танимыз. Ұғым дегеніміз – болмыстағы заттар мен құбылыстардың сезім мүшелері арқылы санада бейнеленуі, мағына дыбыстар кешенімен (сөз) таңбаланған зат пен құбылыс туралы ұғымның (түсініктің) мазмұны болып табылады [91, 24].

Профессор А. Салқынбай ұғым мен мағынаның аражігі туралы мынандай пікір айтады: «зат пен сөз мағынасы арасындағы сабақтас байланыстылық, біздіңше ұғым арқылы жалғасады. Ұғымдық белгілер арқылы мағына жасалады. Табиғат пен әлем бейнесінің адам санасында бейнеленуі ұғымды қалыптастырады. Ұғым арқылы таңбаға мағына беріледі. Мағына ұғымның нақ өзі деуге де болмайды, оның абстракцияланған, ұқсатылған, ассоциацияға

түсірілген бейнесі. Санадағы ой сөзбен тұлғаланғанда, белгілі мағынаға ие болғанда, әртүрлі факторлар арқылы қалыптасады» [13, 58].

Сөздің мағынасын анықтауда екі түрлі тәсіл қолданылады. Олар: 1)ономосиологиялық тәсіл; 2) семасиологиялық тәсіл. Бірінші тәсіл белгілі бір затқа берілген аттың (сөздің) берілу принциптерін зерттесе, екінші тәсіл сөздің ішкі элементтерінде таным процестері негізінде қалыптасқан мағынаны танумен жүзеге асады. Сонымен қатар сөз мағынасының құрылымын анықтаудың – компонентті талдау деген түрі де бар. Бұл талдау сөз мағынасының семалары арқылы жасалады. Бұл сөз мағынасының тілдік жүйедегі орнын анықтауға сөздер арасындағы өзара қатынасты айқындауға көмектеседі.

Сөздің лексикалық мағынасы екі түрлі жолмен беріледі: парадигмалық және синтагматикалық. Бұл ұғымдарды алғаш рет Ф. де. Соссюр өз еңбегінде қолданған. Парадигма тіл элементтерінің сол тілді пайдаланушы адамның санасында жинақталуын айтамыз. Яғни адам санасында сақталып, өзара байланысып жататын сөздер жатқызылады. Осы сөздердің байланысуы негізінде анықталатын мағынаны *парадигмалық мағына немесе сабақтастық мағына* деп атаймыз. *Семантикалық парадигма* дегенде біз белгілі бір топтағы сөздердің өзара мағыналық жақындығымен, сыбайластығымен (синонимдік, антонимдік, ұштас мәнде болуымен) байланысты топтастырылып, араларындағы семантикалық байланысты белгілеуді айтамыз [10, 134].

Тілдік бірліктердің ауыспалы мағынада келуі, метонимия мен метафора, мағынаның тарылуы-кеңеюі, тұрақты тіркестер, полисемантикалық сөздер, контекстік қолданулар – бұлардың бәрі де осы *синтагмалық мағынамен* тікелей байланысты. Синтагмалық мағынаны кейде *тіркесімдік мағына* деп те атаймыз. Этимологиялық төркіні жағынан, парадигмалық, синтагмалық байланысы, стилистикалық қолдану ерекшелігі, ішкі формасы жағынан лексикалық бірліктерді түрліше топтастыра аламыз.

Ғ. Хасанов өз зерттеуінде лексикалық мағынаны *макрокомпоненттер мен микрокомпоненттерге* жіктейді. Лексикалық мағынаның макрокомпоненттері ретінде төрт түрін көрсетеді:

1. Денотаттық немесе сигнификаттық;
2. Коннотаттық немесе эмотивті;
3. Прагматикалық;
4. Функционалды-стилистикалық макрокомпонент [15, 51].

М. Оразов сөздің мағынасының құрылымдық элементтері туралы сөз болғанда, негізінен, төрт мағына элементтеріне тоқталады. Олар:

1. Денотаттық мағына бөлшегі;
2. Сигнификаттық мағына бөлшегі;
3. Эмоциялық мағына бөлшегі;
4. Тілдің ішкі құрылымымен байланысты мағына бөлшегі [10, 71].

Денотат дегеніміз латын тілінен аударғанда *denotatum – білдіру* мағынасын береді. Денотатты ғылымда кез-келген нәрсені айтқанда ойымызға келетін белгілер деп түсіндіру кездеседі. Мәселен, бір сөмкені айтсаңыз көз алдыңызға ішіне бірдеңе салатын сөмкені елестетесіз. Ал оның пішіні қандай болатынын, түсі не моделі қандай екенін, үлкен бе не кіші ме оны референттік мағына

айқындайды. Қорыта айтқанда, сезім арқылы қабылданып, танымда көрінетін бейне сөздің денотаттық мағынасын білдіреді.

Референт латынның *referentis* сөзінен шығып, *хабарлау* мағынасын білдіреді. Екеуінің айырмасы – денотат сөздің мағынасындағы объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарды айқындаса, референт ұғымның негізіндегі объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарды сипаттайды. Демек денотат пен десигнат сөз мағынасын, референт ұғымның мәнімен бірдей болады. Денотатпен қатар десигнат ұғымы да қатар қолданылып жүр. Бұл ұғымдардың үшеуі де логикада пайдаланылатын терминдер саналады.

Семасиологияда 1923 жылы американдық ғалымдар Ч.К. Огден мен И.А.Ричардс өздерінің «The Meaning of Meaning» атты еңбегінде семантикалық үшбұрыш моделін ұсынған. Семантикалық үшбұрыштың үш бұрышын А, В, Д деп белгілеп, сол арқылы мағынаны схемалық тұрғыда түсіндіруге тырысқан. Мұндағы А – зат, денотатты (референтті), В – ұғым немесе мағынаны, Д – сөз (таңбаны) білдіреді. Яғни АВ – зат пен ұғымның арасындағы байланысты, ВД – ұғым мен сөз арасындағы, ДА – сөз бен зат арасындағы шартты байланысты сипаттауға тырысқан. Семантикалық үшбырыштың барлық бұрыштары бір-бірімен тығыз байланыста, бір-біріне тәуелді, бірінсіз бірі өмір сүре алмайды дегенді білдіреді.

Ал сөз мағынасының тағы бір құрылымдық бөлігін сигнификаттық мағына құрайды. *Сигнификаттық мағына* деп түйсік арқылы қабылданып, жалпыланған субъективті бейнені айтамыз [10, 89]. Заттың атын білдіретін сөздерде денотаттық, сигнификаттық мағына белгілері анық көрінеді, ал сын есім, сан есім мен етістіктерде бұлай анық көрінбейді.

Ғ. Шойбекова «Туынды сөздердің мағыналық ерекшелігі мен уәжділігі» зерттеуінде сөздің денотаттық, сигнификаттық және коннотаттық мағыналарына тоқтала келіп, мына мысал арқылы түсіндіруге тырысады: *бас* сөзін алып қарастырсақ: *адамның басы, малдың басы, шөптің басы* дегендер денотаттық мағынаны иемденсе, *бас директор, бас сарапшы* дегендегі бас сөздері сигнификаттық мәнге ие. Белгілі бір затты атағанда ойға ең бірінші қай мағынасы түсетін болса, сол мағына негізгі, заттық (денотатық) мағына деп, екінші мағына ұғымдық (сигнификаттық) мағынаға сәйкес келеді. Себебі екінші мағына адам миында бұрын бар ұғым негізінде жасалғандықтан оларда туындылық сипат басым болып, ұғымдық мағына пайда болады [98, 25].

Ғалымдар топтастыруында көп кездесетін мағынаның тағы бір түрі – эмоциядан туындайтын мағына. *Эмоциялық мағына* – негізгі мағынаға қосымша мағыналық реңк беретін мағына түрі. Эмоциялық мағына тілдік бірліктердің лексикалық мағынасымен қабаттасып жүреді де, қосымша мағына ретінде қолданылады. Эмоциялық-экспрессивті сөздер одағайда, сын есім мен етістіктерде жиі кездеседі. Эмоция жеке адамға қатысты болғандықтан индивидуалдық сипатқа ие. Дегенмен эмоциялық мағына әлеуметтік сипатқа негізделеді. Эмоциялық мағына сол тілде сөйлейтін тілдік тұлғалардың бәріне бірдей түсінікті болады. Себебі адам әрдайым қоғаммен тығыз байланыста өмір сүреді. Эмоциялық мағына денотаттық мағынаға қарағанда сигнификаттық мағынамен көбірек байланысады.

Эмоционалды-экспрессивті лексика белгілі бір заттар мен құбылыстарға баға беріп салыстырғанда мағынаны анықтамайды, керісінше сол зат туралы субъектінің ойын, берген бағасын (жақсы көргенін не жек көргенін) көрсетеді. Эмоционалды-экспрессивті мағына сын есімдерде негізгі (номинативтік) қасиетке ие болса, зат есімдер мен етістіктерде негізгі мағынаға қосымша үстеме (коннотативтік) мағына ретінде қолданылады. Лексикалық бірліктердегі эмоциялық мағына *көпмағыналылық* пен *ауыспалы мағына* арқылы да беріледі. Мысалы, М. Оразов қазақ тіліндегі *былтылда* сөзін көрсеткен. Сонымен қатар кейде *метафоралы қолданыстар* арқылы да беріледі. Мәселен, *гүл* – жағымды эмоцияны, әдемілікті, сұлулықты білдірсе, *түлкі* – жағымсыз мәнде қулықты, *дауыл* – жағымсыз эмоцияны білдіреді. Эмоциялық мағынаны берудің келесі бір түрі – *тұрақты сөз тіркестері* арқылы жүзеге асады. Мәселен: *екі көзі шарасынан шығу* – қорқу, *төбе шашы тік тұру* – қатты қорқу жағымсыз мағынасын сипаттап тұр.

Лексикалық мағынаның микрокомпонентті ретінді сема ұғымын танимыз. Сема туралы қазақ тіл білімінде алғашқы тұжырымдарды жасаған ғалым М.Оразов болатын. Ғалым семаны «сөздің ең кіші мағыналық бөлшегі» деп анықтама береді [10, 179]. Күні бүгінге дейін семаға берілген ең нақты әрі дұрыс анықтама ретінде қолданамыз.

Ғ. Хасанов өз зерттеуінде семаға мынандай анықтама ұсынған: «Сема – сөзді айқындағанда адам санасында пайда болатын мән және одан әрі бөлшектеуге келмейтін мағына микрокомпоненті» [15, 138]. Семалардың ерекшеліктерін оларды түрге бөліп, талдау арқылы айқындай аламыз.

Сөздердің мағыналарын құрайтын компоненттерді анықтау үшін ғалымдар лингвистикалық әдебиеттерде әртүрлі терминдерді қолданады: «мағына компоненттері», «аллосема», «сема», «семема», «семантикалық белгілер» (Уфимцева), «дифференциалды белгі» (Арнольд) және т.б. Тілде «сема» терминінің қолданысы тұрақталды. Сөз мағыналарының микрокомпоненттерін анықтау үшін «сема» терминін В. Скаличко қолданған. «Сема» термині көбінесе сөздің лексикалық мағынасын сипаттау құралы ретінде қызмет ететін лингвистикалық категория болып табылады. Лексикалық мағына семалар комбинациясынан тұрады [99, 51]. Яғни әрбір сема жаңа затты, заттардың жаңа тобына атау болуға мүмкіндік алады.

А. Салқынбай бұл туралы былай дейді: «Лексика», «лексема» деген терминдер сөздің сыртқы тұлғасын, «семема» таңбаның ішкі мағынасын танытатын термин» [13, 21].

Ғалымдар семаның көптеген түрлерін көрсеткен. Солардың ішінде негізгілерін төменде көрсетуге тырыстық. Мәселен, Б. Қалиев пен А. Жылқыбаеваның «Сөз мағыналарының негіздері» зерттеуінде семаларды бірнеше түрге бөледі:

1. Қызметі бойынша жалпылаушы және даралаушы семалар;
2. Мәнді-мәнсіздігіне қарай маңызды және ықтимал семалар;
3. Негізгі-негізгі еместігі жағынан семалар басты және негізгі;
4. Көріну дәрежесіне қарай айқын және көмескі семалар;
5. Таным деңгейіне қарай жақын және алыс семалар;

6. Шындыққа қатысына қарай ақиқат және жалған семалар;

7. Затқа немесе ұғымға қатысына қарай материалды және идеалды семалар

8. Қолдану өрісіне қарай тілдік және сөйлеу семалары. Зерттеуде семалардың 16 түрін көрсеткенімен, олардың ішінде негізгілері ретінде *жалпылаушы* (интегралды), *нақтылаушы* (дифференциалды) және *ықтимал* (потенциалды) сема түрлерін атаған [91].

Профессор А. Салқынбай сема түрлерін тізбектей келе, әр түріне өзіндік анықтама берген. Олар:

А) Айырушы сема (дифференциальды сема) дегеніміз – жеке туынды сөздің өзіне ғана тән ерекше номинативті белгісін айқындайтын сема, мағына айырушы көрсеткіш сема. Айырушы сема арқылы заттың не құбылыстың белгісі, қасиеті, сапасы, әрекеті белгіленіп, айқындалады.

Ә) Архисема – ең көне тұлғаның макросемасы. Туынды сөздің мағыналық құрылымындағы архисема әр түрлі деңгейде сақталады. Архисеманың сақталу дәрежесі арқылы сөздің дамуын шамамен бағалауға болады.

Б) Өзек сема – туынды сөз құрамында болатын негізгі семаның бірі. Өзек сема туынды сөз мағынасының жалпы семантикалық құрылымын құрап, негізгі мағынасын айқындайды.

В) Ортақ сема – басқа түбірлес сөздермен тарихи-генетикалық бірлігін көрсете алатын тұрақты сема. Ортақ сема арқылы туынды сөздер тізбегін анықтауға болады [13, 44].

Ғ. Хасанов семалардың типологиясын қарастыра келе, бірнеше түрге жіктеген:

1. Тіл системасына қатысы бойынша *топтық, узуалды* және *окказионалды, жекелік* семалар;

2.Айыру күшіне байланысты *интегралды (архисема)* және *дифференциалды* семалар;

3. Ашықтық немесе көріну дәрежесі бойынша *ашық* және *әлсіз* семалар;

4. Мағынаны айқындау сипаты бойынша *эксплицитті* және *жасырын* семалар;

5. Нақты мазмұнның сипаты бойынша *тұрақты* және *ықтимал* семалар;

6. Мазмұндық сипаты бойынша *ассертивті* және *диспозионалды* семалар;

7. Көріну дәрежесі бойынша *жағымды* және *жағымсыз* сема [15].

Айыру күшіне байланысты семалардың интегралды, архисема және дифференциалды семалардың айырмашылығы ретінде сөз мағыналарының айырушы қызметін дифференциалды сема ғана атқара алатынын көрсетеміз. Интегралды сема деп белгілі бір сөздер тобының мағыналарына ортақ бола алатын семаны айтады. Интегралды семаны ғалымдар түрліше атаған. Мәселен, архисема (Гак), категориялды сема (Кузнецова), ядерлі, индивидуалды, өзексема т.б. Ортақ семаны салыстырмалы түрде барлық семалардың ортақ семасы ретінде қолданамыз. Архисема болса – жеке сөздің лексикалық мағынасының ортақ семасы қызметі негізінде жұмсалады. Айырушы семаға кез келген сема жата береді, тек архисемасын нақтылап алу керек.

Архисеманың өзіне тән екі түрлі ерекшелігін көрсетуге болады. Біріншісі – архисема семема құрамында ешкімге тәуелді емес яғни басқа семалардың негізінде архисема анықталады. Сөз семасының негізгі тірегі болып саналады. Екіншіден – сөз мағынасында бірнеше архисемалардың болуы яғни архисема жалғыз емес, жалпылық қасиетке ие. Мысалы: *қасқыр* сөзін аң, жыртқыш, зұлым, жаман, қырып салушы ретінде қарастыруға болады.

К. Күркебаев «Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде)» кандидаттық диссертациясында сема түрлеріне тоқталып, өлшемдік ұғымды білдіретін *қарыс, сүйем, батпан, тұтам* атауларының лексикалық мағынасын жалпылаушы және даралаушы семаларға жіктеп, айырым белгілерін көрсетеді. Зерттеуінде семалардың бірнеше түрін көрсеткен:

1. Өзек сема;

2.Жалпылаушы (интегралды, архисема) және даралаушы (дифференциалды) сема;

3. Потенциалды сема;

4. Макро және микро сема;

5. Эксплицитті (айқын) және имплицитті (көмескі) сема [100, 109].

Ендігі кезекте зерттеуімізге арқау болған семантизациялану ұғымына тоқталғанды жөн көрдік. Ғ. Қалиевтың «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» семантизация ұғымына мынандай анықтама берілген: «Семантикалану орыс. семантизация (грек semantikos – таңбалаушы) – тіл бірлігі мағынасының айқындалуы, тіл бірлігінің мазмұны жайында қажетті мәліметтер беретін процесс пен нәтиже. Мыс: лексикалық семантикалану – мәтіндегі тіл бірліктерінің мағынасын ашу арқылы анықталады [101, 348].

Сөз мағынасының дамуындағы процесстер *семантикалану* немесе *семантизациялану* деп аталады. Семантизация – мәтіндегі тілдік бірліктердің семантикалық табиғатын айқындау негізінде көрінеді. Сөздердің мағыналық дамуы семантизациялануды басты шарты. Сөз мағынасының семантизациялануы мынандай басты процестерден өтеді:

1. Сөздің қолданыста болуы.

2. Әр сөздің қолданыста ішкі прагматикасы жүзеге асырылады.

3. Сөз қолданылу барысында көпмағыналылыққа ие болады.

4. Көпмағыналылық нәтижесінде сөз мағынасы дамиды.

5. Орныққан сөз мағынасы семантизациялану үдерісінің нәтижесінде жаңа мағыналы атау сөз пайда болады.

Қыпшақ тобына енетін тілдердегі ортақ сөздер тілдік қолданыс арқылы ішкі прагматикалық мазмұнға ие болып, семантизациялану үдерісінің нәтижесінде жаңа мағынасы қалыптасады. Мағына үнемі өзгеріп, дамып отыратын құбылыс болғандықтан, өзінің бұрынғы мағынасының үстіне жаңа мағына үстеп немесе бұрынғы мағына жойылып жаңа мағынаға ауысып отырады.

Ішкі факторлар тілдің ішкі даму заңдылықтарына байланысты болады. Мәселен, тілдегі мағынаның тарылуы мен кеңеюі, көпмағыналылық және метафоралық, метанимиялық, синекдохалық, қызмет бірлігі бойынша ауысу

секілді т.б. тәсілдер арқылы мағына өзгереді. Ішкі фактор негізінде тіліміздегі сөздер бастапқы тұлғасын өзгерту арқылы тілді сан жағынан дамытса, бастапқы мағынасын өзгерту арқылы сапа жағынан байыта түседі.

Ал мағынаға әсер етуші сыртқы факторлар халықтың өмір сүрген дәуірі, дүниетанымы, мәдени-тарихи жағдайы арқылы жүзеге асады. Қоғамдағы болып жатқан түрлі саяси-әлеуметтік өзгерістер тілге әсер етіп, жаңа сөздер мен мағыналарды туындатып отырады.

Б. Қалиев «Сөз мағыналарының негіздері» еңбегінде сөз мағыналары дамуының бірнеше жолдарын сипаттаған:

1. Сөз бұрынғы мағынасын сақтай отырып, қосымша мағыналарға ие болады (*жастар қозғалысы, ұйым мүшесі*);

2. Сөз бұрынғы мағынасын жоғалтып алып, жаңа мағынада қолданылады *(тауардың құны, сөз сайысы);*

3. Сөздің бұрынғы мағынасы мен тұлғасы сараланып, жеке-жеке ұғымдарда қолданылады (*курортта демалу, ұрыс т.б.)* [91].

Сөз мағынасы дамығанда өзінің атауыштық мағынасының үстіне қосымша мағыналар қосылып, не туынды не ауыспалы мағынаға айналады. Бұл қосымша мағыналар сөздің заттық не ұғымдық мағыналары негізінде өмір сүреді.

Б.Сағындықұлы «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы» еңбегінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуына тоқтала келе, бірнеше түрін көрсеткен. Сөз мағынасының өзгеруі екі бағытта жүзеге асады:

1. Сөз мағынасының кеңеюі;

2. Сөз мағынасының тарылуы.

Мәселен, сөз мағынасының кеңеюін төмендегідей түрлерге жіктейді:

1. Бұрынғы мағынасын сақтай отырып, мағынасының кеңеюі (*мүше, шымылдық, күрес т.б.*);

2. Жіктелу, сұрыпталу арқылы сөз мағынасының кеңеюі (*алып, үлгі, өнеге, қайраткер, еңбекші т.б.);*

3. Туынды түбірдің мағынасының кеңеюі *(құрылыс, өндіріс, ағым т.б.);*

4. Сөз мағынасының бір жағынан тарылып екінші жағынан кеңеюі *(құн, желі, дәулет);*

5. Сөздердің тіркесуі арқылы мағынасының кеңеюі *(балалар бақшасы, демалыс үйі т.б.).*

Сөз мағынасының тарылу тәсілдеріне:

1. Сөз мағынасының дәстүрлі тілдік жолдармен тарылуы (*тон, жылқы);*

2. Сөз мағынасының тарыла келе, көмекшіге айналуы *(алды, арты, қасы);*

3. Сөз мағынасының тарыла келе, шылауға айналуы *(тағы, да, мен, соң);*

4. Мағынаның толық тарылуы нәтижесінде сөздің қосымшаға айналуы *(мен, бен, пен, -тын, -ша т.б.)* [18]. Сөз мағынасы тарылғанда мағына жалпылықтан жалқылыққа, дерексізден деректі мағынаға қарай ауысады.

Сөз мағыналарының дамуының өзіндік заңдары бар. Бұл семантикалық заңдар арқылы бұрынғы мағынаның үстіне жаңа мағына қосылып, дами түседі. Ғалымдар семантикалық мұндай заңдылықтарды түрліше сипаттаған. Мысалы, ғалым Б. Қалиев ол заңдылықтарды төмендегідей тізбектейді:

1. Ат ауысу заңы *(сөлкебай – күміс ақша мағынасынан шашқа тағатын әшекей бұйым атына ауысуы);*

2. Қызмет бірлігі заңы *(ағаш оқ – қорғасын оқ, май шам – электр шамы т.б.);*

3. Ұқсату заңы *(метафора – ащы өмір, таудың етегі т.б.);*

4. Іргелестік, шектестік заңы *(метонимия – бес кеше іштім, құрылтай шешім шығарды т.б.);*

5. Бөлшектің бүтінге немесе бүтіннің бөлшекке ауысу заңы (синекдоха – *40 мың қолы бар, үкі, құлжа т.б*.).

Профессор Б. Сағындықұлы семантикалық заңдарды сөз мағынасының ауысу тәсілдері деп атап, төрт түрін көрсетеді. Олар:

1. Метафоралық тәсіл *(судың беті, қазанның құлағы т.б.);*

2. Метонимиялық тәсіл (*Құрманғазыны тартты, мәселені орындық шешеді т.б*.);

3. Сөз мағынасының қызмет бірлігі бойынша ауысуы *(домбыраның ішегі – гитараның ішегі, бинокль – дүрбі т.б.);*

4. Синекдохалық тәсіл *(түтінін түтетті, шаңырақ көтерді т.б.)*.

Тілімізде метафора қолдану сипатына қарай:

1. Тілдік метафора;

2. Поэтикалық метафора болып бөлінеді.

Тілдік метафора белгілі бір тілде сөйлейтін жалпы халыққа таныс сөздер болса, поэтикалық метафора белгілі бір ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің жеке қолданысынан туындайды.

Ғалым Б. Сағындықұлы поэтикалық метафораларды бірнеше түрге жіктеген: 1) тұрақты метафора; 2) жеке қолданыстағы метафора; 3) контекстік метафоралар. Мәселен, тұрақты метафораларға – *қара алтын (көмір), ақ алтын (мақта), өмір өтеді* т.б. жатқызсақ, жеке қолданыстағы, контекстік метафораға *Абайдың көңіл құсы, асау жүрек* т.б. қолданыстарын жатқызамыз.

Метафоралардың бөліндісі қарақалпақ пен ноғай тілінде де кездеседі. Мәселен, тілдік (узуалды) және индивидуалды немесе жеке (окказионалды) метафораларды айтуға болады. Тілдік метафоралар – тілдік жүйе негізінде жалпы ұқсастық белгілеріне қарай жасалса, жеке метафоралар – релевантты емес белгілер негізінде экспрессивті түрде жасалады.

Ноғай тілінде узуалды метафоралар түрлі ұқсастық белгілері бойынша жасалады:

1. Орналасу ерекшелігі бойынша: аяк – столдынь аягы;

2. Сыртқы формасы бойынша: тил – ботикадынь тили (язычок ботинки);

3. Атқаратын қызметі: кыргыш (скребок) – кыргыш (тёрка), кыскыш (ухват) – кыскыш (зажим), кутык (ящик) – кутык (ларчик) – кутык (қорап);

4. Мінез-құлыққа, эмоцияға байланысты: айван (айуан - мал), тамга (дақ) және ұят (позор).

Ал жекелік метафораларға мысал ретінде *сувыктынъ ийнелери, оттынь тили* секілді қолданыстарды келтіре аламыз.

Метонимиялық ауысу да узуалды және окказионалды болып жіктеледі. Ноғай тілінен оның да бірнеше тәсілдерін көрсетуге болады:

1. Бұйым мен оның жасалған материалына байланысты: *шепкен (ер адамның сыртқы киімі) және шепкен (қолмен тоқылған мата); сисе (шыны) және сисе (шыны бөтелке) т.б.*

2. Уақытқа қатысты: *күн (аспан денесі) – күн (бірінші күні) т.б.*

3. Іс-әрекет пен іс-әрекеттің құралы арасындағы байланысқа қатысты: *ябув (бірдеңенің үстін жабу) – ябув (жабу (материал) жапты) т.б.*

4. Іс-әрекет пен нәтижесіне байланысты: *окыв (оқу) – окыв (оқуда озат болу) т.б.*

5. Автор есімінің шығармасының атауы ретінде ауысуы: *Ажиниязды оқы, Кадрияны оқу т.б.*

Қарақалпақ тілінен де метафораның түрлі үлгілерін көруге болады. Мәселен, төмендегі өлең жолдарын қарастырып көрелік:

Сен булаксан берген хал-дарманимди (1)

Құдиретли Ватаным құшақларында, (2)
Суйемин шалқыған шалқар тенизди

Бірінші мысалда ақын *бұлақ* сөзі арқылы халықтың бұлақты күш-қуат беруші ретінде санайтынын метафоралық қолданыс арқылы өрнектеген. Бұл қолданыста бұлақ сөзінің жаңа бір семасы – халыққа күш-қуат, дем беруші табиғат бөлігі ретінде қолданылып отыр. Осындай метафоралық құрал арқылы ақын халқына деген махаббатын жоғары пафоспен сипаттаған. Екінші мысалда *ватан құшағы* метафорасы қолданылған. *Ватан аймағында, жерінде* деген сөздің орнына *ватан құшағы* деу арқылы бейнелі қолданыс жасап, отанға деген махаббатты көрсеткен.

Метафоралық мағынаның берілуі жөнінде тілімізде біршама зерттеулер бар. Профессор Д. Әлкебаеваның «Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы» атты монографиясында әдеби тілдің мағыналық жақтан дамуындағы метафораның мәні туралы мынадай пікір білдірген: «Метафора лингвистика ғылымында ауыспалы мағынаға ие болуымен ұқсату заңының негізінде қарастырылады. Метафораланудың ең басты белгісі жеке сөйлеушінің өзіндік құбылыс пен затқа тән белгілерді басқа сөзбен бөлек айтуы болса, кейде мүлде бір-біріне мағыналық жақтан қиыспайтын сөздердің метафораланууы жеке тұлғаның когнитивті-ассоциациялық ойлаудың жеке көзқарасынан шығады» [102, 167]. Метафораның қолданысы туралы айта келе, көптеген мысалдар келтіреді. Мәселен: «*Сен – жер болдың, өзі – нөсер, мен – қола, сен – шойын, мен – ашу, сен – ақыл*» секілді М. Мақатаев өлеңіндегі жолдардың адам санасындағы зат пен құбылысты қарама-қарсы қоюдан алынғанын көрсетеді.

Мағына кейде *табу сөздер* арқылы да ауысады. Табу – наным-сенімге байланысты атын атауға тыйым салынған сөздер. Ноғай тілінде де шешек, оспа ауруын көп таралып кетеді деген сеніммен атын атамай, ауруды *ат айтмас ауру* немесе *буьртик* деп қолданады. Қазақ тілінде де *шешек* ауруын *әулие, қорасан, мейман, қонақ* деп атағаны белгілі. Қасқырды иткүс, ұлыма десек, жыланды ұзын құрт, қамшы, түйме деп атау қалыптасқан. Мұның бәрі де халықтық сенімге сай қолданыс тапқан тілдік бірліктерге жатады.

Сонымен қатар халықтық салт-дәстүрге байланысты қалыптасқан нанымға сәйкес ұзақ жылдар бірге өмір сүретін ер мен әйел бір-бірінің атын атамай *уыйдеги* деп қолданады. Бұл секілді қолданыс қазақ пен қарақалпақ тілдерінде де кездеседі. Мәселен, *үйдегі кісінің айтуынша, үйдегі жеңгеңнің қалауы* т.б.

Сонымен қатар жаңа түскен келіннің туыстарын өз атымен атамай, ат қою дәстүрі үш тілде де кездеседі. Мәселен, ноғай тілінде қайын ағаны – *бий ага*, қайын ініні – *куват, амал, акыллы, кишкей яс, шам шырак, мурза увыл* деп атаса, қайын сіңліні – *эрке, алтын шаш, биргине, акыллы* деп ат қояды. Мұндай тыйым салынған сөздер түркі халықтарында кеңінен таралған. Бұл қолданыстар негізінде тілде көптеген синонимдер қалыптасып, контекске сай түрлі стильдік мағына тудырған.

Бір зат не құбылыстың атын тура атамай, басқаша атаумен атау тек табумен ғана емес, эвфемизм арқылы да жүзеге асады. Мағына ауысуында *эвфемизмнің* де үлесі бар. Эвфемизм – дөрекі сөздердің орнына жанама, сыпайы сөздерді қолдану. Қарастырылып отырған қыпшақ тілдерінде де бұл құбылыс кездеседі. Мысалы, ноғай тілінде *хатын* сөзінің орнына *пише* сөзі қолданылады. Осыдан *пише* сөзі көпмағыналылық сипат алады: 1. *Әйел (женщина); 2. Жар, жұбай (жена).*

Қазақ тілінде ауру, жарымжан, мүгедек адамды *дімкес* деп айту, саңырау адамды *құлағының мүкісі бар, құлағы тосаң* деген секілді қолданыстарды көптеп мысалға келтіруге болады. Эвфемизмдер экспрессивті-эмоционалды бояулы сөздер болуы да мүмкін. Күнделікті өмірде адамдар арасындағы жағымсыз қатынастарды да сипаттауда эвфемизмдерді қолданамыз. Мәселен, *сөзге келіп қалу, бет жыртыспау, қолының жымысқысы бар, аузы жеңіл* және т.б. Бұл қолданыстардан ойды бейнелеп, көркем түрде жеткізу арқылы қосымша мағыналар туындағанын көруге болады.

Семантизациялану үдерісінің нәтижелі болуының басты сипаты – сөздің көпмағыналылығы. Профессор А. Салқынбай зерттеуінде: «Тілдегі жаңа мағынаның туындауы семантикалық тәсілдер – көпмағыналылық пен мағынаның ауысуы арқылы жүзеге асады» – дейді. Көпмағыналылық дегеніміз – мағынасында ерекше номинативтік белгіні көрсететін дифференциалды сема бөлшегі бар тұлға мағынасы деген сөз [13, 183]. Көп мағыналы сөздердегі ерекше семалар жіктеле келе, жаңа атаулар туындап, номинативті ұғымды белгілейтін, ерекше мағынасы бар атау дүниеге келеді.

Сөз мағынасы алғашқы макромағыналы этимон түбірдің архисемасы арқылы негізделе дами отырып, бірте-бірте абстракциялық ұғымдардың атауын білдіру үшін жұмсалады. Сөз мағынасының дамуы, әрине, сөздік құрамның дамуына әкеледі. Сөздердің мағыналық дамуының ортақ негізгі сипаттарына:

- көпмағыналылық;
- синонимдік;
- антонимдік сипаттар жатады. Мұндай мағыналық құбылыстардың тіл дамуында көрініс табуының да мәнісі тереңде [13, 72].

Сөз мағынасының дамуы, сөз семантизациялануының құрамдас бөліктері ретінде төмендегі «Сызба 1» тілдік құбылыстарды жатқызамыз:



Сызба 1 – Семантизацияланудың құрамдас бөліктері

Сөз мағынасының түрлі өзгерістері сөйлем ішінде, контексте анықталады. Контекстегі қолданысынан, сөйлемнен тыс сөздің түрлі сипатты мағыналары нақтыланбайды. Сөздің ішкі мағыналық дамуы, яғни семантикалық даму танымның дамуымен сәйкес ұқсату, абстракциялау, ассоциациялық түсінік негізінде жасалады [13, 107].

Тілдегі сөздік құрамның дамуындағы әдістердің бірі – семантикалық әдіс. Бұл әдісте сөздің құрамы, түрі ешбір өзгеріске ұшырамастан, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемалық құрамын сақтай отырып, бұрынғы мағынасына жаңа қосымша мағына қосып алып, жаңа мағынада қолданыла бастайды. Сөздің тек мағынасында ғана өзгеріс болғандықтан, ол лексика-семантикалық әдіс деп аталады. Бір түсініктің атамасы негізінде пайда болған сөз, соңынан бірнеше мағыналарда қолданылу қасиетіне ие болады [103, 67]. Сондықтан да тілдік мағына – көп қырлы, күрделі тілдік категорияға жатады.

Бұл бөлімдегі негізгі мақсатымыз семантикалық ғылыми зерттеулерді жүйелей келе, семантика саласының негізгі теориялық қисындарын саралау, семантикалық ұғымдарды айқындап, семантизация үдерісінің теориясын нақтылап, болашақ талдауымыздың ғылыми теориялық негізін жасау болған.

2.2 Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі *а, аз, ай* ортақ сөздерінің семантизациясы

Сөз мағынасы – халықтың тағдыры, тарихы, өмірбаяны тәрізді күрделі де сан қатпарлы құбылыс. Халықтың тарихы мен болашағын болжау қиын. Осы секілді сөз мағынасының тарихын болжау үшін де терең зерттеулер мен

заңдылылықтарға сүйену қажет. Сөз мағынасын зерттеп-зерделеу үшін тіл ғылымында ретроспективалық әдіс қолданылады. Бұл әдіс арқылы сөздің қазіргі мағынасы тарихи тұрғыдан зерттеліп, алғашқы мағынасын, шығу төркінін айқындап, қазіргі мағыналық дамуына шолу жасалады. Сөз мағынасының дамуындағы түрлі процесстер яғни семантизациялануы барысындағы сөз мағынасының ауысуы (семантикалық деривациясы), көпмағыналылық, омонимия, мағынаның тарылуы мен кеңеюі, мағынаның түрлі тәсілдер арқылы өзгеруі жан-жақты сипатталады. Осыдан кейін ғана сөз мағынасы айқындалып қазіргі жай-күйінің сыр-сипаты ашылады.

Сондықтан да қазақ тілінің семасиологиясын, оны ішінде ортақ сөздердің мән-мағыналарының өзгеруін диахрондық және синхрондық тұрғыдан түркі тілдері және қазақ тілінің материалдары негізінде қарастырып, семасиологиялық ортақ заңдылықтарды айқындау керек. «Себебі тілдердің туыстығының материалдық көрсеткіші – сөз ортақтығы, ұқсастығы, идеялық көрсеткіші – сөздердің мән-мағыналарының жуықтығы, бірдейлігі. Олардың барлығын ортақтастырып тұрған тектес, төркіндес, туыс екенін айғақтайтын басты тілдік факті – «түркі» деп аталатын тілдердің сөздік қоры, яғни тілдер туыстығының басты белгісі – сөздер ортақтығы» [104, 41].

Қыпшақ тілдеріндегі көптеген лексикалық бірліктер мағыналық талдауды, этимологиялық айқындауды қажет етеді. Осындай салыстырмалы семантикалық талдаулар негізінде семасиологияның теориялық негізі қалыптасып, талдаудың әдіснамалық жүйесі жетіледі.

Ғ. Айдаров қыпшақ тілінің лексикалық құрамы туралы айта келе, былай дейді: «Туыстас тілдердегі көптеген сөздердің мағынасы жағынан ешбір айырмашылығы болмағанымен, фонетикалық құрылымы жағынан едәуір өзгерістерге ұшырағандары да болады. Оның үстіне көне қыпшақ тілінің кейбір элементтері қазіргі қыпшақ тілдерінің бірінде кездеспегенімен, көп жағдайда екінші бірінде кездесіп отырады. Қыпшақ тілдерінің лексикалық байлығын тарихи тұрғыдан зерттегенде мәселенің бұл жағы есте болғаны жөн» [29, 266].

Қарастырылып отырған қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі ортақ сөздерді салыстыру үшін бастапқы мағынадағы сөздердің денотаттық (заттық), сигнификаттық (мазмұндық) белгілерін айқындап, осы архисемалардың қайсысы қазіргі мағыналарына жалпылаушы (интеграл) не айырушы (дифференциал) белгі болғандығы, бастапқы мағына мен кейінгі мағынадағы сөздердің түбірлес, тектес, төркіндес екендігі дәлелденді.

«Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері» еңбегінде семантикалық талдау туралы мынандай пікір берілген: «Семантикалық талдауға қатысты тағы бір құбылыс: ол бір түбірден тараған бірнеше туынды түбірлердің білдіретін заттары мен құбылыстарын көзбен көріп, өзара салыстыра қарау арқылы заттық, материалдық ұқсастығын анықтау» [21, 29]. Мағыналық зерттеу жүргізгенде сөз мағынасының өзгеруі мен зат атауларының өзгеруі бірдей еместігін де ескерген жөн. Сөз өзгерісі мен зат өзгерісінің бірдей еместігінің себебі бұл құрылым құрамындағы мағыналар байланысының әлсіреуіне не күшеюіне әкеледі. Белгілі бір кезеңдегі мағыналық байланыстардың қалпы бұзылуы мүмкін. Сөз құрылымының логикалық-семантикалық негізі өзгереді.

Соңғы жылдары әртүрлі тілдер бойынша фразеологиялық тіркестер, семантикалық өзгерістер салғастырыла қарастырылған жұмыстар саны артқанымен, түбі бір түркі тілдеріндегі ортақ лексика, фразеологиялық, паремиологиялық қордағы сөздердің семантикасындағы үрдістер, олардың мағыналық шеңберінің тарылуы мен кеңеюі, дамуы секілді тілдік құбылыстарға назар аудару қажеттігі байқалады. Бұл тек тілдік дерек қана емес, түркі халықтарының ойлау жүйесінде орын алған алуан түрлі өзгерістерді анықтап, жүйелеу үшін де маңызды.

Ортақ сөздерді туыс тілдердің түрлі тарихи кезеңдеріндегі қолданыстары, бастапқы мағына мен оның қандай өзгерістерге ұшырағандығы, қандай зат не құбылыстарға атау болғандығын болжау, сөз мағынасының семантизациялануын айқындау қажет. Осы бағытта қыпшақ тілдеріндегі туыстас қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ сөздер іріктеліп алынып, зерттеу жүргізілді.

Қазіргі тіл білімінде түбір терминін екі мағынада түсіндіруге болады: кең мағынасында кез-келген жаңадан пайда болған номинативті мағыналы туынды сөздің жасалуына арқау болатын себепші негіз. Тар мағынасында: барлық туынды сөздердің екіншілік мағынасын жасауға негіз болатын архисемалы түбір, яғни этимон түбір. Кең мағынасындағы түбір термині қазіргі тіл тұрғысынан қарастырғанда негіз ретінде алынады [13, 104]. Түбір сөз мағынасын, ерекшеліктерін қарастырған тіл білімінде Н.К. Дмитриев, Э.Р. Тенишев, А.Н.Кононов, Н.А. Баскаков, Э.В. Севортян, Н.Т. Сауранбаев, Ә. Қайдаров, Е.З.Қажыбеков, Б.И. Татаринцев, Ә. Ибатов және т.б. ғалымдардың зерттеулері бар.

Ғалым Ә. Қайдар «Структура односложных корней и основ в казахском языке» еңбегінде бір буынды түбірлерден «а» әрпінен басталатын он сегіз түбір берілген. Олар: *а, аз, ай, айт, ақ, ал, ан, ант, аң, аңқ, ап, ар, арт, ас, аст, ат, ау, аш* түбірлері [6, 169]. Зерттеуіміздің бұл бөлімінде осы он сегіз сөздің ішінен бір негізді «а» әрпінен басталатын тоғыз сөзге ***а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш*** қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері негізіндегі семантизациясы қарастырылды. Аталған ортақ сөздерді сөз семантикасы, сөз тіркесі семантикасы, түбір сөз семантикасы, туынды сөз семантикасы, күрделі сөз семантикасы тұрғысынан талдай отырып, мағыналық дамуындағы өзгерістер мен құбылыстар, семантизациялануы жайында тұжырымдар жасалды.

Профессор М. Сабыр «Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы» зерттеуінде қазақ тілінің деректерін реконструкция әдісі арқылы, морфемалық анализдеуге сүйене отырып ортағасырлық көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілін қарастырып, өлі түбірлерді жіктеп көрсетеді. Әр өлі түбір бір кездерде дербес мағыналы сөз болғанын ұмытпаған абзал. Оларды 1) жалпытүркілікке дейінгі өлі түбір; 2) жалпытүркілік өлі түбірлер; 3) қыпшақтық өлі түбірлер деп жіктеп қарастырған [16, 124]. Қарастырылып отырған сөздер ішінен *жалпытүркілікке дейінгі өлі түбір* ретінде ***ас*** түбірін, *жалпытүркілік өлі түбірлер* қатарында ***ав (ау), айт, ал*** түбірлерін, *қыпшақтық өлі түбірлер* тобында ***ақ*** сөзіне зерттеу жасайды.

Кез-келген танылушы зат не тілдерге ортақ сөздер адамның өміріне, тіршілігіне қаншалықты керек болса, соншалықты таныла береді. Жан-жақты

танылған сайын адамның күнделікті өмірінде, тіршілігінде қолданысы артып, соған қатысты ұғымдар мен құбылыстар көбейе түседі әрі оның атауына байланысты жаңа сөздер, сөз тіркестері де арта түседі.

А. Салқынбай: «жаңадан танылған белгіні атау қажеттілігін өтеу үшін үнемі жаңадан таңба ойлап табу мүмкін болмайды. Сондықтан жаңа номинацияны таңбалау үшін, бұрыннан белгілі, қалыптасқан дыбыстық жамылғыш қолданылады да, соның негізінде сөзжасамдық мағына арқылы туынды сөз жасалады. Жаңа мағынаны көрсету үшін белгілі дыбыстық жамылғыш тарихи тұрғыдан фонетикалық өзгеріске түсетінін, құрамындағы дауысты не дауыссыз дыбыстардың аллофондары арқылы түрленіп, дамитынын байқауға болады» [13, 82]. Ортақ сөздердің мағынасына қатысты туынды сөздер мен мағыналық байланыстарды осы ғылыми тұжырым негізінде түсіндіруге болады.

«А» ортақ сөзінің семантизациясы

«А» – қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің үшеуінде де әліпбидің бірінші әрпі, жуан, ашық дауысты дыбыс. Бір негізді түбірлер арасында *а* негізінде де тілдік факті болғандықтан зерттеуге алынды. Алдымен бір негізді түбірлердің семантикалық табиғатын қарастыру үшін көне түркі сөздіктерінде, ғылыми зерттеулерде, түсіндірмелі, этимологиялық сөздіктердегі сипаттамасына, семаларына тоқталдық.

М. Қашқаридың «Түрік сөздігінің» Хамза кітабында мынадай сипаттама берілген: «А-А: қайран қалуды, таңданысты білдіретін сөз. *Ol mənі a-a qıldı – Ол мені а-а қылды – Ол мені айран қалдырды»* [1, 68].

Ғалым Ә. Қайдардың еңбегінде «а» туралы айтылғанда, оның одағай ретінде сегіз түрлі мағынаға ие екені айтылған. Бірақ мағыналары сипатталмаған: «А [а] межд. Слово, выражающее около восьми значений [6, 169]».

А туралы «Көне түркі сөздігінде (ДТС)» *таң қалу* мәнін білдіретін шылау ретіндегі мағынасын көрсеткен: «а – постпозитивная усилительно-вокативная частица; *a qil* – удивлять: *ol meni a qildi* – он удивил меня» [105, ДТС:1].

А. Ибатовтың «XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі» монографиясында мынандай пікір берілген: «А-ан ~ ол - ан түбірі қазіргі түркі туыстас тілдердегі ол есімдігінің көне түрі, ан формасымен қысқартылған форма. А / -е-н/ түбір есімдігі көне ескерткіштер тілінде ан формасында жиі үшырайды. Бұл форма қазіргі қазақ тіліндегі ана /ан-а/, анау /ан-а-у/, анәндай /анандай/ сияқты сөздердің құрамында сақталып қалған» [106, 61].

Қазақ әдеби тілінің он бес томдық түсіндірме сөздігінде тоғыз түрлі семасы, ал қарақалпақ тілінің жеті томдық түсіндірме сөздігінде *а*-ның сегіз түрлі семасы, ноғай тілінің сөздігінде үш түрлі мағынасы көрсетілген. Үш тілдегі мағыналарын салыстырып көрелік:

1. Үш тілде де әліпбидің бірінші әрпі, жуан, ашық дауысты дыбыс. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде ерін мен езудің қатысына қарай езулік дыбыстар қатарына жатады. Ноғай тілінде (негубной задний гласный, нижнего подъема) езулік, жуан дауысты деп сипатталады.

2. Ой-пікірді санамалап көрсеткенде бірінші дегенді білдіреді. Мысалы: *Қазақ тілінде шылаулар үшке бөлінеді: а) септеулік; ә) жалғаулық; б) демеулік.* Қарақалпақ тілінде де кездеседі: *Даралық санлар екиге бөлинеди: а) тўбир санлар; б) дөренди санлар* (Хәзирги қарақалпақ тили) [52, ҚТТС:1].

3. «Әй!» сөзімен мағыналас, біреудің назарын аудару үшін айтылатын дыбыс: қазақ тілінде – *А, Нұржан, қаламыңды қолыңа алшы* (Жамбыл) [103, ҚӘТС:30]; қарақалпақ тілінде – 1) *А, патшайым, патшайым, Кетти мениң талайым* (Қарақалпақ фольклоры); 2) *А, ал, моллекең енди рәуият айтады, - деп Аман оған жақынлай түсти* (М. Нызанов) [52, ҚТТС:19].

4. Қорыққанда немесе қатты сасқанда айтылатын дыбыс: қазақ тілінде – *А, Қарсеке, сіз бе едіңіз, кешіріңіз, міне, бұйрығыңыз бұзылған жоқ* (Ә.Әбішев, Замана) [107, ҚӘТС:30]. Қарақалпақ тілінде де қолданылады: *А-а-а-а! Мисли терең сууға сүңгип, деми таусылғанда суу бетине «зоңқ» етип шыққан адам киби бир замат ойлар теңизиниң қушағынан босанған қария әлленемирде өзине келди* (К.Кәримов) [52, ҚТТС:19].

5. Таңдану кезінде*: «Апырай, а! Кәдімгі сұрапыл соғыс қой мынау», - деп қояды* [107, ҚӘТС:30]. Қарақалпақ тілінде: таңланыу пайытында айтылатуғын сес: *Япырмай, а! Ойламаған уақыя ғой мынау*! (М.Нызанов); *А-а, айтарың бар ма?* (К. Султанов) [52, ҚТТС:19]. Ноғай тілінде: - *Аа-а, ол костан кайзаман шыға койган ды?* [65, НРС: 39].

6. Сұраулық мағынада қолданылатын одағай*: «Олай болса, сенің мені неге танығың келмейді, а?»* [52, ҚТТС:30]. Қарақалпақ тілінде (сорау мәнисинде қолланылатуғын танлақ): *Журтқа қайсы бетиң менен қарайсың, а?* (М.Шолохов); *Келген бийлердиң бийноқыясын айтып таныстырыуды умытпайсыз ғой, а?* (Т.Қайыпбергенов) [52, ҚТТС:19]. Ноғай тілінде: *А савлай-сайлай дуныяда неше авыл бар экен?* [65, НРС: 29].

7. «Е!» одағайымен мағыналас, оғаш іске көңіл бөліп, назар аудару үшін айтылатын дыбыс: *-А-а, тіпті жақсы!* [107, ҚӘТС:30]. Ноғай тілінде де кездеседі: Межд. А: *а, келдинъизбе?* [65, НРС: 2].

8. Қарақалпақ тілінде дәнекер мағынасын да көрсетеді: *Сапаров мен боламын, а мынау – жолдас Федотов* (Ш.Сейтов) [52, ҚТТС:19].

9. Ноғай тілінде қарсылық мәндегі шылау ретінде қолданылады: Союз противит. а, однако, же, но; *– мен окыйман, а сен язасынъ* [65, НРС: 2]. *А аьели – оьмири авырый юретаган пишеси, аьли де ясы толмаган улы Асантай эм онынъ оьзи – яшамага керек эдилер: ас ишпеге эм кийим киймеге керек эдилер* [65, НРС :15].

Қазақ тілінде төмендегі тағы екі семасы да қолданылады:

10. Ау! Әу! сөзімен мәндес, нығарлай айтылғандағы үн: *А, Құлмамбет, Құлмамбет, Ағып жатқан сумен кет* (Жамбыл).

11. Бір нәрсені қоштау, мақұлдау ретінде айтылатын одағай: *А, онысы дұрыс болған* [107, ҚӘТС:30].

А сөзімен жасалған сөз мағыналарының семантизациялануы:

А, құдайлады **–** қазақ тілінде *Аллаға сыйынды, жалынды* мағынасын берсе, қарақалпақ тілінде *А, Құдай – Аллаға сыйыныу, тәубеге келиу* мағынасын береді. Мысалы: *Күни-түни Алладан рәхмет тилеп, а-Құдай менен жасап, бүгинги*

жарқын күнлерге жетип, жасларға билген-түйгенин нәсиятлап отыр (Г. Есемуратова) [52, ҚТТС:20]. Абай шығармаларында Құдайға жалбарыну, тілек тілеуді білдіретін мынадай жолдар бар:

Уайым жеуліміз,
А құдай деуліміз.

Сонымен қатар қарақалпақ тілінде жасы үлкен адам өзінен кіші жастағы адамға құрмет, жақсы көру, еркелету мағынасында «ақудай» сөзін қолданады. *Рахмет ақудай. Үйіне ертелеу қайта ғой, ақудай* [52, ҚТТС:79]. Қазақ тілінде кейбір аудандарда *ақұдай, ақудай* сөзі жергілікті ерекшелік ретінде қолданылады. Бұл айналайын деген секілді, соған жақын, мағыналас сөз. Қарақалпақтардағы осы қолданыс қазақ тілінің жергілікті ерекшелігіне енген болуы әбден мүмкін.

А десе, мә дейтін – 1) қарсыласып айтыса кететін, бет бақтырмайтын; 2) тапқыр, тез ойлағыш. Қарақалпақ ауызекі тілінде де бұл қолданыс бар: 1) *Оның а десе мә дейтуғын қыңыр минези бар*; 2) *Ол а десе мә деп жылдап жууап табатуғын зийрек оқыушы* [52, ҚТТС:20].

А дегенше қазақ тілінде – лезде, жылдам; қарақалпақ тілінде – тез, хәпзаматта. Мысалы: *А дегенше аттың шаңы аспанға көтерилди* (Ққ. фольк.) [52, ҚТТС: 20].

А дегеннен – бірден, кенеттен; Қарақалпақ тілінде – бирден, тосаттан. *А дегеннен жаныуар тикке шапты топылымға* (Қарақалпақ фольклоры) [52, ҚТТС:20].

А дегенде – дәслеп, әуел. *А дегенде аяғын көтереди* (Қарақалпақ фольклоры) [52, ҚТТС:19].

Тұжырымдай келе, *а* негізінде белгілі бір дәрежеде тілдік факт бар екенін байқадық. Демек, тілдік ақпарат бар жерде мағыналық құбылыс та орын алады. Ал мағына – тұрақты нәрсе емес, ауыспалы, өзгермелі күрделі құбылыс. *А* негізіне қатысты да мағынаның дамығандығын, аясының кеңейгенін жоғарыдағы мысалдар дәлелдеп отыр.

«Аз» ортақ сөзінің семантизациясы

«Аз» – барлық түркі тілдерінде кездесетін ортақ сөз. М. Қашқаридың «Түрік сөздігінде» *аз* сөзі туралы Хамза кітабында берілген: AZ: аз. Az пең – Аз нәрсе [1, 110].

«Көне түркі сөздігінде» (ДТС) бес түрлі мағынасы сипатталған: «*az* – 1. Мало, немного, редко, малое количество; 2. Желание, алчность; 3. Этн. Азы, азский народ; 4. Или; 5. Сбиваться с пути, заблуждаться, терять дорогу» [105, 72].

Ғалым Э. Севортян өз еңбегінде С. Малов, А. Вамбери, М. Қашқари, М.Рясэнен, В. Котвич, Г. Рамстед т.б. зерттеулерін негізге ала отырып төмендегі мағыналарын ұсынған: «1. Малый, малочисленный, незначительный, небольшое количество; 2. Сбиваться с дороги, заблудиться. Ауыспалы мағынасында: *Сбиваться с правильного пути* (түрік, өзбек, қарақалпақ, құмық, ноғай, башқұрт, ұйғыр); 3. *Совращаться* (қырғыз, қазақ, қарақалпақ); 4. Озорничать,

безобразничать (құмық); 5. Терять рассудок; 6. Беситься, выходить из себя, буйствовать, приходить в бешенство, ярость» [108, 94].

Ғалым Ә. Қайдардың зерттеуінде *аз* сөзінің үш түрлі мағынасы көрсетілген: «Аз [*az*] I мало, немного, в небольшом количестве, незначительно; Аз [*az*] II сбиваться с пути; заблуждаться; совратиться; Аз [*az*] III худеть, истощаться, чахнуть» [6, 170].

А. Ибатовтың «Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі» зерттеуінде *аз* сөзінің сын есім ретінде *аз, көп емес* және етістік ретіндегі *аз, азғында, бұзыл* мағынасы поэмада қолданылғанын айтады. Сын есім түрінде шығармада 48 рет кездессе, етістік мағынасында 4 рет кездескен. Мысалы: *Тамағ аз тут ағар көб йесаңан һам* – көп жесең де тамақты аз ұста; *Йолуңдын азма һар дам* – жолыңнан азба әр кез [7, 28].

Тарихи шығарма – Хорезмидің «Мухаббат-намесінде» де *аз* сөзі кездеседі. Мәселен, еңбектің Мәснәви бөлімінде *аз* сөзінің *аз, біршама уақыт* мағынасында жұмсалатын мынадай жолдар бар:

Бир аз кечти, дағы мәжлис ысынды,
Қәдәх чәвурүлди-о мәй башқә минди [109, 37].

А. Салқынбай өз зерттеуінде *аз* түбірі туралы мынадай тұжырым жасаған: «*Аз – *ЗА = этимон түбірлері. АД түбірі негізінде, Д-З сәйкестігі арқылы қалыптасады. «Аз» сөзінің архисемасы – әлем, жер, жердегі тіршілік, Алла, жалғыз т.б. болып шығады. «Азу» (азып кету) мағынасы да алғашқы «көп емес», «шағын» мағынасы арқылы мотивацияланған, яғни ортақ заттардан ажырап, шағын, таза қалпына келу деген номинативтік белгі арқылы негізделген сема. Бұдан – *азып-тозу, азушылық, аздырғыш, аздыру, аздырушы, аздық* т.б. номинативтік туынды мағыналар метафоралық ауыспалы мән алып қалыптасқан» [13, 125].

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде бір ғана мағынасы берілген: «Аз – жеткилаксиз, көп емес, барлы-жоқлы, аз ғана, азғантай: *Ол аз ғана тунжырап отырды (К. Султанов). Аз сан – аз муғдар, шамалы, онша көп емес т. б.* Әкесинин *а з с а н д а ғ ы* жыйған малы буларды жарытпайды... (Қ. Айымбетов)» [52, ҚТТС:31].

Ноғай тілінің түсіндірме сөздігінде мөлшер мағынасынан бөлек жаңа *удовольствие, наслаждение* мағынасы берілген: «Аз – 1. Мало, немного, небольшое количество: *аз куьнге барып келуьв; аз саилы отряд*; 2. Редко: *бу кус бизде аз ушрасады*; аз-аздан – мало-помалу; 3. Удовольствие, наслаждение, блаженство: *азын таппав* – не находить удовольствия; *азынъды келтиреді* – доставляет тебе удовольствие; аз-маз – немножко, чуточку, чуть-чуть» [65, НРС: 27].

Қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінде алты түрлі мағынасын көруге болады: «1. Аз – зат. Көне. Ертеректегі қазақша жыл басы. *Аз сөзі жаздан өзгеріліп, жаздың бірінші айына ат болған* («Қазақ»). 2. Азғантай, көп емес, шағын; 3. Қысқа, болмашы; *аз-ақ қалды*; 4. Ет. Арықтап, жүдеу, ару; 5. Ауысп. азғындау, бүліну, дұрыс жолдан таю; 6. Жерг. Ушығу, асқыну» [107, 108].

Қазақ әдеби тілі сөздігі бойынша 1 – көне мағынасы, 2 – негізгі, тура мағынасы, 3, 4 – туынды мағыналары, 5, 6 – ауыспалы мағыналары екенін көреміз.

Аз сөзінің ең негізгі, тура мағынасы – мөлшердің, санның аздығы, көп емес, шағын мағынасы.

Сонымен қатар *аз* сөзінің тек қазақ тілінде сақталған, тарихи-мәдени контекстке негізделген ***жыл атауы*** мағынасы қолданылады. Көне сөз ретінде ертеректегі қазақша жыл басы мағынасын береді. *Аз* сөзі жаздан өзгеріліп, жаздың бірінші айына ат болған («Қазақ») [107, ҚӘТС:107]. Ұлттық паремиологиялық қорымызда да кездеседі: *Аз болмай – жаз болмайды, Жаз болмай мәз болмайды.*

Қазақ тілінде ***аз ата*** этнонимі бар. Бір рудың ішіндегі кішкене, шағын аталық. Мазасы кеткен бірдей іштен, сырттан, *аз ата* көрген қорлық күшті жұрттан (М. Дулатов, Шығ) [107, ҚӘТС: 107].

Қазақ тілінде мынандай тілек сөз де қолданылады: ***сүт көп, көмір аз*** – малдың сүті көбейсін деген мағынада айтылатын тілек. Мысалы: *Жазғытұрым әуел бұлт күркірегенде, қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып, «сүт көп, көмір аз» деген секілді* (Абай, Тол. Жин.) [107, ҚӘТС: 108].

Қызықты бір жайт дәл осы қазақ және қарақалпақ тілдерінде аз-азғындалу семасы бойынша жағымсыз семаға кеңейген *аз* сөзі ноғай тілінде ***рахат, қуаныш, ләззат*** мағынасында да қолданылады. Мәселен: *аз* – удовольствие, наслаждение, блаженство: *азын таппав* – не находить удовольствия*; азынъды келтиреди* – доставляет тебе удовольствие. *Азланув* – 1. Наслаждаться, получать удовольствие; 2. и.д. наслаждение [65, НРС: 27-28].

Абай өз шығармаларында *өзіне аз* деген тіркесті қолданған. Мағынасы – *сол керек еді, сауап болды* [110, 23]. Мәселен, «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде де қолданыс тапқан:

Кінәсіз бәйбішемен болады араз,
Жастың көңілі жылымас, ол өзіне аз.

Аз лексемасының қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының бәріне түсінікті болып, жалпыхалықтық лексикадан берік орын алуы, сөздік құрамын дамытуға үлес қосып, жаңа сөз жасауға ұйытқы болуы және тіркесімділік қабілетінің мол екендігіне төмендегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер мысал бола алады.

Үш тілдің паремиологиялық қорынан да түрлі мысалдар келтіруге болады. Қазақ тілінде: *1) Аз қайғыны ас басады, Көп қайғыны дос басады. 2) Азды алмаған, көптен құр қалар. 3) Аз кісінің теңдігі бар, төресі жоқ, Жалғыз аттың астауы бар, дересі жоқ.*

Ноғай тілінің мақал-мәтелдерінен де *аз* мәнінде жұмсалатынын көре аламыз: 1) *Алганга алты да аз, бергенге бес те коьп. 2) Аздынъ басын билмеген, коьптинъ де басын билмес т.б.*

Қарақалпақ тіліндегі мақал-мәтелдерде қолданылуы:

1. Азғана күйикти ас басады. 2. Мийнети аздың мийуасы аз. 3. Көпке жууырған, Аздан қуры қалады. 4. Көп жумысқа қыйналсаң, Машақатқа тап боларсаң, Азға қанағат етпесең, Оған да зар боларсың т.б.

Фразеологиялық тіркестерде көбіне *аз* сөзінің мағынасы семантикалық заңдар соның ішінде метонимиялық тәсіл негізінде дамығандығын байқауға болады. Мәселен, *аз-ақ қалды (аз уақыт, шамалы мерзім), аздан соң (көп ұзамай)* тіркестерінде *аз* сөзі уақыт семасын айқындап тұр.

Ал қазақ тіліндегі *азды көпке, ашты тоққа теңгерді (бір қалыпқа түсіру); аз да болса көптей көрді – қолда барға қанағат ету; аз болды деп күйінбе, мая болса, қайтесің, көп болды деп қуанба, зая болса, қайтесің* фразеологиялық құрылымдарында *аз* сөзі *белгілі бір нәрсе, зат не адам* мағынасын білдіреді. Бұл мағыналық дамудың үлгісі қарақалпақ пен ноғай тілдерінде де қолданылады. *Мысалы: ноғай тілінде – «аздынъ басын билмеген, коьптинъ де басын билмес», қарақалпақ тілінде – «аз болсын саз болсын, бөдене болсын яғ болсын»* фразеологизмдерін атауға болады.

Тілдік қолданыстағы *азы мен тозы* фразеологизмінде де аз сөзі *ең сорлысы, ең нашары* мағынасын білдіретін метонимиялық қолданыс болып саналады.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі *оты азайды* тұрақты тіркесі күші кеміді мағынасын бере отырып, мұндағы аз сөзі – азаю, кему семасын айқындап тұрғаны белгілі. Ноғай тіліндегі *азгана асым, ялгыз басым* тұрақты тіркесі арқылы жалғыздық семасы айқындалады.

Аз ортақ сөзінің түрлі белгілерін негізге ала отыра, мағыналарын былай көрсетуге болады:

Аз – сындық сема (сын есім): 1) азғантай, көп емес, шағын, 2) қысқа, болмашы.

Аз – қимылдық сема: (етістік): азаю, кему.

Аз – атаулық семасы (зат есім): ертеректегі қазақша жыл басы.

Аз сөзінің ең негізгі, тура мағынасы – мөлшердің, санның аздығы, көп емес, шағын мағынасы.

Көне сөздіктер мен үш тілдегі мағыналары негізінде *аз* сөзінің он үш түрлі семасы анықталды, семаларын «Кесте 2» арқылы салыстырып көрдік:

Кесте 2 – *Аз* сөзінің семалары

р/с	**Семалары:**	**Қазақ тілі**	**Қарақалпақ тілі**	**Ноғай тілі**
1.	Мөлшердің аздығы	+	+	+
2.	Арықтап, жүдеу, ару	+	+	_
3.	Азғындалу, бүліну, дұрыс жолдан таю	+	+	+
4.	Ушығу, асқыну	+	_	_
5.	Ләззат, рахат	_	_	+
6.	Сирек	_	_	+
7.	Этноним: аз тайпасы, аз халқы	+	+	+

Кесте 2 жалғасы

8.	Адасу, бұзылу, жолдан таю (Совращаться) (Севортян сөзд.)	+	+	_
9.	Ертеректегі қазақша жыл басы, жаздың бірінші айы (көне)	+	_	_
10.	Қалау (желание), қомағайлық, ашкөздік (алчность) (ДТС)	_	_	_
11.	Ақылынан айрылу, есінен тану, (терять рассудок) (Севортян сөзд.)	_	_	_
12.	Ашуға булығу, ызалану, долдану, кекке булығу (беситься, буйствовать, приходить в бешенство) (Севортян сөзд.)	_	_	_
13.	Немесе (или) (ДТС)	_	_	_

Лексикалық мағынаның микрокомпоненті – семалары бойынша талдау жасасақ, мағынаның ұсақ құрылымдары айқындалып, жүйелене түседі. Сөздікте берілген анықтамалар негізінде *аз* сөзінің мазмұнын құрайтын семаларын былайша жіктеуге болады:

1. Өзексемасы (интегралды) – азғантай, көп емес, шағын.
2. Даралаушы (дифференциалды) семасы – азу, арықтау, жүдеу.
3. Даралаушы (дифференциалды) семасы – азу, азғындалу.
4. Потенциалды семасы – ноғай тіліндегі ләззат алу, рахаттану.
5. Потенциалды семасы – аз ата (этноним).
6. Имплицитті семасы – 1) жыл атауы (көне мағынасы).

Жалпылаушы семасынан тараған қазақ тілінде көптеген тілдік бірліктер бар. Ол тілдік бірліктердің бәрі де өзек сема арқылы негізделіп, өзіндік ерекше мәнге ие болған. Мәселен, *аз, азғантай, аз шама, азырақ, аздау, аз-аздан, аз-аздап, аздаған, азын-аулақ, азын-ауық, аз-кем, аз-көп, аз да болса, аз дегенде, аз-ақ т.б.* Ал қарақалпақ тілінде*: аз, аз-маз, азы-кем, азын-аулақ* және т.б. Ноғай тілінде *аз, азакай, аз-аздан, азганакай, азлап, аз сан, аз-маз т.б.*

Көркем мәтіннен де көптеп мысал келтіруге болады: *Електен сорғалағандай жиі жаңбыр аздан кейін сары белдер алдына да көк жібек шымылдық құрып..., Гурьев желі түнге қарай теңіз жақтан соғады да, түні азырақ салқындай болады (Ғ. Мүсірепов, Қазақ солдат)* [111]. Ноғай тілінде аз-аздан, аз-маз сөздерінің көркем мәтінде қолданысы: *Аз-аздан мунынъ акылы йыйылып, эси ашылды* [65, НРС: 41]. *Межиттинъ карт юреги тагы да бек куьлпилдеди, коьзлери куьлемсирей берип, юзи де аз-маз яркырап кетти* [112, 16]. Сонымен қатар қарақалпақ пен ноғай тілдерінде қолданылмайтын, тек қазақ тілінде ғана кездесетін жалпылаушы семасына сәйкес келетін *азбынша* және *азбеніш* сөздері бар.

Азбынша сөзі жергілікті ерекшелік ретінде – *азғана, азғантай* деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Замандас екеуіңізге жіберген бұл азбынша сәлемдемемді қомсынбай ала тұрыңдар* (С. Жүнісов, Ақан сері) [107, ҚӘТС:119].

Азбеніш сөзі *талшық, нәпақа* яғни *азын-аулақ табысы, күнкөрісі, ораза ашары* мағынасында қолданылады. Мәселен, *Оның алданышы, азбеніші – ораза ашары; оның қуаты, қуанышы – үш-төрт қарғасы: үшеуі – еркек, бірі әйел бала* (Ж. Аймауытов шығ.) [107, ҚӘТС: 119].

Аз сөзіне қарсы мәндегі аз емес, біраз, біршама мағынасын білдіретін қазақ тіліндегі *аз тола* жергілікті ерекшелігі бар. Қарақалпақ тілінде осы мағынаны білдіретін *азымшық* сөзі қолданылады.

Аз тола *– біраз, аз емес, едәуір* мағынасын беретін жергілікті ерекшелік. *Бұл жөнінде кеншілер отрядының бастығы Чангамен сырласқанымызда ол өз коллективінің аз тола табыстары жөнінде әңгімелеген еді* (Қаз. Тілі. Диалек. сөздігі) [107, ҚӘТС: 108].

Азымшық – қарақалпақ тіліндегі бірталай, аз емес, біраз, тәуір мағынасында жұмсалатын сөз. Мысалы: *Биз бул жерге азымшық мийнет еткенимиз жоқ (Ө. Хожаниязов).*

Былшыйған деп бетинди,
Азымшық емес сын тақты («Қырқ қыз») [52, ҚТТС: 34].

Азакай – ноғай тілінде аздап, сәл-пәл, азғантай, біршама мағыналарын береді. Мысалы: *азакай беруьв – дать немножко.*

Аз* сөзінің тағы бір семасы – *азаю, кему. *Бір нәрсенің азаюы, саны кему, шағындала түсуі.* Мәселен, қазақ тіліндегі көркем мәтіннен мысал келтірсек: *Самай тамыры лып-лып соғып, көз жанарының оты азайды (Дүкенбай Досжан, Ине ұшындағы өмір)* [111]. Қарақалпақ тілінде: *Жумыстың түри көп болған менен ислейтуғын адамлардың саны азайып баратыр* (Т. Қайыпбергенов) [52, ҚТТС: 31].

Аз* сөзінің келесі бір семасы – *азу, арықтау, ару, жүдеу*.** Қарастырылған үш тілде де *азу* семасы қолданылады. Бұл сема бастапқы *аз* – мөлшердің аздығы мағынасынан дамыған. Бір нәрсенің азаюы, сарқылуы нәтижесінде адамның жүдеуі, әлсіздену, азып-тозуы мәнін тудырған. Денсаулықтың не күш-қуаттың, тамақтың я болмаса материалдық дүниенің азаюы адамның да азаюына, арықтауына әкеліп соғады. Адамның арықтауы организмнің еттен арып, салмақтың азаюынан болатыны белгілі. Мұндай адамды сипаттағанда *арық, арықша келген, азғындау* жігіт не қыз деп қолданамыз. Ноғай тілінің түсіндірме сөздігінде берілген мағынасы: *Азып-тозып кетув* – азу, арықтау; Қарақалпақ тілінде де жиі қолданылатынын мақалдан аңғаруымызға болады: *Ауырса ким азбайды, Жарлы болса ким тозбайды.* Қазақ тілінде аза беретін, салмақ қоспайтын адамға *азғақ* тілдік бірлігі қолданылады: «Азғақ*** – жүдеп-жадағыш, азғыш. *Азғақ* сөзі адамға не жан-жануарларға қарата айтылады: Қыс көзі қырауда мал азғақ, жер оңғақ емес пе? («Жыл он екі ай»)» [107, ҚӘТС: 119].

Аз* сөзінің тағы бір семасы – *жолдан таю, адасу ұғымын білдірсе, уақыт өте келе мағынасы кеңейіп *рухани адасу, моральдық құлдырау* мағынасын дамытқан. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде бұл мағына *азғындалу, бүліну* яғни адамгершіліктен таю мағыналарына дейін кеңейген. Бұл мағынасы кейбір түркі тілдерінде (құмық) де кездеседі. Қарақалпақ тіліндегі *азған* сөзі «*азған* – айныған, ауған, өзгерген, бузылған. *Фашист – адамнан азған жабайы*

жыртқыш, қанға құмар залым (Қ. Досанов)» мағынасын береді [52, ҚТТС:42]. Қазақ тілінде де осы мағынада қолданылады.

Азған адам – тура жолдан тайып, жаман әдет не қылыққа әуес болған адам. Сол бұрыс әрекеті үшін халық та оған жаман баға береді. Азған, азғындалған адамның өмірі түбі жақсылыққа бармайды. Халық ондай адамның бей-берекетсіз өмірін *азып-тозып кетті, азғындалған өмір* тіркестері арқылы сипаттайды. Ы.Алтынсариннің «Азған елдің хандары» өлеңін де мысалға алуға болады. Адам басына түскен белгілі бір қайғылы оқиға, сынақтар салдарынан да азып-тозып кетуі, арып, азып жүдеуі де әбден мүмкін. Хакім Абайдың «Сегізаяқ» өлеңінде де осы мағынасы қолданылған:

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.

Азбыт – тілімізде *азғырту, айныту* мағынасында қолданылатын көне сөз. Мәселен, *Азбытпа, ханым, күннен соң, Сіздің естен кеткенмен, біздің естен кеткен жоқ (Жиембет жырау)* [107, ҚӘТС: 119].

Адам баласы азғындалғанда, бойындағы адами қасиеттерінен айрылғанда ашу мен ыза-кекке, ұрыс-төбелеске жақын бола бастайды. Осы сипатты білдіру үшін қарақалпақ тілінде *азыуласу* сөзі қолданылады. Қарақалпақ тілінде *азыуласыу* – айқайласу, ұрысу деген мағынаны білдіреді. Мәселен:

Хеш уақта шошқа шошқаны,
Азыуласып жарған емес (Бердақ) [52, ҚТТС:45].

Төмендегі кестеде аталған қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің түсіндірме сөздіктері негізінде *аз* сөзінің түрлі мағынасын сипаттайтын тілдік бірліктерді «Кесте 3» жинақтап көрсеттік:

Кесте 3 – *Аз* сөзінің үш тілдегі қолданысы

Қазақ тілінде:	**Қарақалпақ тілінде:**	**Ноғай тілінде:**
Аз-аздан, аз-аздап	Аз-азлап	Азакай (чуть-чуть, немножко), аз-аздан
Аз сан, аз шама	Аз сан, аз муғдар, аз сандағы	Аз сан
Аз-маз, аз-мұз, аз-көп, аз-мұздаған, азы-кем, азды-кем	Аз-маз, азыу-көби, азы-кем,	Аз-маз
Азғана, азғантай	Аз ғана	Азганакай
Аздап, аздай, азды-көпті	Аздай, аздан, азлап, азлау	азлап
Аздаған, азырақ	Азлау, азырақ	
Азшылық		Азшылық, азлық
Азын-аулақ, азынауық	азынаулақ	
Азай	азайыу	Азаюв, азай
Азайт, азайтқыз, азайтқызу, азайтқыш, азайттыр, азайттыру, азайту, азайтушы, азайтыл, азайтылу	азайтыу	Азайтув, азайттырув, азаюв, азайта беруьв
Азғын, азғында, азғындату, азғындық	Азғын, азғынлау	Азгын
Азғыр, азғыру, азғырғыш	Азғырыу, азғыртыу	Азгыртув, азгырув, азгырувшы
Аздыру, аздырып-тоздыр	аздырыу	Аздырув, аздыртув

Кесте 3 жалғасы

Азсын, азсынғандай	азсыныу	Азсынув
Азып-тоз, азып-тозу	азыу-тозыу, азып-тозу	
Азған	азған	
Азбеніш		
Азбынша		
Азбыт		
Азғақ		
Азын-шоғын		
Азыңқыра		
Азырқан, азырқану		
Аздан соң		

Кестеден ортақ түбірлердің тіл дамып, түрлі құбылыстан өтіп, сөздік құрамы ауысқанымен, тілдегі негізгі генетика-семантикалық кодты сақтайтын өзексемадағы түбірдің мағынасы өзгермегенін байқауға болады.

Қорыта айтқанда, қарастырылған үш тіл бойынша *аз* сөзінің семантизациялануы түрліше көрініс берді. Қазақ тілінде *аз* лексемасы – 1) аз, шағын, 2) арықтау, 3) азғындалу, 4) адасу, 5) жыл басы секілді семаларды айқындайды. Қарақалпақ тілінде де қазақ тілімен бірдей семалар қолданылады. Тек *жыл басы* мағынасы жоқ, бұл қазақ халқының ұлттық дүниетанымы негізінде қалыптасқан сема деп тұжырымдаймыз. Ал ноғай тілінде *аз* сөзінің мағынасы кеңейіп 1) рахат, ләззаттану жаңа мағынасын тудырған. *Аз* сөзінің мағыналық дамуы барысында қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі семантикалық аясы сөзжасамдық тәсіл негізінде *азбыт, азы мен тозы, азғындалу, адасу, аз тола, азбеніш, азбынша, азғақ, азымшық* секілді тілдік бірліктермен толысқан. Бұл қатарға ноғай тілінде ғана қолданылатын *азакай* сөзін қосуға болады.

«Ай» ортақ сөзінің семантизациялануы

Ай – түркі тілдерінде кең таралған және көпмағыналы сөздердің бірі. Негізгі мағынасы – аспан денесі ретінде Жердің ең жақын табиғи серігі.

М. Қашқаридың «Түрік сөздігінде» *ай* туралы былай дейді: «1. Ай: тоқ сары реңді жібек киімнің бір түрі. 2. Ай: Aj bitiki: Ай(лық) жазба (айлық дәптер); әскерлердің аты-жөні мен тамағы жазылатын дәптер» [1, 68].

Көне түркі сөздігінде (ДТС) бес түрлі мағынасын көрсеткен: «aj – 1. Месяц, луна. 2. Шелковая ткань оранжевого цвета. 3. Межд. Эй, о, ах, ай. 4. Ajim – слуга. 5. Говорить, рассказывать – aca aj – aj te – говорить» [105, 25].

Э.Севортянның этимологиялық сөздігінде үш түрлі мағынасы сипатталған: «1. Луна; 2. Месяц; 3. Металлическое изображение луны на одежде шамана – як; 4. Перен. красавица – уйг, алт» [108, 99].

Ғалым Ә. Қайдардың зерттеуінде *ай* сөзінің түркі тілдерінде он түрлі мағынасы анықталған: **«ай** [*aj*] I луна, месяц; *айдын* < *ай+дын* лунное освещение; светлая ночь; ***ай** II (необозримое, безбрежное пространство; необитаемое): *айдала, айтақыр*; ***ай** III (нечто грозное, внушительное, важное, величавое); *айбат, айбын;* **ай** IV межд., выражающее недовольство, возражение, обращение; ***ай** V (нечто круглое, кольцеобразное): *айлан*, айнал; ***ай** VI (синкр.

говорить, сказать что-л., вымолвить || оклик). Ср. др. -тюрк. *Aj – говорить, рассказывать; ай>айт-I*; ***ай** VII (синкр. разводить, раздвигать; отделять, отводить, отстранять: *айыр;* ***ай** VIII (нечто изменчивое, склонное к переменам): *айны*; ***ай** IX (нечто перекрещивающееся; раздвоенное, развернутое в обе стороны): *айқар, айқас*; ***ай** [*aj*] X (нижняя, конечная часть чего-л.): *аяқ.*» [6, 171].

«Хұсрау мен Шырын» поэмасының сөздігін жасаған А. Ибатов шығармада *ай* сөзі зат есім мағынасында 133 рет және етістік мағынасында 312 рет кездесетінін жазған. Зат есім ретінде үш түрлі мағынасын көрсеткен: «1. *ай - Булыт йаңлыг кітіб тоз ай ачылды* – бұлт тарап, ай ашылды. 2. *сұлу, көрікті – Ол айны көтерүб Шабдіз учты* – ол сұлуды көтеріп Шабдіз ұшты. 3. *ақ дене - Булут йаңлыг сачын ай үзра йабты* – бұлт сияқты шашын ақ денеге жапты. Етістік ретінде *ай – айт, де* мағынасында қолданылған. *Мунұңтег айды ол сөз* – ол мынадай сөз айтты» [7, 29].

Хорезмидің «Мухаббат-наме» еңбегінде *ай* сөзінің қолданылуын төмендегі жолдардан көруге болады:

Хәва узрә берүр шункаргә қуны,
Толун ай дек қылур бир қәтрә суны.

Түн ақшам ким көрүнди бәйрам айы,
Мухәммәд-Хожа бек дәвләт хумайы [109, 27].

Мұндағы *толун ай* – толған ай, *бәйрәм айы* – мейрам айы мағынасында.

Ай сөзінің этимологиясы туралы ғалым Б. Сағындықұлы мынандай болжам жасаған: «Бір буынды морфемалардың соңындағы т дауыссызы көп жағдайда сына й дауыссызына ауысып кеткен (т – й сәйкестігі). Осы себепті ай (түнде жарық сәуле беріп тұратын планета) зат есімі ат формасынан туындаған» [11, 214].

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде екі түрлі мағынасы берілген: «1. Астр. Тәбият көриниси, белгили бир муғдар ишиндеги түнге жарық берип турагуғын аспан кеңислигин дедене. 2. Уақыт, мүддет, белгили бир муғдар аралығы. *Ай сайын* – хәр айда, айма-ай, тынбастан, арасын үзбей» [52, ҚТТС: 38].

Ноғай тілінің түсіндірме сөздігінде үш түрлі мағынасы сипатталған: **«**ай – 1. Луна, лунный: *ай тувгаи* – луна взошла, *ай басы* – новолуние, ай басы; *ай ярыгы* – лунный свет; 2. Межд. Ой, эй; 3. Месяц: ай сайын, он эки ай» [65, НРС: 31].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бес түрлі негізгі мағынасы көрсетілген: «Ай – зат. 1. Түнде жарық сәуле шашып тұратын аспан денесі. 2. Астр. Жерге ғарыштағы ең жақын ғаламшар. 3. Зат. Діни. Ислам дінінің ай орағына ұқсас символы [мұсылмандардың Меккеден Мединаға жасырын қоныс аударған түніндегі ескі айдың көрінісі]. 4. Ай – қаратпа сөз мәнінде біреудің көңілін аудару үшін айтылатын одағай: *Ай, ағалар, ағалар, Ер қолынан мал тайса, Өзен суды жағалар (Қамбар батыр)*. 5. А) Күшейту мәнін білдіру үшін айтылатын демеулік шылау: *Жамандар өтірікші өсегі көп, Ел-жұрттың іріткі салар арасында-ай (Сүйінбай)*. Ә) Таңырқау, таңдану, қуаныш сияқты әртүрлі сезім

күйін білдіретін демеулік шылау: *Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп, Ойлама отсыз, ойсыз, суық жан деп (Абай)»* [107, ҚӘТС:133].

Жоғарыдағы ғалымдардың ғылыми зерттеулері, көне түркі тіліндегі және үш тілдегі түсіндірме сөздіктер негізінде *ай* сөзінің семаларын «Кесте 4» арқылы көрсеттік:

Кесте 4 – *Ай* сөзінің семалары

Р/с	**Семалары:**	**Қазақ тілі**	**Қарақалпақ тілі**	**Ноғай тілі**
1.	Аспан денесі, ғаламшар	+	+	+
2.	Ислам дініндегі символдық мағына	+	+	+
3.	Одағай сөз (қарату мәнінде)	+	+	+
4.	Демеулік шылау	+	_-	-_
5.	Уақыт, ай	+	+	+
6.	Әдемі (ауыспалы) (ұйғ.)	_	_	_
7.	Шаманизмге қатысты семасы (як.)	_	_	_
8.	Тоқ сары реңді жібек киімнің бір түрі (көне)	_	_	_

Сөздікте берілген анықтамалар негізінде *ай* сөзінің мазмұнын құрайтын семаларын былайша жіктеуге болады:

1. Өзексемасы (интегралды) – аспан денесі.
2. Даралаушы (дифференциалды) семасы – уақыт.
3. Даралаушы (дифференциалды) семасы – ислами символдық белгі.
4. Даралаушы (дифференциалды) семасы – көмекші сөз: шылау.
5. Даралаушы (дифференциалды) семасы – одағай.

«Ай» сөзі үш тілдің ұлттық санасына сіңіп, халықтың көрнекі-бейнелі ойлау әрекетінде абстрактіленіп, қайта өңделіп түрліше боялып жаңа лексемалар тудырып, семантикалық аясын кеңейткені фразеологиялық қордан айқын көрінеді.

Айдың мерзімдік мағынасын білдіретін *ай қараңғысы, ай жарығы, айдың аманында, ескі ай, ескі айдың он төрт жаңасы, жаңа ай, ай отырып туды, ай сайын, ай артынан ай өтті, ай жарым болды, ай жарым шамасында, айы жетті* – тұрақты тіркестері ассоциативтік заңдылықтар негізінде туындаған.

Айға ұмтылды, айға ұшты, айға қолы жетпеді, айға шапты, айға қарап шабынды, айды аспанға шығарды фразеологиялық тіркестерінде *ай* сөзінің жаңа бір семасы – *қол жетпес нәрсе, биік деңгей* айқындалады.

Ай жүз, ай мен күндей, әмбеге бірдей, ай қабақ, ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, ай маңдай лексемалары арқылы көбіне әйел адамға қатысты, оның сұлулығын, әдемілігін сипаттауда қолданылады. Бұл қолданыстардан айдың тағы бір семасы – *сұлулық, әдемілік, көркемдік* екенін аңғаруға болады.

Ай қарады, ай қарап жүру – бостан-басқа, текке жүру семасы.

Айы оңынан туды – жолы болу, мақсатына жету семасы.

Ай қасында шолпандай – тіркесінде жарасымдылық, үйлесімділік семасы.

Ай бетінен кіріп, күн бетінен шықты – көне. ай көрінген кезден бастап күн шыққанға дейін шайқасу;

Айға қарап шабынды – аспанға шапты, шапшыды;

Айға қолы жеткендей – бейне бір кемеліне жеткендей, болып-толып отыру;

Айдан анық – айқын, ап-анық*;*

Айды аспанға шығарды – жетер жеріне жеткізді; *айдың аманында* – тыныш, сап-сау отыру*;*

Ай мүйізді, аша тұяқты – төрт түлік малдың ішіндегі жылқыдан басқасы айтылады [113, ҚТФС:133].

Сөздің мағынасын дамытудың бір жолына мағына ауысуының метафоралық, метонимиялық, синекдохалық тәсілдері жатады.

Мұндағы *ай билейді, ай шомылды, ай сәулесі дірілдейді* қолданыстары адамға тән іс-әрекетті сипаттап тұр. *Айдың* билей алмайтыны, шомыла алмайтыны, дірілдей алмайтыны бәрімізге түсінікті, тек айдың сәулесі көлдің бетінде толқынмен бірге тербеліп, дірілдеп, қозғалғандай әсер беретінін бейнелі түрде жеткізіп отыр. Бұл қолданыста адамның іс-әрекеті айға телініп, ауыспалы мағынада қолданылып тұр.

Мағынаның ұқсату заңы арқылы дамуына Абайдың мына өлең жолдарын мысалға келтіруге болады:

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай

Кісімсінер жұлдыз бен ай қолданысында адамның мінез-құлқын, менмендік, өзімшілдік секілді қасиеттерін жансыз нәрсеге беру арқылы кейіптеген.

Күн жиылып ай болды, он екі ай жыл,
Жыл жиылып, қартайтып, қылғаны – бұл.

Күннің жиналып ай болуы – уақыттың өтуін бейнелі түрде сипаттаудан ауыспалы мағына туындаған.

Айдың жарық қасиетіне шамды ұқсату арқылы бейнелі жеткізуді келесі өлең жолдарынан көре аламыз:

Ұқсаған көктегі ай асқан шамға,
Аспанға бейне шоқтан басқан таңба (Т. Айбергенов).

Мұндай *ай* сөзімен қатысты мағына ауысу заңдары қарақалпақ пен ноғай тілдерінде де кездеседі. Ноғай тіліндегі көркем шығармадан мысал келтірсек: *Енъил каиғы коьлеткеси тоьселген шымдаиˇкара коьзли, <u>янъы тувган яс аидаиˇ</u> болып кыиылган ярасык кара каслы, аз-маз тартыла келген ап-ак юзли, толкынласып оьрилип, оькшелерине еткен эм каралыгыннан иылтырап турган шашлы, шынар терек боилы эм бир увыс белли, тостакаиˇ тоьсли Малек оьзининъ тенълери арасында, <u>юлдызлар арасындагы аидаиˇ болып</u>, аиырылатаган эди* [112, 20]. Қыздың сұлулығын, сезімнің сұлулығын айға теңеу арқылы сипаттаған. Осы секілді *ай* сөзімен келетін фразеологизмдер ноғай тілінде көптеп кездеседі: *ай ман куындей* – баскалық барын билдируьв; *ай балтадынь сабындай* – узын бойлы; *ай кабак, алтын кирпик* – сылув, ыспайы; *ай медет сени* – оькинип; *ай муыйиз* – тирев, коьмек; *айга талпынув* – шалымлы

болув, уьмитленуьв; *айдай авызы, куьндей коьзи бар* – сылув, ыспайы; *айдай сылув* – сылув.

Қарақалпақ тіліндегі *ай* сөзімен келетін фразеологизмдер*: айға шабыу* – өршелесиу, жулқыныу, көтерилиу, бетерлениу, хәкислениу; *ай киби* – айдай арыу кемиссиз, күндей сулыу, көркем, сымбатлы.

Ай сөзінің негізгі мағыналарын анықтап алған соң, төменде *ай* сөзінен туындайтын қосымша, туынды мағыналарын зерттеп көрдік. Аспандағы айдың анық көріну-көрінбеу сипатына қарай *айқын, анық, айқыш, айнадай, айбар, айқындау, анықтау, анықтама, айғақ* секілді семалар қалыптасқан.

Ай – әрдайым қозғалыста болатын аспан денесі болғандықтан осы қозғалыс, айналу функциясынан мотивтенген жаңа семаларды тудырған. Оларға *айналу, айналым, айналыс, айналғыш, айналдыру айналыс, айналысу* семалары жатады.

Ай – уақыт семасы бойынша отыз күндік мерзімді білдіре отырып, тілде мынадай бірліктерді тудырған: *айлық, айлап, айына бір рет, он екі ай, айлап-жылдап, бір ай дегенде* т.б.

Қарақалпақ тілінде жүз, келбет мәнінде *ай көкси* лексикалық бірлігі қолданылады. Мына бір өлең жолдарынан да көруге болады:

Елимиз әзелден мәртлер мәканы,
Тыңларда теңселер ақ буудай кәни,
Ай көксин желписе жеңис байрағы,
Атызда ақ алтын өмирдиң сәни (Т. Сейтжанов) [52, ҚТТС: 46].

Ал келбеті келіскен, сұлу да сымбатты, көркем жүзді жанға *ай киби* тіркесін қолданады. Бұл тіліміздегі *айдай сұлу, айдай көркем, ай секілді ару* тіркестерімен мағыналас келеді. Қарақалпақ халық жырларынан мысал келтірсек:

Он төрттен тууған *ай киби,*
Келер саллана-саллана,
Тумағалы кумай киби
Келер саллана-саллана [52, ҚТТС: 46].

Ұлттық ойынымыз *Айгөлек* қарақалпақ халқында да бар. Мәселен:

Айгөлек, айгөлек,
Айдан басқа не керек,
Айдан артық қыз керек [107, ҚӘТС: 46].

Сонымен қатар балалар жасырынып ойнайтын *айкөрмек/айгөрмек* ойыны қарақалпақтарда кең таралған.

Мешити *айкөрмектей,* тас қараңғы зулыумет,
Киргенди соқыр қылар қамап, қараңғы торына [52, ҚТТС: 46].

Қазақ тілінде *айға шабу* фразеологизмі *қол жетпеске ұмтылу, босқа далақтау* мағынасын береді. Мысалы: Айласыздың батыры *айға шабады* (мақал). Ал қарақалпақ тілінде *айға шабыу* фразеологизмі *жұлқыну, өршілесу, көтерілу, ашуланып кету* мағынасында қолданылады. Мысалы:

Халық ғазабы *айға шапса* сендеги,
Айға шаптың арыслардай ақырып (Қ. Айымбетов) [52, ҚТТС: 46].

Қазақ тілінде «*жалғыздықтың айы өтті*» тіркесі қолданылады. Осындағы *айы* сөзі тек тіркес құрамында ғана белгілі бір мағынаға ие болады.

Ғалым Ә. Нұрмағамбетов өз зерттеуінде тіркестегі *айы* сөзінің шығу төркініне тоқталады: «Орхон-Енисей жазуында: айын – қорқу, қауіптену (ДТС), мағынасында сақталса, қазіргі түркі тілдерінің ішінен туваларда: айыылдаг – қауіпті, ал айыыл – қауіп деген мағыналарды береді. Осы деректерге сүйене отырып, «жалғыздықтың айы өтті» деген тіркестен «жалғыздықтың қорқынышы (қаупі) өтті» сияқты түсінік алуға болады [114, 13]. Демек тіркес құрамындағы *айы* сөзі *ай* сөзінен шығып, ол жаңа *қауіп, қорқыныш* семасын айқындап тұр.

Қарақалпақ тілінде *айдай күтиу* тіркесі асығыстықпен күту, шыдамсыздықпен күту, шыдамастан күту мағынасын береді. Мысалы: *Бул аз дегендей, енди Сапардың келиуин айдай күтип жүрди* (К.Султанов) [52, ҚТТС: 50]. Қазақ тілінде *айлап күту* тіркесін қолданамыз. Бірақ бұл тіркесте күту бірнеше айға созылғандығын көрсетеді. Мәселен: *Тегін медициналық қызмет алу үшін тұрғындар кезекті айлап күту керек.*

Ноғай тілінде *айлы болув – бала коьтеруьв* сөзі қолданылады. Мұндағы айлы болу сөзі – әйел адамның жүктілігін яғни өзіне тоғыз ай бойы құрсағындағы сәбидің жауапкершілігін алғандығын, тоғыз ай бойы жүктілікпен жүретіндігін білдіретін сөз екен.

Қарақалпақ тілінде *айғабағар* деген сөз бар. *Айғабағар* – айға, күнге қарап өсетін егіннің бір түрі. *Айғабағардай* – айғабағар сияқты, айғабағарға ұқсаған. Мысалы: ... нурлы сәулеге ашық *айғабағардай* еки жастың жамалы жарқ етип ашылды (К. Султанов) [52, ҚТТС: 47].

Қазақ тілінде де қарақалпақ тілінде де *айқұлақ/айқулақ* сөзі бар. Алайда мағыналары бірдей емес. Қазақ тіліндегі *айқұлақ* та екі түрлі семасы бар: 1. Сортаң, сорлы жерде өсетін өсімдік; 2. Ойын түрі. *Айқұлақ* – жаз мезгілінде балалардың қасқыр-ит-қойшы-қой болып ойнайтын ойын түрі. Мысалы: *Айқұлақты* ойнау үшін кешке таман жұрт аяғы басылған соң көп балалар жиналып, өздерінің арасынан үш баланы шығарады: бірі – қасқыр, бірі – ит, бірі – қойшы (Е. Сағындықов, Қазақтың ұлттық ойындары) [107, ҚӘТС:152]. Қарақалпақ тілінде *айқулақ* сөзі екі түрлі мағына білдіреді. Олар: 1. Нұр және су тамшыларынан пайда болатын жарты ай тәрізді атмосфералық құбылыс. 2. Адамдардың, жан-жануарлардың құлағының артқы сүйек формасы. Мәселен, қарақалпақ халық ертегісінде мынадай жолдар кездеседі: *Текениң сақалының астында уйқылап жатқан бир ғаррының көзине бир айқулақ түседи.* Сонымен қатар *айқулақтай* сөзі де қолданылады. Бірақ мағынасы (айқулаққа усаған, яңлы) айқұлақ секілді дұрыс емес, жаңылыс, оғаш, бұрыс яғни дұрыс емес нәрсені білдіретін теңеу ретінде жұмсалады. *Дөнди гилем ғейде тауыс пәриндей. Аспандағы айқулақтай қубылды* [52, ҚТТС: 52].

Қарақалпақтарда *айқулаш* деген ойын бар. Бұл ойынды балалар да ересектерде ойнай алатын ескі ойындардың бір түрі. Қарақалпақ халық жырларында:

Айқулаш, айқулаш,
Айға қарап қулаш аш,
Айдан басқа ким керек,

Айдан артық қыз керек.

Кейбір ортақ сөздердің мағыналары бір болғанымен сөз формасында дыбыстық өзгерістер де кездесіп жатады. Мәселен, қазақ тіліндегі *ақыру* сөзі қарақалпақта *айқырыу* деп қолданылса, *айнала* сөзі қарақалпақ тілінде *айлана*, *айналма жол* сөзі *айланба жол, айланшық, айланыш* болса, *айналу, айналшықтау, айналысу, айналдыру* сөздері *айланысыу, айлану, айланшықтау, айландырыу* түрінде кездеседі. Қарақалпақ халқында мынадай нақыл сөз бар: *Айланышта болса жол жақсы, жаман да болса қыз жақсы.*

Қарақалпақ тілінде *айлау* лексикалық бірлігі ат жарысының белгілі бір шамадағы шауып келетін немесе шауып өтетін жер өлшемі. *Мысалы: еки айлау, бес айлау т.б.* Қазақ тілінде бұл сөз кездеспейді.

Ай сөзінен тараған тағы бір тілдік бірлік – *аймандай.* Қазақ тілінде *аймандай* және *аймаңдай* сөздері қолданылады. *Аймандай: беті аймандай болды* – масқарасы шықты, ұятқа қалды, абыройы айрандай төгілді мағынасын білдірсе, *аймаңдай – ақыл-ойы толысқан, айрықша, дарынды* дегенді білдіреді [107, ҚӘТС: 160]. Ал қарақалпақ тілінде *аймандай* – тап-таза, пәк, теп-тақыр, теп-тегис мағынасын сипаттайды. Мысалы: *Үйдиң дөгереги аймандай, тап-таза етип қойылды* [52, ҚТТС: 57].

Қазақ тіліндегі *айшық* сөзінің қазақ әдеби тілінің сөздігінде алты түрлі мағынасын көрсеткен: 1. Жаңа туған жарты ай; 2. Мешітке, мазардың басына орнатылатын жарты ай; 3. Жарты ай етіп безендірілген сырға; 4. Малдың құлағына салынатын ен, таңбаның түрі; 5. Жерг. Жүгеннің сулығына бекітілген тежеу темір, шығыр; 6. Ауысп. Мәнерлі, бейнелі сөз [107, ҚӘТС:185]. Ал қарақалпақ тілінде тек бір мағынада қолданылады: *айшық* – бұрынғы уақытта қыздардың сән үшін кеуде тұсына тағатын әшекей заттарының бірі. Мысалы: *Қубылжытып нағыс ойған алқымдағы айшық сүйек, Суйнементтей сауры бетке омыраудан түсти құлап* (И.Юсупов) [52, ҚТТС: 63].

Қарақалпақ тілінде бір айлық уақытты *айшылық* деп атап, бір ай шамасында жететін жол *айшылық жол* деп қолданады. Мысалы: *Айшылық* жолды атлаған, Қара торы тулпары («Қырқ қыз») [52, ҚТТС: 63]. Қазақ тілінде *айшылық* деп *өте алыс, шалғай* қашықтыққа қатысты қолданады. Мысалы:

Өнер-білім бар жұрттар,
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды (Ы. Алтынсарин) [107, ҚӘТС:186].
Жалқауға от басы – *айшылық жер* (мақал).

«Айы» сөзі – қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің үшеуінде де белгілі бір уақытты, мезгілді білдіреді. Дегенмен қарақалпақ тілінде қосымша тағы бір мағынасы бар. *Айы* – жағдайы, шамасы, тағдыры, адамдар арасындағы қатынас деген мағынаны да береді. Мысалы:

Шаршады, айы алынды,
Булдырап алды көзиниң (Б. Қайыпназаров)
Халықтың хан алды айын,
Дәртлер күн сайын уласып (Бердақ) [52, ҚТТС: 63].

Ноғай тілінде *айдан* сөзі екі түрлі мағынада қолданылады: 1) асықтың ойыс жағы; 2) ауыспалы мағынасында – үстемдік, басымдық; Ноғай халқының мақалы: *Асығы айдан турды – жеңіске жетті, жолы болды* мағынасын білдіреді. Қазақ тіліндегі *асығы алшысынан тұрды* тіркесімен мағыналас келеді.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде *айтақыр* сөзі қолданылады. Негізгі мағынасы – *жазық жер, тақыр, шөпсіз*. Көркем мәтінде қолданылуынан мысал келтірсек: қазақ тілінде – *Айтақырда* отырып, тас қорғанның ішіндегі алтын тақыттан дәмету, бір қарағанда есерлік сияқты (Ә. Кекілбаев «Үркер») [107, ҚӘТС: 178]; қарақалпақ тілінде – *Ушы айтақыр – ушы қыйры менен шет-шеберине көз жеткисиз, Шелпеклиниң даласы* (Ө. Хожаниязов) [52, ҚТТС, 60]. Негізгі мағынасымен қатар қарақалпақ тілінде *айтақыр* сөзі *жоқшылық, кемтарлық* мағынасында да жұмсалады.

Қарақалпақ тіліндегі *ай-пай* сөзі – *тездету, олай-бұлайына қарамау; айпап-жайпау* сөзі – *бүлдіру, жайпап тастау; айрақ-тайрақ* сөзі – *қалай болса солай, ретсіз* мағынасын берсе, қазақ тіліндегі *айпай-жайпай, айпап-жайпап* сөздері – *қырып-жойып, апырып-жапырып, қырату* мағынасын білдіреді.

Ай сөзінен туындайтын келесі бір жаңа мағына – *айдын*. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде *айдын* сөзінің этимологиясы қарастырылған: *«Айдын* – бұл сөз *ай + түн > айтүн > айдын* болып қалыптасқанға ұқсайды. Түбір сөздегі т (түн) дыбысының д-ға айналуы оны қоршап тұрған дыбыстардың әсерінен болса керек, ал ү дыбысының ы-ға ауысуы, біріншіден алғашқы компоненттегі а дыбысының жуандығына қарай үндесу болса, екіншіден, ерін үндестігінің соңғы буында әлсіздену ініен болар деп топшылаймыз» [115, ҚТҚЭС, 24].

Тұрмыста жиі қолданылатын, жеңіл әрі арзанқол жұқа матаны *шыт* мата дейміз. Қарақалпақтарда шыт матаның бір түрін *айдынлы* деп атайды. Шыт матаның нақышы, өрнегі бар әдемі түрі болғандықтан көбіне қыз-балалар басына тағады. Мысалы: *Турдыгүл айдынлы көйлегиниң жеңи менен көзин сыпырды* (Т. Қайыпбергенов) [52, ҚТТС: 52].

Ай сөзінен туындайтын келесі бір жаңа лексема – *айналайын, айнанайын.* Қазақ және қарақалпақ тілдерінде де үлкен кісінің өзінен кіші адамды айналып-толғанып, ерекше жақсы көргенде айтылатын сөзі. *Айнанайын, аппағым, Қозы жүнли қалпағым (Қ.Айымбетов)* [52, ҚТТС: 57]. *Айналайын сөзі* туралы Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде Ә. Диваев зерттеулері бойынша мынадай дерек келтіреді: «баяғы кезде ескі әдет бойынша ауру адамды емдеу үшін оны айналдыра жүріп, өзін құрбандыққа шалатынын білдіреді екен, кейін құрбандыққа мал сойып, оны жарлыларға я айналадағы кісілерге үлестіріп беретін болған. Бара-бара бұл сөз өзінің негізгі мағынасынан айрылған: қазір біреуді еркелету, жұбату мағынасында жұмсалатын болған. Айналайын сөзінің түбірі айналу етістігі екендігін айналып кетейін, айналайын сенен деген тіркестер дәлелдей түседі» [115, ҚТҚЭС: 24].

Қорытындылай келе, *ай* сөзі қыпшақ тілдеріне ортақ лексема бола отырып, мағыналық жақтан дамып, семантизацияланып жаңа мағынаға ие көптеген тілдік бірліктерді тудырған. Олардың қатарына *айғабағар, айқулаш, айдын, айналайын, айшық, ай көкси, ай киби, айлы болув* секілді т.б. лексемаларды жатқызамыз.

Туындаған жаңа мағыналардың барлығы да *ай* сөзінің жалпылаушы мағынасы негізінде жасалған. *Ай* сөзі семантизациялануы арқылы 1) *мекендік семасы, 2) уақыт семасы, 3) сұлулық, 4) биік, қол жетпес нәрсе семасы, 5) көмекші сөз ретінде адамның түрлі эмоциясын көрсететін сема, 6) ислам дінінің символы* ретіндегі семаларын қалыптастырған. «Ай» сөзінің семалық көрсеткіші «аспан денесі» деген лексикалық мағынаға негізделіп, бертін келе қоғамдық сананың көрнекі-бейнелі ойлау нәтижесінде *ай > ай тәрізді символ > айналу> ай (уақыт семасы)* секілді семаларының қайта өңделіп, әуелгі зат мағынасының жаңа қырынан танылып, жаңа туынды семалар тудырған. Қазақ тілінде қарақалпақ пен ноғай тілдеріне қарағанда семантикалық тұрғыдан жақсы дамығанын мысалға келтірген тілдік бірліктер дәлелдеп отыр.

2.3. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі *айт, ақ, ал* ортақ сөздерінің семантизациясы

«Айт» ортақ сөзінің семантизациясы

Айт – түркі тілдерінде бірдеңені айту іс-әрекеті мен айт мерекесін білдіретін сөз. Ғалым Ә. Қайдардың зерттеуінде *айт* сөзінің екі түрлі мағынасы көрсетілген: «**айт**-[ajt] I 1) сказать, говорить; 2) межд., выражающее понукание (напр., коня); науськивание (собаки). **айт**-[ajt] II ар. Религ. мусульманский праздник» [6, 173].

Э. Севортян өз сөздігінде жалпы түркі тілдері бойынша *айт* сөзінің он бір түрлі семасын анықтаған: «Формы *ейт-, әйт-*, чув. *ыйт* – из *айт* под влиянием *-й.* 1. Говорить; 2. Петь (хак.); 3. Называть, именовать, нарекать (уз. як.); 4. Звать, приглашать (уз.); 5. Велеть, указать (алт., тув.); 6. Отвечать (як.); 7. Судить (кир.); 8. Произносить речь (тур. тур. диал.); 9. Позволять говорить (чув.); 10. Просить (чув.); 11. Доносить (як.)» [108, 112].

Ғалым Е. Қажыбеков зерттеуінде *айт* етістігі туралы мынадай пікір айтқан: «видимо, в эпоху Махмуда Кашгари в ait как известно, «содержание понудительного залога давно уже «выветрилось». Именной коррелят к древнейшему глагольному значению сохранился, по всей вероятности, в казах. *Ajt-ujt/ajt-üjt*» [12, 130].

М. Сабыр өз зерттеуінде *айт* түбірін жалпытүркілік өлі түбір ретінде қарастырып былай дейді: «Қазақ тілінде *айт* сөзін диахрондық тұрғыдан екіге ажыратуға болады: *ай* өлі түбір, *т* өзгелік етістіктің жұрнағы. Ай тұлғасы «айт, де» мағынасында ескерткіштерде қолданылған: *Мунуңтег айды ол сөз* «Ол мынадай сөз айтты» [Мұхаббат-наме, 33в1]. Осы түбірден туындаған айғучы (айтушы), айыт (айт, сөйлес), айытур (айттыр) сөздері де бар [16, 130].

А. Ибатовтың «XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі» монографиясында: «айт – сөйлеу, сөз арқылы ой-пікірін білдіру. Біздің уруғ уруғымызға дуға алқыш айта турсун /ТҚ-49/ біздің үрім-бұтағымызға дұға алғыс айта жүрсін. С.Е. Малов «Кутадғу-білікте» айт сөзінің тек қана «говорить» емес, «заставить говорить, спрашивать» деген мағынада да айтылғанын ескерткен. А.К. Боровков Орта Азия тефсир тілінде оның «заставить говорить, спрашивать»

мағынасында қолданылғанын келтірген. Осы мағына айт сөзінің әуелгі мағынасы болса керек деген ойға келеді» – деп пікір білдірген [106, 63].

Тарихи ескерткіш Хорезмидің «Мухаббат-наме» шығармасында да *айт* сөзі қолданылған: әввәл көрүшканин айтур (1),

Айытсун бәндә Хорезми дуалар,

Кәрәмдин хәр зәмин қылған әталар (2) [109, 33].

Ескерткіште *айт* сөзі қимылдық мағынасында жұмсалған.

Б. Сағындықұлы *айт* сөзінің этимологиясы бойынша *ай* сөзінен шыққандығын айтады: «т-й сәйкестігі көне *ай-* (говорить, рассказывать) формасын да өмірге келтірген. Мұның қазақ тіліндегі баламасы – айт. Зерттеушілердің бір ауыздан айтқан пікірі бойынша, өзгелік етістің -т жұрнағы қыпшақ тілдерінде түбірге сіңісіп кеткен» [11, 215].

Қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінде *айт* сөзінің үш түрлі мағынасы қарастырылған: «айт – 1. Діни. Оразадан ауыз ашқаннан кейінгі мұсылмандардың ұлы мейрамы. 2. Од. Итті біреуге немесе бір нәрсеге айтақтату, өршілендіру үшін айтылатын сөз: «Айт, Алыпсоқ, айт!» деген кезде қасқыр адам айбатына шыдай алмай тұра жөнелді (Ғ. Мұстафин «Дауыл»); 3. Сөзбен ой-пікірді білдіру, ауызша сөйлеу » [107, ҚӘТС: 172].

Қарақалпақ тілінің жеті томдық түсіндірме сөздігінде екі мағынасы көрсетілген: 1. Байрам, мереке, той-тамаша. 2. Фейилдиң буйрық түри: сөйле [52, ҚТТС: 59].

Ноғай тілінің сөздігінде екі түрлі семасы берілген: айтув (айт) – 1. Говорить, высказывать, высказываться; 2. Притча, поговорка [57, НРС: 31].

Жоғарыдағы көне түркі тілі туралы ғылыми еңбектер мен түсіндірме сөздіктер негізінде жалпы *айт* сөзінің төрт түрлі семалары анықталды: 1) айту етістігі; 2) айт мерекесі; 3) ноғай тіліндегі астарлы әңгіме, мақал (притча, поговорка); 4) одағай мағынасы.

Айт сөзінің лексикалық мағынасын микрокомпоненттерге жіктесек:

1. Өзексема – қимылдық мағынасы.
2. Даралаушы семасы – айт мерекесі.
3. Даралаушы семасы – астарлы әңгіме.
4. Даралаушы семасы – одағай мағынасы.

Мұндағы семалардың негізінде мағынаның дамуы барысында түрлі жаңа семалар қалыптасқан әрі олар бір-бірімен тығыз байланысты күйде дамыған. Тілімізде *айт* сөзінің қимылдық мағынасының өрісіне енетін көптеген тілдік қолданыстар бар. Мәселен, Абай шығармаларының өзінде айту сөзіне қатысты түрлі қолданыстарды кездестіруге болады: *сөз айту, ақыл айту, арыз айту, ашу айту, басу айту, дау айту, дұға айту, зат айту, иманын айту, күш айту, өлең айту, сәлем айту, сыр айту, тауып айту, тоқтау айту, ұрлық айту* т.б.

Айт сөзінің бір мағынасы – айт мерекесімен байланысты екендігі жоғарыда айтылды. Айт сөзі арабтың «әл-ид» сөзінен «қайту, оралу», «бір-бірін қуанту», хәл сұрасу» мағыналарын білдіреді. *Айт* – мұсылман халқының ұлы мерекесі. Ислам дінінде екі түрлі айт мерекесі бар. Бірі – *құрбан айт*, екіншісі – *ораза айт*. Айт сөзінің мағынасы Жаратушы Алла Тағала бұйырған отыз күн тамақтан тыйылғаннан кейінгі ауыз ашу (ораза айт) және Қағбаны тауап

жасаумен қажылықты аяқтау, құрбан шалынған мал етін тарату рәсімдерімен байланысты қалыптасқандығын ислам ғалымдары атап кеткен. Қасиетті Рамазан айы аяқталған соң мұсылмандарға таңертең мешітке барып айт намазын оқу парыз етілген. Айт мерекесі үш күнге созылады, ораза айт күндері пітір садақа беріледі. Құрбан айт ораза біткен соң жетпіс күннен кейін басталады. Бұл да үш күнге созылып, адамдар ата-баба рухына арнап құрбандыққа мал сояды. Әдемі киініп, дастархан жайылып, бір-біріне айтқа құтты болсын айтып, айттық сұрап, қонаққа барады. Бұл – туыстық қарым-қатынасты жақсарту, ашу-араздықты жеңіп, татуласу, қателіктерін кешіру үшін жасалатын рәсім. Бұл күндері *Айт құтты болсын!, Айт мүбәрак болсын!, Айттан-айтқа аман-есен жете берейік! Құрбандық қабыл болсын! Айттың жақсылығы бірге болсын!* секілді жақсы тілектер айтылады.

Айт пен той халықты қуанышқа бөлеп, көңіл-күйін көтеретін мереке. Абай өлеңдерінде *айт пен той* тойлайтын халықты сынайды. Мәселен, «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінде:

Жас баладай жеңсік қой,
Байлаулы емес ақыл, ой
Ойлағаны – айт пен той,
Ыржаң-қылжаң ит мінез, – дей келе, той-томалақты тойлаудан гөрі білім іздеп, ақыл-ойды дамытудың маңызын түсіндіруге тырысады.

Негізгі мағыналарымен қатар үш тілде де *айт* сөзінен туындайтын туынды мағыналары да бар. Үш тілдегі түсіндірме сөздіктер негізінде салыстыру жүргізіп тілдің даму барысында қалыптасқан түрлі жаңа, туынды мағыналарын төменде талдап көрсеттік.

Қарақалпақ тілінде *айтажақ* сөзі қолданылады. Айтажақ – *айтатыны яғни бұрыннан айтуға дайындап жүргені* деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Айтажақ сөзин бирден айттырмаған соң Атамурат дөслеп албыраса да, соң өзин бийледи* (Т. Қайыпбергенов). *Патша қылышын шабыуға таярлап, айтажақ сөзинди тезирек айт, - дейди* (қарақалпақ халық ертегісінен) [46, ҚТТС: 60]. Бұл мағынада қазақ тілінде *айташақ* сөзі қолданылады. Айташақ – айтуға тиісті сөз. Қазақ тіліндегі *Алашағым кетсе де, айташағым кетпесін* мақалын мысалға келтіруге болады. Қарақалпақ тілінде *айтажақ* сөзіне синоним ретінде *айтар, айтарлық, айтатуғын, айтайын деген, айтыу керек* тілдік бірліктері қолданылады. Мәселен:

Келипсиз батыр булманға,
Айтарлығың бар ма ханға? – деп бир сауал қойған екен [52, ҚТТС:60].

Айтарлық сөзі Абайдың қара сөздерінде де кездеседі: *Тілеуді Құдайдан тілемей, пенденен тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшесін әпер демек ол Құдайға айтарлық сөз бе...* [107, ҚӘТС: 178].

Айт-айттау сөзі қазақ тілінде айттау, айтшылау мағынасында қолданылады. Мысалы: Өткен жылғы ораза айтындағы айтқа қарағанда, биылғы айт-айттауға халық көп жиналды (Алматы ақшамы) [107, ҚӘТС: 177].

Айт сөзінің одағай семасы негізінде дамыған *айтақ* сөзі тілімізде қолданылады. Айтақ – ит қосқанда айтылатын сөз. Мәселен, Бір бала «Құттөбет,

айтақ, айтақ!» деп, жұлқына жүгіріп шықты (Ә. Қалдыбаев, Біздің от). Сонымен қатар, *айтақ* сөзі *біреуді біреуге айдап салу, арандату* үшін де қолданылады. Мысалы: Елдің осынша Жәукені жұлмалаудағы мақсаты Омарды айтаққа еліртіп, Оспанға салу еді (С. Торайғыров, Шығ.) [107, ҚӘТС: 177]. Осыдан келіп тіліміздегі *айтақта, айтақтау, айтақтату, айтақшы* семалары өрбіген.

Тіліміздегі *айт-үйт* лексикалық бірлігі *ештеңеге қарамау, ештеңеге көңіл бөлмеу* мағынасында жұмсалады. Мәселен, *айт-үйт жоқ, бас салды*. Осы тіркес туралы Ә. Нұрмағамбетов «Бес жүз бес сөз» еңбегінде мынадай ғылыми тұжырым жасайды: «Айт-үйт жоқ», «айт-үйтке қарамай» – қос сөзіндегі жұмбақ сыңар «үйт» сөзінің мағынасы «айт» сөзінің төңірегінен табылатындығы байқалады. Якут тілінде – ыйыт – сұрау, сұрап білу. Чуваш тілінде дәл осы мағынада тек «үйт» дыбыстық құрамында ұшырайды. Егер біз «айт-үйт жоқ» деген сөз тіркесін қазіргі тұрғыда қазақшаласақ, «айту-сұрау жоқ» болмақ. С.Малов «үйт» сөзін «айттың» дыбыстық варианты деп жорамал жасайды» [114, 12].

Қарақалпақ тілінде де *айтар ауыз* сөзі қолданылады. Мәселен, *Ақсақалдың еситер қулаққа айтар ауызға уят бул сөзинен пүткил халық жеркенди* [52, ҚТТС, 61]. Қазақ тіліндегі *айтар ауыз бар, тыңдар құлақ болса* және *айтар бір ауыз сөз* тіркестерімен мағыналас келеді.

Екі тілде де *айтар-айтпас* сөзі қолданылады. Қарақалпақ тіліндегі мағынасы – *екі ойлы болу, күмілжіп, іркіліп қалу* мағынасында қолданылса, қазақ тілінде – *асығыстық, тез арада болған жайт* мағынасын білдіреді. *Сөзін аяқтамай жатып орнынан тұрып кету, айта сала шығып кетті*. Мысалы: *Осы сөзді айтар айтпас сырттан көліктің дауысы естілді.* Қарақалпақ тіліндегі көркем шығармадан үзінді: *««Аға» деп гүмилжип айтар-айтпастан... (Б.Исмайлов)*» [52, ҚТТС:61].

Қарақалпақ тіліндегі *екі ойлы болу* мағынасын қазақ тілінде *не айтарын не айтпасын білмеді* тіркесі білдіреді. Қазақ тіліндегі айтылған не айтылатын сөз мағынасындағы *айтым* сөзі қарақалпақ тілінде де бар. Мағынасы – той-беташарда, қыз-жігіт отырыстарындағы айтыстың түрін және қайтыс болған адамға жоқтау айтуды *айтым* деп айтады. Мысалы: – *Қәне, айтым айтатуғынларыңыз бар ма?* («Әмиудәрья» ж.) [52, ҚТТС:63]. Қазақ тілінде:

Маған алтын-ғазиз жырым бар бір айтым.
Бояу емес сарайыңды бояйтын (Қ.Бекхожин, Әппақ-наме) [107, ҚӘТС:181].

Тіліміздегі жергілікті ерекшеліктерде қолданылатын *айтын* сөзі айту, сөйлеу, сөзбен жеткізу мағынасын білдіреді. Мысалы:

Айтарың болса айтынып қал!
Бүгін емес қашаннан
Айтынып жүрмін әр жерде,
Дүние талап құмарлап (Ақжан ақын) [107, ҚӘТС:181].

Қарақалпақ тілінде де *айтыныу* сөзі қолданылады. Түсіндірме сөздіктегі мағынасы былай көрсетілген: 1. Өз-өзінен сөйлениу, өзи менен өзи болыу. 2. Кеулиндеги зарын шығарыу, дебдиуин басыу, иштеги дәртти тарқатыу. Мысалы:

Екеуи де жүрегиндеги қайғы-шер хәсиретин хәм сарсық дебидиуин айтынып жылады (К.Султанов) [52, ҚТТС: 63].

Қарақалпақ тілінде той, мереке, той-тамаша, той-томалақ сөздерін *айтыу-байрам* деп те қолданады.

Ноғай тілінде *айтылган* сөзі тіліміздегі *атақты, танымал* мағынасын білдіреді. Мәселен, *айтылган йигит* – атақты жігіт; *айтылган уста* – танымал ұста. Ал қарақалпақ тілінде атақты адамды *айтыулы* деп атайды. Мысалы:

Толыбайдың Нәдири,
Айтыулы ең атақты,
Палуанлардың бири еди (А.Дабылов) [52, ҚТТС: 62].

Айтушы – қазақ тілінде, *айтыушы* – қарақалпақ тілінде, *айтувшы (такпак айтувшы, эртеги айтувшы)* түрінде – ноғай тілінде кездеседі. Негізгі мағынасы – сөз иесі, айтатын адам. Қарақалпақтарда «*Айтыушы ақыллы болса, тыңлаушы да дана болады»* мақалы қолданылады. Ауыспалы мағыналары бойынша қазақ тілінде – сөз аңдыған адамды да *айтушы* десе, қарақалпақтарда – той-мерекенің хабарын жеткізуші адамды да *айтушы* деп қолданады. Мәселен: *Айтушылар қоя ма өсек-аяң, Тағы күндеу, тағы бір тілі шаян* (К.Әзірбаев, Таңд. Шығ.) [107, ҚӘТС: 180].

Қарақалпақ тілінде *айтқандай, айтпақшы, айтпашақ, айтып қалдырғандай, айтыуынша* сөздері көбіне кіріспе сөз ретінде қолданылады. Бұл қолданыстар қазақ тіліндегі *айтпақшы, айта келе, айтқандай* сөздерімен мәндес. Ноғай тіліндегі *айт* сөзінен жасалған қаратпа сөздердің мағынасы:

- *айтадылар* – айтуынша, айтуына қарағанда: *Айтадылар, бу ерлерде уыйкен сувыклар болмайды – айтуынша бұл жерлерде қатты суық болмайды* [65, НРС: 30].

- *айтпага* – атап айтқанда: *Сол кишкей болмаган ерде, айтпага, абаза, абхаз, адыгей, тюрк-монгол, шеркеш эм сондай баска коьплеген топонимлери бар* [116].

- *айтувына коьре* – айтуына қарағанда: *Онынъ айтувына коьре, тек журналистлер ямагатка региондa этилинетаган баьри ийги затлары акында билдиредилер* [116].

Қарастырылып отырған үш тілде де *айттыру/айттырув/айттырыу* сөзі қолданылады. Ноғай тілінде *хабар айттырув* – біреуден хабар беру*; кыз айттырув* – құдаласу, қыз айттыру; *айттырувшы* – қызға қалыңмал төлеп, құда түсуші жақ. Қазақ тілінде де бұл мағыналар сақталған, ертегіден мысал келтірсек: *Баласы ертеңіне тағы да кемпірді ханның қызын айттыруға жібереді* [107, ҚӘТС: 179].

Айтыс, айтысу, айтыстыру сөздері үш тілде де кездеседі. *Айтыс* өнері үш ұлттың мәдениетінде де бар. Сондықтан да онымен мағыналас тіркестер, ортақ сөздердің болуы қалыпты нәрсе.

Айт сөзімен жасалған мағыналас мақал-мәтелдер де көп. Мәселен, ноғай тілінде: 1. *Айткан соьз – аткан ок*. 2. *Ойнап айтсанъ да, ойлап айт;* Қазақ тілінде: *1. Айтар сөзді айт, Айтпас сөзден қайт; 2. Айтпаса сөздің атасы өледі* және т.б.

Ноғай тіліндегі *айт* сөзімен келетін фразеологизмдердің мысалы:

1. Айт айтарынъды, шыгар шайтанынъды – жасырмай айту. Мысалы: *Энди сен, Зарманбет, айт айтарынъды, шыгар шайтанынъды, кайтып болды мундай хате*.

2. Айт деп – тез, шұғыл. Мысалы: *Ана биреў Аписар бир кагытка тасада айт деп бир затлар язып ятыр эди*.

3. Айткан соьз (-ди) кулагынынъ кырыннан (йиберуьв) – тыңдамау, мән бермеу. Мысалы: *Каратайдынъ кедеси айткан соьзди кулагынынъ кырыннан йибереди*.

4. Айткан соьз – аткан ок. Мысалы: *Соьйлегенде абайлап айтпага керек, неге десе айткан соьз – аткан ок дейдилер*.

5. Айткан ерден йырак – айтылған нәрсеге қатысты қауіп білдіру, оның болғанын қаламау. *Айтылған жерден алыс болсын! Құдай сақтасын!* Мысалы: *Бир элде от туьсип, дуныядынъ агашлыгы, аслыгы янып соьнипти, дейдилер, айткан ерден йырак*.

6. Айтканга келмев – ортақ тіл таба алмау, келісімге келе алмау. Мысалы: *Курпайдынъ анасы айтканга келмеди* [117, НРФС: 20-21].

Қарақалпақ тіліндегі *айт* сөзімен келетін фразеологизмдердің мысалы:

1. Айта жүргендей – мақтауға тұрарлық, ең жақсы адам немесе зат.

2. Айтқан жерден шығыу – көңілдегідей, ойындағыдай болу.

3. Айтқанынан танбау – сөзінде тұру;

4. Айтқан жерден шықпау – көну, тыңдау;

5. Айтқанынан таныу – өз сөзінен бас тарту;

6. Айтқанынан шықпау – біреудің сызығымен жүру, айтқанын орындау;

7. Айтқанынан қайтыу – келісу, айтқан сөзді тыңдау;

8. Айтқанынан қайтпау – өз дегенін жасау [50, ҚТҚФС: 37].

Қазақ тіліндегі *айт* сөзімен келетін фразеологизмдердің мысалы:

1. Айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұр – ойлағаны орындалып, дегені болып тұр;

2. Айтқызбай-ақ біледі – бірден түсіне қою;

3. Айтқанын екі етпеді – дегенін бұлжытпай орындау;

4. Айтқанына көніп, айдауына жүру – дегенін бұлжытпай істеу;

5. Айтқаны көкірегіне кірмеді – түсінбеу, миына қонбау;

6. Айтсам, аузыма қарақ қан толсын – ләм-мим демеу;

7. Айтуға аузы бармады – біреуге айтуға болмайтын әңгіме туралы;

8. Айтулы көкжал – аты шулы, белгілі;

9. Айтушы ердің ұстасы – шешен сөйлейтін адам;

10. Айтылған сөз, атылған оқпен тең – тауып айтқан уәж өңменінен өтеді, қайтып сұрау жоқ деген ұғымда жұмсалады [113].

Тұжырымдай келе, *айт* ортақ сөзінің негізгі семалары үш тілде де ұқсас. Тек ноғай тіліндегі *1) притча, поговорка* мағынасында ғана айырмашылық бар. Алайда негізгі мағынасы ортақ болғанымен, контекстте, прагматикалық қолданыстарында, фразеологиялық тіркестер мен паремиологиялық қорда *айт* сөзінің семантикалық тұрғыда дамып, көптеген жаңа мағыналарда жұмсалатынын жоғарыдағы тілдік бірліктерден көрдік.

«Ақ» ортақ сөзінің семантизациялануы

Ақ – түркі тілдеріне ортақ, кең таралған түбір. *Ақ* ортақ сөзінің мағыналық өзгерістерін бағамдау үшін, алдымен көне түркі тіліндегі қолданысын қарастыру қажет. Осы мақсатпен ғалым М. Қашқаридың тарихи сөздігіндегі *ақ* сөзі туралы берілген анықтамаға зер салсақ: «АҚ: ақ, бірнәрсенің ағы. Өзге түрік ұлыстары ақбоз атты *Ақ at* – ақ ат дейді. АҚ: ақ. *Ақ saqal er*: Ақ сақал ер – Ақсақал адам, сақал-шашы ағарған адам (Оғызша)» [1, 111].

Көне түркі сөздігінде (ДТС) төмендегі мағыналары анықталған: «I. 1. Белый; 2. Презренный, достойный пренебрежения; 3. *Aq saj* – геогр. наименование местности; *aq terak* – геогр. название переходи через реку; *aq termal* – геогр. Название реки. 4. *-haq*; 5. *Aq saqal* – старец, почтенный человек. II. 1. Течь, истекать; 2. Перен. вторгаться, нагрянуть (о врагах)» [105, 48].

Ғалым Э. Севортянның сөздігінде *ақ* сөзінің алты мағынасы талданған: «1. Белый; 2. Чистый (прямо и переносно); 3. хак; 4. ағар (турк) – 1) белеть, становиться белым; 4) делать хорошим – сюг; 5. а) течь, протекать, вытекать; 6. а) течение: ағым, ағыс, ағынды өзен, ағын, ағыл-тегіл» [108, 120].

А. Ибатов «Хұсрау мен Шырын» поэмасында *ақ* сөзінің сын есім ретіндегі *ақ түс* мағынасы 20 рет және етістік ретінде *ақ, ағыл* мағыналары 20 рет қолданылғанын жазған. *Тегірмак бар өңінда ақ етар ун* – диірмен бар өңіңді ұнмен ақ етер. *Йаш орнынға көзіндін қанлар ақты* – жас орнына көзінен қандар ақты [7, 31].

Ғалым Ә. Қайдар зерттеуінде *ақ* сөзінің жеті түрлі мағынасын көрсеткен: «**ақ** [*aq*] I белый; перен. молочные продукты и др. ***ақ** [*aq*] II (имитатив: нечто белое): *ақи<ақ+ый* смотреть злобно, сверкая белками; **ақ** [*aq*] III течь, ***ақ** [*aq*] IV (отпускать, освобождать, дать волю): ағыт<ақ+ыт развязывать, расстегивать. ***ақ** [*aq*] V: *ақтар<ақ+тар*-ворошить, перебирать; перелистывать; перерыть. **ақ** [*aq*] VI ар. 1) истинный; 2) невинный; Ср. *қақ*; ***ақ** [*aq*] VII: ақта<ақт+а синкр. кастрировать, производить кастрацию (лошадей, верблюдов)//кастрат, кастрированный (конь, мерин, атан)» [6, 170].

Б. Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» еңбегінде: «ақ – зат есім, сын есім, етістік, шылау бола алатын, бес түрлі ұғым беретін омоним түбір. Әсіресе, етістік ретінде туынды, ауыспалы мағыналары жан-жақты дамыған. *Ақ* етістігінен семантикалық-функционалдық трансформация (конверсия) тәсілі арқылы *ақ* сын есімі пайда болған, абстракцияланып түсі ақ заттармен тіркесе келе ақ мағынасын беретін зат есім туындаған» [11, 206-208]. Тұжырымға сәйкес, ғалым қазақ тіліндегі ақ сөзімен байланысты мағыналардың бәрі де әуелгі етістік тұлғасының дамуының нәтижесінде пайда болған деген пікірді ұсынған.

Е. Қажыбеков өз зерттеуінде *ақ* туралы мынандай пікір айтқан: «именной коррелят *aq* в значений «проточный», «быстротекущий», «текущий», «барханный» вошел в состав некоторых географических названий: ақ құм – «барханные пески», ақ су – «реки, питающиеся водой от таяния горных снегов», ақдала – «барханно-грядовой песчаный массив», т.е. степь с движущимися песками и др.» [12, 131].

М. Сабыр *ақ* түбірін қыпшақтық өлі түбір деп атап, ол туралы былай дейді: «*Ақ* сөзі қазақ тілінде әрі есім, әрі етістік болып тұрғанмен, орта ғасыр жазба ескерткіштерінде ерекше мағыналары бар. Мысалы, *йоққа ағғай* (жоғары көтерілуші). *Аг* түбірінің семантикалық өрісі аса кең екендігін тарихи жазба ескерткіштер деректерінен байқауға болады. Мынадай ерекше мағыналар қолданылған: 1) «көтеріл» деген мағынада: *ай йоқару ағар* (ай жоғары көтерілер); 2) «тік тұр» деген мағынада: *Мени көруп йини ағды* «мени көріп қасқырдың түгі тік тұрды, қатты қорықты»; 3) «шық» деген мағынада: *Зұлқарнайын Қаф тауына шықты*» [16, 139].

Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде көптеген ауыспалы мағыналары берілген: 1. сын. Қардың, сүттің түсіндей аппақ түс. 2. ауыс. Адал, кінәсіз, жазықсыз. 3. зат. жерг. әк. 4. зат. Хақ. 5. Күшейту, талғау мағынасындағы демеулік шылау; 6. ет. Судың өз арнасымен төмен қарай жылжуы [107, ҚӘТС: 218].

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінен төрт түрлі мағынада қолданылатынын байқауға болады: 1. Аппақ, гүриштей, жақсы, таза. 2. Хақ, хадал, жаманлығы жоқ, кеулинде гирбиңи жоқ. 3. Ағарған, асқатық. 4. Дақ, гирбиң кир [52, ҚТТС: 57].

Ноғай тілінің сөздігінде (1963) он түрлі мағынасы сипатталған: «ак – 1. Белый – *ак балшык, ак турп, ак явлык*; 2. Седой – *ак шашлы;* 3. Бледный – *ак айрандай* – очень бледный; 4. Бельмо – *ак туьсуьв* – появление бельма на глазу; 5. Белок – *юмырткадынъ агы*; 6. Перен. чистый, незапятнанный – *ак коьнъили* – чистосердечный, *ак суьек, акты карадан айырып билмев;* 7. Истина, правда – *ак соьз;* 8. Право – *сениъ не акынь бар ды?* 9. Плата, оплата, вознаграждение: - *акын беруьв* – платить; *кыйын ак* – плата за труд, зарплата, заработок; 10. Цена, стоимость: *акы ие?* – сколько стоит?, *акын арттырув* – повышать цену» [65, НРС: 32]. Сонымен қатар 2024 жылы жарияланған Nogay Türkçesi Sözlüğü-інде (НТС) сүт өнімдері мағынасы да қосылған. Aq bolgan uide bereket bar [68, 29].

Жоғарыдағы еңбектер негізінде *ақ* сөзінің семаларын «Кесте 5» топтастырдық:

Кесте 5 – Ақ сөзінің семалары

Р/с	***Ақ* сөзімен байланысты тілдік қолданыстар**	**Мағыналары:**
1.	*Ақ*	түр-түсті білдіретін мағынасы: ақ көйлек, ақ қағаз т.б.
2.	*Ақ*	қазақ тілінде: *жұмыртқаның ағы,* ноғай тілінде: *юмырткадынъ агы;*
3.	*Ақ*	шылау мағынасында: *сен-ақ ақылды екенсің осы!*
4.	*Ақ/ағарған*	сүт өнімдері: қазақ тілінде – *ағарған, айран-сүт*, қарақалпақ тілінде – *ағарған, асқатық,* ноғай тілінде – *суьт, ак* деп аталады.
5.	*Ақтар*	қазақ және қарақалпақ тілдерінде патша үкіметін жақтаушы әскерді айтады.
6.	*Ақ кебін, ақ жамылу*	қазақ тілінде *ақ кебін, ақ жамылу – ақірет кебіні* мағынасында жұмсалады.

Кесте 5 жалғасы

7.	*Ақ/хақ*	адал, таза, шындық, көңілінде жаман ниеті жоқ адам. *Ақ адам – кінәсіз, таза* адам мағынасында үш тілде де қолданылады. Қарақалпақ тілінде осы *ақ, хақыйқат, хадал, таза, пәк, жақсы* мағынасын беретін *ақдур* сөзі де қолданылады.
8.	*Ак*	*дақ, кир, гирбиң* (қарақалпақ тілінде). Сонымен қатар қарақалпақ тілінде *ақ* сөзінің *таза* мағынасымен қатар керісінше қарама-қарсы *гирбиң, дақ, кир* мағынасы да қатар қолданылады. Мәселен: *дақ түсиу, кир түсиу, ақ түсиу.*
9.	*Ақ түсу*	ноғай тілінде – *ак шашлы, ак туьсуьв,* қазақ тілінде – *шашына ақ түсу, шашы ағару,* қарақалпақ тілінде – *ақ ениу, ақ түсиу, шашы ағарыу, бирең-сараң ақ шашлардың пайда болыу.*
10.	*Ақы*	адамның ақысы, адамның хақысы – қазақ және қарақлпақ тілдерінде қолданылады. Ноғай тілінде *акы* сөзі – бағасы, құны мағынасында жұмсалады. Акы ие? – бағасы қанша?
11.	*Ақи*	көзінде кемістігі бар адамды *ақи көз* адам дейді.
12.	*Ақта – ақталған*	*ақталған (кастрированный) жылқы (қазақ тілінде)* Ақта: көне және қазіргі түркі тілдерінде ақ – ағуды білдіреді. Ірі қараны кесу, пішу процесінде де аталық ұрықты ағызу сияқты мән жатыр. Олай болса, ақта сөзінің түбірі ақ (ағу) сөз соңында -та – жұрнақ. *Айналайын тарланым.. Бес жасыңа келгенде, Белдің қызығын көрсін деп Бес бедеуге салдырдым. Алты жаста ақтаттым, Аттай мұрнын танаттым (Ер Таргын).* Ноғай тілінде *ақтау, ақталған* мағынасында *азбаи* – піштірілген (кастрированный, холощёный) жылқы тілдік бірлігі қолданылады.
13.	*Ақ – әк*	*әк* мағынасында (қазақ тіліндегі жергілікті ерекшелік): үйді әктеу – үйді ақтау; *ақлау - ағартыу, хәклеу* (қарақалпақ тілінде)
14.	*Ақ, ақты, ағу*	Үш тілде де етістік ретінде *ағу* мағынасын береді: *судың ағуы, сұйықтықтың ағуы* т.б.

Зерттей келе, *ақ* сөзінің негізгі мағыналарын былайша жіктеуге болады:

1. Өзексемасы (интегралды): *Ақ – қимылдық мағынасы*
2. Даралаушы (дифференциалды) семасы: *Ақ – түс – заттық/сындық мағынасы;*
3. Даралаушы (дифференциалды) семасы: *Ақ – хақ – адал,таза мағынасы;*
4. Даралаушы (дифференциалды) семасы: *Ақы* – заттық мағынасы;
5. Даралаушы (дифференциалды) семасы: *Ақ* – шылау ретінде жұмсалуы;

Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі түрлі мағыналарын салыстыра келе, *ақ* сөзінің түсті білдіретін мағынасы себепші негіз ретінде көптеген жаңа мағыналарды тудырған әрі мағыналар арасындағы семантикалық байланысты сақтаған. Мәселен

1. *Ақ* түс мағынасынан тарайтын мағыналарды тізбектеп көрсек:

Ақ шаш, ақ түсу – шаш, сақал-мұрттың бозаң тартқан талшықтары.

Ағарған – айран-сүт, сүт өнімдері.

Ақ – әк – ақтау (әктеу).

Жұмыртқаның ағы – жұмыртқаның сарысын қоршап тұрған уызы.

Көздің ағы – көздің қарашығын қоршап тұрған бөлігі.

Ақ кебін кию – ақырет кебін.

Ақ сүйек – бай-ауқатты адам.

Ақ тасы – дойбының тасы, шахматтың фигурасы.

Ақ айрандай (бледный) – түсі аппақ боп бозғылт тарту (ноғай).

2. *Ақ – хақ* мағынасынан тараған қолданыстар үш тілде де кездеседі: *таза адам, жақсы адам, адал адам, шынайы адам – іс-әрекеті адалдыққа, шынайылыққа негізделген адам; ақ көңіл, ақ пейіл* – көңілінде еш арамдығы жоқ адам. Осы мағынада қарақалпақ тілінде ақдүр сөзі кездеседі: «Ақдур – ақ, хақыйқат, хадал, таза, пәк, хақ, жақсы, ең жақсысы. Мысалы: Талап ислеп тап дүньяны, Сүттен ақдур билсең аны (Бердақ)» [52, ҚТТС: 51].

3. *Ақ* сөзінің қимылдық семасынан туындайтын мағыналары:

ақ→ ***ағу*** *(судың ағуы)→* ***ағым*** *→* ***ағын*** *су →* ***ағынды*** *су →* ***ағыс*** *(өзеннің ағысы) →* ***ағыл-тегіл*** *(көп);*

ақ→ ***ағыту*** *(босату, жіберу);*

ақ → ***ақта*** *(ақтап алу/әктеу) → ақтар→ ақтару;*

→ ақтау (кінәсіз екенін дәлелдеу)

ақ → ақса →ақсаңда →ақсаңдау;

ақ → ағар → ағару;

→ ағарған (сүт өнімдері);

ақ → ақи →ақию;

ақ → ақыр → ақыру → ақыраю;

ақ → ақлан (тазар) → ақлану (тазару) (қарақалпақ).

Ақы – адамның не кез-келген нәрсенің ақысы, құны. Осы мағынасынан ноғай тіліндегі *акы ие? – бағасы қанша?* – баға, құн мағынасы тараған.

Қарастырылған үш тіл бойынша *ақ* сөзінің түрлі мағыналарын талдап көру арқылы мағыналық дамуын, семантизациялануы айқындалады. Ақ сөзімен қатысты түрлі тілек мәнді қолданыстар да бар. Мәселен, ноғай тілінде *Ак куьн тувсын!* тілек мәнді тіркесі қолданылады. Көркем шығармада қолданылуы: *Сав болынъыз келгенинъиз уьшин, амалларым. Ак куьн тувсын. Яхшы йол!* [117, НРФС: 23]. Бұл қолданыс қазақ тілінде де бар: *Ақ күн тусын! (Жолың болсын! Бағың ашылсын!), Ақ жол!.* Үлкендердің *ақ батасын беруі* жастардың жолын ашып, өмірін берекелі етеді. Сонымен қатар *ақ жарылқау* тіркесі қарастырылып отырған үш тілде де қолданылады. Мағынасы – *жақсылық, молшылық орнағандығын* білдіреді. Қарақалпақта *ақ жарылқап күн тууды* (Қ. Айымбетов), қазақ тілінде – *Ақ жарылқап күн туып, Күнде қызық болсын дер* (Базар жырау).

Мағыналық даму семантизациялану метафоралық, метонимиялық, синекдохалық тәсілдер арқылы да жүзеге асатынын айттық. Көбіне мақал-мәтелдерде, ақын-жазушылардың жеке қолданыстарынан кездестіруге болады. Мәселен, төмендегі мақал-мәтелдерден *ақ* сөзінің ұқсату, ауыстыру, ассоциациялық белгілер арқылы түрлі мағынада жұмсалғанын көреміз.

Метафора арқылы мағыналық дамуда бір ұғымның қасиеті екінші бір ұғыммен ауыстырылып қолданылады. Тілімізде *Аққа зауал жоқ* деген мәтел бар. Осымен мәндес *Аққа құдай жақ* қолданысы да бар. Мұндағы *ақ* сөзі тура түс емес, ауыспалы мағынада *тазалық, адалдық* туралы айтылып отыр. Осы секілді

1) *Ағын су жолын табады, Ақ адам оңын табады, 2) Ақ айланар, қара байланар* мақал-мәтелдерін мысалға келтіруге болады. Мәселен, *Жарлының аузы аққа тисе, мұрны қанайды* мақалы да метафораға негізделген. Кедей адамға жақсылық оңайлықпен бұйырмайды деген мағынада қолданылған. Мұндағы *ақ – жақсы нәрсе, молшылық, игілік, бақыт* деген ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. Сонымен қатар метонимиялық қолданыстар арқылы да *ақ* сөзінің мағынасы өзгеріске ұшырап, яғни іргелес, байланысты ұғымның атымен алмастырылады. Мысалы: *Бүгін таңертең ақ үй шешім шығарды* десек, мұндағы ақ үй – АҚШ-тың президент әкімшілігі деген мағынаны білдіреді. Мұндағы ақ үйдің ғимаратын емес, ондағы басқарушы адамдардың қабылдаған шешімі туралы алмастырылып айтылып тұр.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиялық еңбекте ақ сөзімен байланысты көптеген ұлттық танымды айқындайтын этномаркерлі тілдік бірліктерге анықтама беріліп, жан-жақты сипатталады. Мәселен, қазақы танымд*а ақ алып шығу* үрдісі – ауыл тұсынан өтіп бара жатқан көшке ауыл адамдары айран, қымыз, шұбат секілді ағарған өнімдерін алып шығатын болған. *Ақ ауыз адам* – өзіне берілген сыбағасынан, үлесінен алданып айрылып қалған адамға қарата айтылатын сөз. *Ақ болып кетті* – сауатын малдың мезгілінен бұрын су алып кетуі, сүтінің тартылуын айтады. *Ақ жайма* – төсектің үстіне салынатын ақ матадан жасалған бұйым. Тазалық сақталсын деген оймен жиі ауыстыруға арналған. *Ақ от* – мал жайылымында төрт-түлік күнделікті азықтанатын шөптесін өсімдікті жер [118].

Ж. Абитжанова «Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы» атты кандидаттық зерттеуінде *ақ* метафорасының концептілік өрісінде мынадай метафоралы диалектілерді көрсетеді: Аққөз – даңғой, алды-артын білмейтін (Торғай, Шевченко); Ақ көйлек – ақ көңіл аңқылдақ (Қостанай, Торғай); Ақ көкрек – ақ жүрек; Ақ шелек – ақ көңіл (Талд.обл); ақбас – түйе, жылқы ауруының атауы, аққауыз – жара; аққұлақ – қой, ешкіде болатын қотыр жара; ақтамғақ – түйенің іш ауруы; ақ болу – желік ауруы; ақбайтал, ақ айран, ақ басқын – үскірік боран (Арал, Кеген, Көкш) [119, 21].

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде *ақтаңлақ* сөзі қолданылады. *Ақтаңлақ* – әр жерінде ағы бар деген мағынаны білдіреді.

Ақтаңлақ кийк тауда бар,
Сәуирлетип айдауда бар.
Бүгин таңда бир сауда бар,

Жөнди соған бурып келдим (Қ. Ирманов) [52, ҚТТС:61]. Қазақ тілінде *аңтаңдақ* сөзінің бірнеше мағынасы бар*:* 1. Адамның денесіне ала-ала боп түсетін тері ауруы. 2. Қоңыр, қара т.б. түске ойдым-ойдым, теңбіл-теңбіл ақ араласқан түс атауы. 3. Таң атып келе жатқандағы немесе күн батып бара жатқан кездегі бозарыңқы шақ. 4. Белгісіз, ұмыт болған қандай да бір саяси, тарихи себептермен зерттелмей қалған қоғамның тарихындағы кезең, құбылыс: *тағдырдың ақтаңдақтары, тарихтың ақтаңдақтары т.б.* [107, ҚӘТС: 274].

Таң атар уақыт, сағым жерге жайыла баслаған уақытты қарақалпақ тілінде *ақсағым* деп айтады. *Таң гезинде ақсағымның, ойнағанын көрдиң бе сен*

(И. Юсупов) [52, ҚТТС: 75]. Қазақ тілінде бұл уақытты *таң шапағы, таң сәрі, таң атар шақ, таңғы арай, ақтаңдақ, қылаң бере бастаған шақ, алапат таң* секілді түрлі тіркестерді қолданады.

Қазақ тілінде де қарақалпақ тілінде де *ақ кіреуке* тілдік бірлігі қолданылады. Бірақ мағыналары бірдей емес. Мысалы қазақ тілінде *ақ кіреуке* - кеудесінде, арқасында, білек үстінде қорғаныс үшін жасалған ақ шарайналары бар, соғысқа киетін оқ өтпес сауыттың түрі [107, ҚӘТС: 220].

Күдеріден бау тағып
Ақ кіреуке киер ме екеміз!
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз,
Сауыт киер ме екеміз! (Ақтамберді жырау).

Ақ кіреуке қарақалпақ тілінің түсіндерме сөздігінде мағынасы былай көрсетілген: Аққиреуке – ақшыл, ақ сур. *Аққиреуке сауытым, Ысқатым деп кийгенмен, Үстимдеги ақ көйлек, Кепиним деп кийгенмен* (Қоблан) [52, ҚТТС: 71].

Қарақалпақ тілінде *аққуба* және *аққуақ* сөздері қолданылады. Мұндағы *аққуба* сөзі тіліміздегі *аққұба* сөзімен мағыналас. *Жүзи, келбети ақ, ақ рең* мағынасын білдіреді: *Тал шыбықтай бойшаң аққуба, шашы бөксесине түскен, жасы жигирма беслер шамасындағы бир хаял кирип келди* (Н. Бөрекешов) [52, ҚТТС: 72]. *Аққуба* сөзі секілді түсті білдіретін *аққуақ* сөзі қарақалпақ тілінде кездеседі. *Аққуақ* – ақсур, қансыз сур, әжептеуир мағынасында жұмсалады. Мысалы: *Есберген ашыуға буулығып ауыз жағынан қат-қат өжимли, аққуақланған арық бетлери жыбырласып* (К. Султанов) [52, ҚТТС: 72]. Ноғай тілінде *ақшыл, аққұбаша* түсті білдіретін *aq-qubaşa, aqsımal, aqşagala, aqşil, aqtorsiq* лексикалық бірліктері қолданылады [68, НТС].

Мәселен, *ақбас* сөзі қарақалпақтарда тек бір мағынада қолданылады. Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі мағынасы мынандай: «*Шөптиң түри, тикенсиз, ушында домалақ ақ үпилдириги гүлдей болып туратуғын өсимлик»*. Көзиме ақбас, жантақ, қарабарақ, сора шеңгелден басқа хеш нәрсе көринбеди (Ж.Аймурзаев) [52, ҚТТС:70]. Қазақ тілінде *ақбас* сөзінің бірнеше семасы бар: 1. Басы жара болып, төсі ісетін жұқпалы түйе ауруы; 2. Көпжылдық шөптесін өсімдік; 3. Ұйтқымалы жаяу боран (жерг.); 4. Сүйектен әшекейлеп жасалған ер (жерг.); 5. Өсімдік, жануар, құстардың ақ түспен араласып келетін түрлерінің аты [107, ҚӘТС: 47].

Ақ білек сөзі қазақ тілінде *жұмыр, сымбатты, күн шалмаған білек* мағынасын білдіреді. *Алқалаған жер болса, Атандайын алшаңдап, Ақ білегін сыбанған (Базар жырау)* [107, ҚӘТС: 216]. Қарақалпақ тілінде *ақ билек* лексикалық бірлігінің екі түрлі мағынасы бар: 1) *Толық, жумыры, ақ, сулыу* формалы билек; 2) Собықлылар туқымласына киретуғын, бийиклиги 40-70 см, көп жыллық денели жабайы өсимлик [52, ҚТТС:70].

Қарақалпақ тілінде *ақ бозлақ* сөзі қолданылады. *Ақ бозлақ* – аппақ, шырайлы, толық келбетли, ақ формалы, жақсы. Мысалы: *Ондағы Жийенгүл апай сулыушықтан келген, ақ бозлақ ашық маңлай, керме қастан келген келиншек еди* (Ж. Аймурзаев) [52, ҚТТС:70].

Қазақ тілінде *ақ* матаны *ақ сұрып* десе, қарақалпақ тілінде *ақ сүп* деп атайды екен. *Ақ шыт, ақ материал, ақ тауар* тіркестерімен мағынасы бір. *Ақ* матаның тағы бір түрін қарақалпақшада *ақатпа* – арқауына ақ жипек атып, қызыл жип пенен араластырып исленген шатыраш түріндеги шыт, тауар. *Ақатпа белбеуди жипек шапанның сыртынан бууып…* (А.Дабылов) [107, ҚӘТС:303].

Тілімізде *ақ* сөзінен жасалған топонимдер де көп. Басым көпшілігі *ақ* түс семасынан өрбіген: *Ақ → Ақдала → Ақсай → Ақ теректі→ Ақсу →Аққұм → Ақтермал → Ақтау → Ақтөбе →Ақтас → Ақкент →т.б.* Қарақалпақтарда *ақий* сөзі *жүдә бий, шер, өзин жоқары санайтуғын* адамға айтылады:

Астында бар торы аты,
Белинде гәухар полаты,
Болыстың қуйрық қанаты,
Ақсақалың ақий екен (Әжинияз) [52, ҚТТС: 71].

Қазақ тілінде *ақи* сөзі екі түрлі мағынада жұмсалады. Олар: 1) көзі ежірею, ажыраю; 2) әкіреңдеу, едіреңдеу. Мысалы: *Адамға тіке қарағанда, сау көзі шарадай жанып тұрғанда, екіншісі ақиып үрей шақырғандай тым сұсты көрінетін* (Р. Райымқұлова, Түйелі адам) [107, ҚӘТС, 245]. Ал тіліміздегі *ақикөз* сөзі 1) *қитар, шапыраш* және 2) ауыспалы мағынасында *бұзық, тентек, басбұзар* мағыналарын білдіреді. Мәселен: *Ақикөз ағайындары адамнан айбынбаса да тым құрыса Құдайдан қорқып жүрсін* (Қ.Жұмалиев, Тағдыр) [107, ҚӘТС, 245].

Қарақалпақ тілінде осыған ұқсас *ақкөз* сөзі *гөдек, аңқау, хадал, хеш нәрсе көрмеген* адамға қарата қолданады. Мысалы: *Мундай ауыр ақкөз батырларды сол замандағы Хийуа ханы Испандияр хан өлтирткен* (Қ.Ирманов) [52, ҚТТС: 71]. *Ақ көз* – жүдә бий шер, өзин жоқары санайтуғын адам. Мәселен: *Астында бар торы аты, Белинде гәухар полаты, Болыстың қуйрық қанаты, Ақсақалың ақий екен* (Әжинияз) [52, ҚТТС: 52]. *Ақлы* – ағы бар, дақ түскен, көзиниң гүли бар. *Бердақ айтар дағлы екенин, Залымларға бағлы екенин, Бир көзиниң ақлы екенин, Ғәрип-қәсерге пана бер* (Бердақ).

Қарақалпақ тілінде *ақайыу* етістігі қолданылады. Мағынасы – *ширениу, шери шығыу, қайқайыу, писент етпеу, менсинбеу.* Қазақ тілінде *ақырай* етістігі қолданылады. 1. Көзін ақшиту; 2. Ауысп. едіреңдеу, әкіреңдеу; Мысалы: *Шіреніп ат үстінде ақырайып, Рүстемге көзін тігіп шатынатқан* (Т. Ізтілеуов, Рүстем) [107, ҚӘТС: 303]. Ноғай тілінде *акаюв, акыйту* лексикалық бірліктері *жақтырмау, көзін ақшитып қарау, ұнатпау* мағынасын білдіреді.

Қарақалпақ тілінде біздегі немерені білдіретін баласының немесе қызының баласын *ақлық* деп атайды. *Бердақ Жиием жыраудың ақлығы Өтеш шайыр мен заманлас дос болған* (И. Сағитов) [52, ҚТТС: 73].

Қарақалпақ тілінде *ақ түйе* сөзі жануар мағынасынан бөлек *бийкарлау, мойынламау, көрген-билгенин айтпау* мағынасында да жұмсалады [52, ҚТТС: 69]. Қазақ тілінде *ақ түйенің қарны жарылған күн* фразеологиялық тіркесінің мағынасы *жақсылыққа, молшылыққа кенелу* мағынасында жұмсалады. *Ақ боз* – түри, түси, ақ сур көбинесе аттың түрин айтады. Ақ боз аттан түсип атырған достын көрди (К. Досанов) [52, ҚТТС: 71].

Қарақалпақ тілінде *ақ маңлай* сөзі – маңлайы жазық, маңлайы аппақ, минсиз суп-сулыу, хеш жериниң мини жоқ деген мағынаны береді. Бұл қолданыста сөздің сұлулыққа, әдемілікке, мінсіздікке қатысты семасы көрініс береді. Мысалы: *Торсық шеке ақ маңлай, Күтә қызық сөзлери* (Х. Тәжимуратов) [52, ҚТТС: 60].

Тұжырымдай келе, *ақ* сөзі қыпшақ тілдерінде көпмағыналы, мағыналық тұрғыдан қалыптасқан әрі көптеген жаңа семалардың туындауына себепші өзек сема ретінде, генетикалық-семантикалық кодты сақтаушы ортақ тілдік бірлік деп айта аламыз. Себебі қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінде семантизациялану үдерісінің негізінде көптеген жаңа семаларға арқау болып, сөздік құрамды байыта түскен. Қазақ тілінде *ақ* сөзінің семантизациялануы қимылдық, сындық мағынасымен қатар заттанудың әсерінен жер атауы, ауру атауы секілді мағыналары қалыптасса, ноғай тілінде өзексеманың дамуы нәтижесінде *баға, төлем* семасын, қарақалпақ тілінде *кір, дақ, кірбің* семаларын туындатқан.

«Ал» ортақ сөзінің семантизациялануы

Ал – түркі тілдеріне ортақ сөз. М. Қашқаридың «Түрік сөздігінде» *ал* сөзінің екі мағынасы берілген: 1. AL: ал. Қою сары, қызғылт сары түсті асыл жібек мата. Одан хандар байрақ істейді, дәулетті, жоғары лауазымды адамдардың аттарына жабу жасайды. Ашық қызыл реңді де ал (қызыл) дейді. 2. AL: айла, ал. *Алын арслан тұтар, күшін ұйұқ тұтмас – Айла-амалмен арыстанды ұстауға болады, күшпен (бақшаға құс үркітуге қойған) қарақшы – тұлыпты да ұстауға болмайды* [1, 111].

Көне түркі сөздігінде (ДТС) төмендегідей мағыналары сипатталған: 1.Обман, уловки, ухищрение. 2. Алый, ярко-красный, светло-красный, оранжевый; 3. Низ, нижняя часть; 4. Һал; 5. Шелковая ткань светло-красного цвета, используемая на знамена и в убранстве верховой лошади; 6. Брать, взять, принимать, получать; 7. Брать в жены; 8. Получать взамен, в долг, выменять, покупать; 9. Ловить; 10. Захватить, завоевать, покорить; 11. Ал-жұл – отбирать, отнимать[105, ДТС: 32].

Э. Севортянның сөздігінде *ал* сөзінің мағыналары былайша көрсетілген: «*ал/al* – 1. Перед, передняя часть/сторона – алда, впереди, алға.; 2. Лоб – турк. диал. лицевая сторона: лоб: ал, қабақ. 3. Алый – красный; 4. Шелковая материал оранжевого цвета, который покрывают седла коней; 5. Гвоздика – уйг. 6.Хитрость, лож, способ. Қимыл, іс-әрекет мағынасында: 1. Брать, взять; 2.Получать; 3. Вынимать; 4. Снимать; 5. Вмещать» [108, 128].

Ғалым Ә. Қайдар өз зерттеуінде *ал* сөзінің жеті мағынасын көрсеткен: «**ал** [*al*] **I** (ложь, обман) *алда-<ал+да-обманывать*. **ал** [*al*] **II** алый, розовый, бледно-розовый, светло-красный: *ал қызыл, ал күрең*. **ал** [*al*] **III** противит. союз «а», *мен кеттім, ал сенші?* ***ал** [*al*] **IV** (открытое поле, поляна): *алаң<ал+аң* площадь, поляна; *алқап<ал+қап* долина, бассейн реки. ***ал** [*al*] **V** (нечто возбужденное, неудержимое): *албырт<ал+бырт* чрезмерно возбужденный; пышащий энергией; *албыт<ал+быт* придурковатый, буйный. ***ал** [*al*] **VI** (перед, передняя, лицевая сторона): *алда<ал+да* впереди. **ал** [*al*] **VII** брать, взять,

принять, получить и др. Ср. чув. *ал//ала* рука; каз. *алақан<ал+а+қан* ладонь» [6, 172].

А. Ибатовтың «Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі» зерттеуінде тарихи поэмада *ал* сөзі үш түрлі мағынада қолданылғанын айтады. Олар: 1. *Айла, амал, алдау* мағынасы: *Мің ал бірла кілідін елдің алды* – мың айламен кілтін қолдан алды. 2. *Ал (алқызыл)* мағынасы: *Ал чічак йаңлыг ачылды* – ал қызыл шешек сияқты ашылды. 3. *Ал* етістік мағынасы: *Барча сабрум алды* – барша сабырымды алды [7]. А. Ибатовтың «XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі» монографиясында *ал* сөзінің екі түрлі мағынасын көрсеткен: «Ал – 1. ал қызыл, ашық қызыл: Туте турурга алтын қышанлық ал тамғалық йарлық берілді /ТҚ-50/ ұстай тұруға алтын нышанды, ал қызыл таңбалы жарлық берілді. 2. Берген затқа ие болу, иелеку. *Иолсуз йерда нәмеларіні тартыб алмасун* /ТҚ-35/ орынсыз жерде заттарын тартып алмасын; *Борч харч алмасунлар* /ТҚ-37/ ақшалай алынған салық, қаржы алмасын» [106, 64].

М. Сабыр зерттеуінде *ал* түбірі туралы мынадай пікір айтқан: *ал* жалпытүркілік өлі түбірінің мағынасы «қызыл». Бұл түбір қазақ тілінде жеке тұрып «қызыл» деген мағына бере алмайды, *ал қызыл* тіркесі күйінде айтылғанда ғана түсінікті. *Ал* тұлғасы ескерткіштерде дербес сөз ретінде қолданылған: *Ал чічак йаңлыг ачылды* «қызыл шешек сияқты ашылды». Орыс тіліндегі *қызыл* дегенді білдіретін *алый* сөзі түркі тілдерінен енген болу керек. Мысалы, алая полоса зари – таңның ал қызыл шапағы [16, 131].

Қарақалпақ тілінде үш түрлі мағынада жұмсалады: «1. Кеуил күйин билдиретуғын таңлақ сөз. *Ал мениң хат деген хатларымның да булардан хеш айырмасы жоқ (Ә. Шамуратов).* 2. Салыстырыу, қарсылықлы мәни билдиретуғын көмекши сөз. – *Ал*, мына да бир гәп бар бала – деди (К. Султанов). 3. Буйрық мәнисин билдиретуғын фейил сөз. *Көлик алсаң түйени ал, Қыялай көшсең муңайтпас* (Қ. Айымбетов)» [52, ҚТТС: 69].

Ноғай тілінде *ал* сөзінің түсті білдіретін мағынасы мен көмекші сөз мағынасында жұмсалатынын көруге болады: «1. Ал – алый, розовый, румяный: *аллы-гуьлли* – разноцветный [65; НРС: 36] және 2. Al – *haydi Al, al yaslar, al yaslar. Yaxsi yolga bariniz*» [68, НТС:21].

Ал қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде (ҚӘТС) жиырма түрлі мағынасына түсініктеме берілген. Сонымен, көне түркі тілінде *ал* сөзінің бірнеше көне мағыналары болғанын жоғарыдағы еңбектер дәлелдейді. Оларды санамалайтын болсақ: 1) ал – жібек матаның түрі (М. Қашқари); 2) айла – қулық мағынасы (М. Қашқари); 3) ал – hал (ДТС); 4) ал – қабақ (Севортян); 5) ал – қызыл түс; 6) ал – алдау (ДТС, Севортян т.б.). Көрсетілген мағыналардың кейбірі уақыт өте келе мағынасы тарылып, қолданыстан шығып қалған. Ал біразы бүгінде түркі тілдерінде жаңа мағыналық сипат алып, мағыналық аясы кеңейіп дами түскен.

Қазіргі түркі тілдерінде оның ішінде қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері бойынша көне түркілік сөздіктер мен түсіндірмелі, этимологиялық сөздіктердегі мағыналарын төменде «Кесте 6» түрінде көрсеттік:

Кесте 6 – «Ал» сөзінің семалары

р/с	***Ал* сөзінің семалары:**	**қазақ**	**қарақалпақ**	**ноғай**
1.	Ал – түс семасында дербес қолданылмайды: *ал күрең, ал қара, ал қара көк.*	+	–	-
2.	Ал – қызғылт (алый-көне мағынасы) түс.	–	-	+
3.	Ал – қимыл семасы: алу, алдыру, алув т.б.	+	+	+
4.	Ал – көмекші сөз, салыстырмалы, қарсылықты мағына білдіретін шылау: *Ал, мен өз туған жерімді бәрінен қатты жақсы көремін.*	+	+	+
5.	Ал – одағай: біреудің назарын өзіне қарату (Ал, Сәуле, сен енді сабағыңды жақсы оқы!); бір оқиғаның жалғасын, әрі қарай қалай дамығанын білу: *Ал сонан соң не болды?*).	+	+	+
6.	Ал – қол. Көне. Иықтан саусаққа дейінгі тұтас қол (ҚӘТС)	+	–	–
7.	Ал – алдау. Өтірік айту, алдап-арбау.	+	+	+
8.	Ал – албырт, албыт.	+	+	–
9.	Ал – алаң, алқап (қазақ); алаң, алап – қарақалпақ	+	+	–
10.	Ал – алды, алда, алға, алдыңғы; қарақал. – алда, алға, алдыға, алдағы.	+	+	+

Қазақ тілінде *ал* сөзінің мағыналық аясы кең, семантизациялану үдерісі яғни мағыналық дамуы күрделі. Жоғарыдағы семаларына қосымша қимылдық *ал* мағынасының өзі түрлі контексте қолданылуына байланысты жаңа семаларға ие болған.

1. Қолға ұстау, көтеру. Мысалы: *Бар буыным босап, аяқты әрең қолыма алдым (Ғ. Мүсірепов)* [111].

2. Бір нәрсеге ие болу, тәуелдеу, меншіктеу. Мәселен, *еліміз егемендік аларда*; *машина аларда машинаның жағдайына мұқият қарау керек.* Қарақалпақ тіліндегі қолданысы: *Көлик алсаң түйени ал, Қыялай көшсең муңайтпас (Қ. Айымбетов)* [52, ҚТТС: 86].

3. Пайда түсіру, кіріс кіргізу: *Малға достың мұңы жоқ малдан басқа, Аларында шара жоқ алдамасқа (Абай);* Қарақалпақ тілінен мысал: Бир-биреудиң алдым-бердимине де шерик, былайынша ол тилинен де қолынан да келетуғын адам (Ө. Хожаниязов) [52, ҚТТС: 103].

4. Жинау, теру. *Ел егінін алыпты, Ақ үзіктер жауыпты* (І. Жансүгіров шығ.) [111].

5. Үйлену, жұбайлы болу, отбасын құру; ноғай – *кыз алув* . *Жасаулы деп, малды деп, байдан алма, Кедей қызын арзан деп құмарланба (Абай).* Қарақалпақ тілінде: *Алғаныңның зыя-зулпы тауланар, Зулп жараспас кәлем қасы болмаса* (Әжинияз) [52, ҚТТС: 95].

6. Тамақ жеу, ішу. Мысалы: *Манадан кезін күтіп тұрған Мария апай тамақ алдырып....* (Ғ. Мүсірепов) [111].

7. Басқа жерді жаулау, өзіне қарату, бағындыру; ноғай тілінде: *согысып алу*. Мысалы: *зеңбірекпен қырғызды жаулап алуға барғанда...* [111].

8. Белгілі бір ұйымға мүше етіп қабылдау: *ноғай – окувга алув. Мысалы: әскер қатарына алу, оқуға алынды.*

9. Бас киімді не басқа бір затты шешу, сыпыру. Мыс: *басыңдағы бөркіңді ал.*

10. Ажал жету, өлу. Ноғай тілінде – *янын алув. Мысалы: Бұның жанын алып, мына Жер азабынан құтқарып не қылсын?!* [111].

11. Қиып, қырқып тастау – *шашын алып тастау*.

12. Азайту, кеміту. *Ғабиттің оған қосары да алары да жоқ.*

13. Ауыстыру, тең көру, айырбастау. Мысалы: Сексен сұлу сылаңдап жүрсе дағы Ғалияның алмаймын кірпігіне (Балуан Шолақ) [107, ҚӘТС: 311].

14. Сатып алу; *Ноғай тілі – атып алув. Мәселен: Сұрапты саудагерден нарқы не деп, Көп тұрған тарағының жан алмаған (Базар жырау)* [107, ҚӘТС: 311].

15. Ауысп. Салыстырып көру, байқау. *Тарихи даму жолынан алғанда психологиялық параллелизм анағұрлым ерте (Қ. Жұмалиев)* [107, ҚӘТС: 311].

16. Ноғай тілінде *бой алув* – өсу мағынасында жұмсалады.

Абай тілінің сөздігінен *ал* сөзінің түрлі қолданыстағы семаларын көрсетуге болады. Мәселен, Абай қолданған төмендегі *ал* сөзімен қатысты тіркестер белгілі дәрежеде контекске сай түрлі мәнде жұмсалған: *аң алу – түлкі алу, жердің жүзін алу, асырап алу, атақ алу, баж алу, басты бұлт алу, бата алу, бәйге алу, бойды алу, бу алу, білім алу, ғибрат алу, дамыл алмау, дем алу, дерт алу, есеп алу, еске алу, жазды алу, жал-құйрығын келте алу, жатқа алу, жау жағадан алу, исін алу, кек алу, көңілін алу, көзге жас алу, күш алу, қарғыс алу, қатын алу, қабыл алу, қойнына алу, құлқын алу, қолға алу, ләззат алу, құрмет алу, мазаны алу, мирас алу, ойына алу, ортаға алу, ризалық алу, сыр алу, сый алу, теңдік алу, тынышын алу, тілін алу, шам алмау, шеп алу, үлгі алу т.б.*[110].

Ал сөзінің көне түркі тіліндегі және қазіргі қолданысында кездесетін мағынасының бірі – ***алдау.*** Мәселен: *Алдау, арбау, қорқыту, үркіту, екі жүзділік тәрізділердің талайын көрді ғой НКВД-да істегелі (С. Елубай, «Ақ боз үй»)*[111]. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде *алдау* сөзі туралы мынадай мәлімет берілген: «*алдау* сөзінің түбір форманты *ал* – өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын өлі түбір. Ғ. Мұсабаевтың пікірінше, *ал* сөзі о баста «алдау» деген мағынада қолданылған. *Ал тілім емес, шын тілім, Ал тілге алданба* дегенді салыстырыңыз. М. Қашқари сөздігінде: *Аушы неше ал білсе, адығ (аю) сонша жол біледі* деген мақал бар. *Ал* сөзі бертін келе «әдіс, күш» мағынасында қолданылады. *Ал* деген түбір бертін келе *әл* болып өзгерген сияқты (Ғ. Мұсабаев)» [115, ҚТҚЭС: 32].

Албырт сөзі қарақалпақ тілінде *батыр, бир сөзли, ер жүрек* мағынасын білдірсе, қазақ тілінде үш түрлі мағынада *1) албырау, қызару; 2) беті қайтпаған, тауы шағылмаған, екпіні басылмаған; 3) сүйекті балықтың бір түрі* мағынасында жұмсалады. Мысалы:

Усыған қолын жеткермей,
Тоқтамас *албырт* көкирек,
Уақытты босқа өткермей,
Ойлады буны көбирек (Б.Қайыпназаров) [52, ҚТТС: 311].

Қазақ тілінде албырт сөзімен *албырт жас, албырт кезең, албырт шақ, албырт сезім, албырт көңіл, албырт тартты, албырттық* секілді тілдік бірліктер кездеседі. Мәселен, *Аңқау, албырт жандардың бізге қалдырған аманаты (Д. Досжан «Аманат»)* [111].

Албырасу – қазақ тілінде *масайрасу, көңілдену* мағынасын береді. Әлемде тек екеуі секілденіп, Отырды қыз бен жігіт албырасып (Ф.Оңғарсынова, Асау). Қарақалпақ тілінде албырасыу – *бирден қәуетерлений, күтилмеген жерден қысынып қалыу*. Анау қайсы атлы? – дегенде хәмме албырасып қалды (Т.Қайыпбергенов) [52, 311]. Осымен қоса, қарақалпақ тілінде албырасыу сөзінің синонимдері ретінде *албырау, албыратыу* сөздері де қолданылады. Бұл тіліміздегі *абдырау* (абдырап қалу, сасқалақтау, әбіржу, қобалжу) сөзімен мағыналас. Аяқ астынан болған жағдайда адамның не істерін білмей қысылып қалғанын сипаттайды. Мәселен, *Әр қозғалысы сенімді, отырысына дейін орнықты, абдырау жоқ, сасу жоқ, еркін сермеп, қалықтап жүрген ақ иыққа ұқсап кетеді*. (Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты») [111]. Ноғай тілінде де *албырасу* сөзі кездеспейді, оның орнына қазақ тіліндегідей *абдырав, абдыратув* (абдырап калдым) сөзі қолданылады.

Қарақалпақ тілінде қазақ пен ноғай тілдерінде кездеспейтін ***алғәрез*** және ***алдам-қалдам*** сөздері бар: *Алғәрез* – сөздің қысқасы, тоқ етері деген мағынаны береді. Мысалы: *Алғәрез көрмедим бунындай қызды, Хоширей, хош кеуил, ашық бир жүзли* (А. Бегимов) [52, ҚТТС, 96].

Алдам-қалдам – бірде олай, бірде бұлай. *Досмухаммедов өзиниң алдам-қалдам суйықлық суудыр минези әшкараланып, хызмет жағынан бираз төменледи (Қ. Айымбетов)* [52, ҚТТС, 98].

Тұжырымдай келе, *ал* ортақ сөзі қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінде негізгі мағыналары шамалас екенін аңғардық. Қарақалпақ тілінде кейбір жаңа мағыналы тілдік бірліктер тудырғанымен, негізгі семаларындағы мағынасын сақтаған. Тілдердің туыстығының бір белгісі – ортақ сөздердің болуы, ал оның көрсеткіші – мағыналардың бірдейлігі, жуықтығы. Зерттеу барысында ал сөзінің тілдің дамуымен бірге мағына дамуы қатар жүріп қимылдық мағынасынан бастап заттық, сындық, көмекші сөз ретіндегі семаларға ұласқанын аңғардық.

2.4. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі *аң, арт, аш* ортақ сөздерінің семантизациясы

«Аң» ортақ сөзінің семантизациялануы

Аң – түркі тілдеріне ортақ сөз. М. Қашқаридың әйгілі сөздігінде түркі тайпаларында *аң* сөзінің екі мағынада жұмсалғанын жазады: «Аң: майы дәру болатын құстың бір түрінің атауы. Аң: «жоқ, болмайды» деген мағынаны білдіретін сөз. (Оғызша). *Іс тапсырылған адам «аң аң» десе, «жоқ, жоқ» дегені*» [1, 69].

Көне түркі сөздігінде (ДТС) *аң* сөзінің екі мағынасы берілген: «аŋ – 1. отрицательная частица нет; 2. Птица, жир который используется как лечебное средство» [105, 46].

Э. Севортянның сөздігінде жеті мағынасы сипатталған: «АҢ/AN – I 1.Дичь, всякое животное, на которое охотятся; 2. Зверь; 3. Марал – алт., олень – тат, диал.; 4. Охота; 5. Загородь, посредством которой якуты промышляют диких зверей; II 6. Сознание, 7. Восприимчивость, остроумие, понятливость; 8. Мысль; 9. Воспоминание; III 1. Вспоминать, припоминать, упоминать; 2. Понимать; 3. Называть; 4. Доказывать; 5. Горевать, тосковать; 6. Ждать, ожидать; 7. Прославлять, совершать богослужение» [108, 154].

«Хұсрау мен Шырын» поэмасының сөздігін жазған А. Ибатов *аң* сөзі поэмада зат есім мағынасында 1 рет, етістік мағынасында 2 рет қолданылғанын жазады: «1. *аң* – Аңлартег ніча кечті сақыш қыл – аңдар сияқты талай кешті сақтықпен өткіз; 2. *аңғар, аңла* – Ошол қылған йазуқларны аңыб ман – сол қылған жазықтарымды аңғарып мен» [7, 36].

Аң сөзінің ғалым Ә. Қайдардың зерттеуінде төмендегідей мағыналары көрсетілген: «**аң** [*an*] I зверь, дикое животное, дичь; **аң** [*an*] II сознание, понимание, чуткий, бдительный; *аңқау<аң+қау* ***аң** [*an*] III (желание, хотение): *аңса<аң+са* мечтать, желать, сильно хотеть; ***аң** [*an*] IV *аңқай-аң+қай-* открыться настежь, распахнуть; перен. разинуть рот ***аң** [*an*] V *аң жер* диал.ю.поле для вспашки; *аңыз<аң+ыз* жнивье, стерня, поле, где сжат хлеб» [6, 173].

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде *аңдау/аңлау* сөзінің этимологиясы туралы мынадай тұжырым берілген: «бұл сөздің түбірі – *аң*. *-Да* – есімнен етістік тудыратын жұрнақ. Кейбір түркі тілдерінде бұл сөз «түсіну, аңдау, жад» мағынасында жұмсалады. Чуваш тілінде ан – ақыл, зейін, жады, ес; *антан кай* – аң-таң болу. Қарақалпақ тілінде: *аң* – 1) сана, *сияси аң* – саяси сана; 2) ақыл; 3) пікір, ниет. Башқұртша *аң* – сана, ес. Башқұрттың *аң булыу* – аңдау мағынасымен барабар. Тіліміздегі *аң-таң* дегендегі аң компоненті де сөз болып отырған *аң*-мен байланысты болу керек» [115, 39].

Е. Қажыбеков өз зерттеуінде *аң* сөзінің мағынасы туралы төмендегідей пікір білдірген: «Хак. оŋna-, сев. алт. Оŋna-, а также onga- «знать», «понимать» наряду с известным тюркским производным аŋla- «позволяют установить прямую связь между а: ң – аң – ан и ой «мысаль», «ум» и др. О том же говорит форма оңдан – «очнуться», «проснуться», «пробудиться», «опомниться»,.. параллельная эта связь также хак. Оŋar – понимать, разуметь, казах., ккалп. Аŋvar – «понимать, догодываться» [12, 48].

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде екі мағынасына түсініктеме берілген: «Аң – 1. Сана, сезим, ес-түс, ақыл-ес. 2. Жабайы қуслар, жабайы хайуанлар. Жартысы жанған көсеулер жыртқыш аңлардан қорғаныуда қурал болды (Б. Бекниязова)» [52, ҚТТС:89].

Ноғай тілінің түсіндірме сөздігінде төрт мағынасы сипатталған: «Анъ – 1. Сознание, разум, ум: анъсыз ятув – лежать без сознания; 2. Зверь: анъ; 3. Дичь, дикий: анъ баьпий – дикая утка; 4. Мелодия, мотив: ярасык анъ – приятная мелодия, йыр анъы – мотив песни» [65, НРС: 43].

Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде екі мағынасы берілген: «1. Аң – зат. Еті мен терісі үшін ауланатын түз жануарлары. *Баптаған қыран құстың, тазы иттің аң ұстауы.* – Өзің итіңнің аң алғанын да білмепсің ғой. Мынау қоян жепті ғой! – деді (М.Әуезов, Шығ.). 2. Зат. Жерг. Аққан сумен ойылған жыралы жер, шұңқыр. Кейбір аңның ұзындығы бір километрге дейін жетеді (Қаз. тілі. диалект. сөздігі)» [107, ҚӘТС: 526].

Жоғарыдағы зерттеулер негізінде *аң* сөзінің мынандай семаларын айқындауға болады:

1. Өзексемасы – аң, жануар (қаз., қарақ., ноғай);

2. Даралаушы семасы – сана, ақыл-ес (қарқ., ноғай);

3. Даралаушы семасы – ән, әуез (ноғай);

4. Даралаушы семасы – жерг. шұңқыр (қаз., қарақ.);

5. Даралаушы семасы – жабайы (ноғай);

Аң сөзінен туындаған туынды мағыналарын «Кесте 7» түрінде салыстырдық:

Кесте 7 – «Аң» сөзінің мағыналық дамуы

р/с	Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілі
1.	Аң: аң алды; аң аулады; аң байлады; аң білік (көне. аңшылық бұйымдар дүкені); аңға шықты; аңның жымы (қасқыр, қоян секілді аңдардың жүретін жолы); аң тәрізділер; аң үстінде; көктегі құс, жердегі аң; ұшқан құс, жүгірген аң, аңдық; аңкөс (аңқұмар адам). Аң басы жуық болсын! – тілек.	Аш анъдай болып – аш аңдай болу; анъ териси – аң терісі; анъ шыгув – аңға шығу т.б.	Аң алыу; аң аулау; аңға шығыу; аң баспаса, жан баспаған жер; көктеги қус, жердеги аң; аңдай, аңшылық т.б.
2.	әңгүдік	анъгуьдик,анъгуьдиксуь, анъгуьдиксийтаган аьдем	аңгөдек
3.	аңқау, аңқаулық, аңқаусырау аңғал, аңғалақ, аңғалсоқ, аңғалдық, аңғалдан	анъкав, анъкавланув, анъкавлык, анъкавсув	аңғал, аңқау, аңқауланыу, аңқаулық, аңқаусырау
4.	аңқу, аңқыту (иіс)	анъкув, анъкытув	
5.	аңқылдаған, аңқылдақ	анъкылдавык, анъкылдак, анъкылдаклык	аңқылдақ аңқылдау

Кесте 7 жалғасы

6.	аңғар, аңғарғыш, аңғарғыштық, аңғарла, аңғарлату, аңғарту, аңғарлы, аңғару, аңғарым, аңғарыл, аңда, аңдас, аңдау (түсіну) аңдампаз, аңдас, аңлау, аңла, аңлат, аңлас, аңыста	анълав, анълавлы, анъламастан, анъланыслы, анъласув, анъласылув, анълатпа, анълаттырув, анълатув, анълатувшы	аңғар, аңғарыу, аңғарғыш– , аңғартыу
7.	–	анълы – саналы, анъсыз, анъсызлык – санасыздық	–
8.	аңду, аңдыту, аңдығыш, аңдыту	анъылтув, анъылуы, анъылувшы, анъылысув	аңлыу, аңлыушы, аңлыту
9.	аңқаю, айқайту (аузын аңқайту)	–	аңқайыу
10.	аңқию, аңқит	–	аңқыйыу
11.	аңғал-саңғал	–	аңқал-саңқал
12.	аңырау, аңырайыу, аңырап бос қалу, аңыра	–	аңқырыу
13.	аңсау, аңсату	анъсат	аңсау, аңсатлық, аңсатластырыу, аңсат
14.	абайсызда, аңдаусызда, байқаусыз аңғал-даңғал	анъсыз анъсызлык - түсінбей; анъсыздан - ойламаған жерден;	аңсыз
15.	аң-таң (аң-заң жерг.)	–	аң-таң болу
16.	аңыз, аңыз-әңгіме, аңызшы	–	аңыз, аңыз-әңгиме
17.	–	анъсызлық (мұқият емес)	–
18.	аңғардай (үлкен, арандай)	–	аңғардай
19.	аңдатпа	–	–
20.	аңқа (аңқасы кепті)	–	аңқа (жутқыншақтың хауа өтетуғын бөлими): аңқасы кеуиу (шөлдеу)
21.	аңтарыл (не істерін білмей қалу), аңтарыс	–	–

Аң сөзінің көне түркі тіліндегі *сана (сознание)* семасынан **аңдау/аңлау** мағыналары туындаған. Бұл сөздің түбірі – *аң*. Ал -да жұрнағы – есімнен етістік тудыратын жұрнақ. Кейбір түркі тілдерінде бұл сөз «түсіну, аңдау, жад» мағынасында жұмсалады. Тіліміздегі аң-таң дегендегі аң компоненті де сөз болып отырған аң-мен байланысты болу керек [115, ҚТҚЭС:39].

Аң – аңдау, аңғару, түсіну, ұғу. Қазақ және қарақалпақ тілдеріне ортақ *аңғар* сөзінің мағыналарында айырмашылық бар. Қазақ тілінде *аңғар* сөзінің бірнеше мағынасы бар: 1. Өзен ағысынан пайда болған еңіс, ойыс, сай-сала; 2.Қамба; 3. Ыңғай, рет, жай; 4. Мән-жайды түсіну, байқау, білу [107, ҚӘТС: 527]. *Дүкеншінің дәл ойы неменеге апарып соғарын онша аңғара алмасам да айтқанын орындап, қолымды оң қалтама салдым* (Ғ. Мүсірепов, «Қазақ солдаты») [111]. *Аңғары ашылды* тіркесі де қолданыста бар. Мағынасы – тәбеті ашылу дегенді білдіреді. Қарақалпақ тілінде *аңғар* сөзі үш мағынаны білдіреді: 1. Қамба; 2. Бағдар, ағыс, бағыт; 3. Сана; 4. Мәнісін түсіну, байқау, білу. Мысалы: *Қосықтың улыума руухый аңғары мәлим еди…* (Р. Тагор) [52, ҚТТС, 149]. Қазақ тілінен айырмашылығы – бағыт-бағдарды білдіруі және *сана* мағынасында жұмсалуы. Қарақалпақ тілінде *аңғару* мағынасында – *сана* сөзі де қолданылады. *Сияси аң* – саяси сана. Мәселен: *Азда болса сиясий аңы кирген қызыл әскерлер, комсомоллар, батраклар бул хәрекетке қарсы турып оларға жол бермеди* (Қ. Ирманов). *Аң* сөзінен тарайтын *аңғару, сана, аңдау, түсіну, ұғу* мағыналары көпмағыналылықтың көрінісі деп санаймыз.

Қазақ тіліндегі *ыңғай, рет, жай* мағынасын білдіру үшін *аңғар* сөзімен қатар *аңыс* сөзі де қолданылады. Мысалы: *Аздан соң қаным салқындап, журналистігім ұстап, оқиғаның аңысын аңғарып қалдым* (Б. Қыдырбекұлы, Шайтан) [107, ҚӘТС, 553]. *Аңыс* сөзінен *аңыс-аужай* қос сөзі туындайды. *Аңыс-аужай* дегеніміз *көңіл-күй, ыңғай* мәнін білдіреді. Мәселен, *Көпшілік қауымның аңыс-аужайын, көңіл-күйін барлап алдық.*

Тілімізде **аңқа, аңқасы кепті** лексикалық бірліктері қолданылады. Мәселен, *Өте аңқам кеуіп, сусап кеттім* (С. Мұқанов). Бұл сөз туралы Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде мынандай пікір айтылған: «Якут тілінде аң кіретін есік, қақапа, саңлау, тесік; қырғызша аң – шұңқыр, шұқанақ; қарақалпақша да аң – осы мағынада. Бұл деректер «шөлдеді, сусады, таңдайы құрғады» деген мағынаны білдіретін аңқа сөзінің түбірі – аң – (ауыз қуысы, өңеш, жұтатын тесік мағынасында) екендігін байқатады. Сөз соңындағы -қа жайында В. Котвич кішірейту, еркелету мәнін білдіретін -ка (қа) жұрнағы. Қазақ тіліндегі аңқаю, аңқылдақ сияқты сөздер де *аң* түбірінен өрбіген тәрізді» [115, ҚТҚЭС: 40]. Осы **аңқаю, аңқылдақ** сөздерімен мәндес қазақ және қарақалпақ тілдеріне тән ***аңғалақ*** сөзі бар. Қазақ тілінде аңғалақ сөзі екі түрлі мағына білдіреді: 1. Алды-артын аңғармайтын, ұрыншақ, ұшқалақ; 2. Алақ-жұлақ еткен, алаңдаған көз [107, ҚӘТС: 526]. Мәселен, *Қос танауын тартып, аңғалақтап барып қалады да, «ойбай-ай, ойбай-ай» деп тұра қашады* [109]. Ал қарақалпақ тілінде: «1. Ойынның түри, ортаңғы шуқанаққа дөгеректеги шуқанақтағылар таяқ пенен урып түсирип ойнайтуғын хоккей ойынына усаған ойын түри; 2. Ұрыншақ, ұшқалақ адам; 3. Сөйлеу тилинде онкология» [52, ҚТТС:149].

Аңқу/анъкув сөзі ноғай тілінде иістің аңқуынан бөлек *шөлдеу, сусыз қалу* мағынасын да береді. Ал *аңсат/анъсат, анъсатлык* сөзі аңсату, сағындыру семасынан бөлек *жеңіл, қарапайым* мағынасында жұмсалады. Сонымен қатар аң сөзінен туындайтын, қазақ тілінде аптап, ылғалы аз, жаз айларындағы ыстық желді *аңызақ кейде аңызғақ* деп атайды. Мысалы: *Буалдыр шөптен аңызақ көк иіс келеді* (М.Жұмабаев) [107, ҚӘТС:521].

Ауыспалы мағынасында *надан, топас* дегенді білдіреді. Мәселен, Абай:

Өздерің де ойлаңдар,
Неше түрлі жан барсың,
Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы аңдарсың [110, 51].

Тұжырымдай келе, *аң* ортақ сөзін семантикалық талдау барысында негізгі түпкі мағынасынан тілдің даму заңдылықтарына сәйкес көптеген жаңа мағыналар тудырғанын аңғардық. Оған жоғарыда келтірілген *аң* сөзі арқылы жасалған тілдік бірліктер дәлел бола алады.

«Арт» ортақ сөзінің семантизациялануы

Арт – түркі тілдеріне ортақ сөз. Көне түркі тіліндегі мағынасын айқындау үшін М. Қашқари сөздігінен бастап қарастырамыз. «Түрік сөздігінің» Хамза кітабы, үш әріптілер бөлімінде *арт* сөзіне мынадай түсініктеме берілген: «ART – АРТ: арты. Арт шач – арт шаш, желке шаш. Арт сөзі – мойын, желке деген мағынаны білдіреді. ART – АРТ: асу, тау асуы, таудың төбесі. Әр мегүге ешік арт болұр – Еріншекке есік асу болар» [1, 71].

Көне түркі сөздігінде (ДТС) үш мағынасы сипатталған: «1. Спина, задняя сторона чего-л. *Art basut* – опора, поддержка, помощь; 2. Нагорье, гора, горный перевал. Art basi – вершина горы. 3. Увеличиваться, прибавляться, усиливаться» [105, 58].

Э. Севортянның сөздігінде жалпы түркі тілдері бойынша он жеті мағынасы көрсетілген: «1. Горный перевал – кир., тув.; 2. Нагорье – крутое место, подъем, вершина; 3. Плоскогорье; 4. За (послелог) - тув.; 5. Задняя сторона/часть; 6.Спина; 7. Помощь; 8. Конец, результат, последствие чего-л. 9. Продолжение – аз. 10. Вешать, навешивать – тур. диал. 11. Навьючивать – тур.диал., кирг., каз., ног., Ккал., баш. 12. Грузить, нагружать; 13. Возлагать, поручать – каз.; возлагаться – уйг.; 14. Перен. валить, сваливать на кого-либо (свою вину) – ног., 15. Увеличиваться, прибавляться; 16. Изобиловать; 17. Выдаваться вышиной, быть больше, лучше других» [108, 181].

Ғалым Ә. Қайдар өз зерттеуінде *арт* сөзінің үш мағынасын сипаттаған: **«Арт** [*art*] I синкр. перевалить, переваливать; навьючивать, накладывать//перевал, переход, седловина (гор). **арт** [*art*] II многозн. Увеличиваться, умножаться, превосходить; переполняться, выходить через край; *артық<арт+ық* лишний, излишек; лучше, чем. Ср. арт I. **арт** [*art*] III задняя, тыловая сторона, задок, зад; спина» [6, 173].

А. Ибатов «Хұсрау мен Шырын» тарихи поэмасында *арт* сөзі екі мағынада қолданылғанын жазған: 1. арқа жақ, арты – *бақар артынға* – артына қарар.

2.арт, молая түс – Санің рузың тіларман күнда артсун – рузың тілеймін күнде артсын [7, 38].

Е. Қажыбеков *арт* сөзінің этимологиясы туралы мынандай пікір білдірген: «Г. Вамбери выделял из arqa и art корень ar- и аффиксальные -qa и t. Несмотря на производный характер, глагольно-именной омоним a:rt «спина» ~ a:rt- «навьючивать» на спину (животного) ср. в «Хосрау и Ширин»: art «назад», «спина» ~ artmaq «нагружать», исторически реален» [48]. Учитывая древнейшее значение «увеличиваться» и формы ort-, ärt-, можно предположить здесь связь с ör- «подниматься», öre-«умножаться, возрастать в числе/количестве (последняя форма образовано от именной омоформы ör «подъем»)» [12, 132].

Қарақалпақ тілінде бес түрлі мағынада қолданылатынын байқадық: «*Арт*. 1. Белгілі бір заттың алдыңғы бетіне қарама-қарсы жағы; 2. Бір нәрсенің кейінгі жағы; 3. Бір нәрсенің аяқталуы, соңы: *Адасқанның артына бақ, Намыссызбан жүзим, кеулим қап-қара* (И. Юсупов) 4.Өзінен кейін, соңында;5. Жануарлардың құйрық жағы. *Артыу* – 1. Жүкті тиеу, жүк салу; 2. Ауысп. жүктеу, тапсыру; 3.Молаю, абыройы асу; 4. Үміті, сенімі арту» [52, ҚТТС:183].

Ноғай тілінің сөздігінде екі мағынасы көрсетілген: *арт* – 1. Зад, задняя сторона, задняя часть; *болган затты артына кайтарып болмас* – что прошло, того уж не вернешь; 2. Послелог за, из-за; *уьй артында* за домом, *арба артыннан* – из-за арбы; *арт кайтарув* – повторять; *арты алдыга карамай кашув* – бежать без оглядки [65, НРС: 47].

Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде заттық және қимылдық бес мағынасына түсініктеме берілген:

1. Белгілі бір заттың алдыңғы бетіне қарама-қарсы жағы, екінші беті.
2. Бір нәрсенің кейінгі жағы.
3. Бір нәрсенің соңы, аяқталуы, ақыры.
4. Соңында, өзінен кейін.
5. Жан-жануарлардың құйрық жағы, көтеншегі.
6. Адам денесінің белден төменгі бөлігі, дүмі. Ноғай тілінде де бұл мағынасы қолданылады. Мәселен, *Боранбайдынъ: «Кетиниъиз!» деп екиргени ийтлерди токтатты эм олардынъ экеви де, куйрыкларын артларына кысып, кылыйларыннан Межитке карай берип амбарлар бетке тайдылар* [112, 45].

Ет. 1. Жүкті тиеу, жүк салу.
2. Асу, ілу.
3. Ауыс. Міндеттеу, жүктеу, тапсыру.
4. Молаю, көбею, асу.
5. Асып кету, көтерілу, жоғарылау [107, ҚӘТС: 647].

Қарақалпақ тілінде келесі тіркестер қазақ тіліндегі мағынасымен сәйкес келеді: *Артында тұяқ қалмау, артына қара ермеген* – фразеологиялық тіркестері *ұрпақ қалмау* мағынасын білдіреді; *Артын ойлау* – бір нәрсенің салдарын, әсерін жан-жақты ойлау, болашағын ойлау мағынасында жұмсалады; *Артта қалу* – белгілі бір сала бойынша өзгелерден артта қалып қою мағынасында қолданылады. Қарастырылған үш тілде де қолданылатын *арттан* сөзі ноғай тілінде мағынасы кеңейіп, ауыспалы мағынасы туындаған. *Арттан*:

1. Арты, артқы жақ: арттан калмав; 2. Ауысп. тиісу, маза бермеу [65, НРС:46]. Адамның мазасын алу, тиісіп, түрткілеуді *арттану* деп те айтады.

Ноғай тілінде *артынсыра* сөзі – сосын, содан кейін, артынан мағынасында жұмсалады. Мәселен, *артынсыра ол ювырып келди* – сосын ол жүгіріп келді [65, НРС:48]. Қазақ тіліндегі *артынша, артынан* сөздерімен мағыналас келеді. Бұл мағынасы ноғай тілінде де бар. Мысалы: ноғай – *Бир кесек заманнан сонъ Аминат артына кайтып келди де, Межитти азбар ишине киргистти* [112, 45].

Қазақ тілінде *артбаспай* сөзі қолданылады. Мағынасы – бақта, аулада т.б. жерлерде демалу үшін ұзынша етіп жасалған орындық. *Мысалы: Бүйтіп қыдырғаным бар болсын деп бақ ортасындағы тақтайшалары жұлынған кетік артбаспайға отыра кеттім (Алматы ақшамы)* [107, ҚӘТС, 651].

Ноғай тілінде дорба, қапшықты *артпак* деп атайды. Мағынасы *арту* етістігінен туындағаны түсінікті. *Артпак* – 1. Дорба, қалташа; *артпакка салув* – дорбаға (қалташаға) салу; 2. Қапшық, асқап [65, НРС:47].

Үш тілде де қолданылатын *артылу, артыну* етістіктерінің қарақалпақ тілінде қосымша мағыналары қалыптасқан. Мәсеелен, *артылыу* – 1. Мінгесу, бір-біріне жабысу, бірінің үстіне екіншісінің мінуі; 2. Біреуден асып кету, мөлшерден асып кету; 3. Бір нәрсенің көлікке тиелуі.

Қашар *артылып* ғарры өгизге,

Қоңырат зорлық қылған екен (Бердақ).

Ал, артыныу – 1. *Арқасына бір нәрселерді жүктеп көтеру, арқалау;* 2. *Денедегі яки оның бір бөлігіндегі суықты, тоңуды ысқылап кетіру* секілді қосымша мағыналары бар.

Қазақ тілінде *арт* сөзімен жасалған тілек сөздер де кездеседі: *Айбаты артсын! Артыма қатым қылсын! Арты қайырлы болсын!* Ұлттық фразеологиялық қорымызда да *арт* сөзімен тіркескен біршама тіркестер қолданылады: *Мойнына артты, салмақ артты, сенім артты, үміт артты, иек артты, бағы артты, кінә артты, артын ойлады, артына түсті, артына топырақ шашты, артына сөз қалдырды, артына қара ермеген – соңында ұрпақ қалдырмаған, артына белгі қалдырмады, артта қалды, артқа тартты, арты ашылды* [112, 647].

Жоғарыдағы зерттеулерге қарап, қарастырылған үш тіл бойынша қазақ және қарақалпақ тілдерінде *арт* ортақ сөзінің мағыналық аясы кеңейіп, түрлі мағыналар тудырғанын байқауға болады. Көбіне тұрақты тіркестер құрамында қолдануы арқылы тілде жаңа семалар арқалаған. Сонымен қатар қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері бойынша негізгі мағынасынан тарайтын туынды мағыналары қалыптасқан. Оған мысалға келтірген тілдік бірліктер арқылы көруге болады.

«Аш» ортақ сөзінің семантизациялануы

Әйгілі М. Қашқари сөздігінде екі әріпті сөздер бөлімінде *аш* сөзі қолданылған: «АШ: «хой, хей, хай» мағыналарында қолданылатын қаратпа сөз. Аш bery kel: *Аш беру кел – Хай, бері кел!* [1, 63]. АШ: Аш не иемес тоқ не темес – *Ақ не жемес, тоқ не демес* (Аш алдына келгеннің бәрін жейді, тоқ аузына

келгеннің бәрін дейді (айтады)). АШ: ауқат, ас. Ұйтқыны да (айранның ұйтқысы) солай дейді. *Аяқ ашла – Аяққа ас сал*» [1, 109-110].

Ғалым Ә. Қайдар зерттеуінде *аш* бірнегізді түбіріне де тоқталған: **аш** [*aš*] I голодный, проголодавшийся; перен. тонкий, стянутый; **аш** [*aš*] II открывать, отпирать, раскрывать; перен. обнаруживать; разоблачать и др. ***аш** [*aš*] III (нечто острое, горькое, кислое): *ащы<аш+щы//аштыаш+ты* горький, острый (на вкус); кислый; *ашы<аш+ы*-киснуть, бродить, горкнуть, шипеть; ***аш** [*aš*] IV (тжч *ай//ад//аж//ақ//ал//ар//ат*; разводить, разделить, отделять и др.): *аша<аш+а* вилы; рогатка; развалина [6, 173].

Көне түркі сөздігінде (ДТС) алты мағынасы көрсетілген: «Ac' – 1. Голодный; 2. Милость: acda ben – я в милости; 3. Межд. Әй!: ac' beru kel – эй, иди сюда! 4. hec'; 5. Открывать, отворять; 6. Изголодаться, сильно голодать» [105, 4].

Э. Севортян сөздігінде түркі тілдері бойынша барлық мағыналары тізбектелген: «*АЧ/АС'/АШ/AS'* I 1. Голодный; 2. Алчный, жадный; 3. Тощий, худой; II 1. Открывать; 2. Выпрягать; 3. Выходить в открытое море; 4. Выводить; 5. Завоевывать; 6. Искать, подвергать осмотру; вторичные и переносные по происхождению значения: 7. Обнаруживать – турк., кум., кбал., каз., уз.; 8. Разоблачать, раскрывать, уличать; 9. Разъяснять, объяснять; 10. Начинать; 11. Нравиться, удовлетворять кого; 12. Ставить на ноги, делать независимым (в материальном отношении); 13. Решать, разрешать; 14. Освежать; 15. Доставлять радость, радовать» [108, 184].

А. Ибатов «Хұсрау мен Шырын» тарихи поэмасындағы *аш* сөзінің қолданылған екі мағынасын көрсеткен: «1. Ас, тамақ – Саңа аш болсун ошбу татлы халва – саған ас болсын осы тәтті халуа; 2. асып түсу – Йазылар таглар ашты кечті көб қол – жазықтар, таулар асты, өтті көп қол» [7, 44].

Хорезмидің «Мухаббат-наме» ескерткішінде *аш* сөзі *ашы* түрінде *ас, тамақ* мағынасында қолданылады:

Ары гүлни ары ның ашы кылды,

Сәба йилин чәмән фәррашы кылды [109, 44].

Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің түсіндірме сөздіктері бойынша *аш* сөзінің семалық мазмұнын «Кесте 8» көрсеткенді жөн көрдік:

Кесте 8 – «Аш» сөзінің үш тілдегі мағыналары

Р/с	**Қазақ тіліндегі семалары:**	**Қарақалпақ тіліндегі семалары:**	**Ноғай тіліндегі семалары:**
1.	I. Ас ішпеген, тамақ жемеген	Ауқат ишпеген, тамақ жемеген, жарымаған, тоймаған;	Голодный; аш болув, аш кадирин ток билмес;
2.	Ішіп-жемі жоқ, аштан-аш;	Жарлы, гедей, кембағал;	Перен. алчный, жадный; аш коьз;
3.	Ауыс. Ашық, лыпасыз	Ашыу	ашув – открывать; эсикти ашув, киртти ашув; бет ашув – 1) уличать, позорить;

Кесте 8 жалғасы

4.	Ауыс. Ашаң, нәзік, арық, жұқалаң		уст. Обряд сиятия покрывала с лица невестки; йол ашув – показать дорогу
5.	II. аш: қарны ашты		
6.	III. Жабық тұрған, бекітілген нәрсенің есігін, бетін шалқайту, ашық қалыпқа келтіру.		
7.	Бір нәрсенің бетінде, үстінде тұрған затты алып тастау.		
8.	Екі нәрсенің жігін, арасын ажыратып бөлу, арақашықтығын алшақтату.		
9.	Бүктелген нәрсені жазу, жаймалап қою, бетін көрінетіндей ету		
10.	Бекітілген құлып т.б. нәрсені кілтпен бұрау.		
11.	Бір нәрсенің мән-жайын анықтап беру		
12.	Ауыс. Бір нәрсені тыңнан іздеп табу, анықтау		
13.	Ауыс. Құру, орнату, салу		
14.	Бір нәрсені толық сипаттап көркемдеп жеткізу, айқындау		
15.	Ауыс. Жиналыс, митинг т.б. іс-шараны басқарып, бастап беру		

Сонымен қатар, *аш* сөзінің мағыналық дамуы нәтижесінде көптеген туынды мағыналарын тілдегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде, метафоралық қолданыстарда кеңінен қолданылатынын көруге болады.

Аштың ойы тамағында,
Жаяудың ойы табанында.
Аш қадірін тоқ білмес,
Ауру қадірін сау білмес.
Аш кісі май таңдамас,
Кәрі қыз бай таңдамас.

Тұрақты тіркестердегі қолданысы*: аш өзегі өртену* – уайымдау мағынасында, *аштан өліп, көштен қалмау* – басқалардан қалып кетпеу семасын берсе, *аш кенедей жабысу* – зооморфизмдік тұрақты тіркесі *соңынан қалмау, мезі қылу* мәнінде жұмсалады. Ашық ауыз – адамның мінез-құлқына қатысты қолданылып *аңқау, аңқылдақ* семасын білдіреді. *Ашаң жүзді* – адамның сыртқы түр-тұрпатына байланысты *арықтау келген* семасында жұмсалады.

Аш ортақ сөзінің семантизациясын метафоралық тәсіл арқылы жасалған ауыспалы мағыналарынан да көре аламыз. Мәселен, Абайдың мына өлең жолдарында *аш* сөзімен қатысты метафоралық үлгілерді қолданған :

Ала жылан, аш бақа күпілдектер,
Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр.

Мұндағы *ала жылан, аш бақа* – елді азғырушы, іріткі салушы деген мағынада қолданып отыр.

Кедейі – ер,
Кеселі зор,
Малды байдан сорлы жоқ.
Аш көмектің,
Жөндемектің,
Босқа әлектің орны жоқ

Өлең жолдарындағы *аш көмек* – пайдасыз, жалаң жәрдем мағынасында метафоралық қолданыс негізінде жұмсалған.

Досың жоқ, дұшпаның жоқ,
Тыныш жатасың,
Мал үшін аш қатасың, жан сатасың.

Аш қату – метафораға негізделген фразеологиялық тіркес, мағынасы – өз малын өзінен аяу, сараңдықты білдіріп тұр.

Ноғай тіліндегі көркем шығармадан *аш құрсақ* – метафоралық қолданысын көруге болады: *Матаидынъ соьзлери асантаиға «аш курсакка сувык соьз» болып тиидди, эм ол, бир ери авырган аьдемдей болып, иыиырылды* [112, 31].

Осы секілді тілімізде *аш көз, аш құрсақ, аш қасқыр, жүрек ашу, жол ашу, есік ашу* және т.б. метафоралық жолмен жасалған тілдік қолданыстарды көптеп кездестіруге болады. Мағынаның ауыспалы мән арқалауы негізінде туындайтын метафоралық қолданыстар сөздің мағынасын дамытып, аясын кеңейте түседі. Қорытындылай келе, *аш* ортақ сөзінің қазақ тіліндегі мағыналық аясы кең. Сөздің семантизациялануының нәтижесінде негізгі семалар қосымша жаңа мағыналы тілдік бірліктердің туындауына себепші болған.

Жасалған талдаулар негізінде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ сөз ретінде іріктелініп алынған *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* тілдік бірліктерінің семантизациялануы арқылы тілдегі сөздік құрамның мол байлығы мағынаның дамуы арқылы жүзеге асатынына көз жеткіздік. Әрбір лексикалық бірлік тіл дамуымен бірге динамикалы түрде дамып, семантикалық аясы кеңейіп, өзгеріп, түрленіп отырған. Түпкі мағыналық уәжі, архисемалары түркілік тілдер бойынша біртектігін сақтай отырып, жеке тілге тән мағыналық реңктер қалыптастырған. Осылайша қыпшақ тілдерінің әрқайсысының тілдік жүйесінің дамуына мағыналық даму себеп болатыны айқындалды.

Әрбір ортақ сөз белгілі бір дәрежеде өзі тиесілі ұлттың дүниетанымынан, өмір салтынан, этномәдени болмысынан хабар береді. Бұл бөлімде зерттеуге негіз болған *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* ортақ сөздерінің ішінде *аз, ай, аш, ақ, айт* ортақ сөздерінде мағынаның ауысу тәсілдері бойынша мысалдар негізінде метафоралық, метонимиялық қолданыстарда көптеп кездесетінін көрсетті. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі түрлі семалары негізінде жүйелеу барысында ортақ сөздердің қазақ тілінде мағыналық аясы кең екенін, қосымша мағыналарының да саны мол екенін байқадық. Есесіне қарақалпақ пен ноғай тілінде біздің тілімізде кездеспейтін жаңа семалары мен туынды бірліктері

анықталды. Ортақ сөздерді талдау барысында байқалған бұл тілдік ерекшеліктердің бәрі де тілдік және тілден тысқары факторлар негізінде қалыптасқан.

Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семантикалық талдау барысында анықталған өзгешеліктер мен айырмашылықтар бірден пайда болған жоқ. Бұл – тілдің тарихи дамуының жемісі. Ұзақ уақыт аралығында жекелеген ортақ сөздер дамып, жаңа мағына арқалап, қосымша, туынды мағыналары қалыптасуы негізінде орын алған.

Зерттеу тақырыбының негізін осы бөлімдегі ортақ сөздердің семантизациялануын жан-жақты зерттеп, мысалдармен дәйектеп, дәлелдеуге тырыстық. Мағына шексіз болғандықтан, бұл ортақ сөздердегі семантизациялану үдерісінің айқындалған үлгілері осымен тоқтап қалмайды. Тілмен бірге дамып, жетіле түседі. Семантикалық тұрғыдан кең қанат жайып тағы да көптеген қосымша мағыналар тудыруы да не болмаса аясы тарылып, архаизмдерге айналуы да әбден мүмкін.

Екінші бөлім түйіні. Семантикалық талдау – сөз мағыналарына, лексикалық мағыналарына негізделетін түсіндірме, этимологиялық сөздіктермен жүзеге асуы заңды. Түркітанушылар бұл үш тілді бірдей тілдер дейді. Тіпті түрік ғалымдары диалектілер деп те баға берген. Зерттеу жұмысы үш тілдің бірдей еместігін сөздік қоры әртүрлі, ортақ сөздердің өзінде мағыналық айырмашылық бар екенінің дәлелі бола алады. Жұмысымыздың негізгі нәтижелері бойынша екінші бөлімде мынадай тұжырымдарға қол жеткіздік:

- қазақ тіл біліміндегі семасиология саласы бойынша жазылған ғылыми зерттеулерге тоқтала келе, семантизациялану үдерісінің анықтамасы жүйеленді;
- семантизацияльнуды түсіндіру үшін қыпшақ тілдері: қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* ортақ сөздерін іріктеп алдық;
- ортақ сөздерге мағыналық талдау жасап, семантизацияльнуын айқындауға тырыстық;
- нәтижесінде туыс тілдердің өзінде де мағыналық даму бірдей еместігін, ортақ бір сөздің түрлі жаңа семаларға ие болғандығын ғылыми зерттеулер, сөздіктер арқылы, көркем мәтіннен мысалдармен дәйектеліп дәлелденді;
- ортақ сөздер ретінде қарастырылған бұл тілдік бірліктер қаншама ғасырлар бойы халықтық таным сүзгісінен өтіп, вербалды амалдар арқылы өрнектеліп, семантикалық даму сатыларынан өткен.

3 ҚАЗАҚ, ҚАРАҚАЛПАҚ, НОҒАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ СЕМАНТИЗАЦИЯЛАНУ ҮДЕРІСІ

3.1 Тіл білімінің жаңа бағыттарындағы семантиканың рөлі

Қазіргі тіл білімінде түрлі жаңа бағыттар мен салааралық ғылымдар интеграциясы тілдік бірліктерді субъект факторымен, адамның құндылық әлемімен тығыз байланыста қарауға бет бұрды. Лексикалық бірліктерді сөйлесім жағдаяты, қатысымдық акт, мәнмәтін, дискурс, концепт, танымдық құндылықтар тұрғысынан қарастыру арқылы ұлт болмысын, ондағы тілдік ақпараттарды, ұлттық кодты тереңінен ұғынуға жол ашады.

Қатысымдық семантика. Тіл ғылымында шындық болмысты танудың тілдік қарым-қатынас барысында, коммуникативтік актіге сай тану үлгісі қалыптасқан. Бұл жағдай семасиологияда жаңа бағыт – қатысымдық семантика бағытын тудырды. Қатысымдық семантика сөз семантикасының белгілі бір қатынас кезіндегі мақсатқа сай қалыптасқан немесе мағыналық өзгеріске ұшыраған қалпын зерттейді. Демек, сөз өз бойындағы барлық мағыналық белгілері арқылы ғана біртұтастықта қаралып, толық мағына ретінде өмір сүре алады. Мағына – мағыналық белгілердің жиынтығы. Ұғымдық жағынан бағдарлап қарасақ, семалық белгілердің өзі де мағынаның толық бөлшектерін жіктеп бере алмайды. Мағыналық белгілердің болуы сөз семантикасының өзгермелілігін, жұмсалымдығын қамтамасыз етеді [120, 217].

Сөздің қатысымдық мағынасын анықтау тілдің статикалық күйіне байланысты жүзеге асады. Сонымен қатар семантикалық белгілер уақыт пен кеңістікке сай сол кезеңдегі қоғамдық өзекті саналатын мәселелер мен ұғымдардың негізінде актуалданады. Қатысымдық мағына тілдік бірліктердің негізгі семантикасынан ауытқып жанама сипат алуынан туындайды. Қатысымдық семантикаға қатысты монографиялық зерттеуде мысал ретінде тымақ сөзі алынып, оның көркем шығармадағы түрлі қолданысы, семалары жіктеледі. Мәселен, тымақ – аң терісінен жасалған, қыста киетін бас киім мағынасы келесі бір сөйлемде жаңа семаға ауысқанын көруге болады: *Бұл – Бөжей. Өзгелердей емес, әзір қыры сынбаған күйде, өз еркімен шығып келеді. Бас киімі –* ***пұшпақ тымағы*** *да өзінде*. Бұл сөйлем арқылы тілдік бірліктің қатысымдық акт тұрғысындағы түрлі семантикасының бірін көруге болады. Келтірілген сөйлемде *тымақ* жеңілмейтін қайратты, күшті ер адам образын көрсететін қатысымдық семантикасы, таңбалық атау [120].

Психосемантика. Ғ. Хасанов лексикалық мағынаның топтық немесе узуалды және жекелік немесе окказионалды түрлері туралы айта келе, жаңа ғылым бағыт *психосемантикаға* тоқталады: «жекелік семаларды зерттеудегі лингвистке келтіретін негізгі кедергі оларды бөліп алудың, танудың қиындығы, оның үстіне бұл мәселе бөліп алу, айыру үшін зерттеудің әдейі талданған әдістерін қажет етеді. Жалпы алғанда, мағынаның жекелік жағдайлары жаңа ғылым – психосемантиканың зерттеу объектісіне енеді. Ал психосемантика болса, мағынаны жеке ойлауға, түйсінуге және индивидуалды қызмет процесі кезіндегі жағдайына байланысты зерттейді [121, 52]. Мұндағы жекелік қолданыстағы семасиологиядағы окказионалды семалар жайында айтылып

отыр. Окказионалды семалардың туындауы жекелеген субъектілерге, олардың аялық біліміне, ментальді ерекшеліктеріне тікелей байланысты, бұл ерекшеліктерді семантикадағы жаңа бағыт ретінде – психосемантика саласы қарастырады. Қазақ тіл білімінде бұл бағыт тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Сөз семантикасының синергиясы. Қазіргі қазақ тіл білімінде жаңа парадигма ретінде сөздің синергетикалық әлеуеті, сөз семасиологиясындағы синергетика мәселелері назарға ілікті. Тіл жүйесі динамикалы болғандықтан ондағы сөз мағынасының құбылуы, көпмағыналылық, мағына аясының шексіз кеңеюін қалыптастыратын синергетикалық құбылыстың маңыздылығы зерттелуде. Тіл ғылымындағы синергетика мәселесі – мағына әсерінен туындайтын түрлі хаостың шығу себебін анықтап жүйеге келтіру болып саналады.

Синергиялық құбылыс қазақ тілінде көпмағыналылық, сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюі, қазақ ұлтының тұрмысына тән заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің атауларының пайда болуына негіз болып, ұлттық таным негізінде метафоралану жолымен жасалып, сөз мағынасының құбылуы және сөздің конверсиялануы, сондай-ақ архаизмдердің жаңғырып, қосымша мағына үстеп, қайта қолданысқа енуі сияқты үрдістермен сипатталады [122].

Қоғамдағы адамдар тобының танымы кеңейіп, бейнелі ойлау жүйесі өзгерген сайын сөздің семасиологиялық бейнесі де өзгеріп отырады. Сөз арқылы шындық сөйлеуші мен тыңдаушының аялық біліміне қарай түрліше қабылданады. Сөз семасиологиясын синергетикалық заңдылықтар негізінде қарастыру тілді жүйелеуге, дәстүрлі көзқарасқа жаңаша қарауға септігін тигізеді.

Алдыңғы бөлімдерде сөздің мағыналық өзгерістеріне келтірілген мысалдардан аңғарғанымыздай, сөз жеке тұрғанда беретін мағынасын сөз тіркесі құрамында, тұрақты тіркестерге енгенде, контекст әсерінен өзгеріске ұшырайтынын көрдік. Осындай түрлі мағыналық өзгерістер кезінде тілде хаос пайда болады. Осы өзгерістерді жүйелеп, себебін көрсетуде синергетиканың маңызы айқындала түседі. Хаос деп отырғанымыз тілдің көпмағыналылық әсерін, тілдің семантикалық мүмкіндіктерінің кеңдігін, мағыналық байлығын, мәнерлілігін көрсетеді. Тек оның ретін, жүйелігін, заңдылықтарын дұрыс анықтай білу қажет.

Мәселен, екінші бөлімде қарастырған *аш* сөзі қазақ тілінде ұлттық дүниетанымды танытатын арналар – мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер құрамында көптеп қолданылады. Қазақ тіліндегі *аш с*өзінің есім мағынасының тіркесімділік қабілетін мынандай тіркестердегі қолданысынан көре аламыз: *аш бәледен қаш бәле, аш арыстандай ыңыранды, ала жылан, аш бақа, азды көпке, ашты тоққа теңгерді, аш бел (қыпша бел), аш бетті, аш бөрідей, аш бүйір, аш бүйірін тойғызды, аш иттің артын сұқ ит жалайды, аш кенедей жабысты, аш көмек, аш күзендей, аш қасқырдай, аш қатты, аш құлақтан тыныш құлақ, аш құрсақ, аш өзек, аш өңді, аш өңеш, аш тұмсық.*

Қазақ тіліндегі *аш* сөзінің қимылдық мағынасының тұрақты тіркестер құрамындағы мағыналық дамуы: *қарны ашты, абыройы ашылды, ажал аранын ашты, айқара ашты, алдын ашты, аузын арандай ашты, ашса алақанында, жұмса жұдырығында, бағын ашты, бал ашты, басын ашты, бау ашты, беті*

ашылды, бұлақ көзін аштыы, тынысын аштыы, ұйқысын аштыы, іргесін ашып алды т.б.

Төменде *аш* сөзінен туындаған қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі туынды мағыналарын зерттеп көрейік. Түп мағына дамуының нәтижесінде кейбір екінші мағыналы сөздер тек бір тілде ғана қолданылып, жаңа сема арқалаған.

Аша – айыр, ағаштың екі айрылған жері. Дастурханды зорға дегенде, ағаштың ашасына таңды (құ.х.е.) [52, ҚТТС: 237]. Қазақ тілінде *аша* сөзі бес мағынада жұмсалады: 1. Бір түптен айрыла шыққан тармақ; 2. Екі тармақты, айыр сай; 3. Қысқа-қысқа ашалары бар киім ілгіш ағаш, адалбақан; 4. Мал байлайтын айыр тармақты ағаш, мама ағаш; 5. Шанышқы; 6. Шөп жинауға арналған құрал; 7. Аяқ, бұт; *Аша* сөзінен шыққан *ашалану* ортақ сөзі заттың екіге бөлінуі, екіге айрылу мағынасында қазақ тілінде де қарақалпақ тілінде де қолданыста бар [107, ҚӘТС: 4].

Қарақалпақ тілінде *ашамайлы* сөзі – рудын атын білдіреді. Мәселен: *Дөңгелек көлди айланып отырған қыят, ашамайлы ишиндеги бескемпир, қолдаулы өзимизге белгили Досбергенниң дайысы Палеке* (А. Бегимов). Ал қазақ тілінде *ашамай* сөзі этникалық бірлік саналып, «алды-арты сүйемелі биіктеу келген, екі қасының жоғарғы ұшы айқастырылып жасалған балаға арналған ер» мағынасын береді. *Ашамайлы* – үстінде ашамайы бар, ашамай салынған мағынасында жұмсалады [52, ҚТТС:258].

Қазақ-қарақалпақ тілдерінде *аш көз/ашкөз* сөзі – қызғаныш, көзі тоймайтын мағынасында қолданылады.

Қарақалпақ тілінде *ашар* – ашқыш, бұрап ашатұғын темірден жасалған, ағаштан сабы бар қурал мағынасында, ноғай тілінде кілтті *ашкыш* деп атайды. Қазақ тілінде де *ашар, ашқыш* сөзі жергілікті ерекшелік ретінде кілт мағынасында жұмсалады.

Ашаршылық, ашлық, аш-арық, аш-жалаңаш, аш-әптада, аш-әптадалық, ашлы-тоқлы, ашығу, ашыу-арық сөздері қарақалпақ тілінде жоқшылық, жарлылық, кедейлік, кембағал, аштық, кемтарлық мағыналарында жұмсала береді. Ноғай тілінде де *ашлык, ашлык йыл, ашыгув* тілдік бірліктері қолданылады.

Қарақалпақ тілінде *аша тұяқ* – айыр тұяқ, ешкі тұяқ мағынасын берсе, қазақ тілінде: 1. *Сиыр, қой, ешкі сияқты малдардың жалпы атауы; 2. Қолөнер. малдың ашатұяғына ұқсас өрнек* секілді мағыналарда жұмсалады [52, ҚТТС: 262]. Қазақ тарихында Голощекин жүргізген қанды саясат «*Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын*» ұранымен есте қалғаны белгілі. Мұндағы *аша тұяқ* та сол малдың жалпы атауы мағынасында жұмсалып тұр.

Ашқылтым сөзі қарақалпақ тілінде – *ащылау, қышқыл, тұзы көптеу* мағынасын берсе, қазақ тілінде мағыналық аясы кеңейген. Мәселен: 1. Ащылау, қышқылтым. 2. Танауды жаратын, өткірлеу иіс. 3. Ауыс. қиын, ауыр, азапты. 4. Ауыс. өткір, уытты сөз. 5. Ауыр тиетін, жайсыз [52, ҚТТС: 266]. Ауыспалы мағыналарын төмендегі өлең жолдарынан көруге болады:

Ел-жұртты жайлады ашқылтым ағындар, (қиын, ауыр мағынасында)
Ағындар оятқан таңым бар.

Кейбіреу жүр мысқыл айтып ашқылтым, (өткір, уытты сөз)

Тұздығында ұшқыны бар қастықтың (К. Салықов, Жезкиік).

Қарақалпақта *ашық жүзли* – жүзі жылы және *ашығыу-шайда* – ашық болу, ноғай тілінде *ашык юзли, ашық кеуил* – мінезі ашық, жақсы мағыналары тіліміздегі ашық жүзді, ашық-жарқын мағыналарымен сәйкес келеді. Бұған қоса қарақалпақ тілінде күннің көзі ашық болуы *ашық жарық* деп айтады. *Мысалы: Адамлар күнниң ашық-жарығынан пайдаланып, от-шөбин жыйыстырып алады* [52, ҚТТС: 242].

Ашық сөзі тілімізде үш түрлі мағынада қолданылады: 1. Ғашық; 2. Аузы, есігі, төбесі, үсті жоқ жабылмаған; 3. Тамақтан тарығу, аштық күйге ұшырау [107, ҚӘТС: 288]. Ал қарақалпақ тілінде ашық мағыналық аясы кеңейген деуге болады: *ашық* – 1. Кірбіңсіз, таза, тынық, кірсіз. 2. Анық, ақиқат, дәлме-дәл; 3. Жақсы көру, сүю; 4. Жабылмаған, бекітілмеген. Демек ашық *таза, анық, дәл, ақиқат* мағыналарын да сипаттай алады. Ноғай тілінде *ашык юрек тіркесі* – әділ, адал адамға қарата қолданылады.

Төменде қазақ және ноғай тілдерінде кездеспейтін, тек қарақалпақ тіліне ғана тән тілдік бірліктерге тоқталдық:

- *ашалақ-жумалақ* – дереу, тез, ұйқыдан оянар-оянбас, көзді ашар-ашпас, есін жинар-жинамас.

- *ашым-айрық* – ашым-айрық болу: қол үзу, үзілді-кесілді араны үзу.

- *ашшыласыу* – ұрысу, жанжалдасу. Апамның да мен ес билгели биреу-миреу менен ашшыласқанын көрген емеспен (К. Смамутов) [52, ҚТТС: 240].

- *аш бел* – адамның белиниң ең жиңишке жери;

- *аш бүйир* – адамның иши, бир қаптал бүйири;

- *ашөзек* – аш, дым жемеген;

- *ашөлең* – жуқа жүзли, арықтан келген [52, ҚТТС: 128].

Ноғай тілінде *ашав (аша)* – тамақ жеу мағынасында жұмсалады. Бұл сөз тіліміздегі *асау* сөзі екенін түсінуімізге болады. Мәселен, *Ялгыз қойды боьри ашар* – жалғыз қойды бөрі асар. Сонымен қатар ноғайлар тұзды жерді (солончак) *ашувыт, ашылык* десе, қалқа (навес) – *ашпак, ашпакта отырув* (сидеть под навесом) деп атайды.

Аш сөзіне үш тіл бойынша семантизациялануын талдай отырып, түрлі тарихи-мәдени факторларға сай дамыған мағыналарының бәрі де *аш* түпкі мағынасынан тарай отырып, әр тілдегі өзіндік ерекшеліктерін сақтаған. Мұндай мағыналық даму түркілік ортақ танымның нәтижесі екенін дәлелдейді.

Ғалым Б. Қалиұлы «Тіл білімінің тоғыз қыры» атты еңбегінде қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттарға жан-жақты тоқталады. Тоғыз түрлі жаңа сала ретінде мыналарды көрсетеді:

1. Құрылымдық тіл білімі
2. Қолданымдық тіл білімі (жұмсалымдық);
3. Дүниетанымдық тіл білімі (когнитивті);
4. Концептілік тіл білімі
5. Қатысымдық тіл білімі
6. Дискурстық тіл білімі
7. Мәтіндік тіл білімі

8. Мағыналық тіл білімі

9. Қолданбалы тіл білімі [123].

Ғалымның қолданымдық тіл білімі деп отырғаны функционалды, жұмсалымдық деп аталып жүрген тіл білімінің бір саласы. Мұнда тіл бірліктерінің қызметі мағынадан тұлғаға қарай зерттеледі. Қолданымдық тіл білімінің негізгі нысаны – тілдік бірліктердің қолданыстағы категориалды мағынасы. Категориалды мағына деп отырғанымыз функционалды-семантикалық өріс деп аталынып жүр. Функционалды-семантикалық өріс деп тілдің барлық деңгейлері бойынша белгілі бір семантикалық категорияны айқындайтын тілдік бірліктердің жиынтығын айтады. Ғалым мұны *тілдік бірліктер – семантикалық категория – ФСӨ* тізбегі арқылы көрсетеді.

Дүниетанымдық тіл білімі деп ғалым когнитивті бағытты, танымға негізделген зерттеулерді атайды. Біз ақыл-ой арқылы дүниені танимыз, ал тіл сол танылған дүниені бейнелейді. Бейнелеуді үш түрге жіктейді: *шынайы бейне, тілдік бейне, ғылыми бейне.* Шынайы бейне – объективті дүниенің толық көрінісі, тілдік бейне – әлемнің бір бөлігін ғана қамтыса, ғылыми бейне – адам білімдерінің жиынтығын қамтиды. Ғылыми бейнені дүниенің концептуалды бейнесі деп те аталады.

Когнитивті тіл білімі және семасиология. Б. Қалиұлы концептілік тіл біліміндегі мағынаның әсері туралы келесідей тұжырым жасаған: «сөз мағынасы деген – семантикалық компоненттердің қосындысы ғана емес, ол, сонымен бірге, тұтастай қалыптасқан концептуалды құрылым. Мағына айтушыға да, тыңдаушыға да бұрыннан белгілі білімдер жиынтығынан құралады. Егер санада «мағына» деп аталатын ондай білімдер жиынтығы жоқ болса, оны міндетті түрде қалыптастыруға, меңгеруге тура келеді» [123, 61].

Тілдік зерттеулердің бағыты когнитивтік сипат алғалы тіл мен мәдениет арасындағы сабақтастық, тілдегі ұлтқа тән сипат, таным, мінез-құлық, рух, діл мәселелері алға шықты. Тілдің танымдық мазмұнын айқындайтын лингвистикалық категория ретінде концепт ұғымы қалыптасты.

Концепт – ментальді, психологиялық танымды айғақтайтын әлем туралы адамның түсініктері мен білімін көрсететін термин. Белгілі бір тілге тән шындық өмірдегі мәдени атаулар концепт деңгейінде танылып, зерттеу нысанына алына бастады. Философия, тіл білімі, мәдениеттану секілді ғылым салаларының өзара әсерлесуінен, семантикалық зерттеулер жаңаша аспектілер негізінде қарастырыла бастады. Концептілік талдау жасау барысында эмоция, экспрессия, бағалауыштық белгілер айрықша танылады. Адамзаттың әлем туралы түсініктерінің жиынтығы бір тірек сөзбен сипатталуы концепт арқылы жүзеге асты. Бұл зерттеу бағыты тілдің танымдық деңгейін айқындауға жол ашты.

Концептілік зерттеулердің басталуы В. Гумбольдт, Н. Хомский, Дж. Лакофф, Ю.Д. Апресян, Е.М. Кубрякова, А. Вежбицкая, Н.Д. Арутюнова секілді т.б. ғалымдардан басталып, қазақ тіл білімінде Н. Уәли, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Г. Мұратова, Г. Сағидолла, Э. Оразалиева, Қ. Жаманбаева, М. Күштаева, А. Ислам және т.б. ғалымдар зерттеулеріне ұласты.

Концептуалды жүйелер психологиялық қабылдау, адамның физикалық және әлеуметтік тәжірибесіне негізделеді. Концептінің табиғаты туралы ғалым

Е.С. Кубрякова былай дейді: «мысль образна: концепты, не прямо основанные на опыте, используют метафору, метонимию и «ментальную образность», что выходит далеко за рамки зеркального отражения, или репрезентирования, внешней реальности» [124, 57].

Когнитивтік талдауларда концептінің қарапайым үлгісі – фрейм, күрделі үлгісі – скрипт, оқиғалы үлгісі – сценарий, сызба түріндегі үлгісі – схема, санадағы бейнелену үлгісі – ойсурет секілді үлгілер қолданылады.

Тілдегі концепт және ұғым сөздерінің айырмашылығы бар. Ұғымда белгілі бір нысан туралы жалпылама, энциклопедиялық анықтама беріледі, концептіде ұлттық сипаттағы мәдени белгілерді айқындайтын ұғымдар қамтылады. Ұғым мағыналық элементтерден тұрады.

Профессор Ж. Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» зерттеуінде когнитивті лингвистикадағы тілдің бейнелеуіштік қызметінің зор екендігін айтады: «таным модельдерінің символдық түрлері яғни тілдің қызметі – ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіншілік жасау». Ғалымның пікірінше, когнитивті тіл білімі таным модельдерінің жүйелі сипаты ретінде өзара сабақтастықта, қоғамдық тәжірибеге негізделеді [125].

З. Ахметжанова «Очерки по национальной концептологии» зерттеуінде қазақтың ұлттық менталитетін танытатын он үш концептіні қарастырған. Олар: *адам, жүрек, туыстық, ұлттық мінез, туыстық қатынас, ағайын, намыс, қанағат, төзімділік, дастарқан, қонақжайлық, домбыра, тіл* секілді ұғымдар. Мұндай мәдени кілттік сөздер ұлттық мәдени ақпаратты танытатын бірліктер саналады [126].

Г. Смағұлова «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты монографиясында фразеологиялық жүйе мен танымдық бағыттағы зерттеулердің байланысына тоқталады: «концепт түрлерінің вербалдануында фразеологизмдердің концептуалдық жеткіліксіздігі емес, қайта фразеологизмдердің өте жиі қолданылуы назар аудартады. Фразеологизмдердің концептуалдық тәуелсіздігі концептілерді фразеологиялық концептілер деп атауға, қарастыруға толық мүмкіндік береді. Мәселен, көркем шығармаларды талдағанда олардағы тұрақты тіркестер тек мәтінге көркемдік құрал ретінде қызмет етпейді, олар концептілердің лингвистикалық объективтену процесінде шешуші рөл атқарады» [93].

Б. Қалиұлы жоғарыда аталған ғылыми зерттеуінде концептілерді екі түрге бөліп көрсетеді: 1) үлкен концепт, 2) кіші концепт. Мәселен, туыс концептісін үлкен концепт деп санасақ, оған енетін ата, ана, бала сөздері кіші концепті болып саналатынын айтқан [123, 69]. Бірақ екеуі де ұлттық, мәдени ұғымды танытады, тек біреуінде лексикалық бірліктер саны көп, екіншісінде шағындау болады. Осы тұжырымға сәйкес кіші концепт ретінде қыпшақ тілдеріндегі қазақ, қарақалпақ және ноғай тіліндегі *төр/тоьр* сөзін талдап көруге тырыстық.

«Төр» сөзі көне түркі тілінде *tor, tor* формасынан тарайды, ол бастапқыда жоғары, үстіңгі, биік деген мағынаны білдірген [127, 186]. Қазақы танымда киіз үйдегі есікке қарама-қарсы беттегі орын – *төр* деп айтылған. Төрде отырған адам үйдің есігіне қарап отырады. Әдетте үйдің есігі шығысқа қарай күн сәулесі түссін деген оймен жасалады. Төрге ақ пен қараны ажыратып, төрелік айтатын адам

отырған. Төрге жүк жиналып, сандық қойылады. Жүк пен сандық сол отбасының молшылығын, қазынасын, құт-берекесін білдіреді.

Сонымен қатар төрге «қыз бала – қонақ» деп қыз баланы отырғызған. «Қыз бала – төр иесі, ұл бала – үй иесі» деген бабалардан қалған мақал бар. Төр иесі боп бойжеткен қыз тұрмысқа шыққаннан кейін өз өлкесін, жақындарын «төркін» деп атау қалыптасқан. Кей ғалымдар түрік сөзінің түбірін де төрден шыққанын дәлелдеуге тырысады. Төрде отырып төрелік еткен адамдардың тарихта мемлекет билігін атқаратын деңгейге дейін жеткендері де бар. Қазақтың «төресіз ел болмайды» деп мақалдауы да осы мағынамен үндес. Моңғол тілінде *төр* сөзі мемлекет мағынасында жұмсалады. Атақты Шыңғыс ханнан тарайтын ұрпақты халық *төрелер (төр иесі)* деп атаған.

Төрде отырудың өзінің мағыналық белгісі болған. Мәселен, төрде отырған адам малдас құрып отырса, ол адамның әкесі жоқ деген мағынаны білдірген. «Тегі жаманды тең көрме – төріңе шығады, тілеуі жаманды ес көрме – төбеңе шығады» деп қазақ бекер айтпаған. Халқымыз келген қонағын сый-құрметпен күтіп алып, төрге шығарған. Қазақ халқы қонағына «төрлетіңіз» деп төрін ұсынады. Бұл – үлкен құрмет, сый-сияпат белгісі.

Ноғай халқында да *тоър* – құрметті орын (красный угол, почетное место в комнате) мағынасында жұмсалады. Тоърге шыгып отырув – құрметті орынға отыру мағынасын береді. Ұлттық паремиологиялық қорында «торъдегилер куълселер, эсиктегилер ыржаярлар» мақалы төрде отыратын адамдардың құрметті, беделді адамдар екенін аңғартады. Сонымен қатар, ноғай тілінде жиналған төсек-орынды (убранная, постланная постель) да *тоър/төр* деп атау кездеседі. Ал бізде төсек-орынды әдетте үйдің бір бұрышына сандыққа жинап қояды.

Ноғай ғалымы С.Ш. Гаджиеваның «Очерки истории семьи и брака у ногайцев (XIX-XX в.)» атты зерттеуінде де ноғай халқында төр қасиетті орын екенін жазады: «Кибитка условно делилась на четыре части. Первая – «тоьр», «тоьр як» - самое почетное место, у задней стены, напротив двери. Здесь на мтрацах и подушках размещались обычно родители и их неженатые дети, причем направо от отца – старший сын, налево – дочь» [128, 26]. Кейде ата-анасы үйде жоқ болғанда төрге тек үйдің үлкен баласы ғана отырады. Үйдің бір бұрышында тамақ әзірлеуге арналған ошақ орналасады. Ошақ оң жағы «онъ як» деп аталып, оған ер адамдар, ал екінші бөлігі – «сол як», тек әйелдерге арналған орын саналған.

Осыған қоса ноғайларда жаңа тұрмысқа шыққан қызды 10-20 күннен кейін анасы не жеңгесі келіп, қайын енесінен сұрап алып кететін болған Бұл үрдіс *тоьркинине барув, тоьркинлей барув* деп аталған. «*Атадан сонъ эркин йокъ, Анадан сонъ тоьркин йок*» деп мақал арқылы қыздың тағдырын сипаттаған. Төркіндеп келген қыз ата-анасының үйінде жиырма күннен артық жатпаған.

Төр сөзімен байланысты ноғай тілінде мынадай фразеологиялық тіркестер қолданылады: *тоьр басы* – сыйлы, оьрметли ер. Мысалы: *Ак сакаллы карт тоьр басына ювыклап олтырды да ян-ягына каранды* [117, 235].

Тоьрден коьр ювык – яшамага, оьмир суьрмеге бек аз калув. Бұл тілімізде де көздесетін *төрінен көрі жақын* тіркесімен мәндес. Мәселен: *Аттанъа наьлет*

сени, аљжиген куртка! Тоьриннен коьри ювык болганда да увлы йыоанлай шагувын койматаганын карашы! [117, 236].

Қарақалпақ тілінде де төр сөзі бар, екі түрлі мағынада жұмсалады: бірі – үйдің ең жоғарғы жағы, екіншісі – ауыспалы мағынада жақсы семасын береді. Мәселен, жақсы мағынасында:

Ат кекилин бестен таллап өресің,
Қыз да болсаң, ақ үйиме төресең (Алпамыс).

Немесе

Ханға бермес қара бар,
Бийге бермес төре бар [52].

Төр лексемасынан тарайтын қарақалпақ тілінде *төре әулады (төре әулеті), төрелик, төрелик етиу, төреши, төрешилик, төркин, төркинлес, төркинлетиу, төркинлеуши, төркинли, төркиншил, төрлетиу, төрлеу, төрлеуши* секілді тілдік бірліктер қолданылады.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты еңбекте: «төр ұғымы мен киіз үй кеңістігінің оң жақ пен сол жақ бөліктері – көшпелінің тіршілік циклін бейнелейтін өмір баспалдақтарына, дөңгеленген дүние деп келетін түсініктерді айғақтайтын танымның көрінісі. Атап айтқанда, бала оң жақта босағадағы кеңістікте дүниеге келіп, үй иелерінің кеңістігі саналатын сол жақ бөлікте өмірі өтіп, қайтыс болғанда оң жақтан шығарылады. Әйел адам жүзін төрге тура қаратпай, жартылай қырындап отырады, себебі төрде кие бар делінеді. Төрге шығу адамның жасы менен жынысына, әлеуметтік тегіне және мәртебесіне қатысы бар екендігін айтуға болады» [118, 431].

Түркілік тілдік санада төр сөзі құрмет, сый-сияпатты білдіретін қасиетті орын ретінде қалыптасқан. *Төр* лексемасының танымдық табиғаты тілдердегі мақал-мәтел, этнолингвистикалық арналар, фразеологиялық тұрақты тіркестер арқылы дәйектелді. Төр сөзінің қарастырылған тілдердің когнитивті санасында және жалпыхалықтық лексикада берік орнығуын талданған тілдік бірліктер арқылы бағамдауға болады. Қазақ халқы қонақжайлылыққа, сыйласып өмір сүруге деген бейімділігі, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытуы, сыйласу институты ертеден қалыптасқан. Бұл үрдіс ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлттық ділдің бір бөлігі болып келеді.

Қазақ тіл біліміндегі концептологиялық жаңа бағыт – ұжымдық санадағы ментальды бейненің дара белгілерін саралай отырып, кез келген тілдің этнолексикасы мен аялық білім жүйесінде сақталған әлемнің ұлттық мәдени бейнесін ашуға мүмкіндік береді. Әлем бейнесін құраушы концептуалдық жүйедегі сөздердің мағыналық өрісі мен шеңбері күнделікті өмір сүру тәжірибесінің нәтижесіндегі аялық білім қоры мен этноментальдық дүниетаным жиынтығы арқылы айқындалады [129, 63].

Семантикалық дамуды зерттеу тілдің концептуалды жүйесін түсінуге көмектеседі. Мағынаның концептуалды теориясын когнитивті семантика қарастырады. Когнитивті семантиканың сипаттамасы тілдегі ситуацияның қабылдануы, аялық білімнің ықпалы, сипатталатын ұғымға деген көзқарас

перспективасы негізінде айқындалады. Бұл тек тілдік зерттеулерде ғана емес салааралық бағытта өзге де ғылым салаларымен байланысқан түрде дамиды.

Семасиологияға жаңаша көзқарас. Қазіргі қазақ тіл білімінде семантиканың анықтамасы әлі де дәстүрлі көзқарастағы яғни сөз мағынасын, лексикалық мағынаны жан-жақты қарастыратын ғылым саласы ретінде сипатталып жүр. Соңғы кездерде ғана антропоөзектік бағыттағы зерттеулер *семантикалық өріс* мәселесін, мағынаның сөйлеу актісі тұрғысынан *қатысымдық семантика* саласын, мағына мен адам психологиясының байланысына негізделген *психосемантика, сөз семантикасындағы синергия* секілді жаңаша бағыттарды тіл ғылымына енгізді. Дегенмен әлемдік тіл ғылымында семантиканың дәстүрлі анықтамасына қарсы, сынайтын түрлі ғылыми зерттеулер көп. Мәселен, қазіргі ғылымның көрсеткіші саналатын Scopus базасындағы семантика туралы ғылыми мақалалардан осы типтес ғылыми болжамдарды кездестіруге болады. Соның бірі семасиолог ғалым А. Висент (Agustin Vicente) «What words mean and express: semantics and pragmatics of kind terms and verbs» (2017) [130] және «Polysemy and word meaning: an account of lexical meaning for different kinds of content words» [131] атты ғылыми мақалаларында ғалым Хомскийдің зерттеулеріне сүйене отырып, семантиканың дәстүрлі анықтамасын сынайды. Оның тек ойдың мазмұнын, лексикалық мағынаны ғана сипаттайтын тар шекарада екендігін айта келе, семантиканың аясын кеңейту керек дейді. Яғни сөздің лексикалық мағынасы ғана емес, мағынаның когнитивті модельдерін, концептілік жүйесін, белгілі бір жағдаятқа байланысты түрлі қолданыстары секілді мәселелерді де семантика аясына топтастырады. Мағына тек тілдің ішінде емес, ойлау жүйесінде, сезімдік тәжірибеде және әлеммен өзара әрекетте қалыптасады дейді. Қазір кез-келген тілдік бірліктің мағынасына, ұлттық танымдағы орнына, әлемдік кеңістікке тигізер әсеріне мән беріле бастады [132, 49].

Орыс тіл ғылымында да соңғы кездегі семантикалық зерттеулер бағыты өзгерген. Мәселен, Л. Ручина, Т. Горшкованың «Новые подходы к семантизации лексики» ғылыми мақаласында лексеманың семантизациялануының жаңа бағыты ретінде концептілік талдауды көрсетеді. Онда әуелі зерттеу нысанына алынған тілдік бірліктің концепт болу себебін айқындайды, әрі онымен байланысты қолданылатын тілдегі лексемаларды жүйелейді. Синонимдік қатарын түзеді де ассоциативті байланысқан тіркестер мен сөздерді тізіп шығады. Соңынан алынған лексеманы обьект ретінде бірнеше сипатын мысалдармен дәлелдейді. Семантика саласына қатысты әлемдік семасиологтар тұжырымын орыс тіл ғылымында да қолдау тауып жатқанын байқауға болады: «Современная лингвистическая наука не ограничивается изучением собственно лексической семантики в традиционных подходах. Для целостного описания мыслительного образа, закрепленного за словом в сознании носителей языка, активно используются когнитивные подходы, данные психолингвистических экспериментов» [133, 219 б].

Семантизация туралы айтқанда, мағынаның дамуына әсер ететін көпмағыналылық пен синонимді де айттық. Көпмағыналылық пен синоним мағына дамуына қатыса отырып, белгілі бір дәрежеде концептінің аясын

кеңейтуге қатысады. Демек, семантикалық даму болмаса, концептілік талдау жасалмайды. Осыған ұқсас пікірді Ю.Д. Апресян «Лексическая семантика» еңбегінде де келтіреді: «Дело в том, что граница между синонимией и полисемией – это, в значительной степени, вопрос концептуализации; так, к числу «синонимических средств языка»» [134].

Бұл пікірді ғалым А. Зализняк да қолдаған. Оны мына ойынан байқауға болады: «Показательно, что именно феномен многозначности с самого начала был центральной проблемой когнитивной лингвистики» [135, 16].

Шындығында, семантикадағы осы ғылыми тұжырымдардың ұсынылуы орынды. Себебі мағынаға назар аударылатын бағыттың бәрі де семантиканың аясына топталып, семасиологияның зерттеу нысанына ілінуі саланың жүйеленуіне, өзіндік ғылыми теориясы қалыптасуына септігін тигізер еді.

Біздіңше мағына күрделі процесс болғандықтан, семасиологияның аясы да кең болуы тиіс. Семантикалық талдаулар болмаса концептілік талдау болмас еді. Себебі мұндағы басты фактор – тілдік бірліктің мағынасы. Мүмкін осы бағытта өрбісе, сөз мағынасы, сөйлем мағынасы, контекст мағынасы кейіннен мәтін семантикасының аражігі ашылып, айқындала түсер еді. Ғалымдар барлық тілдік бірліктердің мағынасы мен формасы бар екенін айтады. Егер барлық тілдік бірліктерде мағына болса демек мағынаны зерттейтін саланың ауқымы да кең болу керек. Осы пікірге сүйене отырып семасиологияның зерттелу бағыттары ретінде төмендегілерді ұсынамыз:

1. Лексикалық мағынаның микро және макро компоненттері;

14.Сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюі;

3. Сөз мағынасының өзгеру тәсілдері (метафора, метонимия, синекдоха, қызмет бірлігі бойынша ауысу т.б.);

4. Функционалды-семантикалық өріс;

5. Танымдық бағыт: концептілік зерттеу;

1. Көпмағыналылық феномені;

2. Антоним, омоним, синоним;

Сөз мағынасы жан-жақты қарастырылғанда түрлі қырлары ашыла түседі. Осы тұрғыда М. Күштаеваның «Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны («тары» концептісі бойынша)» монографиясында мынандай ой айтылған: «Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі арқылы айқындалады. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінде пайда болған ақпараттың құрамында когнитивті және прагматикалық мағыналардың элементтері бейнеленеді. Рухани-мәдени сөздердің лексикалық мағыналарын анықтау – жаңа үстеме мән-мағынаның ашылуына септігін тигізеді. Бұл өз кезінде бұрынғы түсіндірмелерді жаңа қырынан бағалауға әкеледі» [136, 30-31].

Мағынаның ауқымдылығы соншалықты оның қыр-сыры жан-жақты зерттеу арқылы ашылады. Сондықтан да семантикалық зерттеулердегі негізгі төрт әдіске қосымша бесінші әдісті қосқанды жөн көрдік:

1. Ономасиологиялық тәсіл;

2. Өрістік талдау;

3. Компоненттік талдау;

4. Прототиптік тәсіл;

5. Концептілік талдау.

Белгілі бір тілдегі сөздің мағынасын дәстүрлі мағына түрлеріне талдаумен ғана шектелмей, кешенді түрде когнитивтік модельдер мен үлгілер негізінде де қарастырудың маңызы зор. Семантикалық процестер танымдық қабылдаудың, танымдық ойдың жемісі ретінде өзара әрекетте дами отырып тіл арқылы көрініс береді.

Семасиология адамзат танымының көрінісін бейнелейтін феномен ретінде танылып, мағына тудырушы амал-тәсілдердің тарихи көрінісін, даму жолын бағамдауды қамтиды. Тілдің дамуы – тілдегі мағынаның кеңеюі, өзгеруі, алмасуы, тарылуы, жаңаша сипатқа ие болуы секілді құбылыстармен жүзеге асады. Сөз мағынасы өз бойына ұлттық, лингвомәдени құндылықтарды, әр тілдің өзіндік бояуын сақтайды. Мағынаны зерттеу арқылы осы құндылықтарға көз жеткізуге болады.

3.2 Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі көпмағыналылық феномені

Көпмағыналылық тіл білімінде теориялық әрі практикалық аспектіде семантиканың дәстүрлі мәселелерінің бірі саналады. Көпмағыналылық мәселесінің терең әрі күрделі болуына байланысты көптеген семасиолог ғалымдар В.В. Виноградов, Ю.Д. Апрессян, А.А. Уфимцева, Н.М. Шанский т.б. тарапынан түрлі зерттеулер жасалған.

Көпмағыналылық (полисемия) дегеніміз сөздің бір мезгілде бірнеше мағынаны (семеманы) иеленуін, яғни заттардың, құбылыстардың, іс-қимылдың, қатынастар мен түрлі белгілердің әртүрлі ерекшеліктерін білдіруін, бір дыбыстық жамылғыш негізінде бірнеше ұғымның аталуын түсінеміз. Тілдің даму тарихында көп мағыналылықтың маңызы зор.

Ә. Болғанбаев «Қазақ тілінің лексикологиясы» монографиясында: «Сөзге қосылған жаңа мағына басқа жақтан келіп, өз-өзінен жамала қалмайды. Әрбір жаңа мағына әр сөздің білдіретін мағынасының айрықша қасиетінен, түрліше сыр-сипатынан келіп шығады. Сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуын сөздің көп мағыналығы дейміз. Сөздің көп мағыналығы негізінде сөздік қордағы сөздерге тән қасиет» – деп сипаттама берген [88, 28].

Б. Сағындықұлы «Қазіргі қазақ тілі: лексикология» еңбегінде сөздің екі не одан да көп мағынаға ие болуын *көп мағыналылық* деп атайды: «жаңадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбен аталу қажеттігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді. Олар көбінесе тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бар сөздермен аталады да, ол сөздердің бұрынғы қалыптасқан негізгі мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі» [36].

М. Белбаева «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы» (1976) монографиясында көп мағыналы сөздердің сыңарларының арақатынасы туралы айта келе, келесі тұжырымды ұсынған: «тілімізде кейде сөздер негізгі мағыналарынан басқа туынды мағыналарға ие болып, әр түрлі мағыналарда қолдануға икем келеді. Сөз көп мағыналы болғанда, әр түрлі мағыналардың қатысы біркелкі болмайды. Сол

әр түрлі мағыналардың ішінде бір мағына басым болып, басқаларына негіз болады» [137, 19].

А. Салқынбай өз зерттеуінде тілдегі көпмағыналылық туралы мынандай пікір білдіреді: «көпмағыналылық сөз мағынасының бірте-бірте жіктеліп, сараланuына ықпал жасап, жаңа сөз тууының алғашқы баспалдағы болады. Жақын, шектес, ұқсас ұғымдардың аталуы – көпмағыналылықтың негізінде іске асады. Көпмағыналылық бірте-бірте жеке номинативті мағынаның тууына себеп болады» [13, 74].

Көпмағыналылық лексикалық категория ретінде белгілі бір сөздің ішкі байланыстағы мағыналарының семантикалық қатынасы. Екі немесе одан да көп мағынаның болуы көпмағыналы сөздің құрылымын айқындайды. Мәселен, ноғай тілінде *ис* (көне *иш* формасынан пайда болған) зат есімінің екі түрлі мағынасы бар. Олар: 1. Жұмыс, іс, айналысу. *ис аърув барады (жұмыс жақсы жүріп жатыр), меним сенде исим бар эди (менің сенде шаруам бар еді); ис арасында (жұмыс барысында), исинъ йок (жұмысы жоқ, қатысы жоқ). 2.* Тігін (шитье): *меним кьоп исим бар – менің әлі көп тігетінім бар.* Бір қарағанда екі мағынада байланыс жоқ сияқты, семантикалық байланыс айқын көрінбегендіктен кейде бұл типтес сөздерді омонимге жатқызатын зерттеулер де бар.

Сөз белгілі бір мағынаға ие болғанда, әртүрлі сыртқы факторлар әсер етеді: «1. Халықтың дүниетанымы. 2. Уақыт. 3. Танымның дамуы. Мағына арқылы нақтылы зат не құбылыстың өзі емес, сол туралы халық қалыптастырған ұғым қабылданады. Табиғаттағы зат, құбылыстың адам танымында танылған және танылмаған белгілері мен қасиеті болады. Танылған белгілер мен қасиеттер арқылы ұғым қалыптасып, кейін бұл ұғым бірте-бірте дамиды, жетіледі. Ұғым дамуы арқылы, сөз мағынасы да дамып, синонимдік, көпмағыналылық, антонимдік қатарлар қалыптасады» [13, 58]. Халықтық дүниетанымның өсуі барысында функциясы және сыртқы формасы ұқсас түрлі денотаттар арнайы жеке таңба ретінде қолданылып көпмағыналылықты қалыптастырады.

Таңба мен мағына арасындағы лексикалық шекараның кеңеюінен және контекстің әсерінен сөзде негізгі мағынамен байланысты жаңа мағыналар туындайды. Бұл көпмағыналылықтың дамуын көрсетеді. Мысалы: ноғай тілінде *авла* сөзінің үш түрлі мағынасы бар: 1) мал қорасы; 2) шарбақ; 3) база, қойма. Көрсетілген мағыналар контексте не сөз тіркестерімен қолданылғанда айқындала түседі. Мысалы: *кой авла* – қойдың қорасы, *сыйыр авла* – сиыр қорасы. Бұған «*Авла-авла мал болганша, авыл-авылда дос болсын»* мақалы да мысал бола алады. Бұл қолданыста *авла* сөзі көп, мол деген мағынаны білдіріп тұр. Қазақ тілінде «*Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын»* дейміз. Етістік ретінде *авлав* сөзі *балык авлавшы, кус авлавшы* және *коьнъил авлар үшін* – көңіл-күйін көтеру секілді мағыналарда жұмсалады. Қазақ тілінде де етістік ретіндегі бұл мағыналары қолданылады:

Көңілін аулап алдайды ол баланы,
Қайғысы Мұхаммедтің естен кетпес (Бабалар сөзі).

Қазақ тілінде *аула*, түрікмен тілінде *ховлы*, өзбек тілінде – *ховли*, қырғызша – *авли*, түрік тілінде – *авлы, авлу* түрінде түркі тілдерінің біразында кездеседі. Төменде қазақ тіліндегі сөздер негізінде мағыналарын қарастырып көрсек:

1. Аула – қора. *Өрістен келген қойды аулаға кіргіз!*

2. Аула – қырман сияқты алаң. Аула іші төбе-төбе бидай [138].

3. Қора, аула, үй-жай, қора-қопсы. Қазақ тілінде «үй, ғимарат т.б. құрылыстардың шарбақ, дуал т.б. заттармен айналдыра қоршалған алаңының атауы ретінде қолданылады [139].

Аула – авла – ав – ев (үй) сөздерінің дыбыстық сәйкестіктері негізінде үйдің маңындағы алаң, қора мәнін сипаттайды. Түрік тілінде үйді ev (ев), үй іші, ошақ-ұясы деген сөздерді ev oçağı (ев ошағы) деп қолданылады. Бірақ Г. Мамырбекова кірме сөздер сөздігінде аула сөзі парсы тілінен енген хаули сөзі деп көрсетеді: «Аула – парсы хаули. 1. Қора, аула. 2. Үй-жай, қора-қопсы» [140]. Байқағанымыздай, ноғай тіліндегі *база, қойма* мағынасы тілімізде кездеспейді.

Ноғай тіліндегі *агалык* сөзі үлкендік, жас бойынша іниден үлкенді білдіреді. Ал *агалык эт* деген қолданыста *қамқорлық ет, қолдау көрсет* мағынасында жұмсалады.

Кез-келген тілдік бірлік сөз тіркесі және басқа да күрделі құрылымдар құрамында келгенде сөздің мағынасын сипаттайтын қосымша семантикалық белгілерді жинақтайды. Сөз мағынасын анықтау барысында контекстегі қолданысының маңыздылығын түрлі мысалдар негізінде көрсетуге болады. Мәселен, ноғай тілінде *мунъаюв,* қазақ тілінде *мұңаю (уайымдау, мұңаю),* қарақалпақта *муңайыу (қапаланыу, қайғыланыу, кейпи қашыу)* сөзі қолданылады. Ноғай тілінде *мунъаюв* сөзінің екі негізгі мағынасы бар: 1) қайғыру, мұңаю (печалиться, грустить); 2) шаршау (уставать). Қазіргі ноғай тілінде екі мағынасының арасындағы байланысты анықтау қиын, себебі олардың семантикалық өрісі бір-бірінен алшақтап кеткен. Тіпті омонимге айнала бастағандай көрінеді. Оны тек контекст арқылы, көркем мәтіндегі қолданыстарынан ғана айқындай аламыз. Мәселен, фольклорлық шығармадағы қолданысы: *Екпеге алсанъ, туъеди ал, кырк артуедан коыисе мунъаймас погов – Түйені алыңыз, қырық асудан өтсе де шаршамайды.* Бұл фольклорлық қолданыста *мунъаюв* етістігі шаршау мәнінде жұмсалып, бірінші мағынаға кішкене ғана семантикалық жақындығы байқалады. Ноғай тіліндегі мұндай мағыналық өзгешеліктер [141] мен грамматикалық категориялардағы айырмашылықтар [142] зерттеу жұмысы негізінде жазылған ғылыми мақалаларда да қарастырылды.

Б. Қалиев «Сөз мағыналарының негіздері» еңбегінде былай дейді: «Көп мағыналылықты дұрыс шешкісі келген адам бірінші кезекте сөз мағыналары (негізгі, тура, ауыс) мен олардың мағыналық реңктерін және төлиелік (авторлық) қолданыстарды бір-бірінен ажырата, айыра білулері қажет. Ол мағыналарды дұрыс саралау үшін, алдымен мына мәселелердің басы ашылуға тиісті:

1. Көп мағыналы сөздердегі негізгі, басты мағынаны табу;

2. Сол негізгі, басты мағынадан өрбіген қосымша (туынды, келтірінді, ауыспалы) мағыналарды саралап, оларды бір-бірінен ажырата білу;

3. Әр мағынаның жігін ашып, бөле білу, шегін көрсетіп, даралай алу;

4. Сараланған, дараланған мағыналарды рет-ретімен, жүйелі түрде бірінен кейін бірін орналастыра білу» [91, 80].

Ноғай тіліндегі *аьлек* сөзі екі негізгі мағынаны білдіреді: *аьлек* – 1. гибель, смерть; *альек болув* – қыру, өлтіру. *Аьлек болып кетуьв* – қыру. 2. Порча, повреждение; *аьлек этуьв* – бұзу, зақымдау. *Аьлек салув* – біреуді біреумен ұрыстыру тұрақты тіркесінің құрамында жасырын жаңа сема – «ұрыс» мағынасы көрінеді. Бірақ бұл сема ноғай тілінде жеке тұрғанда емес, тек түрлі қолданыс барысында ғана байқалады. Осы сема арқылы *альек* сөзі тағы жаңа сема *аьлеклев* – мазақ ету, күлкі ету мағынасына ұласқан. *Аьлек* сөзінің соңғы екі мағынасы ноғай тілінің өз негізінде дамыды деп есептеуге негіз бар. Себебі араб тілінен енген *halak* сөзі «қырып-жою», *halaka* – қыру, өлу мағынасын береді. Фонетикалық құбылыстар нәтижесінде *halak* сөзінің алғашқы әрпі *h* түсіп қалып, ноғай тіліндегі *halak–алак–алек–альек* сөзі туындаған. Қазақ тілінде *әлек* сөзі екі мағынада жұмсалады: 1. Әуре, әбігер, азат. 2. Сергелдең, дүрбелең. *Әлек болды, әлегін шығарды, әлек салды, әлекке ұшыратты, әлекке түсті* секілді тіркестер құрамында қолданылады.

Сөз құрамындағы семантикалық байланыстарды ашып көрсету үшін *көз* сөзін талдап көрелік. Мәселен, ноғай тілінде де *көз* сөзінің бірнеше мағынасын көруге болады:

1. Анатомиялық термин – көз. *Кьоздинь агы, коьз алмасы, кьоз кабак, кьоз арасы, коьз уясы, онынь кьозине терискен шыккан, онь коьзи т.б.*

2. Қарау, көзқарас. *Коьзине туьртип айтув* (көзіне түртіп, көрсетіп айту), *коьзинше айтув* (көзінше айту), *коьз сала турув* (қарай тұру), *коьз салув* (көз салу, қарау), *коьзине салып айтув* (көзінше айту), *коьзбе-коьз соьйлесув* (көзбе-көз сөйлесу), *коьзиме коьринме* (көзіме көрінбе), *коьз коьре* (көз алдында), *коьз кысув* (көз қысу), *сокырдынь коьзи корьмем де яны сезер* (соқырдың көзі көрмесе де жаны сезеді), *шынтысы ман йыласа, сокыр коьзден де яс шыгар* (шынымен жыласа соқыр көзден де жас шығады).

3. Көру. *Оьткир коьзли киси* – көзі өткір адам.

4. Бұлақтың көзі, қайнар көзі.

5. Көз, саңылау. *Ийнединь коьзи, терезе коьзи, авдынъ коьзи (ячея сети), ералмадынъ коъзи (глазок картофеля).*

Ноғай тілінде тұрақты сөз тіркестерінің компоненті ретінде қолданылуы:

1. Коьз ашып юмганша – тез, жылдам семасы.

2. Коьзге куьйик болув, сени коърсем, коъзим авырыйды, коъзине туьртип беруъв, коъз бояе – жағымсыз семасы.

3. Коьз туьрткисиз караньа – қараңғы семасы.

Әр түрлі ұғымның бір «көз» тілдік бірлігі арқылы таңбалануының себебі заттардың ішкі мазмұн деңгейінде ұқсас болуынан деп айқындауға болады. Ноғай тілі лексикасының дамуымен бұл семалар уақыт өте келе абстрактіленіп бір-бірінен алыстап омонимге немесе жаңа көп мағыналы сөздің туындауына алып келуі мүмкін.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *көз* сөзінің алты түрлі мағынасы берілген: 1. Адамның көру мүшесі; 2. Бір нәрсенің өткізетін тесігі; 3. Өткеннен

қалған нәрсе; 4. Бір нәрсенің нақты өз басы; 5. Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы; 6. Ауысп. ақыл, ес, сана [107, ҚӘТС: 405].

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінен *көз* тілдік бірлігінің тоғыз түрлі мағынасы бар екенін көруге болады: 1 Көру мүшесі; 2. Жер асты байлықтарының шығатын жері, жолы; 3. Бұлақтың көзі; 4. Иненің көзі; 5. Торлы заттардың тесігі; 6. Ауысп. Біреудің, бір нәрсенің көзі (Мұхаммед көзінің тірісінде, күннің көзі); 7. Ауысп. Күннің нұры, сәулесі; 8. Ауысп. Біреуге қалған ескерткіш, ұрпақ, әулет; 9. Ауысп. Бір ілімнің жолыменен, ізіменен [52, ҚТТС: 379].

Екі тілдің түсіндірме сөздігі бойынша, 1 – тура мағынасы, 2-5 – туынды мағыналары, 6-9 – түрлі тәсілдер арқылы жасалған ауыспалы мағыналары. Қазақ тіліндегі көздің бес мағынасы да қарақалпақ тіліне сәйкес келеді. Бірақ қазақ тіліндегі *ақыл, сана* деген ауыспалы мағынасы қарақалпақ пен ноғай тілінде қолданылмайды. Қарақалпақ тіліндегі ауыспалы мағыналары біздің тілімізде де бар. Тек *бір ілімнің жолыменен, ізіменен* ауыспалы семасы қазақ және ноғай тілдерінде кездеспейді. Демек, *көз* сөзінің номинативтік тура мағынасы үш тілде де бірдей, тек ауыспалы мағына арқалағанда мүлде ұқсамайтын жаңа семаға айналып ерекшеленіп тұр. Яғни тілдердегі семантикалық процестер нәтижесінде *көздің* мағынасы кеңейгенін көрсетіп отыр. Бір нәрсенің *шығар жері, бастауы, қайнар көзі* мағынасы қызмет бірлігі негізінде туындаған.

Көз – қыпшақ тілдерінде көп мағыналы, сөздік құрамында берік орын алған, халықтық танымында түрлі бейнелі сипаттауға арқау болған, концепт деңгейіндегі сөз. Қыпшақ тілдеріндегі *көз* ортақ сөзінің ауыспалы мағыналарын ат ауысуы, қызмет бірлігі, метафора, метонимия, синекдоха секілді мағынаның ауысу тәсілдері жасайды.

Бір нәрсенің *шығар жері, бастауы, қайнар көзі* мағынасы қызмет бірлігі негізінде туындаған. Себебі көз арқылы адамның жағдайын, ішкі сырын, ойын ұғынуға болады. Сондықтан да «көз – адам жанының айнасы» – дейміз. Барлық ақпараттың шығар орны болғандықтан осы қызметіне ұқсатып қалыптасқан мәні болып саналады.

Мұндағы *ойлы көз, тән көретін көз, жан көретін көз, бас көзі* секілді тіркестер көздің метафоралық қолданыстары арқылы мағыналық аясын кеңейтуі деп санаймыз. Ұлттық дүниетанымымызда көздің екі түрі болады. Бірі – бастағы көз, екіншісі – жүрек көзі. Абайдың *көкірек көзі, көңіл көзі*, Шәкәрімнің *жан көретін көзі, ойлы көзі* осы *жүрек көзінің* мағынасымен сәйкес келеді. Жүрек көзі – адамның рухани бай, жан-дүниесі толысқан, рухани әлемге қараған көзі. *Көреген адам* деп қазақ жүрек көзі ашылған, көкірек көзі ояу адамға қарата қолданады. *Тән көретін көз, бас көзі* – материалдық әлемді көретін көз. Қарақалпақ тіліндегі көркем шығармалардан да *көз* сөзіне қатысты *битик көз, алма көз, кара көз, қуңқар көз* секілді тіркестерді, қолданыстарды кездестіруге болады: 1. Мәселен: Коьк туьсин коьптен бери йойып кутылган аз-маз *битик коьзлери*, туманласкан алыстай болып, куьнъирт эдилер [112, 15]. Қарақалпақ халқының ұлы ақыны – Әжинияздың өлеңдері мен поэмаларынан мысалдар келтірсек:

Қумар ала көзли, балам қапақлы,
Зұхрә киби, сұшик тиллери барду («Бардур» өлеңінде)

Алма көз әреби атдур мингәни,
Көйлекшеси зәрбап, алтын йүгәни [143].

Кара көз, кыпша бел кыз билән жауан,
Йүзлери гүл киби көзлери мәстан
(Ажинияз «Бозатау» поэмасы) [143].

Кимсә шәхийд болды, жан дын айрылды,
Кимсә гәда болды, малдын айрылды,
Кимсә көзи қуңқарыйдын айрылды,
Башына қиямат түшти, Бозатау
(Ажинияз «Бозатау» поэмасы, қунқар – бұл жерде көзі өткір мағынасында) [143].

Сөздің семантизациялануын тілдегі тұрақты тіркестер арқылы да айқындауға болады. Тұрақты тіркестер – ұлтқа тән лингвистикалық қазына. Тұрақты тіркестерде ұлтқа тән дүниетаным, наным-сенім мен әдет-ғұрып, әлеуметтік тыныс-тіршілігі көрініс тауып, семантикалық бай болуымен, эмоционалды-экпрессиялы бояуымен ерекшеленеді. Қыпшақ тілдерінде де *көзге* байланысты тұрақты тіркестер қоры бір-біріне ұқсас, шамалас деуге болады.

1. *Көзі ашық, көзі ашылу* – үш тілде де тапқыр, шешен, білгір мағынасында қолданылады.

2. *Көз жүгірту* – «үстіртін қарап шығу» (қазақ, қарақалпақ);

3. *Көзі қарақты* – қазақ тілінде «білімді, оқыған адам» мағынасын берсе, *көз көрекі* – қарақалпақ тілінде керісінше «жортаға, жақсы білмеу» мағынасында қолданылады.

4. *Көзіне шөп салу* – «қиянат жасау» (үш тілде бірдей);

5. *Көзін шел қаптау* – қазақ тілінде «еш нәрсені көрмеу, білімсіздік, надандық» мәнін білдіреді. Мысалы, Абайдың «Сәулең болса кеудеңде» өлеңінде:

Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.
Танымассың, көрмессің,
Қаптаған соң көзді шел, – деуі надандықты сипаттап тұр.

6. *Көз ету* – ноғай тілінде үлгі алу мағынасында жұмсалады. Мысалы төмендегі өлең жолдарынан байқауға болады:

Ер ярылып коьк шыкпас
Аркасыннан куьн оьтпей
Уьйдинъ наьсиби келмес
Карты ясын коьз этпей [128, 31].

7. *Аш көз* – дүниеге тоймайтын, еш нәрсеге қанағаты жоқ (үш тілде де кездеседі);

8. *Көз аларту* – үш тілде де «ұнатпау, жақтырмау» мәнін береді.

9. *Ақ көз* – қарақалпақ тілінде «алаңғасар, алды-артын ойламайтын» жанға айтылады. Мысалы: *Алаңғасар ес алаң, «ақ көз» сен қайда барасаң?* (Ер Зийуар). Қазақ тілінде *ақ көз* – «қараңғы, оқымаған» мағынасында кездеседі.

10. *Көзінен тану* – біреуді көзіне қарап тану (үш тілде де қолданылады) [144, 349].

М. Абдрахмановаңың ««Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы»атты зерттеуінде көз сөзін зерттеу нысанына ала отырып, көзге қатысты тілдік бірліктерді қарастырған: «*Көзінен тану* – қазақ тілінде бұл тіркестің қолдану аясы кең. Адам қатты ауырғаннан, қартайғаннан өзгеріп кеткенде, азып немесе қатты толып кеткенде оны көп уақыт көрмеген адамдар шын мәнінде көзінен таниды (әрине, көзіне зақым келмеген болса)» [145, 11].

А. Салқынбай «Қазақ тілінің сөзжасам сөздігінде» көзге қатысты 175 туынды мағынаны анықтаған. Олар: *көз салу, бадана көзді, теке көздену, көз қырын салу, көз тию, көзбен жер шұқу, көз байлау, көзге шұқу, көзге түсу* және т.б. [146, 63].

Көз ортақ сөзі арқылы көп мағыналылықтың әсерінен сөз мағынасы кеңейгенін, мағына ауысуының түрлі заңдары арқылы ауыспалы мағыналары қалыптасып, тілімізде жаңа лексикалық бірліктерді қалыптастырғанын байқауға болады.

Көпмағыналылық пен омонимия құбылыстары бір қарағанда ұқсас секілді, бірақ олардың айырмашылығы бар. Бұл айырмашылық омоним сөздердің арасында семантикалық байланыстың болмауымен ерекшеленеді.

К. Аханов «Қазақ тіліндегі омонимдер» (1958) монографиясында сөздің көпмағыналылығы мен омонимия құбылысының аражігін ажыратып, түсіндіреді: «Егер сөздердің әр түрлі мағыналары бір-бірінен онша алшақтамай, дараланып бөлініп кетпей, өзара байланысып жатса, онда ол мағыналар бір сөздің әр түрлі мағыналары болып танылып, сөздің көп мағыналылығы деген категорияға жатады. Егер дыбысталуы бірдей, бірақ мағынасы басқа-басқа болып, мағыналық жақтан дараланып, бір-бірінен алшақ кеткен сөздер болса, онда олар омонимия құбылысының қатарына жатады [147, 31].

Омонимдес мағына тууы арқылы тілде семантикалық даму болмайды. Омонимдік құбылыс арқылы жаңа сөз жасалмайды. *Омоним* дегеніміз мағыналары бір-біріне генетикалық жағынан сәйкес келмейтін, мағыналары шектеспейтін, тұлғалануының ортақтығы кездейсоқ сөздер: *алма-алма, ер-ер* [13, 31].

Көп мағыналы сөздер мен омонимдердің сыртқы түрі ұқсас болғанымен, ішкі мағыналық жағынан алыстығы көрініп тұрады. Көп мағыналы сөздер көбіне бір сөз табына қатысты болып келеді. Омоним мен көп мағыналы сөздердің айырмашылығы ретінде омонимдердегі семантикалық байланыстың алшақ болуымен түсіндіріледі.

Ғалым Ю.Апресян көпмағыналы сөздер мен омонимдердің айырмашылығы туралы мынадай пікір білдірген: «Следовательно, более надежный способ строго различить полисемию и омонимию состоит в том, чтобы формализовать понятие семантического сходство-несходства значений – единственный фактор, непосредственно отражающий существо этих двух явлений. Лексическая многозначность будет определена через понятие сходства значений» [134, 184–186].

Соңғы кезде ғалымдар тарапынан көп мағыналы сөздер мен омонимдердің айырмашылығы ретінде сөзжасамдық белгілерді де көрсетіп жүр. Мәселен, жоғарыда қарастырған *ай* ортақ сөзінің бірінші мағынасы – астрономиялық аспан денесі болса, екінші мағынасы – уақытты білдіреді. Екінші мағынасынан сөзжасамдық тәсілдер арқылы туындаған айлық сөзінің бірінші мағынасынан тым алшақтап кеткенін көруге болады. Сондықтан да омонимдерде мағыналық даму, семантикалық байланыс болмайды. Мағыналық даму тек көпмағыналылықта (метафора, метонимия т.б.) ғана болады.

Ал ноғай тіліндегі көп мағыналы сөздер мен омонимнің айырмашылығы туралы төмендегідей критерийлер ұсынылған: «Лексикологи выдвигают различные критерии разграничения полисемии и омонимии, например: 1) семантический; 2) этимологический; 3) расхождение словообразовательных рядов, образуемых от разных значений слова; 4) способность слова в производном значении стать производящей основой; 5) различная предметная отнесенность значений; 6) сочетаемость с другими словами; 7) наличие у каждого члена омонимичной пары своего фразеологического окружения; 8) совмещенность значений; 9) тематический; 10) «чутье» языка и др.» Однако ни один из перечисленных критериев не является достаточно надежным и приемлемым для всех случаев полисемии и омонимии. Каждый из них применим лишь в отдельных случаях разграничения этих явлений [73, 72].

Орыс ғалымы А. Зализняк «Русская семантика в типологической перспективе» еңбегінде көпмағыналылықтың тілдік қолданыстағы ерекшелігін айта келе, көп мағыналы сөздерді ұсынудың бірнеше түрін көрсетеді:

- иерархиялық мағыналар жиынтығы арқылы;
- семантикалық деривация арқылы;
- инвариант (жалпы мағына) және одан туындайтын жеке мағыналар арқылы (контекст негізінде анықталады);
- семантикалық компоненттер арқылы;
- схемалық бейне түрінде (когнитивті);
- абстрактілі схема және логикалық түрлендіру арқылы көп мағыналы сөздерді айқындауға болады дейді [135, 31].

Көпмағыналылық арқылы тілдегі сөздік құрам байып, толысып отырады. Көп мағыналы сөздердің өзіне тән қасиеттері ретінде төмендегі белгілерді көрсетуге болады:

- көп мағыналы сөздердің өзексемасы бір;
- бір зат не құбылыстың түрлі мағыналық реңктері көрсетіледі;
- көп мағыналы сөздер сөзжасамдық қатар түзе алады;
- көпмағыналы сөздер арасындағы мағыналық байланыс, жақындық байқалып тұрады әрі олар негізгі мағынасының айналасынан алшақтамайды.

Әлемдік тіл білімінде қазіргі таңда көпмағыналылық қайта қаралып, жаңжақты қарастырылып жатыр. Мәселен, шетелдік ғалымның «Polysemy and word meaning: an account of lexical meaning for different kinds of content words» тақырыбындағы ғылыми мақаласында *ауыз (mouth)* сөзі түрлі мағынада жұмсалатыны туралы айтылады. Негізгі мағынасы ретінде тұтас ауызға қатысты яғни оның сыртқы формасына, ішкі бөліктеріне қатысты қолданылса (the mouth

of the cave), өзеннің мұхитқа шығатын бөлігін де (river mouth), тым көп сөйлейтін адамды да (big mouth), жеке адамды да (I have two mouths to feed) білдіру мағынасында жұмсала береді. Көпмағыналылықтың үш негізгі түрін көрсетеді:

1. Логикалық полисемия;
2. Метафоралық полисемия;
3. Метонимиялық полисемия.

Логикалық полисемияға мысал ретінде *lunch (түскі ас)* сөзі көрсетіледі. Бұл сөз тамақты әрі оқиғаны сипаттайды. Мәселен, 1. I have my lunch in the backpack. (Менің сөмкемде түскі асым бар) 2. Lunch was really long today. (Бүгінгі түскі ас өте ұзақ болды).

Тұрақты немесе метонимиялық полисемияға төмендегі мысалды келтірген: 1. That rabbit is fast. (қоян – өте жылдам). 2. We have rabbit for lunch (Түскі асқа қоян болды). 3. He is wearing a rabbit coat (Ол қоян пальтосын киіп алды) [131]. Полисемияның мұндай жіктелісінің метафоралы және метонимиялы түрлерін Ю. Апресян еңбегінен де кездестіруге болады.

Түрлі заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің ұқсас белгілерінің болуы әбден мүмкін. Сөздегі мағыналық белгілердің мол болуы оның метафоралық жолмен дамуына да көп септігін тигізеді. Бұл белгілер бір семантикалық топқа тиесілі атауларды екінші бір семантикалық топтағы атауларға қолдануға мүмкіндік береді.

Ғалым Ю.Апресян «Лексическая семантика» зерттеуінде көпмағыналылықтың типологиялық типтері ретінде 3 түрін көрсетеді.

1. Радиальная полисемия;
2. Цепочечная полисемия;
3. Радиально-цепочечная полисемия [134, 183].

Ғалым бөліндісіндегі көпмағыналылықтың бұл үш түрін Д. Пашан өз зерттеуінде *сабақтасқан, тарамдалған, сабақтаса-тарамдалған* деп аударады [148]. Енді осы полисемияның түрлеріне тоқталсақ. Сабақтасқан (радиальная) көпмағыналылықта сөз мағынасы бірінен-бірі шығып, жалғасып отырады. А мағынадан Ә мағынасы, Ә мағынадан Б мағынасы туындап отырады. Кейде А мағынасы мен Б мағынасы арасында байланыс сақталмауы да мүмкін. Мысалы: қыпшақ тілдері бойынша коьз/көз – 1) көздің ағы/ коьздин агы, көздің қарасы/коъз карасы, көз қабағы/ коъз кабак, көзіне теріскен шығу/коъзине терискен шыккан; 2) өткір көз/оъткир коъзли киси; 3) көзқарас, қарау, көру; т.б.

Ал тарамдалған (цепочечная) көпмағыналылық бойынша сөздің А және Ә, А және Б, А және В мағыналарының арасында байланыс сақталады. Мысалы: коьк/көк – 1) аспан; 2) түс: көк түс, коък бояк; 3) жасыл түс: коък кавын/көк қауын; 4) сұр түс: коък ат/көк ат.

Көпмағыналылықтың үшінші жолы – тарамдала-сабақтасқан немесе аралас байланысуда жоғарыдағы екі түрдің қосындысынан, аралас қолданылуымен айқындалады. Мысалы: *тамақ/тамак* – 1) адам организмінің бір мүшесі: *тамакка барып кадалув – тамағына қадалу; Тамак карлыгув/ тамағы қарлығу; тамағы кебу/тамағым кепкен; аш тамагым/тыныш кулагым; тамак аъзирлев/ тамақ әзірлеу, тамактан алув – явдан алув, тамақтан алу – жағадан алу* т.б.

Қыпшақ тілдерінде *ойын* сөзі мағыналық тұрғыдан дамып, ауыспалы мағыналар арқалап, көпмағыналылық қасиетке ие болған. Мәселен, қазақ тілінде *ойын* сөзінің екі мағынасы бар: 1) ойнау үшін жасалатын әрекеттер; 2) әзіл, қалжың. Қарақалпақ тілінде *ойын* сөзінің мағыналары төмендегідей: 1) кеуил көтериу ушын хәрекет, ис. 2) қызық ойын, тамаша; 3) аяқ ойын, сазға қосып аяқ ойын ойнау. 4) хәзил, деғишпе. 5) жарыс, бәйге.

Ал ноғай тіліндегі мағыналарын сипаттап көрсек: 1) ойын: *асык ойыны, балалар ойыны, топ ойыны, ойынга берилув*; 2) әзіл, қалжың: *ойын соьз, ойынга айландырув, онынъ ойы ойын тувыл (ему не до шутки);* 3) би; 4) кеш (вечеринка): ойынга барув; Осындағы соңғы мағынасынан ойнав көпмағыналы етістігі туындаған: 1) ойын ойнау, көңіл көтеру; 2) әзілдесу, ойнау. Осы мағынасының семантикалық дамуы нәтижесінде келесідей мағыналар қалыптасқан: 1) музыкалық аспаптарда ойнау, 2) рөл ойнау, 3) ауыспалы мағынада жылтырау (судың бетінде жылтырау, ойнау) т.б.

Сөздік қордағы сөздердің сапа жағынан баюы көпмағыналылық құбылысы арқылы жүзеге асады. Тілдегі жаңа мағыналарды тудыратын сөздік қордағы байырғы төл сөздер болғандықтан уақыт өте келе дамып, қосымша мағыналар арқалап, мағыналық аясын кеңейтіп отырады. Қосымша жаңа мағыналар сөздің негізгі мағынасынан, ішкі семантикалық сыр-сипатынан тарайды. Егер сөз ұғымның бойындағы барлық қасиетін, сыр-сипатын толық суреттеп бере алса, тілде ауыспалы мағына, көп мағыналы сөздер болмас еді. Ұғымның басты белгілері уақыт өте келе айқындалып, белгілі болғаннан кейін ғана абстракциялана бастайды.

Көпмағыналы сөздер әрдайым дамып, мағыналық аясы кеңейе бермейді. Кейде танымның дамуы, уақыт өтуімен де сыртқы факторлар әсерінен сөздің мағыналық аясы тарылады. «Сөз мағыналарының өзгеруі және зат атаулары мен заттың қасиеттері, қызметтерінің өзгеруі тепе-тең құбылыстар емес, тепе-тең болуы мүмкін де емес. Себебі сөз өзгеруі мен зат өзгеруі бірдей емес. Бұл өзгерістер мағынаның күшеюіне не әлсіреуіне әкеп соғады. Сондықтан белгілі бір дәуірлерде қалыптасқан мағыналар арасындағы байланыстар қалпы бұзылады. Көп мағыналы сөз құрылымының логикалық-семантикалық негіздері өзгереді» [104; 44].

Ш. Шарапатұлы өзінің «Түркі лексикасының семантикалық деривациясы» атты зерттеуінде көпмағыналылық мәселесіне тоқталады: «полисемия мағыналық құрам болу үшін құрамындағы семемалар: а) бір дыбыстық комплекспен таңбалануы, ә) оларды байланыстыратын заттық (денотаттық) семалардың болуы, б) ол семалар басқа зат-құбылысты, сан-мөлшерді, қимыл-қозғалысты, сын-сипатты атауға негіз болуы, в) бір немесе бірнеше лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық, лексика-тақырыптық топтардан құралуы шарт, г) сөз қанша зат-құбылысты және т.б. атаса, соншама мағына бар» [149, 209]. Түркі лексикасындағы көпмағыналылықты үш түрге жіктеген. Олар:

1. Жеке түркі тіліне тән;
2. Қазіргі түркі тілдеріне тән;
3. Түркі жазба ескерткіштеріне тән.

Көп мағыналы сөздердің семантикалық құрамына кешенді, компоненттік талдау жасау – көп мағыналы сөздердің семантикалық табиғатын шешудің бір ең ұтымды жолы. Көп мағыналы сөздерге семантикалық талдау жасауда негізінен түсіндірме және этимологиялық сөздіктер пайдаланылады. Себебі түсіндірме сөздіктер белгілі бір деңгейде компоненттік талдауға жатады. Себебі реестрге алынған сөздің барлық мағыналары мен мәні сипатталады.

Көп мағыналы сөздерді феномен ретінде қарастыруға ықпал ететін төмендегі белгілерді атауға болады:

1. Кез келген көп мағыналы сөз – бір семантикалық жүйе.
2. Сөз мағынасы – динамикалық тарихи құбылыс, әрдайым дамып отырады.
15. Көп мағыналы сөздер арасында уәжділік сақталған, семантикалық байланыс міндетті түрде болады.
16. Көпмағыналылық – бейнелі ойлаудың, ассоцацияның тілдегі көрінісі.
17. Көпмағыналылық – когнитивтік танымның жемісі.

Көп мағыналы сөздер кездейсоқ пайда болмайды, жүйелі түрде уәжделе отырып, туындау арқылы дамиды. Негізгі мағына және одан туындаған қосымша мағыналар арқылы белгілі бір иерархияға сүйенеді. Бір негізден тарайтын семантикалық желі күйінде қалыптасады. Тілдегі семантикалық құрылымы күрделі болғандықтан көп мағыналы сөздердің қызметі де арта түседі. Көпмағыналылық – тіл жүйесінің іргелі, табиғи құбылысы әрі оны феномен ретінде қарастыруға лайықты категория.

3.3 Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі семантизациялану үдерісіндегі әлемнің тілдік бейнесі

Тіл реформаторы А. Байтұрсынұлы тіл мен адам танымы жайлы былай дейді: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [150]. Ғалымның жіктемесіне сәйкес, сөз әрдайым белгілі бір затты, іс-әрекетті білдірумен қатар, адам санасында түрлі ассоциациялық байланыстар туғызады. Бұл байланыстар әсерінен тілдік бірліктердің бастапқы мағынасы кеңейіп, тарылып немесе ауысып жаңа семантикалық құрылымдар жасайды. Семантизациялану үдерісінің негізгі механизмі де осы. Бұл үдеріс қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінде ұқсас түрде дамығанымен, олардың семантикалық өрісінде әр тілге тән өзіндік этникалық ерекшеліктер көрініс береді.

Кез-келген адам тілді үйренбей тұрып, белгілі бір дәрежеде ғаламмен танысады, сезім мүшелердің көмегімен қоршаған шындық болмыс туралы санасында ақпарат қалыптасады. Алынған ақпараты уақыт өте келе толығып, жаңарып отырады. Айналадағы түрлі құбылыстардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын ұғына бастайды, санасында әлемдік бейне туралы түсінігі

қалыптасады. Санаға орныққан әлем бейнесі әрдайым даму үстінде болатын тілдік категория болып саналады. Адам танымының негізгі элементі – әлемнің тілдік бейнесі. Әлемнің тілдік бейнесі ұғымы күрделі болғандықтан, зерттеушілер тарапынан түрліше тұжырымдалады.

Тіл мен ойлаудың бірлігі адам санасында түсінік қалыптастырып сөз арқылы сипатталып түрлі мағынаға ие болады. Жеке адамның дүниетанымында деректі, дерексіз ұғымдар жинақталып қоршаған орта туралы, өз ұлты туралы көзқарастар туындатады. Сөзге бекітілген адамның дүние туралы білімдерінің жиынтығы әлемнің тілдік бейнесін құрайды.

Әлемнің тілдік бейнесі (weltbild der sprache) ұғымын неміс ғалымы, лингвист Иоганн Лео Вайсгербер енгізген. Кез-келген адамның әлем туралы көзқарасы ана тілімен тікелей байланысты екенін айтқан. Мәселен, қазақ халқы әлемді ағылшын не неміс халқы секілді көре алмайды. Әр ұлт өзінің ана тілі арқылы қалыптастырған дүниетанымы негізінде әлемді таниды. Әлемнің тілдік бейнесі уақыт кеңістігінде өзгеріп отырады, осыған сәйкес мағыналық аясы да кеңейе түседі. Кумулятивтік қызметімен әлемнің ұлттық бейнесі адамзаттың ұлттық құндылықтарына сай келесі ұрпаққа беріліп отырады. Әлемнің тілдік бейнесі ата-бабамыздың «әлемді тануын» зерттеулер арқылы қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Адамның әлемді тануын айқындай отырып, лингвистикалық іргелі ұғым саналады. Әлемнің тілдік бейнесін анықтайтын концепт, пропозиция, когниция, фрейм, гештальт, ұғым секілді т.б. терминдер қолданылады.

Ғалым Н. Уәли зерттеуінде былай дейді: «Әрбір халық қоршаған болмысты өзінше көреді және бұл факт тілде көрініс табады. Әрбір нақты тілде осы тілде сөйлеушілердің дүниетанымын анықтайтын және олардың әлемдік бейнесін қалыптастыратын ұлттық, өзіндік жүйе бар. Бірақ дәл осы адамның сөздік қоры, сөздердің мағыналық және семантикалық мағыналары адамның әлемді тану тәжірибесі шоғырланған контейнер болып табылады» [151].

Қазақ тіл ғылымында әлемнің тілдік бейнесі ұғымы когнитивтік тіл білімі, лингвоконцептология,лингвомәдениеттану салаларының дамуымен байланысты XXI ғасырдың басында шыға бастады. Ғалымдар қазақ тілінің әлемдік тілдік бейнесін түрлі лексикалық бірліктердің астарындағы аялық білім арқылы саралай отырып, талдау жасаудың жаңа моделін қалыптастырды.

Әлемнің тілдік бейнесінің адам өмірімен байланысын тілші О. Жұбаева былай сипаттаған: «ғаламның тілдік бейнесі негізінен субъективті сипатта, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын қабылдау арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды» [152, 30].

А. Ислам зерттеуінде тіл мен таным арасындағы байланыс туралы былай дейді: «Адамның шындықты танып білуі, ой арқылы жүзеге асса, тіл – ойдың бейнелеу қызметінің нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді. Қандай да тіл өзіндік тілдік құрылымы және тілдік үлгілері жағынан әр түрлі болғанымен, тілдік болмысты түсінуге келген ортақ танымдық дүниелерден

тұрады» [153, 30]. Әлемнің тілдік бейнесі әр тілде өзінше көрінеді. Себебі адам сол тілдің семантикалық базасы негізінде тілді меңгереді. Демек тілдегі барлық мәдени құндылықтарды, ұлттық мінезді, менталитетті семантика, сөз мағынасы арқылы бойына сіңіреді.

«Сигналдық жүйе адамға әсер еткенде қоршаған ортаның, оның заттары және құбылыстарының ең елеулі белгілері сақталып, дерексізденіп мағына құрылымының ерекше бөлігіне айналып бекиді. Мағыналар ірілі-ұсақты жүйешелерден тұратын өзіндік қойма іспетті әлем түзеді, бұның шығар бастауы – қоршаған әлем» [154, 29].

Қазақ тіл ғылымында әлемнің тілдік бейнесі ұғымы когнитивтік тіл білімі, лингвоконцептология, лингвомәдениеттану салаларының дамуымен байланысты XXI ғасырдың басында шыға бастады. Ғалымдар қазақ тілінің әлемдік тілдік бейнесін түрлі лексикалық бірліктердің астарындағы аялық білім арқылы саралай отырып, талдау жасаудың жаңа моделін қалыптастырды.

Танымдық бағыттағы зерттеулер *таным – тіл – ойлау – әлемнің тілдік бейнесі* схемасы негізінде жүзеге асады. Әлемнің тілдік бейнесі мен шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар адам арқылы, оның тілі арқылы интеграциялық қатынаста кешенді түрде болғанда ғана айқындала түседі.


Әлемнің тілдік бейнесі – тілдік тұлғаға тән барлық ерекшеліктерді бойына жинақтай отырып, ұлттық құндылықтардың мәдени-этникалық болмысын танытатын әмбебап категория. Оның құрамына жекелеген субъектінің қоршаған орта туралы бағасы, рухани болмыс-бітімінің барлық деңгейлері енеді. Бұл категория негізінде кез-келген ұлттың рухани сандығы ашылады.

Әр ұлт әлемнің шындық болмысын өз биігінен ғана тани алады. Адамның танымына ана тілі арқылы әлемнің шындық бейнесі туралы ақпарат орнығады. Тілді зерттеушілерге сол ақпараттар этно-мәдени маркерлі тілдік қолданыстар арқылы көрініп, ұлт болмысынан, танымынан хабар береді. Бұл туралы ғалым А. Зализняк мынадай пікір білдірген: «В зависимости от разных обстоятельств, это влияние может быть большим или меньшим; в любом случае, экспликация тех связей, оценок и представлений, которые формируют языковую картину мира родного языка и приобретаются одновременно с его усвоением, обеспиечивают человеку свободу выбора в отношении их сознательного приятия или отклонения» [135, 273]. Демек когнитивтік әлем адамның өмірден көрген-білгені, ана тілі, дүниетанымы негізінде жинақталады. Когнитивті зерттеудің ең негізгі мәселесі – тіл мен таным арасындағы сабақтастық саналады.

Әлемнің тілдік бейнесі – тілдік семантиканың маңызды бөлігі. Әлемнің тілдік бейнесі ретінде кең мағынасында тілдегі барлық концептілер жүйесі мен тілдік семантика енеді. Бірақ әлемнің тілдік бейнесін зерттеу этимология саласы секілді аса жауапкершілікті, мұқияттылықты талап етеді: «Важно подчеркнуть, что языковая картина мира – это та часть языковой семантики, которая недоступна непосредственному наблюдения, так как содержится в значении слов и конструкций языка в неявном виде. Языковая картина мира может быть лишь реконструирована – при помомщи лингвистического анализа» [135, 282].

Аялық білім дегеніміз мәдениеттің бір бөлігі. Мәселен, басқа тілде сөйлейтін адамға *төрлетіңіз* немесе *наннан ауыз тиіңіз* десеңіз түсіне алмауы

мүмкін. Тек туыстық жақындығы бар тілдегілер ғана ұғады. Бұл ортақ танымның, ұлтқа тән аялық білімді көрсетеді. Бейнелі түрдегі, халық тәжірибесіне сүйенетін мұндай ақпараттар образды сөздер, фразеологиялық тіркестер, жергілікті диалектілер, көркемдегіш-бейнелеуіштік құралдар, этно сөздер, автордың жеке қолданысындағы сөздер арқылы жарыққа шығып отырады. Әлемнің тілдік бейнесін анықтауда адамның аялық білімінің мәні, дүниені қабылдауы маңызды саналады. Оны «сызба 2» арқылы сипаттаймыз.



Сызба 2 – Әлемнің тілдік бейнесі

Әлемнің тілдік бейнесі ұғымы екі түрлі бағытта қарастырылады:

1. Бір этносқа тән жекелеген лексемалар негізінде (*бесік, шаңырақ, қымыз, домбыра т.б.);*

2. Жалпы құбылыстар негізінде *(түр-түс, мінез-құлық т.б.)*.

Әлем бейнесі когнитивті модельмен анықталатын күрделі құбылыс. Әлемнің тілдік бейнесі бір тілдік ұжымның санасында жинақталған әлем туралы көзқарастардың жиынтығы. Тілдегі кез келген сөз концепт бола алмайды. Сөз концептілік мәнге ие болу үшін ұлттық, танымдық, мәдени ерекше белгілерді бойында жинақтауы, әлем бейнесіне жетелейтін қасиеттерге ие болу керек.

Әлемнің тілдік бейнесін зерттеу арқылы келесідей нәтижелерге жетуге болады:

- тілдің семантикалық жүйесі тереңдей түседі,
- мәдени дүниетанымдағы ұлттық код көрініс береді,
- этносқа тән әлемді қабылдау моделі айқындалады,
- мағыналық өзгерістердің механизмі түсінікті болады.

Әлемнің тілдік бейнесі – лингвофилософиялық категория. Әлем бейнесі – адамның әлем туралы білімінің көрсеткіші. Қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тіршілігі, бітім-болмысы, мінез-құлық ерекшеліктері қазақ тілі арқылы әлемдік тілдік бейнесінде өзіндік орын алады. Әр халықтың әлем туралы көзқарасы жеке және қоғамдық сана негізінде қалыптасып дамиды. Этносқа тән өзіндік әлем туралы көзқарастың болуы табиғи құбылыс боп саналады.

Тіл мен ойлау арасындағы қатынас, объективті шындық пен тіл арасындағы байланыс ерте заманнан бері ғалымдар назарын аударып келе жатқан мәселе. Тіл – ойлау – таным секілді байланыстарды зерттеу адамзат

өміріндегі құндылықтардың маңыздылығын түсінуге жол ашады. Әлемнің шексіз құбылыс болғандықтан, ол туралы танымның шегі болмайды. Әр адам этнотанымдық сипатқа сай, өмірлік тәжірибесі мен аялық білімі негізінде ойлау арқылы белгілі бір білімдерге ие болады.

Қыпшақ тілдерінде де әлем туралы өзіндік түсініктер белгіленген. Әр түрлі тілде әлем туралы ақпарат түрліше болады. Дегенмен, әлемнің тілдік бейнесі туралы ойдың ортақтығы салт-дәстүр, халықтық дүниетаным, мәдениет жақындығына қарай айқындалады. Түркі тілдері жүйесінде қазақ тілінің мағыналық кеңдігі туралы түрік ғалымы О. Сөйлемездің ғылыми мақаласында қарастырған. Қазақ тілінің сөздік қорының бай екендігі, елдің саяси-экономикалық жағдайының тілге әсері, сөз мағынасы тілдің баюына тигізер септігін, тілдің өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталған [155].

Сөздің бұрынғы мағынасының үстіне жаңа мағына пайда болуы үшін бірнеше этаптардан өтеді. Біріншіден, сөз жаңа мағынасы негізінде ауызша сөйлеу тілінде де жазба тілде де қолданысқа ие болады. Екіншіден, жаңа мағынасы уақыт өте келе тілде орныға бастайды, қолдану жиілігі артып жалпыхалықтық сипат алады. Үшіншіден, жаңа мағынасы тұрақталады, негізгі мағынасымен синоним не көп мағыналы сөз ретінде байланысқа түседі. Соңында сөздің жаңа мағынасы аталымдық дәрежеге жетіп, тілдік айналымға түсіп, сөздік қордан орын алады.

Мағыналық даму көбіне **мәнмәтін/контекст** арқылы көрінетінін жоғарыда айтқан болатынбыз. Мәнмәтін – құрамындағы сөз не сөз тіркесінің түрлі мағыналарын анықтауға көмектесетін ауызша не жазбаша мәтіннің бір бөлшегі. Тіл білімінде мәнмәтіндер микро және макро деп екіге жіктеледі. Мәнмәтін арқылы айқындалатын мағына екі түрлі болады. Бірі – жасырын (имплицитті), екіншісі – ашық (эксплицитті) мағына. Мысалы: *Сыртта жаңбыр жауып тұр* деген сөйлемді алсақ, мұнда ашық мағынасы – жаңбыр жауғанын ауа-райының қандай екенін білдіріп тұрса, жасырын мағынасы – салқын ауа-райын немесе қолшатыр алу керектігін, киімінің су болатындығын секілді т.б. бірнеше жасырын семаларды білдіреді.

Көп мағыналы сөздердің мәнмәтінде және одан тыс айқындалуын білдіретін тіл ғылымында сөздің автосемантикалығы, синсемантикалығы секілді ұғымдар қолданылады. Тілімізде мәнмәтін арқылы тілдік бірліктің ауыспалы мағыналары ғана түсініледі, ал сөздің негізгі мағыналары мәнмәтінсіз де ұғыныла береді. Бұлар – автосемантикалы сөздерге жатады. *Жақсы* сөзінің *сапалы, әдемі, ғажап, керемет* секілді мағыналы сөздері мәнмәтінсіз де түсінікті, Ал түрлі рухани қасиеттер, адамгершілік мінез-құлықпен, ауру аттарымен т.б. сөздер мәнмәтін арқылы айқындала түседі. Оның ғылыми атауы – синсемантикалы мағына деп аталады.

Мағыналық өзгерістерді тудыратын келесі құралдар – ассоциация мен символдық белгілер. ***Ассоциация*** адамдағы ой мен образдың байланысып шығуын, бір нәрсені ойлағанда екінші бір нәрсенің ойға келуін білдіретін танымдық байланыстар жүйесі. Сөз мағынасының ауысуына, дамуына, жаңа мағына тудыруда маңызы зор. Мағынаның ауысу жолдарын білдіретін метафора, метонимия, синекдохалық тәсілдер және көпмағыналылықты да ассоциация

арқылы туындайды. Сөздің айналасында пайда болатын мағыналарды ассоциативтік өріс арқылы айқындаймыз. Өріс арқылы сөз мағыналары кеңейіп, түрлі коннотациялар жасайды.

Сөз мағынасына тілдің ішкі факторлары мен қатар сыртқы экстралингвистикалық факторлар әсер ететінін айттық. Осы сөзімізге мысал ретінде қарақалпақ тіліндегі *ақ қапшық* лексикалық бірлігін мысалға келтіре аламыз. Халықтың әлеуметтік-тарихи жағдайы тілінде көрініс табады. Мәселен қарақалпақтар Қазақ төңкерісі басталмай тұрып түрлі қиыншылықтарды, аштықты басынан өткереді. Содан сол бұл ауыр жылдарды ақ қапшық деп атап кетеді. Мысалы: *Ақ қапшық жылы ашлыққа шыдай алмай Мойнақ бетке көшип кеткен еди (Н. Дәуқараев*) [52, ҚТТС:71].

Ақ қапшық арқалағандай деген тіркес қазір де қарақалпақ тілінде қолданылады. Мағынасы – көңілсіз, ойлы, мұңлы адамның қалпын білдіреді. Бұл сол қиын кезеңдегі ақ қапшық арқалаған адамның көп болғанын, халықтың қиын тұрмыстық кезеңін сипаттайды. Ақ қапшық халық дүниетанымында ассоциациялық бейне арқылы сол ауыр кезеңді сипаттап, белгі ретінде мағынасы халық жадында сақталған.

Ақ сөзіне қатысты ноғай тілінде де көптеген фразеологиялық тіркестер қолданылады. Олардың бәрі де белгілі бір дәрежеде ноғай халқының ассоциациялық танымында орныққан тілдік бірліктер. Мәселен, ак бийке – сыйлы құрметті адам, ак билек – ноғай ұлттық күресінің бір түрі, ак кол – жалқау адам, ак куьн – несібе, акка кар аман язылган – ашық кейіпте, түсінікті мағынасында жұмсалады [156, 49].

Символ деп белгілі бір ұғымның жиі қайталануынан тұрақтылық сипат ала отырып астарлы түрде бейнеленуін айтамыз. Сөздің қосымша мағыналарының, абстракт ұғымның тұрақты түрде берілуін символға жатқызамыз. Символ халықтың танымына, мәдени тәжірибесіне байланысты. Мәселен, *ақ* түс – пәктіктің, тазалықтың белгісі, *жүрек* – махаббат пен мейірімнің бейнесін көрсетеді. Әйел адамға қатысты символдық мәнді білдіретін антропонимдер ретінде *Хауа ана, Ұмай ана, Айша бибі* секілді т.б. есімдерді санаймыз.

Зерттеудің алдыңғы бөлімдерінде семантикалық талдауға іліккен ортақ сөздер ішінен *ай* сөзінің де символдық мағынасын талдап көрсетуге болады. Мысалы, *ай* – мінсіз сұлулықтың символы ретінде *ай жүзді, ай дидарлы, айдай сұлу* тілдік қолданыстарын тудырған. Төмендегі өлең жолдарынан да айдың символдық мәнін көре аламыз:

Жарты Ай сен деп ойлаймын,
Мен де сенсіз жартымын (Серікбай Оспанов).

Ақынның қолданысында *жарты ай* – сүйген адамының бейнесі не сезімнің символы ретінде сипатталған. Лирикалық кейіпкер айды сүйген адамына теңеу арқылы ауыспалы мағына жасаған.

Ай – жарық пен үміттің символы. Мәселен, көшпелі халық үшін түнгі айдың жарығы – жол көрсетуші белгі ретінде болған. *Ай туып келеді* – бір жақсылықтың, жаңа бастаманың белгісі ретінде қолданылады. *Ай туды, ай толды* секілді қолданыстардан *ай* – уақыттың өтуін сипаттайтын символикалық белгілер ретінде жұмсалған.

Тіл ғылымында жекелеген сөздермен қатар дыбыстар да белгілі бір дәрежеде символдық мәнге ие болып, мағыналық тұрғыда дамиды. Қазақ тіліндегі дыбыстық символизмге қатысты мәселелер дыбыс пен мағына арасындағы иконикалық байланыстың бар екенін айқындайды. Фонемалардың семантикалық-ассоциативті қызметін зерттеу арқылы тіл мен таным арасындағы байланысқа көз жеткізіп, қазақ тіліне тән фоносемантикалық заңдылықтарға қол жеткізе аламыз [157, 33]. Мағынаға қатысты бұл белгілер – символ, мәнмәтін, ассоциация, концепт, ұғым бәрі де белгілі бір жүйелі түрде, байланысу арқылы қызмет етеді.

Семантизациялану – халықтық этномәдени тәжірибенің, тарих пен мәдениеттің тілдегі көрінісі. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің әлемдік тілдік бейнесі бір негізден тарағанымен, әр тіл өзіндік өрнегін сақтай отырып дамыған біртұтас дүниетанымның үш көрінісі деп бағамдауға болады.

Түркі тілдеріне ортақ семантикалық жүйенің дамуында әлемнің тілдік бейнесі ұғымы маңызды орын алады. Зерттеуімізге алынған қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері тарихи тұрғыдан, мәдени-этникалық қалыптасу ерекшеліктері бойынша жақын болғандықтан, олардың семантизациялану үдерісіндегі танымдық модельдері ұқсас болып келеді. Осы себепті де семантизациялану үдерісін тілдердің дүниені бейнелеудегі өзіндік ерекшеліктерімен бірлікте қарастыру салыстырмалы лингвистиканың, семасиологияның аясын кеңейтеді.

Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің тарихи-мәдени байланыстары аталған тілдердің фразеологиялық қорында, лексикасында, концептілік жүйесінде танымдық модельдер мен ортақ кодтардың қалыптасуына септігін тигізген. Танымдық үлгілер негізінен бұл тілдердегі көшпелі мәдениеттен, қоғам мен табиғатқа етене жақын болуынан пайда болып, уақыт пен кеңістік категорияларын терең түсінуге мүмкіндік береді. Мәселен, кеңістік концептісіне қатысты үш тілдегі лексемалар ұлттық дүниетанымның ажырамас бөлігі саналады. Тілдердегі *кең дала, түз, қыр* секілді ұғымдар тек кеңістікті ғана емес, еркіндік пен кеңдікті айқындайды. Осы іспеттес уақытқа қатысты лексемалардағы *кеше-бүгін-ертең* ұғымдары хронологиялық өлшемдер ғана емес *тағдыр, өмірдің өтпелілігін, заман, тәуелсіздік* секілді ұғымдармен мағыналық тұрғыда сабақтасып жатыр.

Әлемнің тілдік бейнесін зерттеу арнайы тілдік қолданыстар мен семантикалық құрылымдар арқылы анықталады. Семантизация үдерісі негізінде тілдік бірліктердің дамуы, жүйеленуі әлемнің тілдік бейнесін жасауға көмектеседі. Әлемнің тілдік бейнесі адамның өмірлік тәжірибесіне негізделетіндіктен, тілдік мағыналардың да жаңарып, семантизацияланудың уақыт өте келе өзгеретінін көрсетеді. Семантикалық құрылымдардың өзгермелілігі әсерінен әлемнің тілдік бейнесі де үнемі жаңарып отырады.

Семантизациялану – әлемнің тілдік бейнесін түсінуде маңызды рөл атқаратын категория. Бұл үрдіс тек мағыналық дамуды ғана емес, сонымен бірге ұлттық, мәдени құндылықтардың тілмен байланысын да айқындайды. Мағынаның қалыптасуы, құндылықтардың тіл арқылы көрінуі, әлемді танудың

тіл арқылы, концептілік жүйе арқылы бекітілуі – бәрі де әлемнің тілдік бейнесінің негізін құрайды.

Үшінші бөлім бойынша түйін. Семантизациялану үдерісін айқындау барысында тілдегі көпмағыналылық мәселесі өзекті саналады. Себебі семантизациялану көпмағыналылық негізінде жүзеге асады. Сонымен қатар семантикалық құбылыстар қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарымен тығыз байланысты болғандықтан арнайы тоқталдық. Жұмысымыздың үшінші бөлімі бойынша мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- семантизациялану үдерісінің нәтижесінде көп мағыналы сөздер пайда болады. Қыпшақ тілдеріндегі семантизацияланудың негізгі сипатының бірі – көпмағыналылық феномені жайында ғылыми зерттеулер негізінде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері бойынша мысалдармен дәлелдеп, тұжырымдар жасауға ұмтылдық.

- қарастырылған тілдердегі семантизациялану үдерісі белгілі бір деңгейде әлемнің тілдік бейнесін жасауға үлес қосады. Мағыналық құрылымдар жеке дамымайды, тілдегі этносқа тән дүниетаным мен халықтық тәжірибе, өмір салты негізінде жүзеге асады.

- әлемнің тілдің бейнесі – қыпшақ тілдерінде ортақ түркілік танымға сай болғанымен, әр тілдің өзіндік өрнегі көрініс тауып отырады.

- қазіргі тіл білімінің семасиология саласындағы жаңаша бағыттары ретінде қатысымдық семаника, психосемантика, сөз семантикасының синергетикасы секілді т.б. бағыттар айқындалды.

- бөлімнің соңында қазіргі тіл білімінің даму тенденцияларына сәйкес, семантика саласы бойынша әлемдік, орыс тіл ғылымындағы жаңа көзқарастар негізінде концептілік жүйе, концептілік талдауды да семасиология саласының аясына қосу туралы ғылыми көзқарасымызды ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысының алғашқы бөлімінде түркі тілдер жүйесінің қыпшақ бұтағына жататын қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің салыстырмалы бағытта дамуы, классификациясы бойынша түркі тілдері жүйесіндегі қыпшақ тілдерінің тарихи орны, лингвистикалық даму сипатын айқындалды.

Тіл ғылымындағы семасиология саласының дамуы, қыпшақ тілдеріндегі сөз семантикасы туралы ғылыми зерттеулер негізінде мағынаның әлеуетінің кеңдігін, күрделі құрылымды тілдік категория екеніне тағы да көз жеткіздік. Семантикалық дамудағы басты ұғымдардың бірі – семантизациялану үдерісіне анықтама беріліп, құрамдас бөліктері сипатталып, ғылыми пайымдаулар жасалды. Қыпшақ тілдеріндегі семантикалық талдауға негіз етіп ғалым Ә.Қайдардың зерттеуі негізінде бірнегізді түбірлер ішінен *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* түбірлері зерттеуге ортақ сөз ретінде іріктеліп алынды. Зерттеуге іліккен ортақ сөздер семантикалық тұрғыда талданып, семантизациялануы айқындалды.

Семантизациялануды жүзеге асуына себепші бір тілдік категория – көпмағыналылық феномен ретінде қарастырылды. Көпмағыналылық туралы зерттеулерге сүйене отырып, қазақ, қарақалпақ, ноғай тіліндегі ерекшеліктеріне тоқталып, мысалдармен дәйектелді.

Антроөзектік бағыт негізінде қарастырылып жүрген тілдің танымдық бағыты да осы мағына негізінде жүзеге асады. Тіліміздегі концептілік талдаулардың бәрі де түптеп келгенде мағынаға кеп тіреледі. Ғалымдардың соңғы жылдардағы семантика туралы жаңаша көзқарасы негізінде біз концептілік талдау жүйесін семантика саласына қосып, саланың аясын кеңейтуді ұсындық. Себебі семасиология – аясы кең, күрделі сала. Әрі ғылыми-теориялық тұрғыда базасын нақтылап қалыптастыруды қажет етеді деп ойлаймыз.

Сондықтан да зерттеу жұмысы болашақ қыпшақ тілдерінің батыс ғұн бұтағының лексикология, семасиология салаларының дамуына септігін тигізеді. Онымен қоса, соңғы кезде тілімізде қазақ тілін ағылшын тілімен, орыс тілімен яғни туыстығы жоқ тілдермен салғастыра қарастыратын зерттеулер көп екенін көріп жүрміз. Бірақ туыс тілдерге қатысты, салыстырмалы-тарихи бағыттағы, тілдің тарихына, семантикасына қатысты зерттеулер санаулы-ақ. Зерттеу жұмысы осы бағыттың ауқымын кеңейту, тілдің тарихына үңіліп, туыс тілдердің тілдік жүйесін жүйелеу, ерекшеліктерін айқындау мақсатында жүргізілді.

Зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде ұсынылатын тұжырымдар:

1. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері генетикалық туыстығына қарамастан, әр тілде өзіндік семантикалық даму үрдістері қалыптасқан. Бұл туыс тілдердің де уақыт өте келе дифференцияланатынын дәлелдейді.

2. Диахрондық зерттеулерсіз синхрондық жүйені толық түсіну мүмкін емес. Тілдің тарихи дамуын білу оның қазіргі құрылымын түсінудің кілті.

3. Ортақ сөздердің семантизациялануы экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлардың әсерінің қалыптасады.

4. Семантикалық өзгерістер белгілі бір заңдылықтарға бағынады: мағынаның кеңеюі, тарылуы, ауысуы, көмескіленуі. Бұл үрдістер түркі тілдерінің барлығына ортақ, бірақ әр тілде түрліше көрініс береді.

5. Қарастырылған *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* ортақ сөздері түркі тілдеріне тән байырғы түбірлер саналады. Мұндағы түбірлердің барлығы да түркілік түпкі негізін сақтаған. Тек кейбір түбірлер ғана ішкі және сыртқы факторлар әсерінен мағынасы кеңейіп, жаңа қосымша мағыналармен қолданыла бастаған.

6. Көпмағыналылық тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын феномен ретінде бағаланды.

7. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің семантикасын зерттеу жалпы түркітанудың өзекті мәселелерін шешуге үлес қосады, түркі тілдерінің бірлігі мен көптүрлілігін түсінуге жол ашады.

8. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерін салыстыра отырып семантикалық талдау жасау арқылы лексикалық бірліктердің даму динамикасын бағамдаймыз. Батыс ғұн бұтағындағы бір-біріне жақын қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін зерттей отырып мағыналық айырмашылықтар бар екеніне көз жеткізуге болады.

9. Туыстас түркі тілдері де әлі көптеген зерттеулерге арқау бола алатындығын көрсетті. Бір негізді ортақ түбірлердің мағынасы уақыт ағынымен әрі тілдердің дамуымен өзгеріп семантизациялану үдерісі кең қанат жайғанын байқадық. Оның әсері тілдің сөздік қорының артуына себеп болуда.

10. Қазіргі тіл ғылымында семантикалық зерттеулерде жаңа бағыттар қалыптасып жатыр. Қазақ тіл ғылымында осы бағыттар бойынша тереңірек зерттеулер жасалуы қажет.

Бір негізді түбірлер қазіргі қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдерінде семантикалық-грамматикалық тұрғыда дербес қызмет атқаратын тұлға ретінде де, мағыналық аясы кеңейіп туынды сөздер құрамында активті қолданыс тапқан, төл сөздер құрамында маңызды рөлге ие болған түркі тілдеріне ортақ түбір екеніне көз жеткіздік. Мағына және сөз бір-бірінсіз өмір сүре алмайтыны белгілі. Түркі тілдерін салыстыра зерттеу арқылы тарихи семасиологиядағы сөз мағынасының өзгеру қалпын қарастыра отырып қазіргі түркі тілдері мен қазақ тілі арасындағы ажырамас біртектілікке, ортақтастыққа тағы да көз жеткіздік. Лексикалық қабат күрделі, кең көлемді, өзгермелі. Тілдің даму барысында үнемі толығып байып отырады.

Ғылыми зерттеудің нәтижесінде алынған тұжырымдар болашақ түркі тілдерінің тарихы мен грамматикасы, қазақ тіл білімінің лексикология, семасиология салалары үшін қолдануға болады. Қыпшақ тілдеріндегі түрлі лексика-семантикалық мәселелер қазіргі таңда өзекті әрі тереңірек зерттеуді қажет етеді. Сондықтан болашақ тілші ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тауып, зерттеу нысанына айналады деп сенеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. Диуани лұғат-ит-түрік: 3 томдық шығ. жинағы. ауд. А. Қ. Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. 1-том. – 590 б.

2 Radjoff W. Phonek der Nodlihen turksprashen. – Jeipzig, 1882. – 330 с.

3 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1974. – 1514 с.

4 Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. Москва: Наука, 1981. – 240 с.

5 Мусаев К. Кыпчаки и пракыпчакский язык // Ученые записки Таврического национального университета им. В.И. Вернадского. Серия «Филология». Том 20 (59). – 2007 г. – №5.– С. 5-27.

6 Кайдар А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке: монография / М - во образования и науки РК, Ин-т языкознания им. А. Байтурсынова. – Алматы: Арыс, 2005. – 295 с.

7 Ибатов А. Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі: XIV ғасыр / Қазақ ССР ҒА, Тіл білімі ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1974. – 278 б.

8 Томанов М.Т. Тіл тарихы туралы зерттеулер: (түркі тілдері бойынша). – Алматы: Ғылым, 2002. – 616 б.

9 Құрышжанов Ә. Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері: көмекші құрал / Қаз. ССР жоғары және арнаулы білім м-гі. – Алматы: Ғылым, 1964. – 127 б.

10 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы.–Алматы:Рауан, 1991. – 211 б.

11 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері: оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 257 б.

12 Кажибеков Е. З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках: (явление синкретизма). – Алма-Ата: Наука, 1986. – 270 б.

13 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: монография. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 316 б.

14 Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны: монография. ҚР Білім және ғылым м-гі, Түркі акад.. – Астана: Кантана-пресс, 2011. – 419 б.

15 Хасанов Ғ. Лексикалық мағына. Монография. Орал: Шұғыла-принт, 2014. – 138 б.

16 Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. – Алматы: Liber, 2021. – 464 б.

17 Түркітануға кіріспе: оқу құралы / Ә. Қайдар, М. Оразов. – 3-бас. – Алматы: Арыс, 2004. – 358 б.

18 Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы: оқулық / Б.Сағындықұлы, Б. Кулжанова. – Өңд. толықт. 3-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 284 б.

19 Түбі бір түркі тілі: («Диуани лугат ит-турк») / Тәржімалағандар : К. Бекетаев, Ә. Ибатов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 190 б.

20 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: «Мектеп», 1981. – 209 б.

21 Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері: оқулық / Қаз. ССР ҒА, Тіл білімі ин-ты; [жауапты ред. Ә. Қайдаров]. – Алматы: Ғылым, 1988. – 197 б.

22 Сағындықұлы Б. Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV ғ.) салыстырмалы лексикасы: оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 109 б.

23 Есеналиева Ж. Салғастырмалы тіл білімі. Оқулық /Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті. – Алматы: «Полилингва» баспасы, – 2020. – 192 б.

24 Құрышжанов А.Қ., Ибатов А. Ескі түркі жазба ескерткіші жайлы // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жағдайы. Алматы, 1981. – 202 б.

25 Бартольд В.В. Рукопись Замахшари со старотюркскими глассами. Сочинение. T.V. – Москва: Наука, 1968. – С. 468.

26 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва: Наука,1951. – С.451.

27 Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. под ред.: Н.К. Дмитриева, Н.А. Баскакова. Академия наук СССР ; Ин-т языкознания. – Москва: Наука, 1962. – 128 с.

28 Түймебаев Ж.Қ. Қазақ және қарақалпақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: (кестелі-сипаттамалы): оқу құралы / Ж. Түймебаев, М. Ескеева, Ш. Абдиназимов. – Алматы : Қазығұрт, 2018. – 245 б.

29 Айдаров Г. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі: Ун-т пен пед. ин-дың филол. фак. арн. оқу құралы / Г. Айдаров, А. Құрышжанов, М. Томанов. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.

30 Сабыр М.Б. Қыпшақтану. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 256 б.

31 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Сардар», 2014. – 512 б.

32 Түркі тілдері: Ұжымдық монография / «Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК. – Астана, 2015. – 456 б.

33 Бизақов С. Түбі бір түркілер. Өңд. 2-басы. – Алматы, 2013. – 288 б.

34 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 192 б.

35 Сабыр М. Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы: (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде) / әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 315 б.

36 Сағындықұлы, Б. Қазіргі қазақ тілі: лексикология: оқу құралы / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – 2-бас. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2008. 1-бөлім. – 101 б.

37 Сүйеркұл Б.М., Аққөзов А.А. Сом ежелгі түбірі: этимологиясы мен фразеологиялық семантикасы. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025ж. – №1 Том 74. – Б. 64-78.

38 Материалы по истории каракалпаков. Труды института Востоковедения. Том VII. Издательство Академии Наук СССР. Москва. 1935, Ленинград. – С. 301.

39 Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Академия наук СССР, Институт языкознания. Т. 1. Материалы по диалектологии : (тексты и словарь) / ответственный редактор В. А. Гордлевский – Москва: Издательство АН СССР, 1951. – С. 408.

40 Abdinazimov Sh. N. Qaraqalpaq tili tariyxi. – Nokis: Bilim, 2018. – 221 b.

41 Хамидов Х. Қарақалпақ тили тарийхының очерклери. Өзбекстан ССР илимлер академиясының Қарақалпақ филиалы Н. Дәуқараев атындағы тарих, тил хәм ідебият институты. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 1974. – 360 б.

42 Пахратдинов Қ. Животноводческая лексика в каракалпакском языке. Автореф. дис...канд. филол. наук. – Нукус, 1992. – с. 21

43 Давлетова У. Военная лексика каракалпакского языка. Автореф. дис...канд. филол. наук. – Нукус, 1994. – с. 22.

44 Нажимов П.А. Структурно-семантические особенности сравнениях каракалпакском языке. Автореф. дис...канд. филол. наук. – Нукус, 1994. – с. 20.

45 Карибаева А.У. Становление и развитие спортивных терминов в каракалпакском языке. Автореф. дис...канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1991. – 26.

46 Алланиязова Ш. Қарақалпақ тилинде қол өнери лексикасы. Автореф. дис...канд. филол. наук. – Нөкис: «Билим», 1997. – 51 б.

47 Пирниязова А. Қарақалпақ тили фразеологиялық системасы ҳәм оның стилистикалық имканиятлары. – Нөкис:«Qaraqalpaqstan» баспасы, 2020 – 187 б.

48 Баскаков Н. А Русско-каракалпакский словарь: Под ред. Н. А. Баскакова; Науч.-исслед. ин-т языка, литературы и истории при Совете министров Каракалпак. АССР. – Москва: Гос. изд-во иностр. и нац. словарей, 1947. – С. 832.

49 Қарақалпақ тилиниң түсиндирме сөзлиги: төрт томлық. І-том. А-В. – Нөкис: Қарақалпақстан баспасы, 1982. – 402 б.

50 Ешбаев Ж. Қарақалпақ тилиниң қысқаша фразеологиялық сөзлиги. – Нөкис: Қарақалпақстан баспасы, 1985. – 158 б.

51 Календаров М. Қарақалпақ тили синонимлериниң қысқаша сөзлиги. – Нөкис Қарақалпақстан баспасы, 1990. – 172 б.

52 Қарақалпақ тилиниң түсиндирме сөзлиги: жети томлық. І-том. А-В. – Нөкис: Қарақалпақстан баспасы, 2023. – 401 б.

53 Пахратдинов К., Бекниязов Қ. Қарақалпақ тилиниң фразеологизмлер сөзлиги: – Нөкис: Қарақалпақстан, 2018. – 160 б.

54 Дәулетов А., Пахратдинов Қ. Қарақалпақ тил билими (библиографиялық көрсеткиш). – Нөкис: Билим, 2008. – 80 б.

55 Бердимурат улы Е. Хәзирги қарақалпақ тили. (Лексикология). – Нөкис: «Билим», 1994. – 188 б.

56 Бердимуратов Е. Хәзирги заман каракалпак тили (Лексика). – Нөкис: ҚҚМБ, 1964. – 168 б.

57 Симбаева С. Ноғайлы дәуіріндегі жырлардың тілдік ерекшеліктері: филол. ғылымд. канд.дис.. Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы, 2008. – 131 б.

58 Ergönenç D. Nogay Türkçesi grameri: (Ses ve şekil bilgisi). – Ankara: Türk dil kurumu, 2019. – 316 s.

59 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы, 1961. – Т.1. – С. 218.

60 Қоңыратбаев Ә.Қ. Қазақ эпосы және түркология: монография / Қазақ ССР ҒА, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1987. – 364 б.

61 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004. – 319 б.

62 Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 656 б.

63 Сикалиев И.М. Ногайский героический эпос. – Черкесск: Кчиги, 1994. – 328 с.

64 Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты: Грамматика, тексты и словарь / Отв. ред. Проф. Н.К. Дмитриев; Институт языка и письменности АН СССР. – Москва: Издательство Академии наук СССР, 1940. – с. 272.

65 Ногайско-русский словарь: под редакцией Н. А. Баскакова. – Москва Государственное издательство иностранных и национальных словарей., 1963. – 560 с.

66 Атуов Р.К. Ногайско-русский словарь / отв. Редактор Е.С. Айбазова. – Черкесск. 2005. – 56 с.

67 Шихмурзаев Д.М. Ногайско-русский фразеологический словарь. – Махачкала: ООО «Издательство НИИ педагогики», 2006. – 296 с.

68 Ergönenç D. Nogay Türkçesi sözlüğü / Dilek Ergönenç, Mariya Bulgarova. – Ankara: Türk dil kurumu, 2024. – 448 s.

69 Şehriyar G. Nogay Dili Sorunu ve Nogaycadan Çeviri // Uluslararası Türk Lehçe Araştırmaları Dergisi / International Journal of Turkic Dialects (TÜRKLAD). – 2024. – 8. Cilt, 1. – Sayı. 101–108. https://doi.org/10.30563/turklad.1477184

70 Грамматика ногайского языка. Ч. 1. Фонетика и морфология / под ред. Н. А. Баскаков. – Черкесск : Ставроп. кн. изд-во, 1973. – с. 323.

71 Каракаев Ю.И. Устаревшая лексика ногайского языка. дис. канд. филол. наук: спец 10.02.02 «Языки народов РФ». – Казань, 1999. – с. 150.

72 Суюнов З.С. Омонимия ногайского языка: дис. ...канд. филол. наук: спец 10.02.02 «Языки народов РФ». – Махачкала, 2004. – с. 147.

73 Кидирнязова М.И. Полисемия в ногайском языке. дис. ...канд. филол. наук: спец 10.02.02 «Языки народов РФ». – Махачкала, 2003. – с. 122.

74 Мусалова А.Ю. Соматические фразеологические единицы в ногайском языке в сопоставлении с английским. дис. ...канд. филол. наук: спец 10.02.02 «Языки народов РФ». – Махачкала, 2015. – с. 200.

75 Кукаева С.А. Лексика земледелия в ногайском языке. дис. ...канд. филол. наук: спец 10.02.02 «Языки народов РФ». – Махачкала, 2005. – с. 120.

76 Атакаева Ф.Ш. Ориентализмы в ногайском языке. дис. ...канд. филол. наук: спец 10.02.02 «Языки народов РФ». – Махачкала, 2004. – с. 220.

77 Кадилова Д.Х. Словообразование в ногайском языке. дис. ...канд. филол. наук: спец 10.02.02 «Языки народов РФ». – Махачкала, 2007. – с. 130.

78 Ergönenç D. Nogay Türkçesinin Söz Varlığı ve Sözlükleri üzerine . – Ankara: Türk dil kurumu, 2019. – 316 s.

79 Ergönenç D. Kazak ve Nogay Türkçesi yazı dillerinde tasvir fiilleri. – Ankara: Türk dil kurumu, 2022. – 284 s.

80 Ergönenç D. Nogay adı ve Nogayların Kökeni Üzerine, Tehlikedeki diller Dergisi, – 2012. Cilt: 2, Sayı: 2 Yaz.

81 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: жинақ / Ә. Қайдар. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 303 б.

82 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Құраст: Ғ. Әнес. - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.

83 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер: монография / Қ. Жұбанов. – 3-ші бас. - Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту ин-ты, 2010. – 607 б.

84 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері: монография / ҚР білім және ғылым м-гі, А. Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты, ҚР мәдениет және ақпарат м-гі. – Алматы: Арыс, 2008. – 600 б.

85 Сауранбаев Н.Т. Қазақ тілі: Лексика, фонетика, морфология, синтаксис: Пед. уч-ге арн.. – Алматы: Қазмемоқупедбас., 1953. – 219 б.

86 Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері: оқу құралы / Ғ. Мұсабаев. – Алматы : Абзал-Ай, 2014. – 638 б.

87 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: оқулық / К. Аханов. – Қайта басылым. – Алматы: Өлке, 2010. – 557 б.

88 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы: монография / Ә. Болғанбаев. – Өңд., толық. 2-ші бас. – Алматы: Мектеп, 1988. – 149 б.

89 Қордабаев Т.Р. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары: монография. – Алматы: Рауан, 1995. – 173 б.

90 Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы: мұғ. арн. көмекші құрал. – Алматы: Жазушы, 1968. – 71 б.

91 Қалиев Б. Сөз мағыналарының негіздері: оқу құралы / Б. Қалиев, А. Жылқыбаева. – Алматы, 2002. – 109 б.

92 Хасенов Ә. Тіл білімі: оқу құралы / Ә. Хасенов; ҚР Білім және ғылым м-гі. – Толықт., 2-бас. – Алматы: Санат, 1996. – 414 б.

93 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Елтаным, 2020. – 256 б.

94 Авакова Р.А. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 294 б.

95 Сағидолда Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (қазақ және моңғол тілдері материалдары бойынша). – Алматы, 2004. – 50 б.

96 Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы (қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. / Қ.С. Қалыбаева. Алматы, 2010. – 314 б.

97 Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы: монография / [жалпы ред. басқ. Б. Қ. Момынова]; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2006. – 270 б.

98 Шойбекова Ғ. Б. Туынды сөздердің мағыналық ерекшелігі мен уәжділігі (семантикалық тәсіл): филол. ғылымд. канд....дис. 10.02.02: қорғалған 13.09.06 / Ғ. Б. Шойбекова. – Алматы, 2006.

99 Ажарбекова Э.Н. Адами қасиеттердің лексика-семантикалық экспликациясы. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Қарағанды: 2022. – 138 б.

100 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде). фил.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2003. – 126 б.

101 Қалиев, Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі: сөздік / Ғ. Қалиев. – Павлодар: С. Торайғыров атын. ПМУ, 2010. – 546 б.

102 Әлкебаева Д. А. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы: монография / Д. А. Әлкебаева; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – 2-бас. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2021. – 372 б.

103 Кудьярова Ш. Т. Қарақалпақ хәм қазақ тиллериндеги сөзлердиң лексика-семантикалық өзгешеликлери. фил.илимл.канд.диссерт. – Нөкис, 2006. – 136 б.

104 Жалмаханов Ш.Ш. Жартыбаев А.Е. Түркілік «от» ұғымының этимологиясы // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №3 (135). – Б.40-55.

105 Древнетюркский словарь : словарь / АН СССР, Ин-т языкознания [редкол. В. М. Наделяев]. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.

106 Ибатов А.М. XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі: монография / А. М. Ибатов; Қаз. ССР ҒА, Тіл білім ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1990. – 141 б.

107 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / ҚР Білім және ғылым м-гі, А. Байтұрсынұлы атын. тіл білімі ин-ты. – Алматы : Арыс, 2006 . – 742 б.

108 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских яззыков. – Москва: Наука, 1974. – 1514 с.

109 Хорезми. Мухаббат-наме: издание текста, транскрипция, перевод и исследование Э.Н. Наджипа. Москва: Академия наук СССР, Издателство Восточной литературы, 1961. – 273 с.

110 Абай тілі сөздігі. – Алматы: «Өнер», 2011. – 616 б.

111 Қазақ тілінің ұлттық корпусы, 2010-2024 ж. [Электрондық ресурс] https://qazcorpus.kz/find-author/

112 Абдулжалилов Ф. Доьрт топламалы шыгарма. Черкесск: РГБУ «Карашай-Шеркеш респбуликалык китап баспасы», 2013. – 233 б.

113 Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Он мыңнан аса фраза қамтылған: монография / Қаз. ССР ҒА, Тіл білімі ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

114 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз: Сөз төркіні / Нұрмағамбетов, Әбілбек. – Алматы: Рауан, 1994. – 303 б.

115 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі: монография / Қаз. ССР ҒА, Тіл білімі ин-ты; [редкол. А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев]. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.

116 https://golosstepi.ru/ [Электрондық ресурс].

117 Ногайско-русский фразеологический словарь. – Махачкала: ООО «Издательство НИИ педагогики», 2006. – 296 с.

118 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі/ Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 816 б.

119 Абитжанова Ж.А. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы : Филология ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферат мамандығы бойынша 10.02.06 – түркі тілдері. – Алматы, 2008. – 30 б.

120 Ибраимова Ж.Т. Тұрмыстық лексиканың коммуникативтік негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 178 б.

121 Хасанов Ғ.Қ. Көркем мәтіндегі денотаттық семаларды талдау ерекшелігі. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2013. – №4 (144). – Б. 50–54.

122 Жақыпов Ж.А., Туйлебаева Қ.Б. Сөз семасиологиясындағы синергетика. // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №4.

123 Тіл білімінің тоғыз қыры./ Байынқол Қалиұлы Монография. – Алматы, 2019. – 208 б.

124 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З. Краткий словарь когнитивных терминов. Москва, 1996. – 94 с.

125 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы «Абзал-Ай»: 2014. – 576 б.

126 Ахметжанова З.К. Очерки по национальной концептологии. – Алматы: Елтаным, 2012. – 148 б.

127 Асенова А.Х., Түймебаев Ж.Қ., Салқынбай А.Б. Ноғай тіліндегі кейбір лексикалық бірліктердің семантизациясы. // Ясауи университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №2 (136), 2025. – 178-189 б. https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.202

128 Гаджиева С.Ш. Очерки истории семьи и брака у ногайцев (XIX - начало XX в.). Москва: Издательство «Наука», 1979. – 178 с.

129 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі «сүйек» лексемасының семантикалық парадигмасы. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. - №2 (148). – Б. 62–67.

130 Vicente A. What words mean and express: semantics and pragmatics of kind terms and verbs. // Journal of Pragmatics. – 2017. – № 117. – P. 231–244. https://doi.org/10.1016/j.pragma.2017.07.007

131 Vicente A. Polysemy and word meaning: an account of lexical meaning for different kinds of content words. // Philos Stud 175, 947–968 (2018). https://doi.org/10.1007/s11098-017-0900-y

132 Асенова А. Жайықбаева К. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі «аз», «ат», «қой» түбірлерінің семантикалық табиғаты. // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №3, 2024. 43-54 б. https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss3pp43-53

133 Ручина Л.И., Горшкова Т.М. Новые подходы к семантизации лексики // Вестник Нижегородского университета Н.И. Лобачевского. Филология. – 2021. - №5. – Б. 218–221.

134 Апресян Ю. Д. Лексическая семантика. Синоним. средства яз.: монография / Ю. Д. Апресян. - М. : Наука, 1974. - 367 с.

135 Зализняк А.А. Русская семантика в типологической перспективе. М.: Языки славянской культуры, 2013. – 640 с.

136 Куштаева М.Т. Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны («тары» концептісі бойынша). Монография. –Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2020. – 216 б.

137 Белбаева М. А. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы: монография / М. А. Белбаева. – Алматы: Мектеп, 1976. – 116 б.

138 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст.: Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 824 б.

139 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. Құраст.: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

140 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 б.

141 Асенова А., Салқынбай А., Исаева Ж. Semantic connection in Kazakh and nogai languages. // Ясауи университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №3 (133), 2024. – 137-147. https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.80

142 А. Асенова, А. Аққжігітова, О. Сөйлемез, А. Салқынбай. Қазақ және ноғай тілдеріндегі заттанған есімшелердің семантизациясы. // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. Том 30 №2 (118), 2025. – 128-138 б. https://doi.org/10.31489/2025Ph1/128-138

143 Әжинияз. Еллерим барды. Нөкис: «Қарақалпақстан», 1994. – 20 бет.

144 Асенова А., Салқынбай А., Сөйлемез О. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі семантизация. // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №2 (2024). – 344-356 б. https://doi.org/10.48081/EBHM4761

145 Абдрахманова М.Б. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы: филол. ғылымд. канд. ... дис. автореф.: 10.02.02 / М. Б. Абдрахманова. – Алматы, 2008. – 25 б.

146 Салқынбай А. Б. Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі: сөздік / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. 2-3–бөлім. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. – 417 б.

147 Аханов К. Қазақ тіліндегі омонимдер: монография / К. Аханов. – Алматы : Қазмемоқубас, 1958. – 128 б.

148 Пашан Д.М. Бір буынды көпмағыналы сөздердің табиғаты. // Тілтаным, 2022. – 86 (2). –59-76 б. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-2-57-73

149 Шарапатұлы Ш. Түркі лексикасының семантикалық деривациясы (түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеінің материалдары бойынша). Монография. – Алматы: Кантана-пресс, 2011. – 552 б.

150 Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 343 б.

151 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: «Мектеп», 1984. – 75 б.

152 Жұбаева О.Қ. Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары: филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2004. – 13 б.

153 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: Филол. Ғыл. д-ры .. дис. Автореф. – Алматы, 2004. – 13 б.

154 Сейілхан А.Қ. Ғаламның тілдік бейнесіндегі қазақтың көркемдік танымы. // Қарағанды университетінің Хабаршы журналы. Филология сериясы. – 2011. - №3 (63). – 21-34 б.

155 Soylemez O. Re evaluating the Role of Native Language as Part of Nation Building Process in Kazakhstan. 59th PIAC (Permanent International Altaistic Conference), 2016. – p. 157-182. (No:3150982.Tam Metin Bildiri/Sozlü Sunum).

156 Асенова А., Салқынбай А., Сөйлемез О. Бір негізді ортақ түбірлердің семантизациясы (қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. № 4 (75) 2024. – 49-66 б. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.003

157 Khassenov B., Bakhitova Zh., Aubakir S., Issabekova U., Assenova A., Akkuzova A., Ashirbekova A. Semantic Correspondences of Vowel Sounds in the Kazakh Language: An Experimental Analysis of Sound Symbolism // Theory and Practice in Language Studies. – 2026. – Vol.16. – No.1. – P. 32-40. https://doi.org/10.17507/tpls.1601.04